83.3(5КАЗ)
А 21

Әдеби мемуарлар

Азамат еді еңселі

Кәкімжан Қазыбаев туралы естеліктер

Азамат еді еңселі

Кәкімжан Қазыбаев туралы естеліктер

Алматы “Білім” 2007

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр

Құрастырушы: **Орынша Қарабалина-Қазыбаева**

А 24 **Азамат еді еңселі** *(Көкімжан Қазыбаев туралы естеліктер) Құрас.:* **Орынша Қарабалина-Қазыбаева** – Алматы: Білім, –2007. – 224 бет + 16 бет суреттер.

ISBN 9965-09-496-9

Белгілі мемлекет қайраткері, жазушы-журналист "Көкімжан Қазыбаев туралы естеліктер" деп аталатын бұл жинаққа ұлтжанды абзал азаматтың сыйлас, қызметтес болған замандастары, бірге оқыған, жақын араласқан достары мен жерлестері, өмірлік серігі болған жары Орынша Қарабалина мен қызы Нәргүлдің және бір шоғыр ақын-жазушылардың, ғалымдардың әр жылдарда жазылған естеліктері еніп отыр.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-09-496-9
© Қарабалина-Қазыбаева О (құраст.), 2007
© "Білім" баспасы, 2007

Бекмырза БАЙМАХАНОВ

АҚИЫҚТАР ТҮЛЕГЕН АЛТЫН ҰЯ

Ағайын, бұрын-соңды өткен қаламгер тарландар айтқандай, естелік жазудың қиынның қияметі екенін енді біліп отырмын. Өйткені естелік көзіңмен көргеніңді, құлағыңмен естігеніңді тізу ғана емес, сонымен қатар сол өзің куәгер болған оқиғаны ой елегінен өткізіп саралау, өрең жеткенше әділ топшылау, өз түсінігіңді білдіру, өз тұжырымыңды айту ғой. Мені қинап отырған да мәселенің осы жағы. Неге десеңіз, тілге тиек еткелі отырған дәуір аса ауқымды да айтулы. Бұл бір күні кеше әлемнің апшысын қуырған сұрапыл соғыс өрті шалған еліміздің енді-енді есін жиып, еңсесін көтерген, күйзелген шаруашылығын, титықтаған тіршілігін қайта қалпына келтіруге тырбана бастаған шағы еді. Осы бір дүбірлі сәтте өртеңде қаулап өсіп келе жатқан сүйіріктей, жайқалған жасыл балаусадай жасөспірімерді болашақ жолындағы игі істерге баулу, ат жалын тартып мінер азаматынан айрылып аңырап, қаңырап қалған азалы ауылдың сүйенер тірегі селдіреп, тек сүлдері қалған жазалы қауымның қисапсыз ауыртпалығын арқалауға жаппай жұмылдыру міндетін мойнына алған еті тірі талантты да талапты жастарға бұрыннан да етене танымал "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас алаш") болды десек, әсте артық айтпайтын сияқтымыз.

Сонымен, соғыстың әлегінен оқуға кейін барып түсіп, университеттің журналистика бөлімін бітірген соң сол кездегі "Лениншіл жастың" редакторы Әбекеңнің (Абай Бейсембаевтың) шақыруымен редакцияға қызметке келгенімде мұнда оқырман қауымға енді-енді таныла бастаған Кәкімжан, Әбдісаттар, Баянжан, Сапар сияқты бір топ жас журналистер – "жас перілер" істеп жүр екен. Бұлардың бәрі де бұрыннан жүзтаныстар. Университетте оқып жүргенде сырласып, шүйіркелесерліктей дәрежеде болмаса да, оқта-текте студенттер кешінде, аракідік комсомол жиналысында (мен бір-екі жыл журналистика бөлімінде комсомол комитетінің секретары болғаным бар), күнде болмаса да аптасына бір өткізіліп жататын әйгілі жазушылармен, атақты ғалымдармен кездесулерде ұшырасып жүретінбіз. Енді міне "жолы болар жігітке қыдыр жолығады" демекші, жаңа ортада жүзтаныстарым жылы шыраймен қарсы алып, көңілім сәл сергіп қалды. Имене келіп кірген редактордың бөлмесінен

редакцияның жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі Мыңбаймен ілесіп шықтым. Мәнсәбім – әдеби қызметкер ғана. Жасым үлкен болса да одан қызметім кіші, университет бітірген "табақтай" дипломым болса да тәжірибем тапшы. Тәжірибе дегенде оқып жүргенде өткен бір-екі айлық тәжірибе жұмысым ғана. Оны тәжірибе дегеннен гөрі тәжірибе есігінен сығалау деген жөн. Әйтседе республикалық газеттің "білдей" қызметкері болғанға шынымен-ақ едәуір марқайып қалдым. Бірақ оның есесіне алғашқы тапсырманы ойдағыдай орындай алмай, шалажансар суреттеме жазып келгенім әлі есімде. Әрине, жігіттер сыр бермей "қос жүре түзеледі" десіп, жұбату айтып жатты.

Алғашқы командировка да есімде. Жамбыл облысындағы Свердлов ауданының Свердлов атындағы колхозында болып, комсомол ұйымының жұмысы жөнінде сын мақала жаздым. Оның қандай баға алғаны қазір нақ есімде жоқ. Бірақ сонда Кәкімжанның (редакцияның жауапты хатшысы): "осы мақаладан Бекеннің материалды өтімді, құнды ететін қажетті көріністі, штрихты көре білетіндігін айқын аңғаруға болады" дегені жадымда қалыпты. Тіпті сол пікірін өзімше қомсынып "етектей мақаладан осыдан басқа айтар ой таппағаны ма, деп іштей ренжігенім де бар. Сөйтсем бұл оның "асатпай жатып құлдық демесін, іздене жүрсін, ойлана жүрсін" дегені екен. Мұны оның кейінгі қамқорлықтары аңғартты.

Жауапты хатшы – редакцияның тұтқасы екені белгілі. Газеттің кезекті санын шығаруға байланысты сан-сапалақ жұмыс бас көтертпей үдейді де жатады. Оның сыртында алдындағы санды жоспарлау, апталық, айлық проблемаларды сараптау тағы бар.

Бірде осындай таусылмайтын қауырт шаруадан қолы қалт еткенде Кәкімжан маған телефон соқты:

– Келіп кетіңізші, – деді.

"Жазған құлда жаң бар ма?", далбақтап дереу жетіп бардым. Абажадай екі-үш стол мен көнетоз орындықтар сығылысқан аядай кабинетте Кәкімжан бір өзі отыр екен. Редакцияға келгеніме екі айдың бедері болса да жүзіне көз тоқтатып қарағаным сол еді. Онда жұрттың бәрі жұпынылау киінеді ғой. Үстінде түгі қағылған қаракөк кителі бар. Қайратты қалың қара шашын қайыра тарап тастапты. Дөңестеу қабақ астына алшақтау отырған қой көздерінен жылылық еседі. Әлі де балалыққа тән бүйрек бет қараторы жүзіне іштей толқулы сезім ерекше бір шырай бергендей. Алдындағы сиялы қаламды орнынан қозғап қойып, уаң үнмен:

– Ылғи да мұрнымыздан шаншылып, сапырылысамыз да жатамыз, осы сөйлесуге де уақыт жоқ, – деп барды да

әңгіменің бетін журналистік іздену ге, мамандануға қарай бұрып әкетті. Сөз соңында: – Алдағы аптада арнаулы бет берсек пе деп едік, соған суреттеме ме, әлде очерк пе, сондай бір материал қажет болатын түрі бар. Мына Алматының іргесіндегі "Екінші бесжылдық" колхозының жағдайы жаман емес көрінеді, сонан бір мақала жазып қайтсаңыз қалай болады? – деді.

Мұны мен, әрине, тікелей тапсырма деп ұқтым. Колхоздың қос орденді сауыншысы Хлебникова жөнінде суреттеме жаздым. Оны алдымен оқуға Көкімжанға бердім. Арқауы дұрыс болғанымен, едәуір жөндеуден өтті. Онда газеттің көлемі шағын ғой, суреттеме арнаулы бетке симай, жалғасы кейінгі екі санға жарияланды.

Мұнан кейін де талай тапсырмалар, сан іссапарлар болды. Олардың қайсы бірі сәтті, қайсы бірі сәтсіз шығып жүрді. Тәуіріне қуандық, төменқолдығауына сынадық. Әйтсе де соның бәрі ізсіз кеткен жоқ, қалам ұштауға, шеберлік шыңдауға септігін тигізді. Әсіресе әрқашан жылы сөзің, қамқорлығын аямайтын, сол кездің өзінде шығармашылық тынысы кең екені аңғарылып тұратын Көкімжанның жанашыр пікірлері мен келелі кеңестері іздене жүруге, өмірге, *айналаға, тіпті әрбір елеусіз фактілердің өзіне ойлана қарауға* үйретті. Көргеніңнің, білгеніңнің бәрін әлеуметтік мүдде тұрғысынан қарап, азаматтық борыш таразысынан өлшеуге үйретті. Мен сол күннен бастап өзіме ой-өрісі биік, жан-жүрегі жомарт жақсы дос таптым деп қуандым. Жалпы қазақ журналистикасының белді-белді өкілдері шоғырланған "Лениншіл жас" газетінің сол кездегі Әбекең (Абай Бейсембаев) бастаған бірлігі берік, ынтымағы күшті, ұйымшыл ұжымы нағыз шығармашылық ізденістің ошағы болды. Осы тұста мынаны да айта кеткен жөн: талапты жастарды тауып, оларды бағбандай аялап, қамқорлық жасап, дарынын ашып, творчестволық қиянға самғатқан, коллективі бір ананың баласындай болған "Лениншіл жастың" сол кездегі редакторы Әбекеңнің орны бөлек. Редактордан бастап әдеби қызметкерге дейін ұжымның әрбір коллектив мүшесі сол ізденіс ошағының отын маздатуға өзіндік үлес қосуға ұмтылды.

Көкімжан редакция алқасының үйғарымымен Москваға, "Комсомольская правда" газетіне барып келді. Содан кейін секретариаттың жұмысын ұйымдастыруға, газеттің кезекті санын жобалауға, апталық, айлық жоспарлауға байланысты ол көп жаңалық ұсынды. Оның іссапардан оралған әрбір қызметкердің есебін тыңдау, жүйелі түрде қызық хаттар

сағатын өткізу жөніндегі пікірі ізденіс отының көзін көсегендей болды. Газетте міндетті түрде апта сайын көпшілік көкейіне қонатын бір-екі проблемалық материал жариялау жөнінде редакция алқасы үйғарым жасады. Ал оны жоспарлы жүзеге асыру секретариатқа жүктелді. Көкімжанның жауапты хатшы ретінде іскерлігі мен ұқыптылығы, тапқырлығы мен тыңғылықтылығы нақ осы тұстан айқын аңғарылды. Бір ғажабы — жанталасқан секретариаттың жұмысы жан-жақтан анталап, бір жағынан газет шығарушы Әдинаш апай апшыны қуырып жатқанның өзінде Көкімжан "жау келсе де жүрісінен танбайтын", сабырлылығын сақтап, жұмысын жүйелі жүргізіп жатушы еді.

Талаптыға нұр жауар демекші ізденіс коллективі ізгі істерге бастады. Газет бетінен көрінген, жұртшылық талқысына ұсынылған алғашқы келелі мәселе — жастар тәрбиесі, оларды өмірдің белсенді күрескері етіп баулу жөнінде болды. Кейін оның шеңбері кеңейіп, азаматтық борыш жөніндегі проблемаға ұласты. "Ауыл ажары", "Ауылын көріп азаматын таны", ауыл мәдениеті, ауыл кештері, қазақтың ұлттық ойындары туралы материалдар соның жалғасы еді. Олар бастапқы ойды тереңдетіп, үлкен әлеуметтік проблема дәрежесіне дейін көтерілді. Бұлай болуы заңды да. Өмір көші күн сайын ілгерілеп отырды. Ел еңсесін көтерді. Ауыл да жаңарып, жасарды. Қауымдасса да іс тындырар дәрежеге жетті.

Әйтсе де сол жалт еткен жаңалық көпшіліктің көкейіндегі келелі мәселелердің тиегін ағытқандай болды. Көп ұзамай Хайдолла Тілемісов (комсомол тұрмысы бөлімінің меңгерушісі), бастауыш комсомол ұйымының беделі жөнінде газет бетінде пікірталасын ұйымдастырды да, сол-ақ екен редакцияға хат қардай жауып кетті. Көпшілігі сын материалдар. Бұл да ой салды. Сынаған жөн, бірақ өнеге тұтар жақсымыз бар ма осы? Бұл тақырыпқа алғаш қалам тартқан Әбдісаттар Бөлдекбаев болды. Оның Талдықорғаннан жазған материалына "Міне, комсомолдық істер" деген айдар тағылды. Бұл республиканың өрісін кеңейту үшін арнайы жоспар болды. Соған сәйкес мен Мырзашөлді игеріп жатқан жастардың игі істерін тілге тиек етіп, "Жомарт шөлді" жаздым. Көкімжан Қостанайдан, Баянжан Ұланнан тамаша очерктер әкелді.

Газеттер көтерген келелі мәселелер жастар арасында жаңа бір толқын туғызды. Өмірдегі олқылықты, істегі қырсыздық пен келеңсіздікті жоюды талап еткен үндер өктем естіле бастады. Осы кезде "Лениншіл жастың" "Сын семсері"

дүниеге келді де ол кейініректе "Көреген Ақиқатұлы" болып, кең байтақ республиканы аралап кетті. Мұның беташарын жазып, тұсауын кескен Кәкімжан еді. Меніңше, "Лениншіл жастың" көпке танымал "Сүзеген сөзінің", басқа да сын-сықақтарының төркінін осыдан іздеген жөн сияқты.

Сайын даланы дүрліктірген, бейқам елді біріктірген тың көтеру жылдарындағы замана желігін арқалаған дабылды да дабырлы мақалалар, адамгершілік, эстетикалық тәрбиені ол мектеп табалдырығын аттағанға дейін жүргізуге үндеген Райстың хаты, Қазақстан Магниткасына шақырған, тозақ емес, озық әдістерді қолдау жөніндегі, ата жауды жайратқан адуын да айдынды ерлігімізді асқақтата дәріптейтін шоқтығы биік айшықты очерктер де өмірдің өктем талабына орай туғанын оқушы қауым айтпаса да түсінетін болар.

Өмірдің жаңа тынысынан серпін алған газеттің мазмұны ғана емес, енді соған орай оның бет бейнесі де бүтіндей өзгерді. Нақ осы тұста Кәкімжанның ізденгіштігі мен тапқырлығы тағы да танылды. Кезекті санды жоспарлау мен макетті жаңаша жасау жарасымды ұштастырылды. Материалдың беттегі орыны мен ұтымды орналастырылуы, артық-кемі жоқ әдемі әшекейленуі оның мазмұнын байытып, оқушыны өзіне еріксіз еліктіріп тұратын болды. Макет жасау, материалды орналастыру, басылымның полиграфиялық мәдениетін көтеру нағыз өнерге айналды. Енді жауапты хатшының жаңаша ойлайтын жәрдемшілері көбейді, тіпті бүтін бір секретариат қызметкерлерінің мектебі пайда болды. Мен оның алғашқы шәкірттерінің тізіміне Телманды, Байбосынды, Бекежанды тіркеген болар едім. "Өнегелі істің өрісі кең" демекші кейін өзге газет-журналдарда да басылымның полиграфиялық мәдениетін көтеруге көңіл бөліне бастағаны байқалып жүрді.

Әңгіменің айтуына қарап, оқырман қауым бізді ертелі-кеш тақырып іздеп, материал жазудан басқаны білмейді екен деп ойлап қалуы мүмкін ғой. Олай деп ойлап қалмауы үшін енді редакция ұжымының өмір тынысынан да елес бере кетейік. Жастар, оның бержағында, талапты жастар жиналған жерде қызметтің өзі мерекедей қызық болатыны заңды ғой. Біздің редакцияда дәл солай болатын. Төрт-бес қызметкер отыратын біздің аядай бөлмемізде күнде де — мей-ақ қояйын, әйтеуір жиі-жиі түскі үзілістің аяғы ойын-күлкіге ұласатын. Редакцияның "сарай ақыны" атанған Мыңбай Рашев пен Нығмет Ғабдуллин (онда әдебиет жағын басқаратын) тіркесіп, орманнан отын таситын кішкентай поездай ырсылдап-ысқырып, Бетпақдаладағы ауылын "іздеп" шығады. Қағаз қалпақты милықтата киіп алған Бағдат (суретші) таяғы шошаңдап, ерсілі-қарсылы теңселіп Баянды

алдап, Қозыны қарғап, зарлай жөнеледі. Оған күңіренген мұңлы күй үласады. Театр сахнасынан əсте кем емес. Сол кезде "Пионер" журналында қызмет істейтін Мұқан Иманжанов мұндай "концерттің" біреуін құр жібермейді. Шағын бөлменің есік жағында тұрған орындыққа жайғасып алып, марқұм үнсіз тыңдаушы еді. Мұны ұзақ əңгімелеп отырған себебім, осы "шұғыл концерт" кейін дəстүрге айналған бір жаңалыққа түрткі болды. Ол мынау: "Ұлттық ойындарды үйреніңдер деп жұртқа үгіт айтып жатырмыз. Соны неге өзіміз ұйымдастырып көрмейміз?" Бұл бəрімізге ұнады. Ойлана, толғана келе газеттің алдағы болатын мүшел тойына сондай арнаулы бағдарлама əзірлеу ұйғарылды. Мұның репертуарын жасау, өнерпаздарды даярлау, ұлттық киімдерді, музыкалық аспаптар мен қажетті құрал-жабдықтарды табу, қонақтар шақыру, салтанатты жиын өткізілетін орынды əзірлеу, қойшы, бүкіл дайындық жұмысы жауапты хатшы Көкімжанға тапсырылды. Редакцияның қат-қабат жұмысының үстіне тағы да қыруар міндет жүктелді. Түжырып айтқанда, Көкімжан бұл жолы да өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, тіпті ойын-сауықты шебер басқарушы, асабалығымен сүйсіндірді. Соңынан салтанатқа қатысқан жастардан естіген студенттер "сондай кеш" қайталанбас па екен деп, редакцияға телефон соғып, көпке дейін бізді мазалап жүрді. Біз болсақ мұны аяқсыз қалдырмай ұжымымызда болған үйлену тойларының белді мəдени программасы ретінде пайдаландық. Солардың бəрінде де той тізгінін Көкімжан өз қолына алатын, сөйтіп, бірте-бірте ол кəнігі асаба болып алды. Кейініректе атағы алты алашқа əйгілі Ілияс Жансүгіровтің туған жерінде өткізілген мүшел тойына əзірлік ісін Көкімжан басқарыпты дегенді естігенде оның балаң шақтағы осы бір бастапқы қадамдары менің ойыма оралған еді.

Кімнің кім екені кісінің басына іс түскенде білінеді дейді ғой. Соғыс салған ауыр жараның əлегінен сонау бір жылы қайта төсек тартып жатып қалдым. Өмірге не үшін келіп, не үшін кеткеніңді жете түсінбей жатып, мұндай мүшкіл халге душар болу, əрине жанды жегідей жеді. Сонда азаматтық қасиетті асқақ тұтатын абзал достарым Əбдісаттар, Көкімжан, Хайдолла əрқашан менің қасымнан табылды. Аясына əлем сиып кететін солардың алып жүректерінің жылуы бойға қуат берді, тəн жарасына да, жан жарасына да шипа болды. Содан бергі жерде кешкен менің өмірім, əділін айтсам, солардың сыйлығы. Бұл менің əсіресіз адал сезімім. Жалпы ізгі дəстүрдің алтын бесігі атанған, кейінде Шерхан, Сейдахмет,

Қалдарбек сынды өрелі азаматтар басқарған менің сүйікті "Лениншіл жасымның" ұжымы менен аялы қамқорлығын аяған жоқ. Сол үшін де мен мәңгі қарыздармын.

Уақыт шіркін аялдауды біле ме? Айлар өтті, жылдар жылжыды, өмір көші ілгері кетті. Топшысы нығайып, қанаты қатайған ақиықтар ұядан түлеп ұшты. Өзгелер сияқты Көкімжан да ой-өрісі, ақыл-парасаты, дарын-қабілеті кемелденіп, мәртебесі биіктеді, қызметі жоғарылады. Көкең атанды. Ол бұған лайық та еді. Өйткені оның шығармашылық туындылары үлкен-кішінің рухани нәр алар асыл қазынасына айналды. Әлеуметтік мәні бар, елдің қамын, ердің қамын, болмысымыз бен болашағымыздың жайын толғайтын публицистикалық материалдары оқырман қауымының көп нәрсеге көзін ашып, көкірегін оятты. Күні кеше өзі көтерілген биіктен де елдің бірлігін нығайтатын, елдің еңсесін көтеретін, ердің ерлігін қастерлейтін, әділдікті, адамгершілікті, парасаттылықты өмірдің өзегі ететін қарымды істер тындыруға ұмтылды. Бұл оның асқақ арманы, азаматтық мәні еді. Оның артында қалған мол әдеби мұрасын оқысаң, солардың бәрінің де өзегі осы ұлы толғаныстардан өрілген, түптеп түйер түйіні осы мақсаттарды көздеген.

Бірақ тағдыр ғайып, ажал ғайып деген бар ғой. Аумалы-төкпелі заманда алға қойған мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік болмады. Көкең ақылды азамат қой, онда қызметтен кеткеніне қиналған жоқ, халқына, жұртына қарымды қызмет ете алмай қалғанына өкінді. Бұл сапар Көкең Қазақстан баспасөзінің қасиетті бір босағасы "Қазақстан коммунисі" журналына келді. Тағдыр мені онымен тағы да табыстырды. Ай көрмесең, туысыңа да тосырқай қарайсың ғой, өзімше сұқтана, сынай қараймын. Өткен өмір куәсіндей сырт тұлғасы, бет әлпетіне түскен аз-кем өзгерістер болмаса, жүріс-тұрысы да, сөйлеген сөзі, сыпайы мінезі де сол баяғы бізге таныс қалпы. Маған Көкімжанның ана сүтімен сүйегіне сіңген табиғи қарапайымдылығы қатты ұнайтын. Ақыл-парасаттан нәр алатын оның бұл мінезі кісімсінуді білмейтін кішіпейілділік, өзінен бұрын өзгенің қамын ойлайтын адамгершілік, өзгеге қол ұшын беруге әмәнда құрақ ұшып тұратын қайырымдылық, туысы болса да турасын айтатын әділдік, азаматтық парызға деген адалдық сияқты абзал қасиеттермен астасып жататын. Қилы-қилы кезеңде, түрлі-түрлі ортада болса да оның осы қасиетінен айнымағанына қуандым. "Қазақстан коммунисіне" келген соң да Көкең өзінің осы өмірлік принциптеріне сай қызмет істеді. Ұжымның ынтымағын шыңдап, игілікті іске жұмылдырды. Редакция

қызметкерлеріне материалдық та, моральдық та, шығармашылық та қамқорлық жасады. Сөйтіп, аз уақыт істесе де олардың өмірінде өшпес із қалдырды.

Көкең керемет сыпайы азамат еді. Бір күні түбегейлі өзгеріп жатқан өмір жайында пікір алысып отырғанымызда, неге екенін қайдам, алдына арызбен келген ақсақалға: "Адамның қартая білуі де ақылдылықты керек етеді екен-ай", – дегенін айтты. Мен ойланып қалдым. Араға бір-екі күн салып, заңды демалысқа шығару жөнінде арыз бердім. Көкең сәл тоқталып отырып:

– Өткендегі бір әңгіме, оғаштау болды-ау тегі?

– Оғаш емес, қайта орынды болды. Әр нәрсенің кезінде болғаны дұрыс қой, – дедім.

– Олай десеңіз, өтінішіңізді орындайық, – деді.

Сонымен біраз әңгіме айтылды, бірталай сыр шертілді білем. Оның бер жагында бұл шағын естелікте шығармашылық қазаны толассыз қайнап жататын бүкіл редакцияның барлық атқарған жұмысын, тындырған ісін төптіштеп тізіп айтып шығу мүмкін емес және мен алдыма ондай мақсат қойғаным да жоқ. Менің көздегенім – нұрлы жерге түскен дәннің желкілдеп өсетіні тәрізді қамқор орта, аялы алақан болса, жас шыбықтан шынар өсетінін, жас талапкерден дарын сомдалатынын елеусіз көріністер арқылы елестету болды. Ол мақсатымның қаншалықты орындалғанына, оқырман қауым, өздеріңіз төреші болуды өтінемін.

Әбдуәли ҚАРАҒҰЛОВ

ОЙДАН КЕТПЕС ОН ЖЫЛ

"Жер жаннаты" аталған Жетісу өңірінің Алматы облыстық "Коммунизм таңы" (қазіргі "Жетісу") газетіне 1959 жылдың бас кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұсынуымен мені редактор етіп бекітті. Бұдан бірнеше ай бұрын жоғары білімді журналист,республикалық "Лениншіл жас" газеті редакциясының қызметкері Көкімжан Қазыбаев осы облыстық газетке редактордың орынбасары болып бекітілген болатын. Ол осында менімен бірге он жылдай еңбек етіп, қаламы қарымды, қабілетті журналист екеніне іс жүзінде көз жеткізді, газеттің мазмұны жақсарып, мәдени дәрежесі артуына татымды үлес қосты. Ол журналистика саласында алған теориялық білімді өмірде, практикалық жұмыста қиюын тауып қолдана білуде басқаларға өнеге көрсетіп, оларды жылт етіп көзге шалынған жаңалықты ұтымды пайдалануға жетектеп, мұрындық болып отырды.

Бұл он жыл оның бұқаралық баспасөзде қаламы төселіп, ең бір жемісті еңбек етіп, елеулі із қалдырған кезеңі болды. Мұны ол кезде қызметтес болған, газет жұмысының ыстық-суығын бірге көрін, бірге тер төккен адамдар ғана жақсы біледі. Сондықтан да зерделі журналист Көкімжанның облыстық газет редакциясы ұжымында қызмет істеген сол бір жылдардағы сүбелі еңбегін екшеп, таразылағанда оның ойымда ұялап, есімде қалғандарын қағаз бетіне түсіріп, бүгінгі замандастар мен жас ұрпаққа әңгімелеп беруді борышым деп білемін.

Ал әңгімеге көшпес бұрын назар аудара кететін бір мәселе бар. Оқырман жұртшылық, жоғарыда айтқандарымызға қарап, бұл екеуін бір мезгілде облыстық газетке басшы қызметке жібергендей соншама не болып қалды екен, қандай төтенше жағдай болды екен деп ойлауы, бәлкім, бұл жағдайды кейбіреулердің сан саққа жүгіртіп, өзінше кесіп-пішіп шатастыруы да ықтимал ғой. Сондықтан мұны бірден алдын ала түсіндіре кеткеніміз жөн. Әйтпесе естелік ретінде айтқан кейібір тосын пікірлерміз бен келтірген мысалдырымыздың сыры онша ашылмай қалуы, тіпті көмескілеу болып көрінуі ғажап емес.

Бұл газет Жетісудың әкімшілік орталығы болған — бұрынғы Верный (қазіргі Алматы) қаласында 1918 жылы Кеңес өкіметі орнасымен шыға бастаған, республикамыздағы қазақ тілінде шығатын облыстық газеттердің арасында тұңғыш жарық көрген большевиктік газет болатын. Ал Алматы республикамыздың астанасы болуына байланысты, бұл астаналық облыстың газетіне айналды да, оның авторлары мен оқырмандары құрамына саны жағынан ғана емес сапа жағынан да елеулі өзгеріс енді. Бұған орай газетке қойылатын талап та анағұрлым артты. Ұлы Отан соғысының зардабынан ол уақытша жабылып қалды да, 1954 жылдан бастап "Коммунизм таңы" деген атпен қайтадан дүниеге келді. Бұл кезде облыста ысылған, тәжірибелі журналист кадрларының тапшылығынан газет бірден бой жазып кете алмай, көп қиыншылыққа душар болды. Алматыда шығатын республикалық газеттердің арасында ол өз бетін айқындап көрсетуге қанша тырысса да, мұндай деңгейге көтеріле алмады. Газеттің редакторы басқа жұмысқа ауысып, редакция қиын хал кешті. Міне редакция басшылығын жедел түрде тың күшпен нығайтуға себеп болған осындай жағдайлар еді.

Атап айтқанда, мұнда сол кездегі шындыққа жанаспайтын немесе оны бұрмалап яки бояп көрсететін бір ауыз да сөз жоқ. Бұған дәлел, облыстық партия комитетінде болған

әңгімеде обком басшылары редакцияның жұмысындағы олқылықтар мен ағаттықтарды талдап көрсете келіп, біздің алдымызға, жинақтап айтқанда, мынадай үш түрлі міндет қойды: Оның біріншісі, газеттің идеялық-саси және мәдени дәрежесін астаналық облыстың газеті деген атаққа сай жоғары көтеру екені айрықша атап тапсырылды; Екіншісі, газетте облыс еңбекшілерінің сан салалы қайнаған өмірін қазіргіден анағұрлым кең және терең жазу; Үшіншісі, редакцияның бөлімдерінде мамандығы төмен, қаламға шорқақ қызметкерлер бар, оларды анықтап, қолынан келетін басқа жұмысқа ауыстыру, аппаратты инициативалы, іскер кадрлармен нығайтуға көңіл бөлу болатын.

Сол кезде жасы отыздар шамасындағы уылжыған жас журналист Қазыбаев редактордың орынбасары болып бекітіліп, редакция табалдырығын осындай ауыр жүкті арқалап, зор сеніммен аттағаны күмәнсіз еді.

Тиісті орындар қош көріп, қолдап, мандат берсе, басшы атану қиын емес, бірақ атану бар да болу бар, істің тетігі басқара білуде, бастай білуде екені қашаннан да белгілі. Демек, кімнің кім екені қағаз жүзінде берілген лауазымымен ғана емес, бәрінен бұрын сіңірген еңбегімен, тындырған шаруасымен, игілікті іске қосқан үлесімен бағаланатыны баршаға аян. Біз кім жөнінде әңгімелесек те осы қағиданы басшылыққа алуды басты парыз деп білеміз.

Обкомда айтылғандай, редакция қызметкерлерінің жүкті тең тартпайтындығы, кейбіреулерінің газет жұмысына мүлде шорқақтығы, бұған дейін, керек десе, қабырға газетінде де істемеген кездейсоқ адам екендігі рас болды. Аппаратта тілімен орақ оратын, бірақ өзі жарытулы ештеңе тындырмайтын сөзуарлар да бар екен. Бұлардан қалай құтылуды ақылдасқанда Қазыбаев оларға нақты тапсырма беріп, мүлтіксіз орындауды қатаң талап етіп, "қамшылап" көрейік деп ұсыныс енгізді және мұның жүзеге асуын қадағалауды ол өз міндетіне алды. Тегі, мұндай жоғары талапты *орындау* қолынан келмейтінін сезсе керек, әлгі сөзге "жүйрік", қаламға қаражаяулар екшеле бастады. Экономика мен мәдениеттің қай саласынан кімнің нені зерттеп жүргенін, кімнің қандай проблемалық мәселе көтеретіндігін, оның мерзімін айқындау қолға алынып еді, шабан журналистердің *қысылып, ойлана бастағаны байқалды*. Ақырып-жекірмей, мейлінше сыпайы қолданылған осы сияқты әдістер, сайып келгенде, журналистердің іріктелуіне, ізденуіне, бастама көрсетуіне оң ықпал тигізді. Көп кешікпей мұның алғашқы нәтижесі де көзге түсті. Қызыға оқитын арнаулы беттер, ой салатын татымды мақалалар пайда бола бастады.

Алайда, жасыратыны жоқ, алғашқы кезде Қазыбаевтың жастығын, комсомол газетінен келгендігін тілге тиек етіп, оған қомсына қарайтындар да болған, оны "материалды редакциялағанда қаламын сілтеңкіреп жібереді немесе суын сығып, олпы-солпы жерлерін жөнде деп орынсыз қайтарып береді" деп сырттай күңкілдеушілер де бар екені байқалып қалатын. Мұны шет-пұшпақтап маған да сездіретін, бірақ редакцияда өтіп тұратын әралуан жиналыс, мәжілістерде бұл жөнінде ешкім тіс жарып, ештеңе айтпайтын.

Бірде мынадай бір шындықтың беті ашылғаны есімде. Әлгі орынсыз қайтарылып берілді деген материалдардың біреуі газетте жарияланғаннан кейін болған іліездемеде оның неліктен кешіккенін біле тұра, жорта, жауапты хатшыдан: "Мына мақала неге белгіленген уақытында берілмеді, кінә кімнен?" деп сұрақ қойдым. Ол мақаланың авторына қарап иек қақты.

— Оған мен кінәлімін, — деді мақала иесі орнынан атып тұрып. — Белгіленген мерзімде беруге асығып жүріп, олқылық жіберіп алған екенмін, оны Көкең бірден байқап, ескертпе жасады, ақыл-кеңесін айтты. Содан соң өзім қайтарып алып, едәуір өңдедім. Сапасы көп жақсарды. Бос сөздің керегі не, бар шындық осы. Кінә, менен, — деп тағы қайталап айтты.

Мақала авторы осыны айтқанда "Орынсыз қайтарылды" деп ызыңдап жүрген тұзы жеңіл журналист "сезікті секірер" дегендей, өзінен-өзі қуыстанып, қипақтап, қатты қысылды. Осыдан кейін өсек-аяң су сепкендей басылды. Кәкімжан өзінің қолынан келгенін аямайтын қайырымды, әділ, турашыл, қаламы төселіп қалған қабілетті журналист екенін іс жүзінде таныта бастады. Оның атын аппараттағы жасы жағынан үлкенді-кішілі қаламдастары: "Көке" — деп ілтипатпен атайтын болды.

Секретариат — редакцияның штабы іспетті маңызды буын. Барлық материал бөлімдерде өңделіп, жөнделіп, редакцияланғаннан кейін осында тоғысатыны, оларды газет бетінде қалай орналастыру керектігі, жазылып-сызылып макет жасалатыны, көркемдеу әдіс-амалдары көрсетілетіні белгілі. Жалпы талап бойынша мұндағы журналистер өз ісінің шебері, бейнелеп айтқанда, нағыз сәулетшілері болуға тиіс. Алайда, редакцияның секретариатындағы жігіттер ұсынақтылық, тапқырлық көрсетудің орнына бұрыннан қалыптасқан, әбден үйреншікті болған әдістен аса алмай жүрді. Секретариатқа университеттің журналистика факультетін бітірген бір жігіт алынып еді, макет сызуға біршама икемді, ұқыпты болғанмен, ол салаға елеулі жаңалық

енгізе алмады. Бұған немқұрайлы қарап, қол қусырып отыруға болмайды. Бұл олқылықтан тезірек шығу жолын қарастыруымыз керек. Осы туралы редакция алқасында пікір алысқанда Көкімжан жастар газеті редакциясында қызмет істегенде бұл жөнінде алған азды-көпті тәжірибесі бар екенін айтып, шамам келгенінше баулып, үйретіп көрейін деп макетшілерге қамқорлық жасауды өз міндетіне алды. Бұл шара секретариаттың жұмысы ширап, алға басуына әжептәуір ықпал жасады.

Көкімжан авторлармен жұмыс істеп, оларға көмектесу әдісін жақсартуға көп көңіл бөлетін. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін нақты бір мысал мынадай. Белгілі еңбек ардагері, ауыл шаруашылық өндірісінің атақты шебері, миллионер колхоздың төрағасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов бірде өзінің еңбек жолын, жұмыс тәжірибесін баяндайтын әңгімесінің жобасын ұсынып, газеттен орын беруді өтінді. Оны өзі ауызекі айтып, ауыл мектебінің мұғалімі қағаз бетіне түсірген екен. Редакцияның жұмыс тәртібі бойынша мұндай қолжазба әуелі тиісті бөлімде қаралуы керек. Бірақ Қазыбаев бұлай істемеді. Бөлім меңгерушісін шақырып, автордың қатысуымен оқып шықты. Содан кейін үшеуі пікір алысты. Нұрекең "жаңа есіме түсті" деп аздап толықтыру енгізді. Әңгіме құжатқа сүйеніп жазылмағандықтан оның кейбір пайымдауы күмән туғызуы ықтимал екенін айтып, сондықтан ондай екіұшты жерлерін қысқарту керектігін дәлелдеп, жекелеген кәсіби сөздер мен жергілікті атауларды анықтады. Міне, содан соң ғана бөлімде әдеби өңделіп, Көкімжанның өзі қарап шықты. Материалдардың көлемі едәуір үлкен болатын. Ол газеттің бірнеше санында бөлініп жарияланды. Ал бұл әдістің материалды мұқият өңдеп, оның иін қандыру үшін де, авторға көмектесіп, онымен байланысты нығайту тұрғысынан да тиімді әдістердің бірі екені айқын.

Бірде Қазыбаев таяуда кеңес делегациясы құрамында Алдабергеновтың Үндістанға барып келгенін естігенін айтып, онымен кездесу ұйымдастыруды ұсынды. Бұған дейін шет елде болу былай тұрсын, болған адаммен бас қосып, әңгімелесіп те көрмеген біздің журналистер мұны қуана құптап, дос елдің өміріндегі жаңалықтарды өз көзімен көріп келген адамның білгені мен ойға түйгенін тікелей өз аузынан естуге құштарлық білдірді. Бұл шаруаны ұйымдастыру Көкімжанның өзіне тапсырылды.

Келісілген күні қызмет аяқталған кезде Нұрмолда редакцияға келіп, Үндістанда болғанда көрген-білгенін, алған әсерін ортаға салды, қойылған сұрақтарға жауап берді. Әңгімесінің соңында: "онда көргеніміз біз үшін үлкен жаңалық, керемет тамаша, бірақ соған қарамастан бірнеше күннен кейін-ақ өз колхозымызды, өз Алматымды сағындым", – деп ой түйді. Дәл сол сәтте телефон қоңырау соқты. Арғы жақтағы адамның айтқанын тыңдаған Көкімжан:

– Жарайды. Бас жағына қол тигізбе,аяғын кесуге болады, бірақ шолтиып қалмасын. Байқаңдар, – деп трубканы ілді.

Осыны естігенде Нұрекең аң-таң болып: "астапыралда, бұларың не сұмдық, кімнің басын кеспе, аяғын кес деп жатырсың?", – деп сұрағаны ғой. Бұған кейбіреулер жымыңдап күліп жатыр. Әңгіме баспаханада газеттің бетіне сыймай жатқан материалды қысқарту туралы екенін айтқанда Нұрмолда: "Ой, аңқау басым-ай, қап, ұят болды-ау!", – деп абыржып, өзі де күліп жіберді.

Әңгіме аяқталды. Жұрт тарай бастады. Көкімжан әлгі материалдардың қалай қысқартылғанын өз көзіммен көре кетейін деп баспаханаға тартып отырды. Мақаланың белгіленген орынға сыймай, пышаққа ұшырауы секретариат қызметкерлерінің салақтығының салдары екені ашылды. Мақаланы теруге жібергенде оның қанша жол болатынын ол дұрыс есептемепті. Келесі күні секретариатта әңгіме өткізіліп, машинкаға басылған материалдың көлемі қандай әріппен тергенде қанша жол болатыны, қалай есептеу керектігі көрсетіліп, тиісті шара қолданылды.

"Оңайдан тапқан – оңғақ, қиыннан тапқан – қымбат" дегендей, журналистік кәсіп – оңайлықпен дарымайтын, қиыннан табылатын қымбат өнердің бірі десек, асырып айтқандық бола қоймас. Ал осындай мәртебелі міндет журналисті шарқ ұрып ізденуге, өмір дариясына терең бойлап, еңбектенуге үйретеді. Мұндай ұмтылыста журналист қаламдас жолдастарымен шығармашылық сайысқа түсіп, тапқан-таянғанын сарапқа салады. Осындай екшеуден өтіп, оның қаламынан шыққан материал редакция ұжымының қазанында қайнап, газет бетінде жарияланады да, ұжымдық еңбек сипатына ие болады.

Міне, осындай күрделі міндетті неғұрлым тиімді жүзеге асыру мақсатында пікір алысып, ақылдасу нәтижесінде сол жылдары редакцияда "Қызықты ойлар сағаты" деп аталған, бұрын мұнда қолданылмаған тың шара дүниеге келді. Осы "сағаттың" қалыптасуына, оның өміршең болып, ұжымдық шығармашылық сыр-сипат алуына Көкімжан белсенді түрде ынта-ықылас қойып, белгілі дәрежеде жетекші рөл атқарды, татымды үлес қосты.

Қысқаша түсіндіре кетейік, "Қызықты ойлар сағаты" дегеніміз белгілі бір мәселеге арналған күн тәртібінсіз, журналистердің бас қосып, шығармашылық кеңес құруы болатын, ол айына екі рет сәрсенбі күні өткізіліп тұрды. Онда әркім өзінің пікірі мен ұсынысын сарапқа салып, алдағы тоқсанда, жарты жылда қандай тақырыпта не жазбақшы екенін, өзінің жеке жоспары мен ойын айтып, шүйіркелесе сөйлесіп, белгілі бір бәтуаға келетін.

Ал мұның редакцияда апта сайын өтіп тұратын ілездемеден айырмашылығы, газетке шығып кеткен материалдар жөнінде пікір алысудан өзгеше, өскелең талап тұрғысынан жақын болашаққа, алдағыға көз тастап, ой жүгіртеді, журналисті үздіксіз ізденуге, неғұрлым жемісті еңбек етуге жігерлендіруді көздейді.

Бұл арада Көкімжанның осы сәрсенбілік "сағатта" туған сәтті ойлардың дөл кезінде жүзеге асып, газет бетінде көрінуін асыға күтетін де жақсы әдеті еске түседі. Ол мұндай материалды бір күн де жатқызбай, егер қажет болса, өз шаруасын қоя тұрып, жұмыс уақытынан кейін де редакциялап беруші еді.

Ол кезде қарапайым халық "коммунизм" дегенді жер бетіндегі жұмаққа меңзеп, "қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын" бақытты заманға қарай аяқ басып келеміз деп жорамалдайтын, оған қоғамдық еңбектің қарыштап дамуы арқасында жетеміз деп сенетін. Сондықтан олардың бұл жөнінде неғұрлым айқынырақ білгісі келуі заңды талап еді. Олар мұны өздерінің өндірістегі еңбегімен тығыз байланысты түрде, қатардағы еңбеккерлерге түсінікті тілде әңгімелеуді сұрады. Оқырман жұртшылықтың мұндай талап-тілегін ескере отырып, редакция кезекті насихаттық мақаланы қаладағы ғалымға емес, ауылдағы еңбек адамының өзіне жаздырып көруді ұйғарды. Ондай адам табылды да. Ол қарт коммунист, ойы орамды, озат шопан еді. Онымен әңгімелесіп, жазып алынған материал 1961 жылы наурызда "Коммунизм көктен түспейді, оны орнататын өзіміз, – дейді Кенжеғұлов Елеусін" деген жалпы атпен арнаулы бет болып шықты. Ол "Мені оқытқан советтік шындық", "Өмірдің алтын кілті қолымызда", "Әрқайсымыз үлкен іске мұрындық болсақ" деген сияқты бірнеше тақырыпшаға бөлініп берілді.

Газеттің осы саны шыққан күні Алматыда идеология қызметкерлерінің республикалық кеңесі ашылған болатын. Кеңеске облыстардан көптеген журналистер де қатысқан. Осы арнаулы бет жайында кеңестің президиумында отырған басшылардан, бірқатар журналистерден жазба түрде немесе

ауызша жылы лебіз естідік. Келесі күні "Казахстанская правда" газеті бұл жөнінде "Соңғы почтадан" беріп, редакция журналистерін бір көтеріп тастады.

Қ.Қазыбаев бөлім меңгерушісімен екеуі бұл беттің материалын әдеби өңдеп, оған лайықты бас тақырып іздеп, мақаланы тақырыпшаларға бөліп, олардың әр сөзін салмақтап, бір демалыс күнін сарп еткен болатын. Ол жұмысты беріле істейтін осындай еңбекқор журналист еді. Аға газеттің құттау сөзін оқығанда оның: "Еңбегіміз ақталды деген осы!" деп шын жүректен балаша қуанғаны естен кетпейді.

Газет жұмысы журналистерден әрдайым және барлық істе кәсіби шеберлікті, сөз қолданудағы тапқырлықты талап ететіні табиғи нәрсе. Соның бірі — арнаулы бетке, айқара бетке, топтама материалға бас тақырып, жеке мақала, хат-хабарларға тақырып және тақырыпшалар қоя білу. Газетті қолға алғанда материалдарының жарқ етіп көзге түсуі, бірден көңілге қона кететін тартымдылығы көбіне-көп осы тақырыптардың етек-жеңі жинақы, сөздері шымыр, ойы өткір болуына байланысты. Жиі қайталанып "жауыр" болған қасаң тақырыптың оқырмандарды тартпайтыны былай тұрсын, тіпті мезі қылып, зеріктіріп жіберетіні белгілі. Кәкімжан өзі жазған немесе редакциялаған материалдарында, арнаулы бетке берілген бас тақырыптарды қарап, қабылдағанда бұған ерекше назар аударатын. Мұндай талғам мен талап тақырып қоюға кімнің қаншалықты шебер, кімнің шорқақ екендігін ашуға, бөлімдердегі журналистер арасында ізденістің, тапқырлыққа ұмтылыстың өріс алуына септігін тигізді. Бұл салада оңды-солды қолданылып, әбден жаттанды болған даурықпа тақырыптар біртіндеп ығыстырылып, олардың орындарына жүрекке жылы, ойға қонымды тақырыптар келе бастады. Мысал үшін айтқанда, соның бірі, мәдениет бөлімі ұйымдастырған "Сыксимадан — Ильич шамына, ұзынқұлақтан — радиоға" деген арнаулы бет дер едім.

Егер бұрынғы үйреншікті болған таптаурын сүрлеуден шықпағанда бұл беттің бас тақырыбы "Жаппай электрленген, радиоланған аудан" деп берілген болар еді. Бірақ бұл сан рет қайталанып, құлақ жаттыққан, ойды селт еткізбейтін көне тақырып. Сондықтан [illegible] онша қызықтыра коймады. Ал "Сыксимадан — Ильич шамына" деп басталатын әлгі бас тақырыпта тың теңеулер бар, олар: "Мені оқы!" деп шақырып, [illegible] үйірерлік дәм беріп тұр. Беттің мазмұны мен тілі де бас тақырыпқа сай, араларында алшақтық жоқ.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Мұндай жаңа леп ескен материалдардың қатарына "Жұмысшы мен шаруа одағы" деудің орнына әдейі "Орақ пен балға одағы" деп бейнелі теңеумен берілген арнаулы бетті, "Адамына қарап ауылын таны" деген бас тақырыппен шыққан тұтас бетті, сондай-ақ жаңа кітапқа жеке сыншының пікір айтуына өзгеше, ұжымдық сын болып табылатын "Жазушы – баспа – оқырман" деген жалпы тақырыппен жарияланған көлемді мақаланы тағы басқа да көптеген материалдарды қосуға болады.

Облыстық газетті шын мәнінде астаналық облыстың газеті деген атаққа сай дәрежеге көтеру жолындағы ұжымдық ізденістің, журналистердің жұмыла атқарған шығармашылық еңбегінің нәтижесінде "Жетісу" 1966 жылы республиканың облыстық қазақ газеттері арасында бірінші болып Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, газетіміз II дәрежелі дипломмен, 12 журналист көрменің медалімен наградталды. Газеттің мұндай құрметті мәртебеге ие болуына Кәкімжанның қосқан үлесі аз емес. Басқасын былай қойғанда, газеттің көрмеге қойылатын тікпесінің мазмұнын көрнекі түрде елестететін фотоальбом жасауды, орыс тілінде "Жетісу" атты анықтамалық кітапша жазып шығаруды ол ынта-ықыласпен өз міндетіне алды. Кітапша "Край семи рек", "Опыт передовиков – золотой фонд народа", "Поиски творческие"... "Час интересных мыслей", "Детище коллективное" деген төрт тарауға бөлінген. Көлемі – 71 бет. Бұл жұмысты ол аудармашы мен фототілшіні көмекшілікке алып, негізінен қызмет уақытынан кейін және демалыс күндері атқарды.

К.Қазыбаев редакция қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері арасында көпшіл, кішіпейілділігімен де сыйлы болды. Ұжым жыл сайын Баспасөз күні құрметіне бала-шағаларымен бірге қала сыртына шығып, көрікті көгалда, жұпар иісі аңқыған таза ауада сауық-сайран құруды дәстүрге айналдырған. Ол күні ұлттық спорт ойындарын тамашалап, балаларды жарыстырып, күрестіріп, оларға қазақша өлең, тақпақ айтқызып, қызыққа бір кенеліп қалатынбыз. Бүлдіршіндерге әртүрлі кітап, ойыншық, қуыршақ сияқты сыйлықтар берілетін. Осының бәрін жергілікті кәсіподақ комитеті атанып немесе мерекелік алқа атынан ұйымдастырып, көңілді өткізуге жоспар жасап, басшылық ететін Кәкімжан болушы еді. Ұжым мүшесінің отбасылық ойын-тойы бола қалса, онда асабалыққа көбінесе Кәкімжан бірінші болып аталатын. Тегі бұл оның мұндай бас қосуда жұртты желпіндіріп көтере білетіндігімен көпшілікке сырмінез болғанын аңғартса керек.

Өмірде қилы-қилы тағылым аларлық жайттар, ойламаған жерден күтпеген жаңалықтар пайда болып жатады емес пе. Соның бірі біздің журналистер ұжымында да болғанын және қалайша болғанын айта кеткеніміз жөн.

Жұмыс күні аяқталып, жұрт тарай бастаған кез еді. Кабинетке Кәкімжан кіріп келіп, күлімсіреп:

– Мені бір тәтенше шаруа мазалап тұрғаны. Уақытыңыз болса оңаша ақылдасайын деп едім, – деді.

– Құпия шаруа ма еді, нақ қазір ешкім кіре қоймас, айта бер, құлағым сенде, – деп бетімді бұрдым.

– Секретариатта істейтін (атын атап) пәлен дейтін журналист бар ғой, сол жігіт бойдақ екен, үйленбекші көрінеді. Пәтерім құрқылтайдың ұясындай тар, қалтам да жұқалау, сүйенер жақыным жоқ, ішкенім ас болмай қатты қиналып жүрмін, қандай ақыл, көмектеріңіз бар деп қыңқылдап жүр. Аяп кеттім, – деп бөгеліп, бұған не айтасыз дегендей бетіме қадала қарап, менен жауап күтетінін байқатты.

– Мұны редакцияның қоғамдық ұйымдарының басшылары біле ме, олар не дейді? – деп сұрап едім.

– Білгенде қандай. Олар күш қосып, көмектесейік деп маған келді, мен сізге келіп отырмын. "Қожаның көңілі құртқа шабады, көжесінің қатығы жоқ", – дегеннің кебі, көңіл кең, үй тар, қол қысқа. Әйтеуір оңай шеше салатын жеңіл мәселе емес, – деп ол тағы бөгеліп қалды. Мен:

– Егер шын көмектесейік десеңдер, халқымызда ондай салт бар ғой, тойға құр қол, гүл көтеріп бармаспыз, қаражат жағын қарастыру жөн шығар, – деп өз пікірімді білдірдім. Олардың менен күткені де осы лебіз екен.

Екеуіміздің оңаша отырып, ақылдасқанда шешкеніміз: Кәкімжан партия, комсолмол, кәсіподақ ұйымдарының жетекшілерімен сөйлесіп, не керек, қанша керек, оны қайдан аламыз, көмектің түрі қандай болмақ – осының бәрін анықтап, жазып-сызып, қағаз бетіне түсірмекші болды. Ол осылай істеді де. Жоспар қабылданып, комиссия құрылды, тойға дайындық жұмысы қызу қолға алынды.

Кітап баспасынан аударма алып, жексенбілік (қазақша айтқанда "үме") ұйымдастыру жолымен бір шағын кітапты журналистеріміз жабыла аударып, қыздар жарыса машинкаға басып, оны Кәкімжан өзі редакциялады. Бірнеше адам кәсіпорындар мен ұйымдарды аралап, басқа газеттер мен радиоға хат-хабар жазып берді. Бұлардан түскен қаламақы той шығынын өтеу үшін ортаға салынды. Асханамен келісілді. Қазыбаев өзі жазып, тойда беташар айтты, ежелгі дәстүр бойынша жас келіншек тізесін бүгіп, үлкендерге сәлем ету рәсімін орындап, ізет көрсетті.

Тойдың аты — той. Құдаларға бас тартылып, сый-сияпат көрсетілді. Домбыра тартылып, ән шырқалды, би болды. Бұл халықаралық әйелдер күнінің қарсаңы еді. Әдейі тойды осы мерекеге ұштастырып өткізу көзделген болатын. Кәкімжанның бастан-аяқ тікелей қатысып, басқаруымен ұжым мүшелерінің белсене қолдауымен өткен бұл той - айта қаларлықтай жаңаша той болды.

Иә, айтып-айтпай не керек, мұндай қайырымдылық пен ұйымшылдық, қысылғанға қол ұшын беруге дайын тұрушылық еске түскенде жүрек тебіреніп, "жарты құртты жаңқалтада бөліп жеген" кең пейіл, абзал жандар көз алдыңа елестейді.

Ойымызды жинақтап, түйіп айтқанда, бір редакцияда қызметтес болған он жыл қиыншылығы да, қызығы да мол, зерделі жас журналист үшін шығармашылық өсу, өсею, толысу жылдары болды. Кәкімжан Қазыбаевтың 1966 жылы, оның өз сөзімен айтқанда, "Жетісудың" ыстық-суығын бірге көтеріп жүрген кезде жазған "Кернеген кек" деген тұңғыш көркем шығармасы кітап болып басылып шықты. Ол шығарма автордың қаламы ұшталып, кеңірек құлаш сермеуге төселе бастағанын, алда болашағы мол екенін аңғартты.

Қазақ кеңестік баспасөзінің республикамызда тұңғыш шаңырақ көтерген отауында тағылым алған, астаналық облыстың газеті редакциясында шыңдалып, белестен-белеске өрлеп келе жатқан белді журналист енді республикалық партиялық газеттің қара шаңырағының төрінен көрінер деп үміттенуші едік, ол бұған лайық еді. Бірақ бұл үмітіміз ақталмады. Онымен, басқа жұмысқа ауысуына байланысты, қимай қоштасуға тура келді.

Сапар БАЙЖАНОВ

ЕРДЕН ЕРДІҢ НЕСІ АРТЫҚ?

Ол кеткелі де бірнеше жылдың жүзі болып барады. Көзден кетсе де көңілден кетпейді. Өзіне тән, өзіне жарасымды жайдары, жайсаң мінезімен, сәл ғана езу тартқа жымиған, дөңгелек жүзді, қара торының әдемісі дейтіндей көркімен, кең иықты, орта бойлы, дембелше сымбатымен, өзінің бүкіл кербез қалпымен көз алдымда әлі де көлендейтін кездері аз емес. Несімен қымбат еді ол? Несімен қалды ол жадымда?..

Әрқайсысымыз әр ауылда, қиырда, шалғай түкпірдегі ауылда өсіп, бұрын бір-бірімізді көрмек түгілі, біле де білмеген, естіп те көрмеген, мектеп қабырғасынан жаңа ғана түлеп ұшқан, мұрты енді ғана тебіндеген бозбас, бозбала

дерлік, қауырсын жігіттер білім іздеп, Алматыда университет қабырғасында тоқайластық та, бес жыл бірге оқыдық. Содан тәңір біздің маңдайымызға жазған журналист дейтін мамандық соңына түсіп, табандатқан қырық жыл қатар жарыса, бірде ол озып, бірде біз андағайлап үзеңгі қағыстыра, иықтаса, сүйеніс жүріп, өмірдің көп белестерін бірге өткергеніміз рас. Тапқан олжа, татқан сыбаға да әжептәуір еселі, көрген қызық пен шыжық та олқы емес. Айтамыз десек айтарлықтай, еске аламыз десек еске алатындай жайлар баршылық... Әйткен күнде де ол мен үшін "көзден кетсе, көңілден болады ұмыт" дейтіндей жолшыбай зәуімен кезігіп қалған қаран-құраң көптің бірі емес екеніне дау жоқ. Қайта уақыт ұзаған сайын оның жоқтығын, орны омсырайып тұрғанын, ең жақын серігімнің бірінен айрылғанымды қатты сезіне бастағандаймын. Балаң бозбалалық күннен бермен қарай балалы-шағалы, немерелі болғанға дейінгі берекелі ғұмыр кешкендерінің көбінде өрісіміз де, сыбағалас, мұңдас-сырлас күй кешіп, көп қуаныш-мерейді бірге бөліскен, тағдырлас, көңілдес дос тірлік кешкеніміз көпке көмескі көрінгенімен өзімізге әбден аян, мүлтіксіз ақиқат.

Жуырда мен Орталық мемлекеттік архивтегі жеке қорымда сақталған құжаттар арасынан оның бір кезде маған жазған бірнеше хаттарын тауып алдым. Біз Көкімжан екеуіміз журналистік қызметімізді студенттік шақтан-ақ өйгілі жастар газеті "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") бастаған едік. Елуінші жылдардың бас кезі болатын. Еңбек жолымыздың алғашқы екі-үш жылы өтер-өтпестен Мәскеудегі Орталық комсомол комитетінің үйғарымымен бірер жыл сонда мамандық жетілдіру курсында оқуға тура келді. Көкімжан хаттары сол кездегі ойлар мен сезімдердің куәсі екен. Көкімжан сонда жұмыс бабымен іссапарға келіп, Мәскеудегі бірнеше күнді бірге өткізгеніміз де бар. Екеуіміз де әлі бойдақ, үйленіп те үлгермеген сыбай-салтаң журналиспіз."Ұйықтап жатқан көңілді өн оятар, өннің әсем, әуезді мәні оятар" демекші осынау хаттар әріптес серік, тату дос Көкімжан бәріміздің бірге өткен өмір белестерін еске салып, түрлі-түрлі ойлар мен сезімдерге бөлегенін қалай жасырайын. Өмірдің ең мәнерлі де құнарлы көп кезеңдерін үзеңгілес өткізген дос жөнінде осы бір жолдарды қағазға түсіруге түрткі болған сол хаттардың өзіне сөз бергенді де осы арада әбден қисынды, хош көреді көңілім. Уақыт көнергенмен, ой мен сезім көнермейді ғой ешқашан. Бірге оқып көрейік көне.

"Сапар! Сәлем. Осы хатты саған жазарда бойымды бір қуаныш сезімі билеп кеткендей болды. Беу, шіркін, тілім жетпейді-ау, соны жеткізе жазатын, неткен олақ едім.

Қуантып отырған нәрсе осы хаттың жазылуы. Бұл хатты жазып отырмын мен Москваға. Асқақ үнмен аталатын сол астанада хатымды алатын кісі бар. Ол кешегі бірге өскен тату жолдас. Ол маған қайта жазады, саған хат Москвадан деп ұсынады почтальон. Қалай қуанбассың, тамаша емес пе!

Москва маған карта арқылы таныс. Онда мен әлі болғам жоқ. Бірақ, бүгін онда дәл өзіме балайтын біреу бар. Онда жүріп ол мені есіне алады. Міне, ол мен үшін де оқып жүрген, қыдырып жүрген, мен үшін де театрға барып жүрген сияқты. Мен де жүрмін Москвада.

Бұл менің мұнда отырып өзімше елестетуім, Сапар. Ал шын мәнінде қазір сең жүрген орта қандай десеңші. Москваның көшесінен бір жүріп өткеннің өзінде қандай білім аласың. Сенің көзбен көрген нәрсеңнің елесі біліміңе білім қосып, құйылып жатады емес пе? Сол ортада, сол жерде жүрген жолдасыма барады, бұл хатым.

Сол адамға ал енді өз амандығымды, мұндағы жігіттердің амандығын, хал-жағдайын айтамын. Бәрімiздің де жағдайымыз тамаша. Жуырда Баймырза екеуіміз Ұзақтікінде болдық. Өзіңнің бір үйің. Сол үйімізде тамашалап масайрадық та отырдық. Керемет жақсы демалыс болды. Кеше Баймырза екеуіміз тағы да барып, бас қостық. Қызылордадағы балалардың хаттарын оқыдық. Кеттік дейсің пікір алысып, бұл да бір жақсы кеш болды. Баланы мен көргем жоқ. Бірақ, жазған хаттары, ондағы ой жүйесі ұнады. Риза болдым іщімнен. Ол бірінші курста ғой әлі, сонда да аяқ алысы жаман емес, ойлай білетіндігі, аңғарғыштығы байқалады. Ойын еркін жазады және жақсы, ұнамды жеткізе алатын сияқты. Қорыта айтқанда (хаттары бойынша) өзіміздің адамды көрем одан. Бұл ойымды шыдамсыздық жасасам да Баймырзаға да айттым.

Бұл менің саған жазған бірінші хатым. Рас, хатты кеш жаздым. Бірақ, жүрегімнен мейлінше орын алған адам үшін хатымның ерте-кештігі еленбейді деп білем. Орыншадан хат келіп тұрады, ол сені ылғи сұрап жазады. Мен оған өтірікті соқтым, соңғы хатымда. "Сапардан үзбей хат алам, саған әрбір хатында сәлем" деп жаздым. Бірақ менің бұл пікірім формалдік жағынан өтірік, әйтпесе, шын мәнінде сенің бойыңда оған да, маған да деген сәлемің бар ғой. Осы жағында өтірікші болмайтыныма сендім.

Редакциядағы жаңалық: Баймахановты қызметке алғанбыз. Ауыл-село жастар бөлімін Асқаров дейтін жігіт, ЦКШ-ны

бітірген жігіт басқарады. Әзірге аса тәселе алмай жатқаны байқалады. Мыңбай үйленген. Бойдақтар азайып барады. Сен де бір москвичканы ала кел.

Осыдан үш күн бұрын Баймырза екеуіміз жаңа постановка – Мұқан Иманжановтың "Менің махаббатым" атты еңбегін драмадан көрдік. Өзіме жақсы ұнады. Мұқанның тек өсуін көрдім одан. Атап айтатын нәрсе: уақиға бөлендей шиеленісіп жатқан жоқ, бірақ тілі, ойы бай. Тұрмыстағы елеусіз нәрселерге қоғамдық мән беріп отырады. Сол нәрселердің жақсыларын баса көрсетіп, жағымсыздарын мінеп отыруы ерекше орын алған. Менінше, өмірдегі бар нәрсе табиғи күйінде, ешбір жасандысыз берілген. Сондықтан да жұрт сүйсіне көруде. Сюжетінің негізгі өзегі – асыл тұқымды қой шығару жөніндегі ғалымдардың арасындағы тартыс.

Ал енді айтарым, партучеттан уақытша ғана шығыпсың ғой. Одан біржола шығуды талап етеді екен. Сондықтан сен өзің есепте тұрған аудандық комитет арқылы карточканды сұрат. Өйткені сол жақта айырбастайсың ғой. Ережеде солай.

Москваға жуырда барып қалам ба деген үмітім бар. Редактор келген соң шешіледі. Ол жақпен таныс емеспіз. Қарсы аласың ғой, әрине.

Сәлеммен Кәкімжан. 20.12.1953 ж."

***

"Сапар! Сәлем қабылда бізден. Денсаулық қалай, жақсы ма? Мен танитын адамдар тегіс аман шығар. Оларға Алматының сәлемін жеткіз.

Кешегі өздеріңмен бірге жүрген уақыт, міне, өте шықты. Бірақ сол уақыт бір көрген жақсы түстей болып қалды. Олай болғаны Москвада бірге болғандығымыздан-ау деп ойлаймын. Сол күндердің бөлекшілігін мұнда келгеннен кейін бұрынғыдан да басымырақ сезіндім.

Жол аса көңілсіз болған жоқ. "Жерлесіңнің" қасында да жауапты рөлді жақсы ойнауға тырыстым. Жаман шықпаған болу керек.

Мұнда келгеннен кейін бір тамашасы "москвич" атандым. О, москвалық, москвалық дейді жұрттың бәрі. Барлығы да жақсы әңгіме айтуды күткендей. Өзіміздің шеңберге бар алған әсерімді жеткізуге тырыстым. Бір күн Кекендікінде, бір күн Ұзақтікінде болдық. Мен сөйлеп берем, әйтеуір, оларға бәрін айтсам дейді ойым, тыңдап отырады, үйып тыңдайтын сияқты. "Қандай тамаша, тіпті тамаша болған ғой бұларың", – дегенді естігенде, шынын айту керек, қуанып қалам. "Тағы айтшы, тағы айтшы", – дейді. Мен тағы сөйлеймін. Шамам келгенше, жеткізуге тырысам, соның өзінде

де көргендерімді жеткізе алмай отыратын сияқтымын. Сірө, тамаша, керемет дегендерді көп айтсам керек. Баса көрсеткен мөселем – екеуіміздің бір болғандығымыз. Ол жөнінде Баймырзаға салған хатыңда жазыпсың ғой. Хат мықты шығыпты. Өзім күшеніп бара жатқанда соны оқып жіберемін. Кекілбайға жазған хатың да келді. Ондағы ең жақсы шыққан жері "Аққу көлі" жөніндегі айтқаның, жалпы бірін-бірі толықтырып жатты.

Өзіміздің кеңсе жігіттерімен де әңгіме өткізілді. 25 минут сөйлеуге тура келді. Алдын ала ептеп дайындалып та едім. Аса көңіл аудара айтқан мөселем коллективтің ұйымшылдығы, қарапайымдылығы, белсенділігі, актив пен автор қалай байланысып жұмыс істейтіндігі жөнінде болды. Мүмкіндігінше официально емес, қарапайым сөйлеуге тырысу болды. Жаман болған жоқ-ау деймін, жігіттер уақыттың аз болғандығын айтып, "бөрімізге де барып қайту керек екен" деп жатты. Жеке-жеке келіп өңгімелесті де.

Байұзақтың үйіне өлі бара алмай жатырмын. Саматай облыстық газетке орналасыпты. Ал газеттің (орысшасы "Алма-атинск правда"), қазақшасы "Коммунизм таңы", алғашқы нөмірі 2/11-күні шықты. Жетісіне 5 рет шығарылады. Барлық жігіттерге де сөлеміңді жеткіздім, ол сөлемнің бір қабат емес, дүғай-дүғай екенін айттым. Өзіміздің барлық адамдар (жұмыстас), өсіресе типографиялықтар сенің хал-жағдайыңды қатты сұрап жатыр. Газетіміздің үлкейетіндігі жөнінде сөз көп, өне-міне деп отырмыз, нөсілі съезд болған күнен бастап үлкейерміз. Бастықтардың көбірек көңіл аударып отырғаны меншікті тілшілерді көбейту сияқты, ойлары 16 етуге дейін бар-ау деймін. Жалпы 25 адам алынатын болу керек. Бұл мөселені шешуге өлендей араласқаным жоқ. Съезд мартқа қалдырылады деген сөз бар.

Қазір жұмыс көп, өзіңе белгілі сайлау науқаны. Бұрылуға уақыт жоқ, саған бұл хатым өлдеқайда ерте жазылуы керек еді, амал не кешірек жазылып отыр. Оның үстіне кешкі университеттің де біраз сабағынан қалып қаппын.

Ал тапсырмаға өлі бел шешіп кірiскен жоқпын. Бала қазір каникулда екен. Әзірге толық анықталмаған мөліметтерге қарағанда сірө беті түзу-ау деймін. Гүлбөданнан сенің папаңның пимасын алып киіп кеткен екен. Осы фактінің төңірегінде сөз болғанда Гүлбөдан "Білмеймін неліктен екенін, сол кісі Сапар жөнінде өңгіме етуді тілеп тұратын сияқты", – деп қалыпты. Менің ойымша, бала біздің ауыл маңында болу керек. Каникулдан келген соң тағы да істің барысын көрерміз. Әзірге айтар осы.

Енді айтарым местком бөлімді, өзіміздегінің бастығы Мұқан. Мен ревкомиссияның дәуімін. Айтпақшы Сматбек үйленіпті, әйелі 1926 жылғы екен, Ленин аудандық партия комитетінде істейді. Тойына шақырған екен, біздің Мұқан, тағы бірқатар жігіттер бармапты.

Сенің фотоны жіберген хатыңды алдым. Аса мақтарлық боп шықпаппыз, бірақ өзің айтқандай оның тамашылығы Москва ескерткіші екендігінде ғой.

Гүлбөршінге арнап сәлем айт, егер келсе Бижамалға да жеткіз, сондай сәлем. Ал, басмақала жөнінде бастықтардың құлағында, нақты келіскен күні телефонмен хабарлармын.

Сәлеммен, Көкімжан. 5.02.54 ж."

***

"Сапар! Сәлем, сәлем, сәлем! Тек менен емес жақын дос-жаран, құрбы-құрдастардың бәрінен москвалық жолдасқа сәлем! Халың жақсы, денің сау болар. Солай болуына мұндағы біздер де аса тілектеспіз.

Халіміз жақсы, денсаулықтың арқасында жайрандап жүріп жатырмыз. Жаңғыз ойлайтың бір мәселе: ол қызметте табысты болу. Қыз мәселесін де ойламай қоймаймыз. Бірақ, бұл жөнінде әлі ойлаудан аса алмай жатқанымызды жасырмаймыз. Сөзден, ойдан іске көш деген үгіт көп, шешуі жеткен яғни піскен мәселенің өзі бадырайып көзге көріне береді-ау деймін, жазда пісіп тұрған алма өзінің қызыл түсімен аудартпай қоймайды ғой, сол сияқты жоғарыдағы мәселе де әркімнің көзін өзіне қарай жалтақтата бере ме, қалай? Ол жөніндегі ендігі пікір сенікі.

Алаңсыз жұмыс үстінде отырғанымда кеңсе телефоны сылдыр ете түсті. Жұлып алғанда өзіміздің Бижамалдың даусын естідім, қуанып кеткенмін-ау деймін "қайдасың", "қайдасыңды" қайталай бердім. Қысқасы, не керек, съезде сенің хатыңды алдым.. Онда біздер, қотармашылар болып барғанбыз. Мұның құрамында сыққан сақа аудармашылар болды. Соның ішінде біз де жүрдік, үлкен адамдардың сөзін микрофон алдында тұрып-ақ соға бердік. Әрине, кемшіліктер болды ғой. Дегенмен бірқатар нәрсеге үйреніп қалғанымызды жасырмаймыз.

Не бар тағы да сөйлемекке, сөйлейтін бұл хатымда? Съезден үйге келген бетім. Сенің хатың мен әдемі конвертің міне. Көз алдымда. Сыртындағы Университет үйі. Бүкіл Москва тұр *көз алдымда. Сенің конвертінді* мақтаймын деп айтатын негізгі мәселеден шеттеп барады екем, ә.

Съезде қатты сындар болуда. Әсіресе, бірінші, екінші адамның адресіне. Бірақ, менің мынадай пікірім бар. Осы сын бұған дейін неге болмаған, бұған дейін болса, істің нашарлауын қазіргі дәрежеге жібермес еді ғой. Одан кейінгі пікір: жұмысыңа қашанда болса мықты бол, ал босатып алған бір жерің сенің бұрынғы істерің елеулі, табысты болса да үлкен кір келтіреді екен. Өз жұмысыңа, өзің мықты болу үшін әрқашанда өзіңді өлшеп отыр. Өлшеуіштің сондай дәл болсын. Сондай дәл өлшеуіш кімге болса да керек сияқты. Өйткені семіріп бара жатсаң арықтауды қарастырып, аса арықтап бара жатсаң ет алудың шарасын қолданасың. Мұның өзі, сірә де, өз салмағыңның қалыпты, нормально болуына жағдай туғызар.

Ал, тағы басқа не айтсам екен, айтпақшы бүгін Орыншадан хат алдым. Оған Мосқвадағы жайларды қысқаша жазып ем, соған рахмет айтып, саған сәлем жазыпты. Хатында екеуіміздің Москвада болғанымыз жөнінде мынадай пікір бар. "Екеуіңнің Москвада жаңа жылда бір болуларың шын мүдделес екендіктерің ғой". Ойы аса жетпей жатқанымен екеуімізге баға берушілік бар емес пе, ә?

Бұдан кейінгі жаңалығым Балта мен Сара үйленейін деп жатыр. Әнеу күні бір келіп тойды 20/11-да жасаймыз ба деп кетіп еді, одан кейін әлі келген жоқ. Біздің редакцияда шахмат турнирі ұйымдастырылып, ойнап жатырмыз. Ойын қызық. Жұмыстан кейін тіпті шыға алмай қаламыз. Шахматтан лидер (әзірге) Кекілбай, дойбыдан Рахметолла. Мен де тырысып келе жатырмын. Дойбыдан жарты ұпайдан артық ала алмай келемін, екі кісіден ұтылып та қалдым. Ал, шахматтан жұрттың бәрінен жеңіліп келе жатып, дәл тура келгенде Кекілді ұтып кеттім. Бірақ, Баянжан мақтанып бара жатқан соң (екінші лидер сол болатын) Кекеңмен қайта ойнап, ұпай бере салдым. Дегенмен біраз ілгері басуым бар сияқты, ендігі турнирде бірқатарын ұтам ба, қалай. Саған осылай мақтанайыншы. Содан кейінгі жаңалық "Шаншу" атты сатиралық бюллетеніміз бар. Бет-жүзге қарамаймыз онда. Үлкеюден үміттіміз. Енді Пономаренко жолдас қол қоюы керек болып отыр. Жақын, құлаштай боп, жарқ ете түсер күніміз. Жазда келгенде үлкен макетке бірден кірісуге әзір болсаңшы. Жылдам бітір оқуды, жұрт үндемей отырып, макетті жып еткізіп жасай қоятыныңды сағынуда.

Аппарат үлкейгенде 25 адам қосымша беретін көрінеді. Бастықтардың әзіргі жобасы бойынша меншікті тілшілерді көбейту, содан кейін "Корреспондентская сеть" бөлімін құру, оған бөлім меңгерушісін белгілеу жоспарланып отыр. Бөлімдердің барлығында да лит қызметкерлер болар.

Ей, енді көп не айта берем. Гүлбаршынға привет передай! Оқуда да, қызметте де мықты болуына тілектеспіз, Әрқашанда сәттілік (удача) қыр соңынан қалмасын. Саған да солай.

Сәлеммен Көкімжан. 18.02.54"

***

"Сапар! Сәлем саған Алматыдан! Қалың жақсы, денсаулығың дүзік пе? Оқуға қайта кіріскен боларсыңдар.

Біздер аман-есен әрбір күнді қай жағынан болса да қызметте де, үйде де мазмұнды өткізуге тырысып жатырмыз. Сырт қараған кісіге бірсарынды өтіп жатқан сияқты көрінгенімен, бір күніміз екінші күннен өзіндік жаңалығы, өзекті болмаса да өзгешелігімен айрылады. Бәрін тамылжытып жазсам, аузыңның суы құрыр еді, бөлем. Сондықтан аузыңның суын құртпай-ақ қояйын. Азғантай ғана жаңалық айттым.

Алдыңғы хатымды алған боларсың, онда да айтып едім ғой, съезге қатысып жүргенімді. Сын күшті болды, Бижамал да айтқан шығар, Орталық комитеттің жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты. Сонымен бірге Пономаренко жолдастың сөзінің мықты шыққанын айтуым керек. Әдеттегі официальный әуезбен сөйлеген жоқ, өте қарапайым, әңгіме ретінде айтты, ақиқатты. Қорытып айтқанда, не керек, алғыр екендігін көрсетті. Партияның таза, шын берілген қайраткері екені көрініп тұр. Қазақстанның мүмкіндігі, болашағы туралы айтқанда өзіміздің патриоттық сезіміміз өршіп кетті. Шынында аса бағаламай келгенбіз-ау деймін, өзімізді-өзіміз.

Съезд материалдары жарияланған газеттерді саған әзірлеп қойып едім, Бижамалдан беріп жібере алмай қалдық. Бижамалдан ұят болды. Аэропортқа барамын деп, телефон арқылы хабарлағанымша болмады, редактор шақырып алып, Тастақ МТС-іне жіберіп қойды. Үлгерем бе деп жанталасып-ақ едім, үлгере алмадым. Қазір, тың және тыңайған жерге байланысты қызу жұмыс. Сөйтіп, героинямызды шығарып сала алмай қалдық. Менен ол кісіге дұғай-дұғай сәлем айтып, қолын қыс.

20/11-күні Сара мен Балтаны бақытты өмір жолына аттандырып, ұзағынан сүйіндірсін айттық. Балалардың тойында бас тамада болуға тура келді. Между прочим, тамадалық тәжірибе молайып келеді, осымен екінші той. Сенің тойыңда да тамада болсам деп жүрмін, давай тездет. Тойда 50-шақты адам болды, жаман болған жоқ.

Редакцияда өзекті жаңалық жоқ, аппарат бұрынғы қалпы. Асқаровтың бізден кеткенін айтып па едім? Ол қазір бізде істемейді. Облыстық газетке ауысқан болатын. Ауыл

шаруашылығында Мұхамеджанов пен Бөкейханов. Физкультураға Е. Мырзахметов деген жігітті алдық. Газеттің үлкеюі Пономеренконың қол қоюына қарап отыр. Басқалары келіскен.

Өзіңнің жіберген материалдарыңды басмақала етпей, етек (подвал) етіп пайдаландық. Біраз қосып, өзгерттік. Оқырсың. Айтпақшы бұдан бұрынғы хатымда суретті алғанымды айтпаппын ғой. Көрген жұрт тамаша, тамаша деп жатыр. Кекілбай қазір Павлодарда командировкада. Басқа жігіттер аман. Саматай облыстық газетте еді, қазір одан шығып кетті, бос.

Әзірге осымен тоқтайын. Сәлеммен Көкімжан"

***

"Сапар! Сәлем. Бұған не болды, хат келмеді ғой деп жатқан шығарсың. Бұл хатты мен саған Қостанай қаласынан жазып отырмын. 25/III-та редакциядан 6 адам жан-жаққа командировкаға шыққан болатынбыз. Мен сол әлі Қостанайдамын. Кеше Ұзынкөл, Меңдіқара, Затобол аудандарын аралап келдім. Жергілікті жерде болған жақсы ғой. Өмірдің нағыз қайнаған көзін көресің. Көп жағдайларды біліп, жақсы болып қалдым. Білмейтін дүниеміз көп екен. Оқығаның, естігенің көргендей болмайды екен.

Шынын айту керек, қазір өлгі нағыз патриоттардың ортасындамын. Көбімен әңгімелестім. Рас, шын ойымен келгендер бар, есіл-дерті жұмыс, әйтеуір пайдамды тигізсем деген ізгі ниет. Бұлар әсіресе украиндықтардан көп кездеседі. Жасыратыны жоқ, кейбіреулер бар, қарағың келмейді, бетімен кеткен. Жүрген жері айқай шу, ішкені арақ. Жақсы атақты жамылып, жергілікті жағдаймен есептеспей, айқайлай береді.

Кеше Владимиров МТС-ында болдым. Ол қаладан 45 шақырым. МТС-қа барардан бұрын біраз әзірленген едім. Трактор бригадалары жөнінде бірқатар кітаптар оқыдым, МТС туралы "Сельское хозяйство" газетінен түрлі материалдармен де танысқан едім. Өте дұрыс болыпты. Бірқатар мәселелерден хабарым бар сияқты адамға ұқсадым. Шын мәнінде аз білеміз ғой, әсіресе техниканың сыры жағынан не білеміз. Бұл жөнінде шындап сөйлескен адамға пар келе аламыз ба?

Біздің мамандықтың бір тамашасы сол, түрлі нәрсені білуді талап етеді ғой, МТС-қа барсаң оның жұмыс құрылысы жөнінде түсінігің болмаса сөйлесе аласың ба, сауда қызметкерлеріне, болмаса сауда орнына кездестің дейік, сол істен ептеп-септеп хабарың болмаса сөйлесе аласың ба? Әрине, қиын түседі. Осындай ерекшеліктерін ескеріп келгенде өз

мамандығына сүйінесің. Жалқау болсаң да сені өз еркіңнен тыс, әйтеуір алға итермелейді. Көп нәрсені білуге жетектейді. Өмірден үйрен деп итермелейді. Мұнысы енді тамаша-ақ. Мақтаныш болмасын осы жолы ауыл шаруашылығының көптеген істерімен танысып қалдым. Шамам келгенше көрген нәрсемді тәптіштеп білуге тырысып жүрмін-ау.

Менің байқауымша басшылықты жергілікті жерге жақындатқаны өте жақсы болған. МТС аймағындағы партия комитетінің секретарлары қазір сол МТС-тың адамы сияқты. Барлық жағдай көз алдында. Қолдануға қажетті шараны дер кезінде қолдана алады. Нақты, жанды басшылық өз-өзінен туып жатыр. Ол секретарлар қазір сол жұмыс істейтін МТС-тарға орналасқан. Үй де, кабинет те сонда. Өте дұрыс болған шара. Бұрын МТС-қа келді, мәлімет бойынша жағдайды білді, жүре беруші еді ғой, қазір сол МТС-тың жұмысын және сол аймақтағы колхоздардың жұмысын жақсартуға өз-өзінен ынтық. Кім өзі жүрген жерінің жаман болғанын жақсы көреді? Бәрі заинтересован. Сондықтан да алға басушылық болар деген қорытындыға келдім.

Ал, енді біздің комсомолда кемшілік толып жатыр-ау. Көптеген жерде комсомол ұйымдары айтарға ғана. Жұмыс жоқ, әйтеуір көштен қалмау. "Болғанымыз осы, қайтеміз?" деген дәрменсіздікті көп естисің-ау. Зығырданың қайнайды, көбі тіпті жасқа тән жалыннан, ең болмаса сөз жүзінде болса да, айырылған сияқты. Бір байқұс. Ал, келгендермен әңгімелессең, олар сол жақтағы комсомол ұйымының рөлін, инициативасын айтып жеткізе алмайды. "Біз мұндағы жағдайға таң қаламыз" дейді. Келген жігіттердің көбі бірқатар жерде шыдай алмай, жұмысты тіпті өз қолдарына алған.

Міне, көргендерімнің бір пұшпағы. Ал, барлық впечатлениемді (әсерімді) жаза берсем, сыймайтын сияқты.

Айтпақшы, мына қызықты жазбай кетуім болмас. Үзынкөл ауданының орталығы Демьяновкадан шығып, Абай атындағы колхозға келдік. Түскен үйіміз жетіжылдық мектептің завучінің үйі. Таныстық, әңгіме кетіп жатыр. Мен сұраса келсем, завучтің жолдасы (жұбайы) өзіміздің Гүлбаршынның туған сіңлісі болып шықты. Медсестра екен.

— Я, сіз оны қайдан білесіз?

— Бәлі, мен ол кісімен Москвада жаңа жылда бірге болдым, бірге қыдырдым.

— Мынау қызық екен, апа, апа мына кісі Гүлбаршынды біледі екен, — деп енесін шақырды.

Одан кейін күйеу жігітпен де, үй ішімен де әңгіме қызық жүрді. Шүйіркелестік те кеттік. Көрдің бе қандай қызық, совпадение. Хаттың дәл осы арасын оқысымен Гүлбаршынға,

Бижамалға сәлем айтшы, "осылай болыпты" дейсің ғой. Күйеу жігіттің фамилиясы Садуақасов, аты Қасымжан екен. Ол бізді 15 шақырым бері "Ақсуат" колхозына дейін шығарып салды.

Командировкадағы "творчество" жағынан не хабарлайын саған? Аса мақтанарлық ештеңе жоқ. Келген бетте үш күннен кейін "Мұның аты қамқорлық емес" деген сын мақала жазған едім. Жаман шықпаған сияқты еді. Бұл мәселе шынында да толғантты. Өйткені сонау жақтан барлық жұрт есіл-дертімен жұрт келген. Ал, бұл жерде оларға ешбір жағдай жоқ, келгендер еденде жатыр, колхоздарда ең ақыры темекіні де сатып алуға таба алмайды, тіпті басқаны былай қойғанда. Содан кейін облыстың жағдайы неліктен осындай деген пікірмен облпотребсоюздың барлық базаларын аралап шықтым. Керек заттың бәрі тіреліп тұр. Тек жеткізу керек. Бірақ, ол мақаламды өзіміздің газеттерден әлі көрмей жатырмын.

Аудандарда болғанда аса қажет екі мәселені облыстық газетке жаздым. Біреуі фельетон еді. Ол шықты. Енді біреуін запасқа жіберіпті. Ол да сын материал болатын. Бұл істерге совет органдарының қатысы көбірек еді. Сондықтан да облыстық газетке бердім.

Ал енді өзімізге жіберетін біраз жақсы материалдарым бар. Тек жазып шығу керек. Қазір осы хаттан кейін, өзің айтпақшы "аспанға қарап отырып " берденe шығаруым керек.

Ал, енді көп сөйлей бермейін. Өзім кеткенде жігіттер түгел аман болатын. Баймырза шығарып салды. Кекілбай Жамбыл облысына кеткен. Ертең редакциямен сөйлесем. Егер егістің басталауын күт десе қалам, қайт десе қайтам. Бұл жақта қыс өте нашар болды. Нашарлығы сол емес пе, әлі бір колхоз жер жыртуға шыққан жоқ. Көктем егісінің қауырт кезі 1 майсыз бола қоймас. Өйткені қардың еруінің беталысы солай.

Енді осымен бітірейін. Сау бол. Ептеп скромныйлық жасап жазбасам ба деп ойлап едім, бірақ шын ой сезімін айтуға тура келді. Ол сезім – өзіңді сағыну сезімі. Сондықтан сағынышты сәлеммен,

Көкімжан. 20 апрель 1957 ж.

***

Хаттардың айтары осы. Оқырман қалай қарарын қайдам, мен үшін сөз саптауы, ой сабақтауы, ойнақы әзіл-қалжыңы бәрі-бәрі мен білетін Көкімжанның өзін, тұла бойы тұрысын, мінез-қасиеті мен қабілетін түгелімен айна-қатесіз, бүкпесіз көз алдыма келтіреді. Осынау жолдар қырық жыл өткен соң да, одан кейін де оқылуы, кәдеге асуы мүмкін-ау деп кім

ойлайды? Жазба дүниенің кереметтігі сонда. Әшейінде пенде хат, күнделік деген нәрселерге мән бере ме, елей ме? Мен мінеки, осынау хаттарды араға қырық жылдай уақыт салып оқып отырмын. Кәкімжанның өзі болмаса да көзіндей, әлдебір қымбат мүлкіндей, еміренe аударыстырып отырмын. Әрбір жолына, әрбір сөзіне зер сала, үңіле, үңілгенде бүгінгі егде тартқан, жасамыс адамның ой биігінен таразылап, салмақтағандай сынаймен қадағалап оқып қарадым.

Кәкімжан бүгін арамызда жоқ. Ол туып-өскен Талдықорған облысының Сарқант ауданындағы бір ауыл Бақалы совхозындағы орта мектеп Кәкімжан Қазыбаев есімімен аталады. Оның ең соңғы "Сұрапыл" атты кітабы және басқа шығармалары біртіндеп жарық көріп, ұрпақ қолына тиіп жатыр. Әйткенмен де оның адам, азамат есебіндегі айрықша қасиеттері мен мінез құлқын, журналист, қаламгер есебіндегі өзіндік ерекшеліктері мен қабілетінің сыр-сипатын біреу білсе біреу біле бермейтіні хақ.

Асылы, ол ғасырымыздың елуінші-тоқсаныншы жылдар бедерінде қазақ журналистикасына еселі еңбек сіңірген, уақыт тынысын тап баса таңбалайтын үлкенді-кішілі талай-талай кенеулі де шырайлы туындылар берген санаулы тұлғалар, қаламгерлер легіне қосылары күмәнсіз.

Арамызда жүргенде қадіріне бірде жетсек, бірде жетпегеніміз де бекер емес. Кейде тіпті күнделікті дүрмектен артылуға мұрша болмай, тындырғанына бажайлап, жете зер сала алмадық. "Ауылдағының аузы сасық" демекші еңбегі мен бергенін жете бағалай білмеген сәттерімізге қынжыларымыз да заңды. Пендешілік деген сол. Ойлап тұрсақ, өмір деген мыңғырған, сыңсыған орман екен. Орманшы бір күні келіп, бір ағашты, енді бір таңда екінші ағашты, кейде зәулім теректі, кейде жас талды қиып алып, сұлатып әкетіп жатады. Ал, орман шіркіннің одан мұрты қисаймайды, оған ешбір қыңбайды да, абыржымайды, баяғыдай жайбарақат теңселе толқып, жапырақ жая жайқалып, найқалып тұра береді. Қиылған ағаш орнына басқа бәйтеректер, қарағайлар, қайың мен шетендер, өрімталдар өсіп жетіледі. Орман осылай жасай бермек. Тіршілік жалғаса бермек.

Табиғат заңына шара жоқ. Бәрі де өткінші. Әйтсе де өткінші екен деп өткенді ұмыту, елемей-ескермеу, бүгінді ғана місе тұту — ең берісі, сыпайы айтқанда парықсыздық, жетесіздік болар еді. Өткенді білу, өткеннен үйрену ең өркениеттегі жұрттардың, ең зиялы, зерделі жандардың айнымас қасиеті, ізгілік дәстүрі екені ай мен күндей ақиқаттың бірі. Ендеше, Кәкімжан ғұмыры мен тағдыры

бізге не үйретер еді деген сауалдың ерте ме, кеш пе алдан шығпасына кім кепіл? Мұндай өрелі сұраққа жауап беру болашақ зерттеушілердің ғана үлесі емес, оны көрген-білген, істес болған барлық тірілердің, жақын-жақыбайлардың да еншісі екені көңілге оралады.

Ол жайында бәрін білем, мен ғана білем, мен ғана айта аламын деу, әлбетте, кімге де болса, оғаш, одағай болары көміл. Бірақ өз білгенін, көрген-түйгенін айту кімге де болса артық болмайды.

Бәрінен бұрын Кәкімжанның бүкіл өмірінің мазмұны мен нәрі болған журналистік, шығармашылық өнерінің қыр-сырын саралау, қазақ журналистикасында алар орнын айқындау тұрғысынан да назар аударуды қажет етеді. Өзгені былай қойғанда бұл мәселені журналистика факультетінің кафедралары мен ұжымы еске алғаны онды деп білеміз. Оның жазғандарының негізгі арнасы елуінші, алпысыншы жылдардағы "Лениншіл жас" пен Алматы облыстық "Жетісу" газеттерінің беттерінде. Жекелеген туындылары, Республиканың өзге де басылымдарынан табылады.

Кәкімжанның республика баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет пен КазТАГ-та, Қазақстан КП Орталық комитетінде атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Мұның сыртында журналист-жазушы Кәкімжан қаламынан "Кернеген кек" атты деректі кітап, әуелі "Бөрте серке" атты повесть, кейіннен "Ызғар" атты көлемді роман және басқа қомақты әдеби шығармалар туған. Оның архивінде бұдан өзге де туындылар, жарияланбаған жазбалары, естелік еңбектері бар. Соның бәрін жинастырып, топтастырып жариялау мүмкіндіктерін де ойлау келешектің ісі.

Журналист Кәкімжан жайлы ой қозғай отырып, онымен курстас, қызметтес әріптес, замандас дос ретінде болашақ зерттеушілер жадына түйер бірді-екілі пайымдарымызды жол-жөнекей, келте де болса түйіндей кетуді жөн санаймыз.

Студент шақтан-ақ бір байқалған қасиеті жүрген ортасында жұғымтал, сергек те, әрі жұмсақ, сырбаз мінезімен айналасына сүйкімді әсер қалдыратын. Ұрысқақ, тырысқақ емес кеңтерлі, әркөкірек, менмен емес, қарапайым. Сонымен бірге талапшыл әрі өз ісіне бекем. Студенттерді былай қойғанда, мұғалім, профессорлардың да оңтайына жаға білетін. Осындай жұғымды мінезі курстағы бір топтың жетекшісі, "Лениншіл жаста" жауапты хатшы кезінде анық көзге түсті. Осы қасиеттері кейін келе партиялық аппаратта, баспа комитеті мен ақпарат агенттігінде басшы қызметте болған шағында да оны көпке жұғымтал етіп, бедел биігіне жетелегені анық.

Екінші бір айқын көзге шалынар қасиеті – ізденгіштігі мен жаңалық атаулыға үйірсектегі, іскерлігі мен еңбексүйгіштігі деуге болар еді. Сондықтан да "Лениншіл жас" редакциясына келісімен көп ұзамай-ақ іскерлігімен көзге түсіп, әсіресе газет бетін безендіру техникасын жедел меңгеріп, редакциядағы шешуші қызмет, штаб жетекшісі – жауапты хатшылық тізгінін қолға алып, ол жұмысты ұршықтай үйіріп әкетті.

Осындай қасиеттеріне қоса ол үнемі қаламы жүрдек, ойы ұшқыр, "жазымпаз" журналистер қатарында болғанын, шығармашылық тізгінді әрдайым ширақ жетелеп келгенін атай айтуымыз керек. Ой мен фактіге де кенде емес, тіл үйіретіндей жұмыр да шымыр басмақалалар мен толғаулардың, тілге жатық, оңтайлы аударманың көбі осы қаламы қағілез Кәкімжан қолынан туындағанын талай көргенбіз. Оны партия комсомол жұмысы да, шаруашылық пен экономика, тәлім-тәрбие мәселелері де бірдей қызықтыратын. Қай салаға қалам тартса да шұқшия зерттеп, біліктілікпен жазатын. Оның осындай кейібр қырларын оқығанда жоғарыдағы хаттарынан да аңғаруға болады.

Адам бойына тән жағымды мінез-қасиеттердің көбісі оның бір басынан табылып жатады десе де болғандай. Кербезде келісті билейді, домбыра тартып, әп-әдемі ән салады, шахмат-дойбы, бильярд, волейбол сынды өнерден де құралақан дей алмайсыз. Редакциядағы және басқа жердегі түрлі сауық кештері мен мәдени шаралардың ұйымдастырушы ұйытқы, көбіне жебеуші, жетекші ғана емес, орындаушыларының бел ортасында Кәкімжан жүретініне көзіміз әбден үйренген. Ең бастысы оның жайт-жұлт жарқылдаған жанары, тапқыр да ұтқыр сөздері, сері-серке қылығы кім-кімді де сүйсіндірмей қоймайтын.

Жұмыста болсын, тұрмыста болсын ұсақ-түйекпен шектелмей, әміси қияға көз тігу, кесек те жоталы істер жалына жармасу, бүгінгі қол жеткенді місе тұтпау, дәйім қармана құлшыну оның айнымас дағдысы деу жарасар. Адамдарға жақын тұру, лауазымды басшымен де, өзінен төмен дәрежедегі қызметкерлермен де оңай тіл табыса білу, оны өзгемізден озық көрсететін бір қасиеті еді десек еш артық емес. Жайдарылық, кішіпейілділік, тіпті керек жерінде жайылып жастық болу, неғұрлым жақсы, жайсаң жандармен жанаса жүру жағына келгенде де ол икемді, ұтымды биіктен шыға беретін. Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сынды батыр да біртуар екі бірдей жайсаңмен, бертінде Бауыржанның ұлы, айтулы жазушы Бақытжанмен өтбауыр жақын тірлік кешкенінің өзі ересен азаматтығы, құнарлы олжасы деуге лайық.

Бұл арада Көкеңнің өзіміз білетін, көңілімізді төнті еткен өзге қасиеттерін сөз ете отырып, қаламгерлік, жазушылық мәнерін, өзіне ғана тән кейбір ерекшеліктерін атай кетпегеніміз кешірімсіз болар еді.

Журналист Көкімжан шапшаң жазатын, өнікті жазатын. Оның жазып ырғандағы, машинкаға басуға бергендегі қолжазбасына көзіміз түскендегі бір байқағанымыз – қолжазбасында шиырылған, шимай-шатпақтар бола бермейтін, ой ырқына ерік беріп, бөлендей қиналмай, былайша айтқанда күшеншектенбей, еркін де жеңіл жазатын, сондықтан да қолжазбалары көбіне оқуға да оңай, таза келетін. Екінші бір айрықша қасиеті сөйлемдерді көп шұбалаңқы емес, қысқа орамды, айтар ойын созбалақтатпай, әсіресе қызыл сөзге бой алдыра коймай, нақпа-нақ, көңілге қонымды өретін. Сөйлемдері жинақтылау, келтелеу құралғанымен әсте қарадүрсін емес, тілге үйірімді, әп-әсем құралатын, аз сөзбен көп ойды білдіріп жататын. Оның үстіне Көкімжан туындылары таптаурын болған ескі сүрлеу, оқушыны мезі ететін жадағай, жайдақ пәлсафаларды қаужамай, соны соқпақтарға сілем тартып, өзекті де өрелі мәселелердің жалына жармасуды нысана тұтатын. Сондықтан да оның қаламынан туған мақала болсын мейлі, очерк яки репортаж болсын мейлі оқырманды жалықтырмайтындай тілге жеңіл, көкейге қонымды, тартымды шығатынына әріптестері дәйім сүйсініп жүретінбіз. Оның осынау шығармашылық машығы мен шеберлігі менің пайымдауымша қаламгер Көкімжанның жаңалық атаулыны, жақсы атаулыны тез аңдағыш, ізденгіш, керек десеңіз нағыз көнігі, шебер журналистке тән сезімталдық, дәйім сергектік, тіпті әмбебап қасиетінен тамыр тартып жататын-ды. Ол тақырып таңдамайтын, газеттің ешбір жанрын өгейсу дегенді білмейтін. Ұзақ жылдар журналистік қызметте жүрген кезімізде "мен өнеркәсіпті білмеуші едім" яки болмаса "спорт тақырыбына хабарым шамалы", не болмаса "макет деген миыма кірмей-ақ қойды" дегендей сылтаулардың талайын естігеніміз, көргеніміз бар. Ал, Көкімжан журналист жата қап, басынан асыра да лақтыратын, іштен шалып та алып ұратын, жауырыны жерге тимеген әмбебап балуан секілді, тілінен майы тамған очеркті де, теориялық-саяси насихат мақаласын да, керек десеңіз фельетонды да оң жамбасына ала беретін әмбебап қаламгер еді. Әмбебап білгірлігі мен іскерлігі, жазуға салсаң жазуға, аударамаға салсаң аудармаға, макетке салсаң макетке ұста, әрі қаламы ұшқыр, әрі мінезге бай өзі, ұйымдастыру жұмысына бекем кемел қасиеттері оның айналасында сүйкімді, беделді болуына, биік тұғырларға көтерілуіне кепіл болғаны күмәнсіз.

Ұзақ жылдар үзеңгілес, көңілдес серік болған әріптес жайында бұдан өзге де айтар ойларға ырық берсек, бірі туындап жалғаса беруі әбден ықтимал. Әйткенмен халқымыздың "көп сөз көмір, аз сөз алтын" дейтін нақылын да ұмытуға болмайды.

Ерден ердің несі артық,

Ептестірген сөзі артық, – деген де халық даналығы бар. "Ептестірген сөз" дегенді мен әйтеуір сөзшеңдік деп әсте ұқпаймын. Осы епсекті сөзбен жұртымыз білім мен білікті де, ақыл мен парасатты да, мінез байлығы мен адамгершілікті де еңсере, ептестіріп айтқан деп ұғамын. Қай тұрғыдан алсақ та Көкімжан Қазыбаев әріптесіміз ешкімнен ешбір жайда олқы түспейтін, серке азаматтың бірі болғанына, онымен әріптес, құрбылас болғанымызды дәулетімізге балаймыз...

Жүніс БЕКТЕПОВ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНДЕЙ ҚАРАПАЙЫМ ЖАН

Москваға сан мәрте келіп жүріп, Көкең бізге соқпай не хабарласпай кетпеуші еді. Әдетте келген күні телефон шалып, амандасып, қай мейманханаға түскенін, нөмірін, телефонын айтатын. Біз болсақ, әрине, "қашан келесіңнен" бастаймыз ғой, баяғы.

– Сенің осының жаман. Әй-шәйға қаратпай, үйіңе сүйрей жөнелесің. Саидаға жаның ашымайды, – деп Көкең телефоннан сылқ-сылқ күліп алады да, аяғын жадырай қайырады: – Жарайды, ертең жұмыстан соң бір сағатқа кіріп шығайын. Бірақ Саидаға айт, ештеңкеге әуре болмасын.

Әуре болмау қайда! "Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады" деп өскен қазақ емеспіз бе!

Кейде Көкеңнің өзі менің алдымды орап кетеді.

– Бұл жолы үйге соға алмаймын. Ертең кешкі жетіге қарай Саиданы ертіп, осында кел. Нөмірге дастарқан жасатып қоям, – деп өзіне шақырады. Ал тағы бір реттерде: – Үлкен театрда бір тәуір дүние жүріп жатыр екен. Келісімен билет алып қойдым. Сендерге онша таңсық емес шығар, әйтсе де бірге барып көрейік, "мәдени жорық жасайық", – дейді.

Біз, әлбетте, қуана-қуана барамыз. "Таңсық емес" дегені бекер. Москвада тұрғанымызбен Үлкен театрға қол жете бермейді. "Валюта түсіреміз" деп жанығып, билетінің көбісін қалтасы қалың шетелдіктерге сатады, одан қалғаны түрлі делегациялардан, республикалардан келетін қадірлі қонақтардан, депутаттардан, түрлі деңгейдегі басшылардан артылмайды.

Кәкеңмен кездескен сайын елдің жаңалығын, жолдастардың амандығын естіп, әңгімеге бір қарық болып қаламыз.

Республика Компартиясы Орталық комтетінің идеология жөніндегі хатшысы болып сайланған жылдың қысында Кәкең Орынша екеуі Москва түбінде демалды. Жұма күні еді. Түннің бір уағында телефон шылдыр ете түсті. Кәкең екен. Аман-саулық айтысқан соң:

— Орынша екеуіміз кеше келдік. "Барвихадамыз". Ертең үйде боласыңдар ма? — деп сұрады.

— Боламыз, — дедім мен.

— Онда сағат екіге карай, Саиданың түстік шайына туралап барып шығамыз.

Дүниенің ең азабы күткен мен қуып жеткен деген сөз бар ғой. Кәкең осы сөздің қадірін қатты ұстанушы еді. Ол қызмет бабында болсын, тұрмыста болсын, уағдаласқан уақыттан еш айнымайтын. Әсіресе қонаққа кешігіп баруды шақырған үйдің иесін де, дәмдес болатын кісілерді де сыйламағандықтан деп санайтын. Ал кешіккендерді қисынын келтіріп, жұмсақ әзілмен-ақ бір ұялтып тастайтын.

Айтқандай-ақ, сағат екіге қарай есік алдына шыққаным сол еді, жалтыраған қара "Волга" сыр етіп келіп тоқтады. Кәкең мен Орынша екеуі. Шұрқырап амандасып, жоғары көтерілдік.

Үйге кіріп, сырт киімді шешіп, үлкен бөлмеге жайғасқаннан соң Кәкең бірден балаларды сұрады. Үлкеніміз Бақытжан МГУ-дің журналистика факультетін бітірген соң жарты жылдай "Казахстанская правда" газетінде әдеби қызметкер болып істеп, жаздан бері сол газеттің Қызылорда облысындағы тілшісі болып барған-ды.

— Бақытжанның жазғандарын қадағалап қарап тұрам, — деді Кәкең. — Аяқ алысы жаман емес. Тілі де бар, ойы да бар. Бірақ бірден тілші болып балалық жасады. Ең кемі екі-үш жыл редакцияның қара қазанында қайнап, саусақтары жауыр болғанша хат қорытып, авторлармен жұмыс істеп, баспаханадағы кезекшіліктің қияметінен өтіп, әбден ысылуы керек еді.

— Менің де ойым сол тұғын, — дедім мен. — Бірақ балам басқаша уәж айтты. Көз ашқаннан орысша бала бақшаға, орысша мектепке, одан орысша жоғары оқу орнына барып, ана тілімізді ардақтамай өсіппіз. Мұны әсіресе университет қабырғасында қатты сезіндім, Прибалтикадан, Закавказьеден келген студенттерден бұл хақында талай мәрте намысқа тиетін сөздер есітіп, талай мәрте қызардым. Қызылорда — әрі ата-бабамның туған жері, әрі қайнаған қалың қазақтың ортасы, ана тілімді тезірек үйренуіме көмектесер деп ойлаймын" — деді.

– Иә-ә, – деді Кәкен сәл қабағын шытып, – коммунизм тұсында бір ғана тіл болады, ол тіл орыс тілі болады, орыс тіліне неғұрлым тезірек көшсек, соғұрлым коммунизмге бұрын жетеміз деген жалған теория ұлттық тілді тоқыратып-ақ тастады ғой.

– Бұл бағытта көбірек "еңбек сіңірген" Саиданың ағасы, – дедім мен қалжыңдаған болып.

– Қайдағы ағасы? – деп Кәкен мен Орынша қатар сұрады.

– Марқұм Нүрділдә Жандільдинді айтам. Ол кісі де Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданынан еді ғой. Орталық Комитетте идеология жөніндегі хатшы болып тұрғанда екі тілдегі газеттерді қостырып, қазақшасын аудармаға айналдырып, қазақ мектептерін шетінен бытырлатып жапқызған, қазақ ұлттық ойындарын, дәстүрлерін феодализм қалдығы, ұлтшылдық сарқыншағы деп мансұқ еткен сол кісі емес пе?!

– Обалдығы-ай, – деді Орынша қостап, – миллионға жуық халқы бар бүкіл Алматыда екі-ақ қазақ мектебі. Оның өзінде де негізінен интернатта жатып оқитын шопандардың балалары. Көптеген қазақ интелигенттері балаларын қазақша оқытуға намыстанатын болды.

– Қазақ халқының ұлттығына да, тіліне де көп қиянат жасалды ғой. Сол бағыттан әлі тайғанымыз жоқ. Ана тілінің қадірін кетіргені сонша, қазір қаладағы қазақ жастары өз тілінде сөйлеуден арланатын болып барады. "Қазақша білмеймін" дегенді мақтан көреді. Тіпті орталық аппараттағылардың өздерінде де қазақша екі ауыз сөздің басын құрастырып айта алмайтын қазақ "қайраткерлері" аз емес. Мың адамның ішінде бір орыс отырса, жиналысты орысша жүргіземіз, лекцияны орысша оқимыз.

– Баяғыда Бейсебаев Мәсімхан ағамыз Алматы обкомының бірінші хатшысы болып тұрғанда өңшең қазақтар жиналған шопандардың слетінде орысша баяндама жасап, ұят қылған жоқ па?! – деді Орынша күліп.

– Бәрінен намысқа тиетіні, – деді Кәкен әңгімесін жалғап, – жоғары жақтан, орталықтан "өз тіліңді білме, дамытпа" деп жатқан бір пенде жоқ, бәрі өз белсенділеріміздің "тірлігі". Өз тілін білмей, менсінбей өскен қазақ кадрларының жанына "орысшаға тезірек көшейік" деген ұран, әрине, майдай жағады. Өз тіліңді өзің қадірлемесең, басқа жұрт не қылсын сенің тіліңді. Сондықтан да біздің республикаға сырттан ағылып келіп жатқан өзге ұлт кадрларының ішінде қазақша үйренейік деген еш ниет жоқ, қазіргідей жағдайда ондай ниет болмақ та емес. Қазақ ауылдарын аралағанда аудармашыларды қанжығаларына байлап жүретін "басшылар"

қаншама. Оны ұят санап, ерсі көріп жатқан ешкім жоқ. Тіл мәселесі, ұлт дәстүрі туралы сөз ауыз ашқан кісіні ұлтшыл деп күстәнәлап, соңына жарық алып түсіп, әбден жасытып тастадық...

Жаңа хатшының іші қазандай қайнап-ақ жүргені сезіліп тұрды. Бірақ ол жылдары қайта құрудың әлі исі де жоқ кез ғой, 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларына да әлі екі жылдай бар-ды. Сондықтан ол жолы Кәкеңмен тіл туралы әңгімеміз құр кіжінуден, аһылап-уһілуден ары барған жоқ. Тек Кәкеңнің сөз соңында бір еске салғаны:

– Сен Бақытжанға айт, – қазақ тілін жетік білумен қатар қазақшадан орысшаға көркем әдебиетті аудару өнерін игерсін. Бізде қазақ жазушыларын түпнұсқадан тікелей орысшаға тәржімалайтын аудармашылар өте аз, саусақпен санарлық. "Подстрочниктен" аударатындар ойларына келгендерін істейді. Аударуға шамалары жетпейтін қазақша сөз орамдарын, бейнелі, астарлы тізбектерді белінен басып, мағынасын алыстататып әкетеді, не мүлдем аудармай тастап кетеді. Қазақтың белді-белді жазушыларының да берісі одаққа, арісі әлемге лайықты қадір-қасиетімен таныла алмай жүрген себептерінің бірі де осы.

Әңгімені Саиданың: "Тамақ даяр, қол шайыңыздар" деген сөзі бөлді.

Кәкең мен Орынша келерден біраз бұрын бибі тауықтың шөжесінен дәмді бір тағам жасауды үйренген еді. Отбасының сынағынан жоғары бағамен өткен-тұғын. Енді кешеден бері сол тамағын "сиқырлап" жүрген. Кәкеңдерге де қатты ұнады.

– Саида, сен мынаның "рецептін" маған жақсылап үйрет, басқа ешкімге айтпа. Алматыға барғасын жолдастарды бір шалқасынан түсірейін, – деді Орынша шын риза болып.

Кәкең жүрегі ауырғалы бері көпке дейін ештеңе татпай кетіп еді. Соңғы кездері ғана көңіл қимастықпен тамақ алдында бір рюмка коньяк алатын болып жүрген. Бұл жолы Кәкеңнің өзі ықылас білдірді:

– Кәне, Жүке, тағы біреуін құйып жібер. Саиданың мынадай тағамына біреумен тоқтау ұят.

– Байқасайшы, – деді Орынша Кәкеңе күлімсірей қарап.

– Дәрігер қасымызда отыр ғой, – деді Кәкең күліп. – "Жалғыздық құдайға ғана жарасқан" демекші, жұп болғаны жөн ғой. Солай емес пе, Саида?

Дәрігер бола тұрып "ішкен дұрыс" деп қалай айтсын, сондықтан Саида орағыта сөйледі:

– Біздің Кекілдің (Кекілбай Нүсіпбеков, журналист, университетті бірге бітіргенбіз. Жолдастардың бәрі де қатты қадірлейтін ең бір аяулы досымыз еді. Ұзақ науқастан соң 1978 жылы қайтыс болған), – деді ол да күліп, – Күреңбай

деген ағасы бар. Сол кісі айтатын, бір рюмка ішсең басыңа шығады, екеуін ішсең – аяғыңа түседі, үшіншісін ішкенде қалпыңа келесің" деп.

– Тауып айтқан, тауып айтқан, онысы рас-өй!..

– Осындағы бір жолдастың "жақсы сыра қалғанша, жаман қарын жарылсын" деген тарихи сөзі де баршамызға өсиет болып кеткен, – деп мен де қыстырылдым.

– Тү-у, сен де қай-қайдағыны ұмытпайды екенсің, – деді менің кімді мегзеп отырғанымды бірден түсінген Көкең тағы да сылқ-сылқ күліп. Сосын сәл күрсінгендей болып барып жалғады: – Өтіп бара жатқан өмір-ай! Жастықтың, денсаулықтың арқасы екен ғой. Таң атқанша отырыстап, ән салып, би билеп, көз ілмеген күйі ертеңгісін жұмысқа бара беруші едік.

Көкеңнің айтып отырғаны 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың бас кезі. Расында да, ол бір, Абай айтқандай: "махаббат, қызық мол жылдар" еді-ау. Бәріміз де оқу бітіріп, бірді-екілі балалы болып, енді-енді қаз тұра бастағанбыз. Жігіттердің ешқайсысы әлі жуан портфелге жетпеген. Көбіміз пәтер жалдап тұрамыз. "Жас балаларың бар" деп, ант атқыр пәтер иелері шыдатпайды, жылына екі-үш мәрте "қоныс жаңартатын" кездеріміз болады. Қысқа жіп күрмеу түгілі шалуға жетпей жатады.

Бірақ тұрмыстың сонша қиыншылығы қаперімізге де кірмейтін, қабақ шытуды білмейтінбіз. Әсіресе журналистика факультетін 52-жылы бітірген жігіттердің жұбы жазылмайтын. Бір Алматының өзінде ең үлкеніміз Қабекең (Қабыш Уәйісов) Ғайнимен, Көкең Орыншасымен, Кекілбай Бибіханымен, Ұзақ Бағаев Нұрбибісімен, Сапар Байжанов Күләшімен, Төлеухан Кенжебаев Нұрзағышымен, Әбсаттар Бөлдекбаев Женясымен, Саматай Кәрібаев Розасымен, Молдабек Шолпанбаев Ғалиясымен..., кейінірек біздің ортамызға Көкеңнің жан жолдасы, белгілі жазушы Хайдолла Тілемісов Мәулесімен қосылды.

Өте жиі жиналушы едік. Әйтеуір бір сылтау табылатын. Ең ғажабы әрбір басқосу әнмен басталып, әнмен аяқталатын. Жасаған-ау, ойлап тұрсақ, сол кездегі жігіттер мен келіншектердің бәрі шетінен әнші екен ғой. Әрқайсысының өзі ғана үзілтіп айтатын, жолдастар қолқалап айтқызатын "меншікті" әндері болатын. Мысалы,Бибіхан "Мақпалды", Нұрбибі "Сыр сұлуын", Күләш "Су тасушы қызды", Анар Қыз Жібектің арияларын, Роза "Бүрген-бүргенді", біздің Саида "Бөбегім" мен "Орамалды" нақ бір өздері шығарғандай иемденіп алған-ды.

Жігіттер де қара жаяу емес-тін. Хайдолланың домбыраға әдемі қосылатын қоңыржай даусы бәрімізді де баурап әкететін. Әйтсе де, Кәкеңнің "Има Сумағына" жететін ешкім болмады-ау деймін. Әңгіме былай. Кәкеңнің "музыкальный слухы" керемет болмағанымен даусы өте күшті, қалаған биігіне көтеріп әкете беретін. Сол тұста біздің елге Латын Америкасынан Има Сумак деген әнші әйел келіп кеткен-түғын. Дауысы ғажап, біресе жіңішке, біресе жуан, біресе қоңыржай дауыспен жүз құбылтып айтады. Кәкең сол Има Сумактың әндеріне "маманданған". Әсіресе оның "И-и-и-и-у-у-у" деп шырқатып әкетіп, сосын "уах-уах-уах" деп сылқ түсетін жерін салғанда ішегіміз түйіліп, көзімізден жас ағып, өліп қала жаздаймыз...

Кәкең жаңа "таң атқанша отырушы едік" дегенде осы сәттер есіме түсіп, мырс етіп күліп жібердім.

— Неге күлдің? — деп Кәкең мен Орынша қатар сұрады.

— Баяғы Има Сумак есіме түсіп кетті, — дедім мен әлі де езуімді жия алмай.

— Апыр-ай, әлі ұмытпапсың-ау, — деді Кәкең көңілденіп. — Бекежанның ариясы мен "Бозжорғаны" да жаман айтпаушы едім ғой.

— Әсіресе Орекеннің орамалын басына шарт байлап, қамшыны бүктеп ұстап, Нұртастың ойыншық қылышын жамбасына жапсырып, төргі бөлмеден атырылып шыға келгенінде, Құрманбек Жандарбековке дауысың болмағанымен келбетің ұқсап-ақ кететін, — дедім мен сол кездегі суреттерді расында да ұмытпағанымды аңғарта түсіп.

— Саиданың да даусы жақсы еді, — деді Орынша әңгімеге қосылып. — Сол кезде жаздырып алса ғой... Немерелерге жақсы ескерткіш болатын еді...

Қазекемнің ең қадірлі тамағы ет қой. Сол үлкен дөмнің алдында Кәкең мен Орынша диванға отырып демалды. Орыншаның үстінде тауешкінің таза түбітінен үлпілдетіп тоқыған сұр костюм. Кәкеңнің үстінде су жаңа қара костюм, қара галстук, қатырма жаға ақ көйлек, жалтыраған қара туфли. Кенет Кәкең орнынан тұрып, олай-бұлай жүріп, жұмбақтай сұрады:

— Саида, айтшы, мына костюмым қалай? Ұнай ма?

— Хатшыға лайық. Арнап тіккені көрініп-ақ тұр, — деп, Саиданың орнына мен жауап қайырдым.

Кәкең сылқылдап көп күлді.

— "Барвихада" күнделікті киюге беретіндері екен. Үстімдегінің бәрі солардікі. Тіпті нәскиіне дейін. Дене шынықтырғанда, серуенге шыққанда киетіндері өз алдына бөлек.

— Қайтсін, хатшылардың киім тіктіруге ақшалары жоқ дейтін шығар, — дедім мен қағытқан болып.

— Расында да осылары тым артық, — деді Орынша мені қостағандай болып. — Біз секілді біріншi келгендерге ыңғайсыз екен. Өзге-өзге болсын, әйелдердің халатын, еркектердің пижамасын күнде ауыстырудың қандай қажеті бар? Ал тамақ жағы тіпті рәсуа. Нөмірге жеміс пен көкөністің неше түрін толтырып қояды. Ол аз дегендей фойэнің, холлдың әр жеріне үлкен-үлкен вазаларға салып, жемістер қойып қойған. Әркім қалағанынша әкетіп жатыр...

— "Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса" дегеннің кебі-дағы. Осыдан соң да батыстағылардың "ССРО-да пролетариаттың емес, партияның да емес, партаппараттың диктатурасы. Елдің қанын да, сөлін де сорып жатқан сол партаппарат" дегендеріне өкпелемейміз-ау, — деп қалдым мен тілім қышып.

— Әй, мынау қайда бұрып барады-ей?, — деді Көкең реніщсіз, — Жанбаев ағамыз айтпақшы, бәс жаққа бара беріп қайтеміз. Одан да, домбыра бар ма, әкелші.

Ұят болғанда, домбыра бар еді, бірақ тиексіз тұғын. Шектері де босап кеткен. Өзім тарта білмегесін күтімсіз қалған ғой. Соны айтып едім, Көкең:

— Мейлі, әкеле бер. Маған тыңқылдаған даусы шықса болды, — деді.

Сол жерде Көкең ағаштан жонып тиек жасап, құлағын бұрап, ақырын тыңқылдатып отырды да, әңгіме бастады:

— Бұрнағы күні біз кештеу келгенбіз. Ешкімді жөндеп көре алғанымыз жоқ-тұғын. Таңертең тұрып, тамақтануға барсақ, құдай басқа салмасын, әншең қаусаған кемпір мен шал. Негізінен, жоғарғы үйдегілердің қартайған әке-шешелері, жақын-жұраттары, пенсияға шыққан "көшбасшыларымыз". Кемпірлердің бәрі бірінен-бірі асыра боянған. Солардың ішінде ең жасы біз болып қалдық. Тіпті бильярд ойнауға серік табылсашы. Ыза болып, нөмірге келдім де, отыра қалып "өлең" жаздым. Сондағы шығарғаным мынау.

Көкең қалтасынан бір парақ алып, алдына қойды. Сосын домбыраны қағып-қағып жіберіп, "әу" деп тамағын кенеп алып, термелей жөнелді:

Естімеген елде көп,
Ел білмеген пенде көп,
Атышулы болған соң,
Емделуді ұйғардық,
"Барвиха" деген жерге кеп.

Алтынменен аптаған,
Күміспенен құптеген,
Хрусталь шам қаптаған,
Үйі қандай тамаша,
Мебелдер де кіл жаңа,
Кілемдер де кіл жаңа,
Айналаң тұр нұр жана.

Деп ойларсың бұл жерде
Хор қыздары жүреді деп,
Сыңғыр-сыңғыр күледі деп.
Ортасынан ойып бір,
Ең бір ғажап сұлуын
Қолтықтағың келмей ме!
Он екі айда бір келген
Демалыста шалқытып,
Жөртып қалғың келмей ме!

Алып ұшқан көңіл-ай,
Егде тартып қалсаң да,
Ар жағың қылмың қағады,
Бер жағың қылмың қағады,
Көзің от боп жанады,
Сөйтіп келген бір сабаз,
Тұрып алып ертеңмен
Жан-жағына қарады.

Әйелдер шын-ақ көп екен,
Гүл емес өңшең шөп екен.
Шықты бірі бүкшиіп,
Шықты бірі түксиін,
Шықты бірі быржиып,
Шықты бірі қыржиып,
Анау жерде бірі отыр,
Түк жақтырмай тыржиып.

Көрінеді біреу шартиған,
Көрінеді біреу қампиған,
Көрінеді біреу таңқиған,
Көрінеді біреу көтерем,
Қос құлағы қалқиған.
Шалқақтап біреу келеді,
Талтақтап біреу келеді,
Қалтақтап біреу келеді,
Жалтақтап біреу келеді,

Заманында бәрі де,
Құлпырған қыз болған ғой,
Апай төс алғыр жігіттің,
Көңілдері тойған ғой.
Ит екенсің кәрілік,
Мың жасауға кім жеткен,
Жан түршігед сонда да,
Сен салған мынау суреттен.
Демігеді жүре алмай,
Қалт-қалт етіп мойыны,
Сүлдесін, әрең сүйреп жүр,
Сенімен бұл жерде,
Қайдан келсін ойыны.

Бір-екеу бар өзінше,
Жасанғандай болады.
Әжім-әжім беттерін,
Шаң-шаң етіп бояп-ап,
Жасарғандай болады.

Аяғы тұрса дірілдеп,
Көзі тұрса іріңдеп,
Тіс тұрғанмен жалтырап,
Денесі тұрса қалтырап,
Қайдан ғана жасарсын?!

Кәрілердің ішінде
Сен өзің де кәрі боп,
Жегенің ылғи дәрі боп,
Қайтып кетер күшің де.
Дәл осындай жағдайда
Елудегі әйелің
Қыз Жібек болып көрінер,
Басылған көңіл желігер,
Күнде сүйіп бетіңнен,
Ол да саған әбігер.
Еңделеу деп жүргенде
Одан жасты таба алмай,
Ықылас, ынта, құмарың,
Соған ғана берілер.
Артық айтқан бір сөз жоқ,
Уа, тыңдаушы халайық,
Бұл сөзіме сеніңдер!
Ұзын сөздің қысқасы,
Айтулы ердің нұсқасы,

Алысқа барып арбалап,
Сұлуды құшып жасарсам,
Деген ойдан жеріндер.

Күлкіге көмілдік те қалдық.

– Көркемдігін, өлеңдігін былай қоялық, сурет бар ма өзінде? – деді Көкең бізбен қосыла күліп.

– Болғанда қандай! – дедім мен. – Әсіресе соңғы жағы. Ореке, рас па?

– Не рас па? – деді Орынша күлімсіреп.

– Әлгі: "Елудегі әйелің, Қыз Жібек болып көрінер, күнде сүйін бетіңнен, Ол да саған әбігер", – деген жерін айтам.

– Әй, мынау қайда бұрып барады-ей! Сен менің кемпіріме тиіспе. Қалай десең де, "Барвихадағылармен" салыстырғанда Қыз Жібек екені рас, – деп Көкең де сылқ-сылқ күлді.

Екеуінің сондағы қосылып күлгені, бір-біріне сонша бір ыстық іңкәрмен аялап қарап, бірін-бірі жылы жанарымен аймалаған жарасты сәті тап қазіргідей көз алдымда.

***

1973 жылы "Социалистік Қазақстан" газетінің сол кездегі редакторы Ұзақ Бағаев қайтыс болғанда 52-жылдың түлектері түгел жиналып едік. Сонда Көкеннің қабыргасы қайысып тұрып айтқан мына сөздері есімде:

– Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин алпысқа да жетпей опат болғанда майдандас досы Бауыржан Момышұлы түтігіп, шылымын сорып-сорып жіберіп: "...и по нашим квадратам стали бить", – деп еді. Сөйтсем, біздің қатарымыз да кете бастады дегенді әскери тілмен айтқаны екен ғой, – деген.

Енді міне Көкеңнің сол айтқанын біз қайталап отырмыз. Әйтсе де әр өмірдің, әр тағдырдың, әр қазанның орны бөлек. Ғұламалардың айтуынша, атаның белінде, ананың құрсағында миллиард-миллиард перзенттің мүмкіндігі бар. Жарық дүниеге келген әрбір пенде сол миллиардтаған мүмкіндіктің ішінде Құдіреттің ықыласы нақ саған түсін, нақ саған жан бітіріп, нақ сені өмірге келтіріп, нақ сенің ғаламға ай мен күн, жер мен су, жан-жануар, тіршілік дегеннің бар екенін көріп өткенің үшін ғана мың мәрте риза болса керек-ті. Ал Көкең сынды Орыншадай жар сүйген, Нұртас пен Батырдай ұл өсірген, Нәргүлдей қыз өсірген, "алтын жимай, жолдас жиған", еліне, халқына көп-көп еңбек сіңірген, қазақ әдебиетінде, мәдениетінде елеулі із қалдырған азаматты мақтан тұтып, тағдырға рахмет айтса жарасар.

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ

ІСКЕРЛІК ТАБИҒАТЫНА ТӘН ЕДІ

Мен Кәкімжанмен қызмет бабында екі мәрте істес болдым. Бірінші жолы – Алматы облыстық "Жетісу" газетінің редакциясында, алпыс үшінші, алпыс төртінші жылдары. Бұл біздің республикада қазақ тіліндегі дербес басылымдар түгелге жақын жойылып, газет атаулының бәрі орыс тілінен аударып басылатын тәртіпке көшкен кез болатын.

"Жетісу" – "Семиречье". Осындай ортақ атпен екі тілде шығатын газеттің жалпы мазмұнында азғантай ғана "пайыз" айырмашылық бар, қалғандары аударма болуға тиіс. Материалдар қай тілде әзірленсе, көрші редактор соны екінші тілге аударып басады.

Алғашқы идея осылай болғанымен, іс жүзінде көбінесе мақалалар аға халық тілінде жазылады да қазақша аударма түрінде ғана жарық көреді.

Бұл сол кездегі қостақ басылымдардың барлығына тән қасірет еді. Бірақ астаналық облыстың журналистері өздерінше тіршілік жасап, осы шектеушіліктен шығып, әртүрлі амалдарын тауып жүрді. Сондағылары – өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін өлтірмеудің қамы.

Бұған, біріншіден, екі басылымды бірдей басқарып отырған білікті журналист, тәжірибелі редактор Әбдуәли Қарағұловтың білгір басшылығы себеп болса, екіншіден, қазақ редакциясының ұжымында қаламдары ұшқыр, сергек ойлы бірсыпыра журналистердің болғандығы да әсер тигізді.

Сонда осы ұжымды тікелей басқарып, редакция қызметкерлерін күн сайын шабытты шығармашылық қарекетке құлшындырып отырған редактордың орынбасары Кәкімжан Қазыбаев еді.

Менің бұған дейін бірсыпыра республикалық басылымдарда басшы лауазымдар атқарып, біраз жыл Орталық Комитеттің баспасөз секторында жауапты қызметте болған, сөйтіп, әжептәуір тәжірибе жинақтап келген жайым болатын. Сондықтан бұл ұжымдағы әрбір жаңалық нышан, тосын бір шығармашылық деп маған бірден сезілетін. Мен солардың әрбір көрінісіне шын көңілден тілектестік білдіріп жүрдім.

Әсіресе, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде өзіммен бірге оқыған Әукен Жайлаубеков, Қабес Әміренов, Тілеген Қайдаров сияқты жолдастарымның, журфакты кейінірек бітірген Махсұт Әубәкіров, Тұрсынбай Кәкімов, Қосжан Мүсірепов, Рәшид Рақымбеков, Арыстан Рүстемов сынды талант иелерінің айқын таныла бастаған өзіндік қолтаңбасына бүкіл ұжым болып сүйсінуші едік.

Ал Кәкімжан болса, әр тұстан жылт еткен осындай от ұшқындарын тамызықтай лаулатып, баршаның жан жылуына айналдырып отырар еді.

Мен онымен осыдан кейін он жыл өткенде, ҚазТАГ-тың қабырғасында екінші рет кездестім. Өзім одан сәл бұрынырақ директордың орынбасары болып барған едім, көп кешікпей Кәкімжан бірінші басшы лауазымына келді.

Бұл кездегі Қазыбаев маған жасырақ кездегі ұшқыр мінезді қағілездіктен байыпты байсалдыққа қарай ойысқан салмақты, әрбір сөзін ойлана сөйлейтін орнықты мінез қалыптастырған адам болып көрінді. Оның да жөні бар. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің аппаратында нұсқаушы, одан кейін баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетте төрағаның орынбасары дәрежесінде қызмет ете жүріп, басшылық өнерінің едәуір мектебінен өткені, сөйтіп бірсыпыра тәжірибе жинақтағаны бірден-ақ байқалып еді. Мұның өзі, сайып келгенде, жаңа жұмыстың ұңғыл-шұңғылына кібіртіктемей батыр кірісіп кетуіне мүмкіндік туғызып еді.

Менің байқауымша, басшы қызметкерлердің жаңа орынға келгендегі жұмыс нәтижесі екі жағдайда ерекше айқын көрінеді. Біреуі—егер мекеме жаңадан құрылып жатса. Екіншісі— сол жұмыс орнының жағдайы оған дейін тым құлдырап, әбден берекесі кетіп тұрған болса.

Мен ҚазТАГ-қа ауысқан кездегі бұл ұжымның халі жаңағы екінші жағдайды еске салғандай еді. Неге екені белгісіз, баспасөз саласында көп жылдар бойы жауапты лауазымдар атқарып келген, атағы бар журналист Қасым Шәріпов дәл осы кезеңде Орталық Комитеттің идеология саласын басқаратын басшылары алдында бағасы төменденкіреп, көңіл күйі де, жұмысқа ықыласы да пәстеу болып жүр екен.

Бірақ, жоғары жақтағылар қаншама ұнатпағандарымен, жасы келіп қалған танымал адамды анау-мынау себеппен орнынан қозғай алмайды. Және, ең бастысы, бұл кісі жөнінде мұндай шешімге бірінші басшының келісімі де бола қоймаса керек. Сонымен, екі жақта іштей тірескендерімен, сыртқы тыныштықты сақтап отырған сыңайлары бар. Күнделікті жұмысты насихат бөліміндегілер де, салалық хатшы да директорды орағытып өтіп, жедел тапсырманы оның орынбасарлары арқылы орындата береді.

Сөйтіп жүргенде Қасекең зейнеткер жасына жетіп, қызметінен босатылды да, орнына Кәкімжан тағайындалды. Бұл, сірә Орталық комитеттің идеологтарында ертеден ойластырылып қойған мәселе болуы керек. Бір күннің ішінде-ақ жедел шешілді.

Осы бір тұста бір ескерте кететін жайт — жетпісінші жылдардың бас кезінде ТАСС-тың жұмысын жақсартып, рөлін күшейту мақсатында одақтық үкіметтің қаулысы қабылданған болатын. Онда бұл мекеменің құрылымын өзгертіп, мәртебесін көтеру, сөйтіп оны одақтық-республикалық мемлекеттік комитет дәрежесіне теңестіру шаралары көзделген-ді. Бұдан былай Одақ көлемінде ресми ақпараттық қызметтің бір тұтас жүйесі құрылып, идеологиялық жұмыстың бұл маңызды саласы бірыңғай ТАСС-та, яғни жаңаша атауы бойынша КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Ақпарат агенттігінде шоғырландырылатын болған.

Осы қаулы негізінде 1972 жылы сәуір айында біздің республика үкіметі де ҚазТАГ-тың құрылымын өзгертіп, тиісінше ереже бекіткен, алдына аса күрделі міндеттер қойған. Сол міндеттерді жүзеге асыра алатындай маман кадрларымен нығайту шаралары да ойластырылған болуы керек. Бірақ, жоғарыда айтылған себептермен болар, қаулының жүзеге асырылуы едәуір кешеуілдеп, іс орнынан қозғалмай тұр екен.

Ал біз, директордың екі орынбасары, келесі, 1973 жылдың ортасынан ауған кезде ғана жұмысқа шақырылдық. Келесі жылы күзде бірінші басшымыз да өзгерілді.

Біз Көкімжанмен бұрыннан таныс-біліс болғандықтан, бірден шүйіркелесіп, тату қызмет істеп кеттік. Бірақ өзімізді мұндай жауапты да іске қаншалықты әзірміз деп санасақ та күнделікті атқарылар жұмыс шеңбері біз ойлағаннан әлдеқайда аумақты болып шықты. Бұл кезде жоғарыда аталған үкімет қаулысы толық көлемінде күшіне енген болатын. Мен бұл жерде қолдағы мүмкіндіктерді емес, жүктелетін міндеттер мен қойылатын талаптарды еске алып айтып отырмын.

Әрине, солардың ішінде ең бірінші орынға қойылатыны — біздің негізгі жұмысымыз, яғни республиканың күнделікті басылымдарына арнап ақпарат хабарларын жеткізіп тұру. Ал енді хабар дегеніңіздің өзі сан салаға бөлініп, тарам-тарам болып кететін шетсіз-шексіз дүние екен. Партия мен үкімет арналарынан ағылып келіп жататын ресми хабарлар өз алдына ғой. Олардың сыртында халық шаруашылығы мен мәдени құрылыстың неше түрлі буындарындағы жоспарлы тапсырмалардың орындалу барысы, социалистік жарыс пен озық тәжірибе, техникалық прогресс, өнертабыс пен технологиялық жетістіктер, тағысын тағылар. Қысқасы, республика өмірінің кез келген саласы мен буынында жылт еткен жаңалық пен жақсылық нышаны болса, соның бәрі ең алдымен Ақпарат агенттігінің назарына ілігуі керек те сол арқылы газет бетінде көрінуі тиіс.

Бұл өз алдына болсын. Енді одақтық-республикалық деген ұғымнан туындайтын ТАСС пен ҚазТАГ арасындағы бағыныпты байланыстың артар жүгіне келетін болсақ, бұл да ешқандай өлшем мен мөлшерге сыймайтын тынымсыз тырбаңыс түріндей тіршілік екен.

Өз жұмысының басты көрсеткішінде "Правда", "Известия" сияқты одақтық үлкен басылымдарға ыңғайластырып бағдар жасайтын ТАСС аппаратының ішкі құрылымы да соларға бейімделіп жасақталған. Яғни соларда қанша салалық бөлім, немесе қанша тақырыптық редакция болса, мұндай да ішкі бөлініс сол құралыптас болып келеді.

Демек, солардың әрқайсысы республикалық ақпарат агенттіктеріне ай сайын пәлен хабар бересің деген нормалы тапсырма белгілейді. Олардың қаншасы пайдаға асады, қаншасы жарық көреді, оны есепке алып жатқан ешкім жоқ.

Ал, бірақ сол норма, сол тапсырма орындалмаса, республикалық мекеме үшін үлкен мін. Пәлен айда пәлен хабар кем берілді, оның пәлені пәлендей бағамен өтті, пәлені жарамсыз болды деген сияқты көрсеткіштер күні ертең сайрап шыға келеді.

КазТАГ бұрын бұл жағынан да үлкен кемшілікте екен. Республиканың Одақ көлеміндегі үлес салмағынан керегар кейін қалып, ылғи көштің соңында жүретін болған.

Осындай күрделі міндеттер алдында тұрған агенттіктің материалдық базасы тіпті ауызға алуға келмейтіндей тым жұтаң екен. Мен осында қызметке келген бетте ең болмаса директордың астында дұрыс орындығы жоқ жүдеушілікті өз көзіммен көргенім бар. Ал ҚазТАГ-тың осы күнгі отырған үйінде сол кезде әр саладан келіп тоғысқан алты-жеті мекеме орналасқан кереметтей тығыздылық болатын. Солардың бәрі де агенттікке пәтерші болып отырып, оның үйіне көз алартатындары да байқалатын.

Қазыбаев директор болып келгенде, ҚазТАГ дегеніміз осы сияқты ірі-ірі проблемалардың шешімін оңайлықпен тапқызбайтын қиын бір түйін сияқты еді. Осы мәселелердің қайсысы қай кезде, қалай шешілді, оны дәл қазір санап шығу мүмкін де емес және қажет те болмас.

Егер тоқ етерін айтсақ, аз жылдың ішінде ҚазТАГ-тың ішкі өмірі де, сыртқы көрінісі де адам танымастай болып өзгерді. Ол шын мәнісінде республикадағы бүкіл ақпарат қызметін бір өзінде шоғырландырған іргелі идеологиялық мекемеге айналды. ТАСС-пен де қарым-қатынас түзеліп, өзгені былай қойғанда енді жыл сайын, тоқсан сайын жүлделі орыннан дәме қылатындай дәрежеге жетті. Өз тарихында тұңғыш рет ондай жүлдені жеңіп алған да кездері болды.

Міне, осы сияқты талай тындырымды істердің басы қасында үнемі директордың өзі жүрді. Ол өзін ұжым алдында әрбір науқанды істің шебер ұйымдастырушы ұйытқысы, берілген әрбір тапсырма үшін нақты орындаушыдан сұрап білетін талапшыл басшы, қарауындағы әрбір қызметкерге қажетінде қол ұшын бере алатын тәлімгер тәрбиеші ретінде көрсете білді.

Бір толасы жоқ осындай қауырт жұмыс үстіндегі біздің бірлескен қимылымыз бір күн емес, бір ай емес, табандатқан сегіз жылға созылыпты. Сол уақыттың ішінде талай айтулы оқиғаларды, небір жауапты науқандарды бастан өткіздік. Әсіресе, КПСС-пен Қазақстан Компартиясының кезекті съездері, КСРО мен Қазақ ССР-нің мерекелік атаулы күндері, Брежневтің Қазақстанға келіп-кетуі кезінде ҚазТАГ үлкен бір тораптық орталыққа айналатын.

Солардың ішінен 1981 жылы өткізілген ҚазТАГ-тың алпыс жылдығы мен ТАСС-тың одақтас республикалар агенттіктері басшыларымен Алматыда өткізген семинар кеңесі ерекше атап кетуге тұрарлық еді.

Осы тәрізді төтенше жауапты оқиғалар тұсында Көкімжан ерекше ширығып, бүкіл жан-тәнімен іске беріліп кетуші еді. Және өз бойынан ұшқындаған қайрат-жігерді өзгелерге де дарыта білетін. Міне осындай тағылымды қарекет үстінде оның өзі де ысылып өсті. Ақыры жеті-сегіз жылдың ішінде ол Республикадағы бүкіл идеология жұмысын басқара алатындай биікке көтеріліп, Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшылығына сайланды.

Бұл Көкімжанның бір өз басының жетістігі ғана емес, онымен қызметтес болған бүкіл ұжым мүшелеріне мерей, онымен қоғамдық қарекет майданына бірге келген замандас, қаламдас ұрпақ үшін үлкен мақтаныш мәртебе еді.

Мәселе мансапта ғана емес. Мәселе сонау мектеп партасынан, университет қабырғасынан бастап талап соңына түскен сан жігіттің белгілі бір мерзім ішінде ел ағасы деп атарлық абырой-беделге ие болғандығында, көпшілік сенімін ақтай аларлық ақыл-парасат иесі екенін таныта білгендігінде болатын.

Көкімжанның осындай іскерлігіне сай жеке басының адамгершілігі де мол еді. Оның сабырлы, байсалды, әруақытта бір қалпынан айнымайтын ұстамды мінезі, рухани тазалығы, жолдастарымен қарым-қатынастағы жұмсақ биязылығы, жан дүниесінің ішкі мәдениеті әркімде кездесе бермейтін сирек қасиеттері еді.

Сонымен қатар Кәкімжан Қазыбаев бұл кезде қаламы төселген, шығармашылық бет-әлпеті айқындалған, танымал журналист те еді. Ол ҚазТАГ-тың қарбалас жұмыстары арасында мүмкіндік тауып, маңызды тақырыптарға публицистік мақалалар, тартымды эссе, өчерктер жазып жүрді. Демалыс кездерінде сүйікті көркем шығармаларға да барлау жасап, бас-аяғы бүтін тартымды дүниелер беріп кеткені де кейін мәлім болды.

Республикамызға танымал жалынды журналист, тәжірибелі ұйымдастырушы, жақсы азамат, адал жолдас Кәкімжан Қазыбаев біздің бәрімізге осындай қасиеттерімен қымбат еді.

Шерхан МҰРТАЗА

БАУЫРЖАН, РАХЫМЖАН, КӘКІМЖАН

Бұл үшеуі үш тараптан. Ә, дегенде бәрі де "Жан" болғандықтан үшеуі ағайынды екен деп қаласың. Тіпті де олай емес. Үшеуі үш жақта туған.

Ал, өмірде үшеуі кіндіктес екені рас.

Ол былай.

1956 жылы Батыр Бауыржан армиядан босап, Алматыға келді. Қазіргі Қабанбай көшесі мен Фурманов көшесінің қиылысында, үш қабат үйдің екінші қабатында Бәукеңнің екі-ақ бөлмелі, құрқылтайдың ұясындай ғана пәтері бар. Бәйбішесі Жамал ханым "Лениншіл жас" ("Жас Алаш") газетінің редакциясында қызметкер.

"Лениншіл жастың", бас редакторы Абай Бейсенбаевтан басқа қызметкерлерде үй жоқ. Сонда жас журналистер Кәкімжан Қазыбаев, Саттар Бөлдекбаев, Хайдолла Тілемісов, т.б. осы үядай үйге келіп паналайды.

Бауыржан Момышұлы келген соң олардың саны көбейе түседі. Әлгілерге үй-жайы жоқ мен де келіп қосыламын. Бәріміз осы үйдің балаларындаймыз.

Шіркін, көңіл кең болса, үйдің тарлығы ештеңе емес екен ғой.

Сонда бәрімізден гөрі естиярлы, байсалды, әрі қаламы ұшқыр Кәкімжанға Бәукең мынандай талап айтады.

" Араларында Ұлы Отан соғысының нағыз батыры жүр. Ешқайсың көрмейсіңдер, сезбейсіңдер. Неғылған журналиссіңдер?! Журналист жұрт білмегенді ең алдымен білетін, соны көпшілікке алдымен жария ететін жаршылар емес пе? Есіңде болсын, қасқыр мен журналисті аяғы асырайды. Ал, сендер жүрмейсіңдер, көрмейсіңдер, кеңсеқұмарлар!

Ә, дегенде Кәкімжан Қазыбай баласы ішінен: "Бәукең өзін айтып отыр ма? Қай батырды айтып отыр?" – деп қалады.

Кісінің не ойлап отырғанын қандай бір қасиетімен біліп қоятын Бауыржан Кәкімжанға:

– " Жоқ! Сен ойлағандай емес. Менің атым әлдеқашан әлемге әйгілі. Мен Рақымжан Қошқарбаевты айтып отырмын. Рейхстагқа бірінші болып ту тіккендердің бірі сол! Тап соны! Жаз соны! – дейді.

Кәкімжан Қазыбай баласы батыр ағасының бұл тапсырмасын (бұйрығы десе де болады) мүлтіксіз орындады. Қошқарбаевты тапты. Ешкім білмейтін, қатардағы қарапайым жұмысшы болып жүрген Қошқарбаев.

Журналист өз геройын тапты. Бірақ геройдың өз айтқаны жеткіліксіз. Майдангерлердің ішінде де асыра сілтеп айтатындары болады. Енді Кәкімжан шындық материалдарын іздеудің қиын жолына түседі.

Нәтижесінде "Лениншіл жас" газетінде Рахымжан Қошқарбаев туралы очерк жарияланады.

Әне, сөйтіп туған халқы өз Батырымен табысады.

Бірақ Сталин мен партияның "сценарийі" бойынша Рейхстагқа тұңғыш ту тіккендер әлдеқашан белгілі болып, оларға Совет Одағының Батыры атағы баяғыда беріліп қойған. Біреуі орыс Егоров, екіншісі грузин Кантария. Солай болуға тиіс. Неге екенін іштің білсін.

Ал, сол екеуінен де бұрын, бас көтертпес сұрапыл, нөсерлеткен оқтың арасындағы ысырат көпірінен өтіп барып, Рейхстагқа ту тіккен қазақ Қошқарбаев пен Булатов есепке алынбайды. Өйткені олар "сценарийге" ілінбеген.

Кәкімжан Қазыбай баласы "алтын шыққан жерді белден қаз" деген қағидаға жүгініп, алғашқы очеркін тың деректермен, фактілермен толықтырып, Қошқарбаев туралы кітап та жазды.

Бірақ Мәскеу селт етпеді.

Бауыржан бастаған ел азаматтары ЦК-ға хат та жазды. Республика басшылары Мәскеуге жазды.

Мәскеу былқ етпеді.

Рейхстагқа ту тігілген Жеңіс күнінен бері елу төрт жыл өтті. Сонда барып, Президент Нұрсұлтан Назарбайдың Жарлығымен Рахымжан Қошқарбаевқа Халық Қаһарманы атағы берілді. Бұл да болса, Тәуелсіздіктің арқасы.

Әйтпесе Мәскеу көнбейді.

Қуанышқа қол жетті.

Бірақ бұл күнді Бауыржан да, Рақымжан да, Кәкімжан да көрмеді. Бұл жарлықты оқымады. Жарлық хабарын алыста,

сонау Талдықорғанның аржағында , Ақсу аулында, Мамания мектебінің алдында тұрғанда, бір кезде осы мектепте оқыған Кәкімжан Қазыбай баласына арналып мектеп қабырғасына ескерткіш тақта қағылып жатқан кезде естідік.

Ел болып, жұрт болып қуанышқа бөленді. Той үстіне той болды. " Бұл әйгілі мектептің қабырғасына не үшін Кәкімжанға тақта ашылып жатыр?" деген кейбір күдікшілерге аспан өзі аян берді. Қойшықарбаев атын алғаш рет алты алашқа танытқаны үшін, жалынды журналист болғаны үшін, журналистердің ұстазы болғаны үшін, кейіннен белгілі жазушы болғаны үшін, адамгершіл, азаматтығы биік болғаны үшін екеніне көпшіліктің көзі жетті.

Мамания мектебін бітірген белгілі қоғам қайраткері жалғыз Кәкімжан ғана емес, әрине.

Бұл мектепте Алаш көсемдерінің бірі Мұхамеджан Тынышбаев, үлкен ағартушы Біләл Сүлеев, ақиық ақын Ілияс Жансүгіров оқыған.

Сірә, олар тұрғанда Кәкімжан тақтасы жалғызсырамас. Жаңағы жайсаңдар мен жақсыларға арналған тақталармен қатар тұрса, тым жарасар. Басшы азаматтар мұны да ойласар.

Ал, Кәкімжан Қазыбайұлы олардың алдына түсіп кету себебі- әдеп сақтамағандықтан емес, дәл қазір оның туғанына жетпіс жыл болып тұр ғой.

Кәкімжан журналистік аса ауыр жұмыстардан, партиялық, мемлекеттік қызметтердан сәл мойны босаған шақта көркем шығармалар жазды. "Ызғар", "Сұрапыл", "Аманат", "Құпия құты", т.б. роман, повестері оны жазушылар қатарына қосты. Құлашы енді-енді кеңінен жайылып келе жатқан шақта оқыстан дүние салды.

Ертеде Сырымға бір би айтыпты дейді:

— Қарадан – хан,
Айырдан – нар,
Жоқтан – бар болдың.
Сыры неде? – деп.
Сонда Сырым батыр:
— Қарадан хан болсам,
Халқым қалаған шығар.
Айырдан нар болсам,
Атам жараған шығар.
Жоқтан бар болсам,
Тәңірім қараған шығар, –
деп жауап қайтарыпты.

Бақалы деген кішкентай ауылдан шыққан қара бала кейін ЦК-ның секретарлығына дейін өссе, өлермен еңбегімен, таудай талабымен, жайсаң мінезімен жұртқа ұнаған шығар.

Туған жерінде, қарапайым халық өз ұлының жетпіс жылдығын атап өткенде, Мамания мектебінің алдында тұрғанда маған осындай ойлар келді.

Қазақ халқынан шыққан ірі тұлғалардың бірі – Ұзақбай Құлымбетов еді. "Халық жауы" атанып, атылып кетті. Сол "халық жауы" деген қаһарлы сөзден сескенбей, шынайы махаббат сезіммен Көкімжан сол "халық жауының" қызы Орыншаға үйленеді. Әр азаматқа тағдыр осындай адал жар бұйыртсын. Орынша да осы Маманиядан түлеп ұшқан.

Мамания –шын махаббат мекені, Білім ордасы.

Маманияны жұрттың бәрі біле бермес. Әсіресе кейінгі буын. Бұл өлкеде Маман деген бай өткен екен. Осыдан жүз жыл бұрын сол бай мектеп салдырыпты. Қазақта байлар аз болмаған. Бірақ оларды қазір кім біледі? Өтті –кетті. Мыңғырған малды, байлықты о дүниеге бірге ала кеткен жоқ. Ешкім олардың басына алтыннан ескерткіш соққан жоқ.

Ал, Маман байдың аты қайта тірілді.

Бізде қазір байлар бар ма? Бар ғой. Бар болса, мектеп салдырғаны бар ма? Естімедім. Оқымадым.

Ендеше Маман байдың ісі соларға сабақ . Дүние өткінші. Бірақ Маман сияқты өлмеймін десең, жүдеу тартқан ауылға қол ұшыңды бер. Тозған мектебін жөндеуге көмектес. Анаң ғой. Өзің бай бола тұра, Анаңның көйлегі жамау-жамау жыртық болса, байлығыңмен батпаққа батып қаларсың.

Мамания мектебінің алдында Көкімжан Қазыбайұлына ескерткіш тақта қағылғанда осындай да ойлар шарпып өтті.

Софы Сматаев.

жазушы

КӨЗДЕН КЕТІП, КӨҢІЛДЕ ҚАЛҒАН

Заманына қарай адамы болады. Ал адам пендешілікке дейін құлдырай да алады, азамат атанып, шарықтай да алады. Замана толқынының жалына дер кезінде жабыса білген сол адамның замандастырының көз құртына айналып, сөз өтпес суық сурет боп, қол жетпес құдай боп, құдіреттеніп кететіні де, көзден тайған күні-ақ көңілден өшетіні де шындық. Енді бір адамның арасындағы елеусіз қарапайым қалпынан жылдар озған сайын ұлылық биігіне көтеріліп, халқының жүрегінен перзенттік, азаматтық орнын ойып алары да ақиқат. Осындай ұлттық тұлғаның бірегейі – Көкімжан аға Қазыбаев.

...Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне қызметке шақырылып, Мәдениет және ұйымдастыру бөлімдерінің меңгерушілері М.Шайжүнісов пен Қ.Сұлтановтың қабылдауларында болғанмын. Бір күні ертелетіп Мәдениет бөлімінің сектор меңгерушісі Сұлтан Оразалинов үйге телефон шалып: "Таксилетіп дереу жет!" – деген бойда-ақ Орталық Комитеттің биіктеу жерге орналасқан, сұрғылт суық сұсымен кеуденді басатын оқшау ғимаратының алдынан табылдым. Темекісін сорғылап, Сұлтан тосып тұр екен. "Қайда жүрсің?" – дегендей қабағын түйген қалпы мені лифтіге ала кіріп, алтыншы қабаттан бірақ шығарды.

Қабылдау бөлмесінде тұрмыз. Секретарша әйел хатшының тосып отырғанын айтты. Ішке қарай қадам бастық.

Жазушы Көкімжан Қазыбаевтың атын естігенмен, өзімен жүзбе-жүз кездеспеп едім. Орталық Комитеттің хатшысы деген айбарлы атағы еріктен тыс жүрек қобалжытатындай.

Көкең отырған орнынан қозғалмай:

– Ә-ә, Сұлтан! Е-е, кел... Сматаевты шақырдыңыз ба? – дей берді де, енді маған кәдімгідей қадалып қалды... – Сен... Сіз Сматаевсыз ба?

– Иә! Софы Сматаев деген осы жігіт – деп Сұлтан еркіндеу сөйлеп, ілгері озды.

Көкімжан аға шашын бір жағына жылтырата қайырған басын сәл-пәл изеді.

– Отырыңдар! – хатшы алдындағы жаюлы қағазға шұқшиды. Қайтадан иегін көтерді. – Ә, мен туған жылыңызға мән бермей... Байқамаппын.

Мен Көкеңнің нені байқамағанын аңғарған жоқпын. Әйтеуір өзімнің хатшыға онша ұнамағанымды сезгендеймін. Орталық комитеттегі қызметке ұмтылмасам да, идеологиялық хатшының алдынан маңдайым тасқа соғылып, тауым шағылып қайтар болсам, Жазушылар одағында гуілдеп ала жөнелер ертеңгі алып-қашпа сөздерден әлден-ақ жүрексіндім бе, мұрнымның үсті жіпсіп қоя берді.

Сұлтан да хатшының маған көңілі тола қоймады деп ойлады ма, тауарын мақтап өткізер саудагердей мені желпілдете жөнелді.

– Көке, бөлімде біз бұл жігітті біраз сынап көрдік. Орысша жазған мақалалары тәп-тәуір. Оның үстіне төрт-бес романы шыққан белгілі жазушы. Мәскеудің Болат институтын бітірген... мамандығы – инженер-металлург.

Көкең сәл жымиды.

– Онысы дұрыс екен. Сіз, Сұлтеке, бара беріңіз.

Сектор меңгерушісі шығып кеткен соң, Көкең алдындағы қағаздарын ысырып қойып, маған еңсеріле бұрылды. Көзіне

көзім түсіп еді, адамды елжірете өзіне тартатын әлде бір жылулық бар сияқты. Күні бойы құрысып отырған арқа-басым босап, кеңіп сала берді. Мен де күлімсіреген болуым керек.

– Софы... Софыжан!.. – даусынан да жылылық, жақындық есті. Денем дір ете қалды. Әлгі "Софыжаннан" жазушының жазушыға деген ағалық мейірімінің шарпуы толқындай тараған еді. Соны сездім бе, әлде мейірлендім бе... басымды қайта-қайта иедім.

– Софыжан, мен әлгінде... сізді ... сені бір жасы елуден асқан... шау тартқан адам шығар деп... Адам ойы кейде өзінше өрнек салады ғой. Ал сені көргенде, сол ойымнан шыға алмай "Елім-айды" жазған жазушыны өз көңілімде басқаша түрде елестетуші едім. Оқасы жоқ. Қайта маған қазіргі қалпың ұнап отыр.

– Рахмет, аға!

Хатшының алдынан қанаттанып шықтым. Көкеңнің адамды арқаландырып жіберетін мейірбандылығының мөлдір шуағына сол алғаш кезіккенде-ақ бөленген едім.

Орталық Комитетте төменгі дәрежелі қызметкердің өзінен бір мысқал жоғары басшыларына тікелей сатылап бағынатын – субординация деп аталатын жүйе қалыптасқан уақыт еді ғой. Бірақ сол кездегі сол субординацияны бұзған, сірә, Көкең екеуіміз болармыз. Алғашқы күндерде-ақ мені кабинетіне шақырып алып, менен қаламгерлердің өтініш-шағымын, тілек-талаптарын қарап, шешерде, кімнің кім екенін, қандай еңбегі барын, творчествосының деңгейі туралы өзіне объективті түрде таныстырып отыруымды өтінген болатын.

Басқа мықтылардай көмекші, хатшыларын жұмсамай, Көкең телефонды өзі шалып, сабырлы салмақты даусымен:

– Софыжан, сен мынаны айта қойшы... – немесе, – Софыжан, сен маған келіп кетші, – деп хабарласатын.

Тоқырау заманы дегенмен де ол кезде шығармашылық интеллигенция үшін Орталық Комитеттің маңызы өте зор болатын. Шынын айту керек, Орталық Комитет идеологиялық салада күнделікті әрі қатаң бақылауын, әрі социалистік реализм дейтін талабымен зиялы қауымға деген қамқорлығын үнемі жүзеге асырып отыратын. Бүгінгі көңілі қоңылтақ, жүрегі жаралы, жаны жалаңаш, тіршілігі үрейлі творчество адамдарының хал-күйін сол уақыттағы жағдаймен елестетудің өзі қиын болар еді. Ашып айтқанда, ол кезде шығармашылық һәм ғылыми ортаның кез келген мүшесіне қамқорлық жасаудың, құрмет білдірудің үлкен онегесін ұлы азамат Димаш аға Қонаевтың өзінен бастап, төңірегі түгел көрсететін еді десем, аузым қисайып кете қоймас. Ал Көкеңнің тірлігі

– қаламгерге аса түсіністікпен қараудың үлгісі болған еді. Әрине бес саусақ әр кезде де бірдей емес. Жазушылардың арасында үй мен күй де, атақ пен сыйлық та, шен мен шекпен де тек маған ғана бола берсін, тие берсін деп орынды-орынсыз маңырайтын тілемсектердің көп болатынын сол кезде білген едім. Әсіресе, жылына бір немесе екі кітап шығармаса, Орталық Комитет тарапынан жылына бір сый-сияпат көрмесе, көз жасын көлдетіп, жетіп келетін бір бикеш ақыннан бәріміз тегіс ығыр болғанда, Көкең жымиып қана: "Қайтесіңдер, қанына сіңген қасиеті солай шығар. Ер-азамат емессіңдер ме, ескере салсаңдар; елей қойсаңдар, түбінде өзі де бір түсінер", – дейтін. Бірақ ол ақын түсінбей кетіп еді. Әлі де сол пиғылда екенін кейінгі тірлігінен сеземін.

Соған қарамастан Республика өміріне байланысты қат-қабат жауапты жұмыс, саналуан мәжіліс пен жиналыс, конференция мен құрылтайлардан мұрнынан шаншылып жүрсе де, Орталық Комитетке өтініш білдірген кез келген жанға қолынан келгенше жәрдем беруді, арыз-мұңын қанағаттандыруды ең алдымен өздерінің азаматтық парызы санаған Димаш аға және Көкеңмен бірге істеген жылдарымды өмірімнің өнегелі сәттеріне балаймын.

"Қоғам жеке адамдардан құралады. Жеке адамдардың мүдделері қоғамдық мүддеге айналады. Сондықтан әр адамға, әр тілек білдірушіге индивид деп қараңдар. Өйткені индивидум ой-пікірімен, ұсыныс-кеңесімен бізге көп көмек береді. Олардан біз қажеттісін ала білуіміз керек. Ақыл-кеңестеріне құлақ қоя білуіміз қажет. Талап-тілектерін орындауға міндеттіміз", – деп отыратын Димекеңнің талабын Көкеңнің өзі де орындауға асығатын. Өзгелердің де орындауын қадағалаудан жалықпайтын.

Соған бірер мысал келтіре кетейін.

Бірде телефоным шыр ете қалды. Трубканы көтердім:

– Әй, менің Орталық Комитетім, таныдың ба? – дейді өктемсіген дауыс.

Сәл ыңғайсыздана абыржып отырып:

– Тоқа, сіз бе бұл? – дегенім.

– Иә! Таныдың. Ғабеңнің "Орталық Комитеті" кім болғанын білесің. Менікі – өзің. Басқаларда жұмысым жоқ. Менің ешкімге сызылмайтынымды ескер. Қалам ұстауға жағдай қалмай барады.

Тоқаш Бердияров ағаны пәтер жағы қинап жүргенін Жазушылар одағында кәсіподақ комитетінде болған кезімнен білетінмін. Жайсыз көршілер кездесіп, жағасы жайлау боп жүретін аққөйлек ақынды жұмырыққа жұмарлап, қыспақ ниетпен милицияға қайта-қайта сүйрелеп, әртүрлі

комиссияға әлденеше рет шақыртып, әбден есін шығартып біткен-ді. Соны қиялатып тұрғанын түсіндім.

— Тоқа, ұқтым. Ендігісін өзім хабарлаймын.

— Жөн, жолдас Софи! Сау бол.

Тоқаң трубкасын қоя салды.

Көкеңе қоңырау соқтым. Кіруге рұхсат сұрадым да алтыншы қабатқа көтерілдім.

Хатшы Тоқаш Бердияров ақынды жақсы біледі екен. Ақындығына, талантына сүйсінеді екен. Сондай-ақ Тоқаңның шалдуарлау мінезін, іншімдікпен қойындасып қалған кездерде қызулықпен Жазушылар одағының бастықтарынан бастап, олардан да жоғары лауазымды басшылардың жеті аталарын түгендеп беретін "мықтылығынан" да хабардар екен. Мен "ақындық мінезсіз болмайтынын, мінезді ақынның қос жүзді қанжардай қайрылып тұратынын, жаландаған алмастың оңға да, солға да сілтенетінін, сондайда әлдебір бейкүнә шынашақты тіліп кететінін, бірақ алғыр ақындықтың қиянатқа шыдамайтынын, екіжүзділік пен есерлікке, өтірік пен аярлыққа, әулекілік пен астамшылыққа үнемі қарсы шығатынын, төменде тұрып-ақ төбеде отырғандарды өткір тілмен төбесінен түйреп өтетінін" өз білгеніммше түсіндірген болдым.

Көкең жымиды.

— Мен Тоқаңның ақындығын білуші ем. Сен азаматтығын танытқан болдың. Онда екеуіміз бір әрекет жасайық. Құжаттарды дайындат.

Көп ұзамай Тоқаң – Тоқаш ақын Бердияров екі бөлмелі ыңғайлы пәтерге көшіп алды.

Орталық Комитеттегі қағазбастылық қатты қажытатын. Сондай қарбалас бір күндерде бөлімде Қазақстан шығармашылық одақтарының біріккен конференциясына дайындық жүргізіп, сабылып жатқанбыз. Шабарман қыз кіріп, мені төменде, есік аузында әлдекімнің тосып тұрғанын айтты.

Бардым. Бұрын кездеспесем де, Қайрат Байбосыновты бірден таныдым. Қарсы ұмтылған әншi қос алақанын ұсынды.

— Софи аға, сіз мені...

— Танимын, Қайратжан. Жай іздедің бе мені?

Қайрат ыңғайсыздана күмілжіңкіреп бастап, менің құптап бейіл бергенімді көрген соң, шешіліп сөйлеп кетті. Жасы отыздан асып кеткенін, өз қатарының іլтипатқа ілініп, атақ иеленіп, құрмет көріп жатқанын тағы басқа мұқтажын ақтарып жатыр.

Қатты қайран қалып тұрмын. Ұлы Біржанның көзіндей болып, ақиық Ақанның өзіндей болып бүкіл қазақты әсем даусымен, әншілік өнерімен тәнті еткен біртуар Қайраттың осы уаққа дейін құрметті атақ алмай, елеусіз келгеніне сенбейтін тәріздімін. Бірақ атақ бергіштердің қиянатынан түңілген әншімнің көз алдымдағы наразы түрі сендірмеске қоймады. Жаным күйзеліп кетті. Мені неге іздегенін ұқтым. Бар қолымнан келгені, арқасынан қақтым.

– Былай болсын, Қайрат! Сен үш-төрт күннің мөлшерінде менімен хабарлас, – деп сол бойда Кәкеңе көтерілдім.

Менің неге ренжіп келгенімді естігенде, хатшы аға да күреңітіп кетті.

– Әй, қандай өзімшілміз! Бітеу көңілдің саңылауы жоқ. Қайрат – әрине, халқының сүйікті әншісі. Жұрты, қазағы біледі оны. Ал өнерпазға лайықты атақ өз уағында берілгені дұрыс. Софыжан, тездетіп қағаздарын реттеңдер. Димекеңмен өзім сөйлесем.

Бір айдың ішінде Қайрат "Қазақстанға еңбек сіңірген әртіс" боп алғашқы атағын, содан кейін-ақ "жақсыдан шарапат" дегендей араға екі-үш жыл салып, "Қазақстанның халық әртісі" атанып, лайықты құрметке бөленген еді.

Кәкеңнің бойындағы тазалық, шынайылылық, адамгершілік қасиет қаламгерлік еңбегімен еселеніп өсіп, көбейіп жататынына қазір көзім анық жеткендей. Қай іске, қай мәселеге араласса да, соның тура, тез және әділ шешілуіне аса қатты көңіл бөлетін. Әсіресе ұлт мүддесін, ел мүддесін ілгері тартып, алға апаруда ұлтшылдық шектелудің уысында емес, ұлтжандылық кеңдіктің аясында туындаған ой-пікірлерін ортаға салатын. Жекеден топ тілегін, тобынан көп мақсатын асқақ қоя білген Кәкеңнің аса жауапты кезеңі, ерлікке пара-пар кесектігі Мәскеуге барған соңғы іссапарында анық байқалды.

Түкірігі жерге түспей, ісініп-қабынған М.Горбачев Кремльге келісімен-ақ Қазақстанға сұғын қадай бастаған еді. Әсіресе Димекеңді қырына ала келген-ді. Осындай қысталаң кезде Мәскеуге барып келген Кәкеңмен бір ғана сәтке кездескен ем, шаршаңқы жүзінен қажығандықтың емес, қажырлылық табын көргенмін.

– Софыжан, сенің кітабыңды неге "Елім-ай" деп атағаныңды кейінгі ұрпақ түсінеді әлі. "Елдік – бірлікте", – деп жүректеріне нұр тамшылатқаныңды сезінеді әлі. Тамшыдан – теңіз. Әрқайсымыз бір тамшыдан құйсақ қой... Ел... тұтас өз жерінде. Жері – елінде, – деп нықтап тоқтаған-ды.

Сол сапар – Көкең мен Димекеңнің қазақ халқы мен қазақ даласының тұтастығына үлкен еңбек, азаматтық ерлік, кесек қайраткерлік танытқан сапар болған еді. Еділ бойындағы бұрынғы автономиясын құруды сұрап, қатаң талап қойған КСРО-дағы неміс диаспорасының тілегін, Еділ өңірін қимаған қызыл Кремль қайтадан қазақтың ұлан-ғайыр кең даласының есебінен орындамақ болған ғой. Саяси бюро сол арами әрекетін жасырмастан Димекеңе қайта-қайта дігерлете телефон шалып, алып еменді қаншама шайқаса да иліктіре алмаған соң автономия құруға арналған комиссияға бір хатшыны тез жіберуін бұйырған. Мәскеуге жүрер алдында Димекең мен Көкең оңаша пікірлескен, екеуінің қандай түйінге келгенін жобалауға болады.

Ал Көкең Мәскеудегі сол комиссияда "Еділ бойындағы өңірді сұраған диаспораға тұтас қазақ даласын бөлшектетіп, автономия алып, беру ұлттар арасына алауыздық енгізуі мүмкін. Ол үшін халықтар келісімін анықтайтын республикалық референдум өткізу қажет. Мен мұны жеке өзім шеше алмаймын. Сондықтан келісім бере алмаймын", – деген қайсар өжеттік көрсеткен. " Ұлт келісімі керек", – деген үлкен тосқауыл қалап кеткен хатшыны Кремль аясын ба, іле-шала ертеңіне Көкең қызметінен босады. Бірақ Қазақ халқының сан ғасыр бойы қанын ағызып қорғап, терін сауылдатып жайнатқан кеңбайтақ жерін бөлшектеуден сақтап қалған болатын.

Күні кешегі: "Жерді сатамыз ба, сатпаймыз ба?" – деп шу көтерген ушқалақ, парықсыз "жаңа қазақтарға" Димекең мен Көкеннің перзенттік адалдығынан үйреніңдер дегің келіп тұрады.

Адамды азаматтық тұғырға көтерін, қайраткерлік биікке өсіретін тазалық пен адалдық қана.

Сарбас АҚТАЕВ

ҚОС БАТЫРДЫҢ БАУЫРЫ

Асылы, журналистикадан арнаулы білімі жоқ жас талапкердің тәлім алар, тәжірибе жинар мамандық мектебі газет-журналдың өзі болса керек. Орта мектептің қабырғасынан шыға-ақ қолға қалам алып, баспасөзге бет бұрып белсене кірісіп кеткен менің жазу өнерін газет өндірісінің тікелей өзінде игеруіме тура келді. Ондайда, әрине, өзегі нөрлі, өрнегі әртүрлі жақсы жариялымның әрқайсысы үлгі алып үйренер өнеге сияқты көрінеді. Көдімгі Иван Тургеневтің: "Тілді дәл Лермонтовтан артық игеріп, айшықты

қолданған жазушыны білмеймін, өз басым оның әр сөйлемін алып, мүше-мүшесімен тұлғасын ажыратып, сөз таптары бойынша талдай отырып, қалай жазуды үйренер едім", — дегеніндей, толғауы терең, талғамы кемел, ойы ұтымды, тілі түщымды әрбір мақаланы ой елегімен екшеп ежіктей оқып, оның авторын ұстаз тұтарың ақиқат. Осылайша өзін көрмей тұрып, сөзін оқып, сырттай ұстаз тұтқан қаламгерлерімнің бірі Көкімжан Қазыбаев еді.

Ұмытпасам, 1958 жылдың ақпаны-ау деймін. Жастардың сол кездегі сүйікті газеті қазіргі "Жас Алашта" Көкеннің Ұлы Отан соғысының қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев туралы тұтас бір бетті алып жатқан көлемді очеркі жарияланды. Оны облыстық газеттегі жас журналистер жапа-тармағай жарыса оқып шығып: "Очерк жазудың жақсы бір үлгісі осындай-ақ болар", — деген ортақ байламға келдік. Тілінің тартымды, ойының орамды екені, кіріспесіндегі ерлік туралы тебіреніске толы толғауы өз алдына, бәрінен бұрын оның танымдық мәні тереңіне тарта түсті. Автордың бұрынғы басылымдардың дерек- құжаттарымен тапжылтпай дәлелдей отырып, Рейхстагқа тұңғыш ту тіккен қазақ жігіт деп жар салуы қайран қалдырды. Бұрын жау ордасының төбесінде жеңіс жалауын желбіреткен Егоров пен Кантария деп миымызға мықтап шегеленіп қалған біз үшін бұл жаңалықтың ең үлкені болды. Ол қалыптасып қалған пікірге қарсы уәж айтып, өзіндік ойын ортаға салудың кереметтей қиын кезеңі еді ғой. Тырнақ астынан кір іздеп, қайшы пікір білдіріп,қалғанның бәрін дұшпан санап тарпа бас салатын заманда бұлайша ой айту батылдық қана емес, батырлық та еді. Сол күннен бастап-ақ журналистік жалынында, қаламының қарымына тәнті болып, іштей ұстаз тұтқан аяулы азаматпен алғаш астаналық облыстың "Жетісу" газетінің шаңырағында жүз көрістік.

Еліміздің кезіндегі белді де беделді басылымы — "Ара-Шмель" журналында фельетоншы қызметін атқарып жүргенмін. Бір күні журналдың жауапты хатшысы, қаламдас қамқор ағалардың бірі Өміржан Оспанов шақырып алып:

— Сарбас, саған "Жетісу" газетінің редакторы Әбдуәли Қарағұлов ағаң "келіп кетсінші" деп шақырып, телефон шалды, — деді. — Қазіргі қазақ журналистикасының білікті де білімді ақсақалы ғой, меселін қайтармай, барып қайт. Бірақ байқа, мінезі кідірлеу кісі, алдында аңдап сөйле.

Үлкен сөзін екі етпейтін елгезек мінезімізге басып айтқан мерзімінде жетіп-ақ бардым. Бұрын бірер мәрте көрсем де онша көз тоқтатпаппын, ұзын бойлы, бурыл шашты, қыр

мұрындылау, ат жақты аққұба, қағілез егде кісі еппілдей орнынан тұрып, қол ұсынды. Сәлемдесу мәнері, мұнтаздай қылып киім киісі, сүйріктей саусақтары ертеде оқыған ақсүйек ағаларымызды еске салғандай. Алдындағы сопақша столдың басынан орын ұсынып, отыр дегендей ишарат жасады да, орындығына қайта жайғасып, телефонның тұтқасын көтерді.

– Кәкімжан, келіп кетші, шақыртқан жігітіміз осында отыр.

Әудем болмай есіктен әдемі жымиып орта бойлы, қараторы, жұқа шашын жылтырата тарап, оң жағына қайырып тастаған кең маңдайлы толықша жігіт кірді.

– Ә, Сарбас келіп қалдың ба?! Бұрында бір көрген тәріздімін, редакцияға келіп тұрушы ма едің? – деп ежелгі таныстай іш тарта амандасты.

Ұзамай сыпайы жүз көрістіктің де сыры айқындалып, мән-жайы белгілі болды. Бұрнағы жылы жыр-жинағым шыққанын, орысша, қазақша фельетондарым журналдың әр нөмірінде жарияланып жүргенін, радиодан алуан тақырыптағы очерктерім беріліп тұратынын екеуі де біліп отыр. Отбасымның, ата-анамның, бала-шағамның жағдайын сұрап болған соң бүлкектетпей әңгіменің төтесіне көшті. Әбекең:

– "Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма", – деген ғой аталарымыз. Айына бір шығатын журнал жас жігітке қол емес деңім келіп отыр. Жалықтырып, жалқауландырып жіберуі ықтимал. Жас кезінде жігер-жалыныңды газетке жұмсап, дарыныңды соның көрігіне шыңдағаның жөн ғой. Келуге ықыласың болса, бізден орын табылады. Жалпы, қай тақырыпқа көбірек қалам тартушы едің, қай салаға бейімің басымырақ?

Газетте тікелей қызмет атқаратын қаламгер үшін тақырыптардың арасында "қытай қабырғасы" жоқтығын, мәдениет мәселесімен ғана шектеліп қоймай, еңбек адамдары жайында біраз очерк, суреттемелер жазғанымды, адамгершілік тақырыбына жиірек қалам тербеп, ондай мақалаларымның кейбіреуі оқырмандардан үндестік тауып, талқыға түскенін айта келіп:

– Адам тәрбиесі негізінен насихаттың жұмысы ғой. Жақында бір бас қосуда белгілі ақын Ғафу Қайырбековтің бір айтқаны есімнен кетпейді: "Қайтыс болған бір жігіттің қырқында атасы: "Шіркін-ай, тірі жүрсе, коммунизмнің керемет құрылысшысы болатын еді", – деп тұр. Біздің насихатымыздың өлік болғаны осы емес пе?" деп еді. Насихат дегеніміз сықасқан саясат, таптаурын теория деген ұғымнан арыла алмай жүргендерге осыдан артық не соққы керек, – дегенімде Кәкең: "Апыр-ай, қатты айтқан екен", – деп жымиды да, Әбекең мырс етіп күліп жіберді.

— О, нағыз насихаттың адамы өзің болып шықтың ғой, — деп қалды Көкімжан. — Бізге дәл қазір насихат жағын жүргізетін адам керек.

— Журналды қайтесің, жұмысын біраз көрдің ғой, бізге келсейші. Жағдайымыз жаман болмайды. Баспасөз қызметкерлеріне көңіл бөлінетін түрі бар. Буны бірдеңені білгеннен кейін айтып отырмын, — деді Әбекең.

Сөйтіп, не керек, 1965 жылдың басында айналасы бір айдың ішінде астаналық облыс газетіне редактордың насихат жөніндегі орынбасары боп шыға келдім. Бір жарым жылдай журналда арқаны кеңге салып, бұрандаларды босатып алған басым үшы-қиыры жоқ күнделікті газет жұмысын да күмп беріп сүңгідім де кеттім. Сол жылы мерейтойлар мен мерекелер мұншалық көп болар ма! Оның үстіне Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 20 жылдығы және тұр. Осылардың бәріне алдын-ала әзірлік жасап, тақырыпты ашудың жаңа жолын тауып, бұрын байқалмаған тың қырларын көрсету керек.

Жетісу жалпы облыстық газет болғанымен республикалық басты басылымдардың өкпесін басып, өкпесін қысып, құйрық тістесе отыратын өзіндік дәстүрі бар, ізденіске бай, айтулы материалдарды айшықтап беруге шебер, мазмұнына макеті сай үнпарақ. Сондықтан оған аға газеттердің өзі үзеңгі қағыстырып қалар ма екен деп ышқынған жүйріктей жалтақтап қарайды. Демек бұның шыққан тауын барынша биіктетіп, туын асқақтата түсу керек. Бұл үшін бір бастан, оның шығармашылық ұжымымен ортақ тіл табысып, әрбір қалам еңбеккерінің шабытына тамызық тастап, тың өрістерге құлшынту шарт. Ұжымымыз жас жағынан әркелкі: үштен бірі шау тартып, алпысқа иек артып қалғандар, жас толқын дегенде өзімнен бірі үлкен, бірі кіші сол жерде-ақ көзге түсіп, көрнекі болып қалған ақындар Әділбек Абайділданов пен Бекен Әбдіразақов, бүгінгі белгілі жазушы Дүкенбай Досжанов, қаламының қуатын сонда-ақ көрсетіп үлгерген қабілетті журналистер Арыстан Рүстемов пен Рәшит Рақымбеков бар. Өзгелер қырықтың ар жақ, бер жағындағы жалаң қылыш жорға қаламгерлер. Үш толқынның үлкені ұстағанына мығым мықшегелер болса, келесісі тәжірибе жиып, төселіп алғандар, ал кенжесі кілең сен тұр мен атайын, арқадан қақ та жұмсай бер. Ал газеттің насихат пен партия тұрмысы, әдебиет пен мәдениет мәселелеріне жетекшілік жасайтын мен болсам, солардың барлығына тең болып, бірдей қарауым, бөлімдерді бір-бірінен бөле жармай ортақ іске жұмылдыруға атсалысуым қажет.

Келген күннің ертеңіне Көкең оңаша алып отырып, қаламдастардың бәріне жеке-жеке өз көзқарасын білдіріп, қайсысының қолынан не келіп, не қоярын, қандай қабілет қырын аша түскен абзал боларын бақайшақтап тұрып айтқан-ды. Әсіресе ақын-жазушылар жағына абай болуды, олар тізгінін жіберіп-тартып отыруды талап ететін тұлпар мінездес жандар екенін, дұрыс бағдар беріп, ұқыпты ұстаса газетке қыруар пайда келтіретінін ескерткен. Сол күннен бастап үлкен-кіші демей-ақ қай мәселені болсын қарауымдағылармен кеңінен кеңесе отырып шешу, ортаға түскен ойлардан ортақ пікір түйіп, алда атқарар жұмысты жоспарлау мен үшін заңға айналды. Көптің пікірі көл ғой қашанда, бұл тәсіл өз нәтижесін бермей қалған жоқ. Ұлы жеңістің 20 жылдығын жазуға газет өзгелерге ұқсамай өзінше келіп, үш бағытта көрсетті.

Бір бастан Мәскеуді жасанған жаудың тырнағынан аман алып қалған атақты Панфилов дивизиясының Қазақстанда, тап осы Алматының түбінде жасақталғаны белгілі. Халқымыздың қайыспас қаһармандық рухын айдай әлемге танытқан 28-панфиловшы батырлардың барлығы дерлік астаналық облыстың (ол тұста Талдықорған бөлек облыс болмайтын) түлектері. Жиырма жылдан астам уақыттың ішінде ол батырлардың біразы ел есінен шығып та кетіпті. Сол ерлердің қасиетті есімін тірілтіп, халықтың есіне қайта салу үшін алдымен олар жайында бір-бір очерк беріп, суреттерін түгел жариялап шықтық. Ер етікпен қан кешіп, каскасымен су ішкен сол алапат қырғында айрықша ерлік көрсеткен алматылық қаһармандар өз алдына бір желі тартты. Онымен де қанағаттанбай "Правданың" баспасөз бюросынан түсіп тұратын Георгий Жуков бастаған даңқты қолбасшылардың қаһарлы күндер хақындағы естеліктерін жүйелеп аударып және беріп тұрдық. "Социалистік Қазақстанның"редакторы Кеңес Үсебаевтың: "АПН мен Пресс-Бюроның мазмұнды мақалаларын өз газетімнен көрмей, қашанғы тек "Жетісудан" ғана оқуым керек"? – деп жігіттеріне ескертпе жасайтыны сол тұс. Газетке қайтып оралған сол бір алас-күлес қауырт күндер менің де күні бүгінге дейін қалмай келе жатқан машинисткаға айтып отырып (диктовка), аудару дағдымның қалыптасқан кезеңі еді.

Сондай күндердің бірінде Көкең жарқылдай күліп:

– Жігіттер, жеңіс күнінің жоспарын жасап жатырсыңдар ма? Менің Рақымжанымды ұмытып кетіп жүрмеңдер, – деп қолыма бір жапырақ қағазды ұстата бергені бар. Бақсақ

Р. Қошқарбаевқа сонау Германияның өзінен келген хат екен. Бір кәсіпорынның өндіріс бригадасының ұжымы жазыпты. "Қымбатты Қошқарбаев! Біз сізді шын жүректен құттықтаймыз. Теңдесі жоқ ерлік көрсеткен қаһармандардың ішіндегі қас батырысыз. Гитлершіл фашизмге өлтіре соққы беріп, неміс халқын тарихтың түңғиығынан суырып алған ерлердің бірісіз. Сіздің қаһармандығыңыз Германияны көркейту ісінде бізге өнеге", — дей келіп, ұжым мүшелері бригадасын оның есімімен атау жөнінде батырдың ризашылығын сұрапты.

— Көрдің бе, өзіміз елемей жүрген ерлерді өзге жұрт қалай әспеттейтінін! Біз болсақ, оған Батыр атағын қойып, қонақ үй директорлығын да қимай жүрміз. Дегенмен, немістердің мынасы керемет құрмет. Осындай абзал адамдармен, айтулы қаһармандармен бір кезде өмір сүрген біз қандай бақыттымыз! Ал еңбегі мен ерлігін жазып, олармен сырлас, сыйлас болып кететін журналистерден жұлдызды жан, сірә, жоқ шығар, — деп хат дәл өз атына келгендей арқа-жарқа болған Кәкеннің қуанышы қойнына сияр емес. Оның себебі де бар сияқты.

Сол көктемде ол Рақымжан жайындағы деректі повесін төмөмдап, талқылаудан жақсы баға алып, баспаға тапсырған. "Ұлы Отан соғысының қаһармандары" атты ортақ айдармен "Рақымжан Қошқарбаев" деп аталатын кітапшасы әне-міне жарық көргелі жатыр. Оны айналасы бір аптаның ішінде жазып, тапсыруға тура келді. Сонда айтқаны әлі есімде:

— Көлемді повесть жазудан гөрі осы шағын кітапшаны жазу әлдеқайда қиын болды. Ең алдымен повесть айтылған ойлар мен баяндалған оқиғаны қайталау ыңғайсыз көрінеді. Ол түрсын, баяғы очерктің өзін өңдеп ұсынуға ар-ұятым жібермеді. Сондықтан тың деректер жинап, Рахаңның көңіл қалтарысында да қалып қойған естелік оқиғаларын қайта ақтаруға тура келді. Кітапша болса да бөлек шығарма аты бар, басқаға ұқсамауы керек қой.

Ал бұл ең алдымен адамның ар алдындағы адалдығы, екіншіден — қаламгердің өр туындысына деген талапшылдығы, үшіншіден — көңілдің қылаусыз пәк тазалығы еді. Ондай адам басшы болса, басқаның қаламын құрметпен қарап, жазғанына жанашыр болып, қамқорлық көрсетіп отырары-ақ. Кәкеннің сондай қасиетіне қызметтес болғаннан-ақ тәнті боп, қамқорлық көмегін көп көрдім.

Жап-жас жігіттің жаңа ұжымға келуі және анау-мынау емес басшы қызметке келуі қашанда үлкен сын ғой. Бұрын бауыр басып қалған қызметкерлердей емес, оның басқан ізі санаулы, атқарған ісі сынаулы. Артық айтса да, жаңсақ жазса

да басқалардай емес бадырайып көрініп тұрады. Алайда "шегірткеден қорыққан егін екпестің" кебін киіп, қадам баспай, қалам тартпай отыра аласың ба? Жеңіс тойына таяған сайын ерлік тәрбиесін күшейту жөнінде "Ер есімі – ел есінде" деген бас мақала жаздым. Жаттандылыққа жүрегім жатпайтын әдетіме басып, оны 28-панфиловшының Дубосеково түбіндегі теңдесі жоқ ерлігінің бір сәтін суреттеуден бастап, халқымыздың қаһармандық дәстүрлері туралы ой толғап, өлім мен өмір белдескен сол бір алмағайып сын сағатта Отан үшін от кешкен боздақтардың ісі бүгінгі ұрпаққа өшпес өнеге екенін баса айтып, жастарды солардың отаншылдығы рухында тәрбиелеу жөнінде партия ұйымдарының алдында біршама міндеттер қойғанмын. Әдеттегідей түр-тұлғасы, жазылу мәнері өзгешерек болғанымен бас мақалаға қойылар талапты толық-ақ орындап тұр. Әйткенмен шын бағасын лездеме бермек қой.

Мен келгелі ауыл шаруашылығы бөліміндегі бір қария қыр соңымнан қалмай қойды. Білмеймін, әлде біреу қолтығына су бүркіп шаптап қоя ма, әлде өзінің білгені сол ма, менің қолымнан шыққан материалдарды сынағыш-ақ. Қорытқан хабарлары мен мақалаларына енгізген түзету мен айтқан пікірлеріме келіспей, дауласып, редактордың алдынан талай рет қолдау таппай қайтқан. Кезекті лездемеде жерден жеті қоян тапқандай сол кісінің құдайы беріп қалды. "Біріншіден бұл мақаланы далитып үш бағанға беру артық, екіншіден, публицистикалық сарында жазамын деп бас мақаланы очеркке айналдырып жіберу партиялық газеттің принципіне жатпайды. Бұнымен біз екі бірдей өнтектік жіберіп отырмыз", – деп қарап тұр. Жастар жағы қызбалақтап, Арыстан мен Рәшит мұрындары тершi тұрып қарияға қарсы шығып, мақаланың бүгінгі таңның талабына сай жаңаша жазылғаны жайындағы өз пікірлерін ортаға салды. Жиналыстың соңына қарай сөз алған Көкең:

– Партияны өз ойын айқын айтып, айшықтап жеткізе алмайтын сақау, жаңалыққа жаны қас кертартпа етіп көрсетуді қашан қоямыз? Қайта жұмысты жаңаша істеп, тұрмысты жаңғырт деп жаңалыққа үндеп жатқан партияның өзі емес пе? Ал біз болсақ, бәрін өз өремізбен өлшеп, саптаяқтың сабына шығып, қарауыл қарағымыз келеді, – деп сөзін бастады да:

– Меніңше бұл мақала публицистикалық сарында жаңаша жылы әрі мазмұнды жазылған дүние. Жаңа болса етік екеш етік те аяқты қысады. Сол сияқты жаңашылдық әлі біразымыздың санамызды сығып, сіңбей жүргенге ұқсайды.

Зерделеп оқысаңыздар, орталық газеттердің көбі бас мақаланы бастан-аяқ публицистика етіп жазуға ойысып барады. Бұл оның біздегі алғашқы қарлығашы, – деп түйді ойын. Қорытынды сөзінде сол пікірді редактор да қуаттап, айғайгөк сыншының аузына құм құйылды.

Жаңа ұжымға келуін келгенмен, кірігіп кете алмай жүрген жас қаламгерге осыдан асқан қолдау болар ма. Өнерге қанат, өмірге қуат берген, қаламын қанаттандырар, талабын шарықтатар қамқорлық осы ғой.

Сол жазда Талдықорған аймағына арнаулы іссапармен барып, бір шаруашылықта кеңшар басшысы бастаған он маманның өндірістен қол үзбей ғылыми жұмыспен шұғылданып жүргенін естіп, атбасын әдейі бұрып барып, біраз жігіттермен кеңесіп, "Бір совхозда он ғалым" деген очерк жазып қайттым. Оны шаруашылықтың саяси жетекшісі Асылғали атты азаматпен хат арқылы сырласу сарынында жаздым. Оқып шығып, ұнатты-ау деймін:

– Міне, мұндай материалды көрнекті етіп, көрсетіп беру керек, – деп Көкең алдындағы жол өлшегіш жалтырақ сызғышын ала салып, табан аузында макетін жасай бастады. Жастар газетінде жауапты хатшы болған дағдысымен, жақсы материал көрсе, қайткенде де көрсетіп беруге тырысып, кейде макетін өзі сызып жіберетін кезі жиі ұшырасатын. Бірінші бетке кеңшар директоры, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Федор Кулинцовтің бешпентін бір иығына бос тастап, жайқалған егіннің ортасында тұрған суретін үлкен ғып беріп, жанына өзі сол түні "Адам еңбегімен ардақты" деген бас мақала жазып әкеп, менің очеркімді безендіріп, үшіншіге тұтас бір бет етіп салды. Келесі жылы газетіміз Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысқанда Баспасөз павильонында қойылатын альбомға сол беттің суретін және берді.

Осындай ілтипатының өзі-ақ ізденбесіңе, жаңаша жазбасыңа қоймайтын. Кейде ол оқыған газеттерінен өзіне ұнап қиып алған материалдарын қолыңа ұстата беріп: "Оқып көрші, ой саларлық пікірлері бар", – дейтін. Өзі сол тұстағы баспасөздің шамшырағы сынды "Известияны", әсіресе "Сельская жизньді" бастан-аяқ оқып: "Талдауы, талғамы терең етіп жаңаша жазамын десең, үлгі іздеп алыс қа барудың қажеті жоқ, орталық газеттерді үзбей оқып, үрдісін ұстана білсең жетіп жатыр", – деп отыратын. Қаламдастарының үзбей ізденіп, өмірімен үзеңгілес отыруын қалайтынын аңғартушы еді.

– Күнделікті газеттің күйбеңімен бет қарап, басқалардың жазғанын өңдеп отыра берсек, екеуіміз де отырып қалмаймыз

ба? – деді бірде. – Кешегі өткеніміз бен келелі өркенімізді салыстыру үшін ара-тұра архив мекемесінің де есігін қағу керек-ау, сірә. Тәуекел деп шығып кетпесең, түртпектеген тіршілік адым аштырмайды.

Тұспалдап отырған ойының төркінін түсіне қалдым. Кәдімгі ұшуға баулыған түлегі босаңсығанын байқаса қанатының астынан аялай қағып, демеп жіберетін ұя басар бүркіттің қимылы сияқты қарекет.Ертеңіне орталық кітапхананың сирек басылымдар қорына барып, көне газет-журналдарды парақтадым. Тағы бір күні Партия тарихы институтының архивін ақтардым. Сөйтіп, біраз архившіл болып жүрдім. Бақсам көне басылым – көзді бастау да архив құжаты – асыл қазына екен. Ақтарған сайын көкірегің ашылып, оқыған сайын ойың байиды, тың тақырыптар табасың.

Елдің 50 жылдығына орай арнайы ұйымдастырған бір шаруашылық коммунистерінің ашық хаты үндестік таба қойған жоқ. "Ерлікке толы елу жыл" деген айдармен беріліп жатқан дүниелер жаттандылау. Тыңнан не табу керек деген сұраққа келгенде архивтағы құжатарының қаймағы қозғалмай жатқан 16-жыл еске түсті. Елдің туған күні Қазан төңкерісінен алынса, қазақ даласындағы 16-шы жылғы ұлт-азаттық қозғалысы соның алғашқы дабылы емес пе? Ол ұлт-азаттық көтерілісі Жетісу жерінде де кең өрістеген. Ендеше сол көтеріліс ошақтарын елу жылдықтың алдына неге бір-бір сүзіп өтпеске!? Осы пікірімді ортаға салғанда бірінші болып қолдаған Көкең еді. "Жетісудағы жалынды жылдар ізімен" деген айдармен берілген очерктер, міне, дүниеге осылай келген-ді.

Енді бірде ескі басылымдарды іздеп, Алматыда Кеңес өкіметі орнаған күннің ертеңіне шыққан "Заря свободы" газетін қарап отырсам, өр бетінде араб әрпімен басылған материалдар бар. Бақсам газеттің 16-шы жылдың батыры Тоқаш Бокин басқарған қазақ бөлімі болыпты. Бөлім басшы ұйымдардың қаулы-қарарларын және аса қажет материалдарды аударып, араб әрпімен орыс газетіне қазақша беріп тұрған екен. Ал сол он сегізінші жылдың 21 маусымында жарық көрген "Жетісу ішкі халық мұхбыры" аралас қазақ, татар, ұйғыр тілдерінде шығып тұрыпты. Алты айдан соң ол "Көмек" атанып, 20-жылдары "Ұшқын", "Кедей еркі", "Тілші" деген атпен шығыпты. "Огни Алатаудың" өз бастауын сол "Заря свободы" газеті шыққан күннен алғалы жатқанын естіп, осы жағдайларды айтқанымда Әбекең де, Көкең де қатты қуанды. "Жақсылық жасасаң бүтін болсын, бастаған ісіңді жеріне өзің жеткізіп, Партия

тарихы институтының анықтамасын алып кел. Газеттің шыққан күнін өзгерту үшін ауадай қажеті сол, біз "Заряға" жабыспай, "Мұхбырдан-ақ бастайық"", – десті.

Анықтаманың нұсқасын алдын ала өзірлеп алып, институт директоры Серікбай Бейсенбаевқа барғанымда ол екі газеттің де тігіндісін алғызып, кейбір мақалаларын оқып көріп: "Маған және бір дерек көзін тауып бардің-ау, рахмет!" – деп қолымды қысқаны күні бүгінгідей көз алдымда. Алматы облыстық "Жетісу" газетінің бастап шыққан күні міне осылай анықталып еді. Оған да үйытқы болғандардың бірі – Көкен. Көп ұзамай келер жылы осы газеттің 50 жылдығын атап өтуге әзірлік жұмыстарын дүрілдетіп ала жөнелдік.

Ал Көкең газеттің елу жылдығына дәл жарты ай қалғанда 1968 жылдың маусымында Қазақстан КП Орталық Комитетіне нұсқаушы болып кетті. Үш жарым жылдай ағалы-інілідей сыйласып, әй-шәй деспей бір тілекте білек қосып, қызмет еткен аяулы азаматтың өсіп кеткеніне бір жағынан қуансам, бір жағынан сыңарынан айрылған қоңыр қаздай көңілім қоңылтақсып қалды. Екі орынбасары тертені тең тартып, бірауызды тату болса, басшының жұмысы жеңіл боларын іс жүзінде дәлелдеп, газеттің мерейін бірге өсіріскен өрелі қаламгерлердің, ақылшы ағаның орны мен үшін үңірейіп, біразға дейін бос тұрды.

"Өз орнында отыр", – деп әсіресе журналистердің жазудан басқа қырын көрсетпей, қабілетін тұмшалап, қанатын жайғызбаған түс еді ғой ол. Екі-ақ басылымда белгілі бір орында табаны күректей жиырма жыл отырған Көкеңнің газеттен кетісімен-ақ жұлдызы жарқырап шыға келді. Араға санаулы-ақ жылдар салып, Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары, ҚазТАГ-тың бас директоры болып, ақыры, Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшылығына дейін көтерілді. Бағы жанып, қызмет баспалдағы қанша биіктегенімен, атақ-дәрежесі, лауазым деңгейі қанша өскенімен ол бұрынғы достарынан, байырғы қаламдастарынан байланысын бір сәт үзген емес. Қашанда қайда болсын қолұшын беріп, қамқорлық көрсетіп отырды. Кішіпейіл кісілік келбеті өзгермей, қаз-қалпында қалды. Алды кең, ақылы кең басшы болды.

Қазіргі "Егемен Қазақстанда" редактордың бірінші орынбасары кезім. Әлде түні бойы бет қарап, жарыққа шығар нұсқаға таң алдында қол қойып кешіктім бе, әлде басқа бір жұмыспен жүріп қалдым ба, әйтеуір редакцияға түске таман келсем, редакторым шыж-быжы шығып, мені іздеп жатыр.

– О, не, аманшылық па? Жайша іздеп жатырсыздар ма?

– Ойбай-ау, сағат 10-нан бері әлсін-әлі телефон соғып Орталық комитеттің хатшысы іздетіп жатқан жоқ па?! Телефондарыңды алып тастағансыңдар ма, бағанадан бері бұрап ала алмай, дымым құрып отыр едім.

– Оқасы жоқ, іздесе барамыз, – деп сыр бермеген болғаныммен, іштей қатты қобалжып, түсте тура Орталық комитеттің өзіне тарттым.

– Сарбас-ау, Орталық комитеттің хатшысы іздеткенде жарты күн таптырмаған сен басқаларға тіпті қараңды да көрсетпей кетесің ғой, шамасы, – деп жарқылдай күліп, орнынан тұрып келіп Көкең қолдасып амандасты. Іштей үрейленіп барған мен де жайлылып сала бердім. Басқа бір хатшы осылай іздетіп сарсылтсаң күнімнің не болары о тұста белгілі ғой.

Басшылық баспалдағымен қызмет бабында өсу жылдары Көкеңнің шығармашылық шабытының да қанаттану кезеңі болды. Басқа біреу болса, бақ пен таққа тоқмейілсіп, билік буына мастанып, қалам қабілетін әлсіретіп алар еді. Ал Көкең қайта журналистикадан жазушылыққа қадам басып, бар құбылысты суреткерлік електен өткізіп, көркем бейнемен беруге көшті. Нұсқаушы болып жүрген кезде "Ызғар" атты тұңғыш романын жазып, оның алғашқы нұсқаларын өзі он жыл үзбей еңбек еткен "Жетісу" газетінде жариялады. Сондағы қолжазбасын алып келгендегі сәті күні бүгінгідей көз алдымызда. Әжептәуір ыңғайсызданып:

– Кезінде куәсі болған, көптен ойда жүрген оқиғалар еді, "қағазға түсіп қалсыншы" деп жазғаным ғой. Қай деңгейден шыққанын қайдам, өзімсініп алғашқы үзіндісін өздеріңе ұсынып отырмын. Повесть не роман деп қопақардай ғып қоқырайтпай "кітаптан үзінді" деп бере салыңдар, – дейді.

Бұл жазғанының жанрын білмегендік, болмаса өз қаламына өзі сенбегендік емес, жазушылық соқпағына ат басын бұрған қаламгердің керемет кішіпейілділігі еді. Көркем прозаға алғашқы қадам іспетті сол "Ызғар" шын мәніндегі толыққанды роман болып шықты да. Оның үстіне ол Ұлы Отан соғысы тұсындағы тыл өмірін кең арнада кемел суреттеген тұңғыш туындылардың бірі болды. Әр алуан адамдардың, санқилы кейіпкерлердің мінез-құлқы, әрекет-қимылы арқылы тыл өмірінің өзі бір жатқан мылтықсыз майдан екенін, күркіреген соғыс алаңындағыдан кем түспейтін қиындықтары барын, сол ауыртпалықты қайыспай көтеріп, жеңісті жақындатысқан жалаңтөс жандардың ерлігін жырдай ғып баяндап, көркем кестелейді. Оның әдеби құндылығын, тақырыбының тыңдығын, тарихи шындығын тіпті орталық басылымдар да біліп, бағалап, арнайы мақаламен атап өтті.

Жазушы Қазыбаевтың басқалардан бөлек бір қасиеті қашанда тың тақырыпқа түрен тартуы десек қателеспеспіз. Оның соңғы "Сұрапыл" романы отызыншы жылдардағы ашаршылықты ашына әшкерелеп, кең ауқымды көрсеткен қазақ топырағындағы тұңғыш туынды. Оны оқығанда төбе шашың тік тұрып, тула бойың түршігетін неше түрлі оқиғаларға тап боласың. Романда суреттелетін, асырай алмай балалар үйіне өткізілген "Ваня, Таня, Петя, Вера" боп жазылып кеткен балаларын күні бүгінге дейін іздеп таба алмай жүрген ата-аналар әлі бар емес пе.

Қаны сорғалған сол шындықты шырқыратып жалғанның жарығына алғаш шығарған соны шығармасын Көкең көзі тірісінде-ақ баспаға тапсырып, басшыларымен келісім шартқа отырып еді. Кезінде тарысы піскеннің тауығы болып, алдында құрақ ұшып, құрдай жорғалаған қулар көзі кетісімен-ақ уәдесін тарс ұмытып, біріне-бірі сілтеп, бірден-бірге ысырып, аттай алты жыл жатқызды. Ақыры оның автордың асыл досы, ары да жаны да абзал азамат Хайдекең, Хайдолла Тілемісов бар ауыртпалықты өзі мойнына алып, "Қайнар" баспасынан шығарып берді. Сөйтіп, әдебиеттегі соңғы тақырыпқа соқпақ салған сирек шығарма оқырманына бері қойғанда бес жыл кештетіп жетіп отыр.

Әдетте Көкең көсіле, шешіле, шешен сөйлейтін аса әңгімешіл адам болатын. Сол әңгімешілдігінің лебі повестерінен айқын есіп тұрады. Тарихи деректер негізінде жазылған "Кернеген кегі" мен "Отпен жазылған өмірбаяны" былай қойғанда оның "Аманат" және "Құпия құты" повестері баяндауының әсемдігімен, оқиғасының әсерлілігімен, көркемдік бояуының қанықтығымен баурап алады. Ал кейіндегі "Қыңыма" хикаяты бастан-аяқ жылы юморға толы, оқиғасы да күлкілі. Баяғыда Н.С.Хрущев Қазақстанға келгенде оған бір ақ қозы сыйланған ғой. Құрметті қонақ оны құшақтап тұрып: "Мен мұны немерелеріме апарамын, олар мүйізі шыққан соң онымен ойнайды" демесін бе. Бақса қозы мүйізсіз қойдың тұқымы екен. Түн ішінде оны жақын маңдағы фермаға апарып ауыстырып келуге тура келеді. Сөйтіп, жандайшап жағымпаздар мен мансапқойлар білдей бір мемлекеттің басшысын алдап, тақырға отырғызып кетеді. Осыған араласқан адамдардың қимыл-әрекетін суреттей отырып, автор қай қоғамда да жалғаса беретін жағымпаздық пен даңққұмарлықты, дабыра-дуға әуес даңғойлықты әшкерелеп, уытты мысқылға айналдырады.

Көкеңнің жазушы ретіндегі және бір жетістігі – кейіпкерлерінің мінез-құлқын терең ашып, мінездемені дәл әрі әділ бере білуі дер едім. Мәселен, батырлығына бір пенденің таласы болмағанымен Бауыржан Момышұлы туралы алып-қашпа сөз көп. Қайсысына сеніп, қайсысын серпіп

тастауды білмей кейде дал боласың. Ал Көкеңнің мына мінездемесінде батырдың бүкіл мінез-құлқы, болмыс бітімі бар: "Ақырып та сөйлейді, асырып та сөйлейді ол. Бірақ ар жағында зіл тұрмайды, нұр тұрады. Ұққаныңды сезсе мәз-мәйрәм, жайсаң. Қара қылды қақ жаратын әділдікке қоса әрекеттегі жалғандыққа, жадағайлыққа төзбейтін айбаттылық та жеткілікті. Жымысқылатып, жыбырлатып шудай сүйреткен немесе орағытып оттап кеткен сөзден гөрі жаны дік еткізіп, төбесінен түсіре айтатын бір сөзді қалайды. Және солай сөйлеудің асқан шеберінің өзі. Жазған шығармаларының афоризмге, философиялық ойларға неге толы екенін енді ұғына бастадық. Өзі сынды ойы құнды адаммен ұзақ отырып әңгімелесуге әрқашан әзір, жалықпайды, өзі де жалықтырмайды. Ондай әңгімелерден соң отты көздері нұрланып, жайма шуақ жайдары күйге түседі. Сөзі де жұмсарып, өзі де жұмсарып, кеңкілдеп рахаттана күліп алады. Әңгіме бітсе де ақырын ыңылға басып, жаңағы бір ләззатты әрі қарай өздігінен жалғастыра түскен кейпін байқайсың". Баукеңнің болмыс—бітімін тап осындай дәл, әрлі де нәрлі етіп берген кескіндемені бұрын-соңды кездестірген емен.

Журналист те жазушы Көкеңнің тағы бір қасиеті кейіпкерлерімен бауыр басып, бірге туған туыстай тұтасып кетуі. Ол Баукеңмен де, Рақаңмен де ағалы-інілідей сыйласып, отбасының аяқ-табағы араласып, дәмдес, тұздас болып, өмір бақи қимас, сырлас дос болды. Сондықтан оны қос батырдың бауыры десек сыйып тұр.

Кейінгі төрт жылда ол "Қазақстан коммунисі" (қазіргі "Ақиқат") журналының бас редакторы болды. Мемлекет қайраткері боп жиырма жылдай жоғары басшы қызметте істегенімен қаламы қаз-қалпында еді. Журналдың жұмысын іле жандандырып, тақырып алқымын кеңейтті. "Жозы басындағы әңгімені" енгізіп, абзал адамдар жайында жақсы очерктер бере бастады. "Жозы басындағы әңгіме" ол жылдары ой айтып, өткір мәселелер қозғап, батыл пікірлерді ортаға салудың онтайлы тәсілі болатың. Одан әр жерден шақырып, төңірегіне қабілетті жастарды топтастырды.

Сол соңғы 1989 жылы, шамасы мамыр айының ортасы болуы керек, бір күні Көкең маған телефон соқты.

— Сарбас, өзіңмен бір оңаша сөйлесуім керек еді.

— Сондай асығыс шаруа ма? Апы кіріп, күпі шығып жататын газеттің жұмысын білесіз ғой.

— Жоқ, асығыс емес, онда кейінірек...

Сенбі күні жұмыста отыр едім тағы да тіке телефон шылдыр етті.

— Жалғызсың ба, қазір келейін, — дейді Көкең. Ізінше жымия күліп өзі де келді. Мән-жайды, үй-ішінің, бала-шағаның амандығын сұрап біраз отырды. Қас-қабағыма

қарап, күмілжіп, үнсіз қалып, сосын сөз бастады.

– Жас болса келіп қалды. Сәулесі бар, жылуы жоқ кәдімгі ай мүйізді алпыс. Амандық болса жыл аяғында немесе келесі осы уақытта қызметпен қош айтысып демалысқа кетпекпін. Журналды өзің секілді қолға тапсырсам деймін. Әзірше маған орынбасар болып кел.

Мен де аз-кем ойланып қалдым да іштей булығып, сыртқа шыға алмай жүрген шер-шеменімді лақ еткізіп ақтара салдым.

– Кәке, қолдаушысы құдайдай біреу болмаса өз орнында орынбасарлықтан бастық болғанның некен-саяқ екенін білесіз ғой. Редактор қойса "Жетісуда" тоғыз жыл орынбасар, бірінші орынбасар болдым көзі көрмеп пе! Міне, мұнда да сол орында арқандаулы аттай он алты жыл отырмын. Әлгі "Тамашада" айтылатындай, "биография келгенмен география келмейдінің" кері. Бұрынғы басшыларымның тұсында газет жұмысына қоса көп уақытым жоғарыға анықтама әзірлеп, жұртқа мінездеме жасақтауға кетуші еді. Осыдан орысша бірде-бір құжат менің қолымнан өтпей кеткен емес. Қазіргі редакторым, әйтеуір, мені сол ақпар-анықтама жазудан құтқарды, бәрін өзі жасайды. Енді ғана арқа-басым босаған сияқты. Әзір бастықпен бір-бірімізді түсінетін тәріздімін. Осында істей тұрайын да. Таққа болмай бара жатса, өзіңізді табамын ғой...

Қайтып қолқа салған жоқ Кәкең. Өкпе де, уәж де айтпай аз үнсіз отырып кетіп қалды. Әлгінде қас-қабағыма қарай бергенде, ұсынысын айтар-айтпасын білмей күмілжіген екен-ау, қайран аға!

Ойыма осы түсті: "Сонда айтқанына көніп, соңынан неге еріп жүре бермедім екен!.." – деп әлі күнге дейін өкінемін. Ғұмыр дегеннің қамшының сабындай қып-қысқа екенін кім білген...

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

СЕНІМ

Балғын кезім. Бақ барына сенетін,
Бәйгелерден күнде тайым келетін.
Ақын болып шығады деп бұл бала,
Ағаларым ылғи бата беретін.

Бет бұрыппын тіршілікке бір қатаң,
Күнде терлеп, күнде терді құрғатам.
"Лениншіл жас" газетінің бетінен
Аптасына екі-үш рет тіл қатам.

Өлеңдегіш елбіреген көңілмен,
Қош айтысып студенттік өмірмен.
Сорым ба екен, ырысым ба кім білсін,
Сол газетке қызметке келдім мен.

Хат қорытам отырып алып бұрышта,
Бұл жөнінен болып қалдым бір ұста.
Менің сол бір хаттарымды қорытқан,
Барлығын да шығардың сен дұрысқа.

Ризамын мен өзімше өмірге,
Көп қиялдар сайрап жатыр көңілде.
Генрих Гейне жөнінде бір жазылған
Мақаланы аударғаным бар бірде.

Жасың сенің менен гөрі егделеу,
Керек маған сол қошемет, сол демеу.
Аудармамды оқыдың да, қолыма
Куәлік қағаз жазып бердің сен дереу.

Әлі есімде сол бір биік әдемі үй,
Келсеңші – деп шақырғандай мені ылғи.
Өз қолыңмен сен қияға ұшырдың,
"Ленжастың" қызметкерің әдеби.

Қай биікке апарасың балғын жыр,
Асқақ-асқақ асқарлар-ау алдым бұл.
Қол басындай куәлікке қарап мен
Қорғасындай салмақтана қалдым бір.

Жап-жас кезің екен, аға, сенің де,
Бір үлкендік тұрушы еді өңіңде.
Бір ай толмай өткіздің де сынақтан,
Бір ай толмай кіріп алдым сенімге.

Өмір мені "Ленжасқа" қайта алсын,
Қайта алсын да сол жиырмамды қайтарсын.
Маған сенген сеніміңнен шықтым ба,
Шықпадым ба өзің, аға, айтарсың.

Ағалар да шын қуантып жан-жақты,
Азамат боп өсіп шықты салмақты.

Өлең жаздым, өнер қуып кеттім мен,
Өлгенімше қуамын-ау сол бақты.

Жастық шақтан бір белгілер қалды ма,
Жүрегіміз шын лапылдап жанды ма.
Он жеті жыл өткенинен соң тағдырым
Алып келді тағы сенің алдыңа.

Тұңғыш рет дүниеге келгелі,
Атым шығып, абыройым өрледі,
— Баспаңыздың бас редакторы — Тұман, — деп,
Баспаға әкеп таныстырдың сен мені.

Үздік дара жолыменен ағаның,
Ойға толып, нұрға толып жанарың.
Маған тағы сенім арттың бұ жолы,
Баяғыдай бір сеніммен қарадың.

Жұрттың бәрі маған сендей сене ме,
Әрі сендей мені жақсы көре ме?
Сен нұсқаған биігінде жүрмін мен,
Төмендемей, жоғарыламай және де.

Он қанатың келеді алып, ұшырып,
Жүрсің жұртқа жүрегіңді ұсынып.
Өзің қанша шарықтадың, жан аға,
Жан-жағыңа шұғыланды түсіріп.

Ел қабағын көрген жөқсың кем бағып,
Ерге біткен от жүрегің келді алып.
Екі бірдей қанатыңды тең қағып,
Бір биіктен тұрсың қарап сен барып.

Тұғырыңа қарамаймын сұқтанып,
Менің іні көңілімді мықтап ұқ.
Ақылың мен асыл, үлкен жүрегің,
Ел көгіне екі жақтап шықты алып.

Қырандардың сыбағасы өріде,
Ұландардың шын бағасы өріде.
О бастан-ақ биік едің сен, аға,
Кісі таныр көзі бардың бәріне.

Қырандардың сыбағасы өріде,
Ұландардың шын бағасы өріде.
О бастан-ақ биік едің сен, аға,
Кісі таныр көзі бардың бәріне.

Шұғыла көрсе, нұрланбасын ой неге,
Көрінер жерде көрінбесін бой неге?!
Сен биікте тұрғаннан соң қаймықпай
Мен қосылып кеттім үлкен бәйгеге.

Өзім әлде, сөзім елге ұнады,
Бойымды алды бақыт жыры, гүл әні.
Он ай шауып, он жүйріктің алды боп,
Келді сенің Тұманыңның құнаны.

Атым жетті далаға да, қалаға,
Ұқсаймын ба мен баяғы балаға.
Бөгеттерден, алды тосқан сулардан,
Өзің демеп өткіздің бе, жан аға.

Мен өзімді баламаймын мықтыға,
О не десе, о дей берсін жұрт мына.
Атым келді, бір кездегі сен сенген,
Қара тайың үмітіңнен шықты ма?

Өрде сынар, өмір атты сол дана,
Өз қолымда, өзің берген жолдама.
Титтейімнен сеніп едің сен маған,
Сеніміңнен шығып жүрсем болды, аға.

Алыс жолда еркін шапқан құлагер,
Саған сеніп тұр ғой қарап мынау ел.
Елім-ау деп еңіреп туған, ағатай,
Сен де еліңнің сенімінен шыға бер.

Әбдеш ҚАЛМЫРЗАЕВ

КӨРШІМ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Университеттің төртінші курсында оқып жүрген кезім. Ол кезде ақын-жазушылармен, журналистермен, артистермен кездесу жиі болып тұратын. Елу сегізінші жылдың көктем айы еді. Акт залына студентер жиналып жатыр екен, мен де

бардым. Бүгінгі кездесу "Правда" газетінің Қазақстандағы тілшісі Хамит Қаржаубаевпен және Алматы облыстық газеті редакторының орынбасары Көкімжан Қазыбаевпен екен. Болашақ журналистер үшін бұл кісілер үлкен беделді болатын, жазғандарын газеттерден оқып жүретінбіз. "Правда" газеті баспасөздің биік шыңы саналатын. Университеттегі мұғалімдеріміз бізді осылай тәрбиелеген.

Хамит Қаржаубаев ұзын бойлы, тығыз жыпырласып, шашау шықпай бұйраланып жатқан қара шашы жігітке жарасып-ақ тұр. Өзі ат жақты, қоңырқай жүзді, қалмақ тұрғылас жігіт екен. Өте сыпайы, мәдениетті, кішіпейіл, үлкен газеттің өкілімін деп тепсініп, сілкініп тұрған жоқ, қарапайым, орысша сөйледі, қазақшаға шорқақтығы сезіліп тұрды. Газет туралы, баспасөздің қоғамдағы рөлі туралы, өзінің тілшілік өміріндегі әрқилы қызықты жайлар туралы айтып берді.

Екіншісі өзіміз жазғандарын "Лениншіл жас" газетінен үнемі оқып, сырттай жақсы білетін Көкімжан Қазыбаев еді. Ол кезде отыздағы қылшылдаған жас жігіт. Қою қара шашы қара торы жүзіне сән беріп тұр. "Лениншіл жаста" істеген кезінде жастар проблемасын қалай жазғандары жайлы, ал қазір партиялық газеттегі еңбек ұйымдастыру, журналистердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру жайында нақты фактілерімен, іссапарда кездескен қызықты жайлармен нақтылай түсін, әңгімесін тартымды аяқтады.

Екі журналистке де студенттер көптеген сұрақтар қойып, оларға нақты жауаптар алды. Кездесу қызықты өтті. Мен де сұрақ қойдым. Қазір не сауал қойғаным есімде жоқ, бірақ сұрағыма Көкімжанның ықыласпен жауап бергенін білемін.

Алғашқы жүзбе-жүз кездесуіміз бұл кісімен өткен ғасырдың елу сегізінші жылдары осылай болған еді. Сол жылғы әсер кейінгі қырық жыл бойы өзгеріссіз сақталды.

Кейін "Социалистік Қазақстанда" жұмыс істеген кезімде ол кісі облыстық газеттің басшыларының бірі болды. Біз, жас журналистер, жазғандарын жібермей оқып, жазу стилінен көп нәрсені үйреніп жүрдік.

Алпысыншы жылдардың аяғынан бастап партияның Орталық комитетінде бірге жұмыс істедік. Екі-үш жылдан соң ол кісі Баспасөз комитеті төрағасының орынбасары болып жоғарылап кетті. Көп кешікпей ҚазТАГ-қа директор болып тағайындалды.

Осы қызметтерде жүргенде Көкімжан Қазыбайұлы үздік журналист қана емес, іскер ұйымдастырушы, иман жүзді басшы екенін танытты. Үгіт-насихат бөлімінде істейтін

бұрынғы шәкірттерімен қоян-қолтық тығыз байланыста болып, түсініспікпен жұмыс істеді. Ол кісімен мәселе шешу оңай болатын. Тез түсініп, тез шешім таба білетін. Қойылған мәселенің түп-төркінін тез аңғарып, оны шешудің жолдарын жүйелі түрде көре білетін. Конфликтіге, дау-дамайға, өркөкіректікке салынбайтын. Орталық комитет тарапынан түрлі тапсырмалар болатыны белгілі. Кейде шапшаңдықты талап ететін, науқаншыл тапсырмалар да берілетін. Бірақ соның бәрінің ретін келтіріп, жүйе-жүйесін тауып, іске асыра білетін. Осындай сәттердің бірінде де дауыс көтеріп, даңғазалыққа салынып, ананы істедім, мынаны істедім, деп мақтанбайтын. Өте іскер, сабырлы, байыпты басшы болатын. Әсіресе оның іскерлік қабілеті ҚазТАГ-та директор болып істеген кезінде айқын көрінді. Бұл агенттіктің жұмысы сырт көзге өте ресми, стандартты жүйеге жақындау әсер қалдырғанымен, тікелей араласқан адам үшін мұнда шығармашы жұмыс қайнап жататын. Бейнебір шойын қорытқан металлургия пешін елестетін. Ол кезде Мәскеу басшылары жиналысты көп өткізетін, құлаш-құлаш баяндамалар жасайтын, олар телетайп арқылы жер-жерлерге жететін. Ілезде шапшаң аударылып, ертеңгі газетке шығатын. Қазіргідей компьютер, электронды пошта жоқ, телефакс жоқ. Телетайп лентасын бөліп-бөліп алып, ҚазТАГ аудармашылары машинисткаларға диктовкаға отыратын. Оның үстінен редакторлар қарайтын, аударманың сапасына қатты мән берілетін.

Мұндайда мұқият болмасаң, ұятқа қаласың. Мәтіннің мәні сәл өзгеріп кетсе, ертең пәлеге басың қалады. Сыншы көздер де көп. Бақылау күшті. Ілезде сымсыз телефон арқылы бәрі тиісті жерге жетіп жатады. Сондықтан да жауапкершілік сезімі өте күшті болатын. Мұның өзі жүйкені шаршатады. Денсаулыққа зиян. Бірақ Қ. Қазыбаев агенттікті басқарғанда Одақ бойынша алғы лектегі басшылардың бірінен саналды. ТАСС-тың бас директоры Г. Замятин бұған әрдайым ризалық танытып, жыл қорытындысына арналған коллегияларда мақтау сөздерді аз айтқан жоқ. ҚазТАГ одақтық жарыста өз саласы бойынша әлденеше рет жеңімпаз атанып, ақшалай сыйлықтарға да ие болды.

Бірде Мәскеуде жиналысқа барғанда Көкеннің осындай бір сыйлығын Славян базары ресторанында атап өткеніміз әлі есімде. Марқұмдар Тауман Амандосов, Федор Михайлов, Сапар Байжанов, Хамит Хасенов, Мұқан Мамажанов және

бүгін көзі тірі Шериаздан Елеукенов бәріміз Көкеңнің сыйлығы есебінен бір шалқығанымыз бар. Көкең аса қонақжай, жомарт, қолы ашық, мырза кісі еді. Дастарынан ештеңе аямайтын. Жүрегі таза, жолдастыққа адал еді.

Кейін партияның Орталық комитетіне хатшы болып келгенде аппараттың ресми тәртібіне сәйкес мұндай қонақжайлықты тыюға тура келді. Қонаққа баруын тыйды. Ресми отырыстар, мерекелі кештер, мерейтойларға ресми түрде өкілдік берілгенде ғана қатысып, сөз сөйледі, құттықтау жасады.

Ал өз бетінше, жүрек қалауымен ескі достарының үйіне қонақтап барып, жүз грамдату, ойын-сауық құрып, өлең айту, би билеу сап тыйылды. Мұны кейбір жақын достары жете түсінбей, "біздің Көкең соңғы кезде сараң болып кетті, қонаққа шақыруды да, баруды да қойды" деп, әзілдесе де реніштерін сездірін жүрді. Тәртіпке үйренген Көкең үлкен басшылардың ақыл-кеңесін берік ұстанды. Үйренген дағды болса да ретсіз той-домалаққа баруды қойды. Жақын достарының сырттай сырғақтай бастаған кездері де болды. Бірақ олар да кейін түсінді. Ресми регламент – жазылмаған заң сияқты. Оны басшылыққа алмасаң, қалыптасқан дағдыға мойынсұнбағаның, яғни, тәртіпті бұзғаның, қызмет этикасын сақтамағаның болып есептеледі. Шіркін, партиялық қатаң тәртіп адамның жылдар бойы қалыптасқан мінез-құлқына да өзгеріс жасап жататын. Мұны қайсы адамның барып құлағына сыбырлап жатарсың. Түсінетін адам түсінер, түсінбесе бұл қайтсін...

Жұмыс бабында Көкең өте тиянақты, кеңсенің ішкі тәртібін қатты сақтады. Осыған дәлел ретінде бір жайды еске түсіре кетейін.

Орталық Партия комитетінің хатшысы Закаш Камалиденов Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетіне төраға болып тағайындалған соң, бұл қызмет біраз уақыт бос тұрды. Ел арасында әркімді бір атап жүрді. Бір күні Көкең өзінің ТАСС арқылы өздеріне жаңа байланыс техникасын сатып алуға (бұл жағы көптен сөз болып жүретін) валюта сұрап, Мәскеуге баратынын айтты. "Мені екі-үш күн іздемей-ақ қойыңдар, сонда боламын" деді. Көкеңнің кішіпейілдігі, қызмет тәртібінің этикасын жете меңгергендігінің дәлелі осы еді. Хатшылыққа бекуге бара жатып, бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары маған – келешек өзінің бағынышты қызметкеріне мені іздеп қалмаңдар, мен Мәскеуге жүріп бара жатырмын, деп ескертіп кетуінің өзі бұл кісінің тәрбиелілігін танытса керек. Әйтпесе,

ертеңгі өзімнің қарамағымдағы қызметкерге есеп беріп қайтемін демей, жұмыс бабында іздеп, телефон соғып, уақытын алдырмасын, деп ойлауының өзі нені көрсетеді?..

Екі-үш күнде Көкең Мәскеуден оралды. "Барып келдім, мәселенің дұрыс шешілуі ықтимал, уәде берді", деді ол. Мен қазбалап сұрап жатпадым, өйткені қалада әңгіме гулеп кеткен еді. "Не Қазыбаев, не Салықов хатшы болатын болыпты" деген. Мәселе дұрыс шешілсе болғаны, дедім де қойдым.

Кешікпей Орталық Комитеттің пленумы болды. Онда Қ.Қазыбаев идеология жөніндегі хатшы болып сайланды. Өзіміз білетін, қатынасымыз оңды адамның хатшы болғанына іштей қуанып қалдық.

Рас, ол хатшылыққа арандамай, омыраулама жаймен кірісті. Қызметті ол көп сөйлеп, ақыл айтып көсемсудең бастаған жоқ. Бөлімдерді бөлек-бөлек қабылдап, алдағы жұмыс жайлы ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Өз ойларын айтты.

– Қалғандарын жұмыс бабында ойласып, ақылдасармыз, – деді.

Идеологияға қатысты министрліктер мен ведомстволардың басшыларын бір-бірлеп қабылдады. Кейін коллегияларына барып, сөз сөйледі, өз талаптарын қойды. Біртіндеп осылай жұмысқа кірігіп кетті.

Қ. Қазыбаев шенеуніктіктен гөрі табиғаты шығармашылық жұмысқа бейім еді. Газеттерде істеген кезінде публицист ретінде жақсы танылды. Баспасөз табиғатын, газет жұмысының ой-шұңқырын терең білетін еді. Көсемсөз жазудың асқан шебері болды.

Тілі көркем, нақышты еді. Көпірме бос сөзден аулақ еді. Өз тақырыбын жақсы таба білетін. Биыл КазГУ-дің диссертациялық кеңесінде бір аспирант Қ.Қазыбаевтың публицистикалық шығармалары жайында диссертация қорғады. Диссертант Қ.Қазыбаевтың публицистикалық мұрасы арқылы 50-80 жылдардағы қазақ баспасөзінің шарықтап дамуына үлкен үлес қосқан қайраткер-журналист, реформатор-қаламгер деп бағалады.

Журналистігімен қоса Қ.Қазыбаев жақсы прозашы еді. Алғашқы "Ызғар" романы арқылы ол өзінің көркем прозаның озық үлгілерін меңгерген қаламгер екенін де анық танытты. Соғыс жылдарындағы ауыл өмірін, ел тірлігін шыншылдықпен, көркем тілмен шебер бейнелеген еді. Бұл кітабын Көкең өзі автограф жазып сыйлап еді. Алғашқы көлемді шығармасының өзімен-ақ ол ысылған көркем прозашы екенін көрсетті.

Бұл романы орыс тіліне де аударылды. Оқушы қауым оны жылы қабылдады. Кейін де ол көптеген туындыларды өмірге әкелді. Өкініштісі сол Кәкең өмірден ерте кетті.

Ойындағысын халқына толық жеткізіп үлгіре алмады. Қайтеміз. Барына қанағат... Артына жақсы шығармаларымен бірге ол жақсы атын қалдырды. Екі ұлы мен қызы, жұбайы бұл күнде Кәкенді үнемі мақтаныш тұтады. Үлкен ұлы Нұртас болса шебер ғалым-хирург, кіші ұлы Батыр өз жолын қуды, журналист, Премьер-министрдің кеңесшісі қызы Нәргүл негізгі мамандығы архитектор, кейін Францияда екінші университет бітіріп, экономист мамандығын алды, қазір нарық заманының іскер өкілі. Жұбайы Орынша Ұзақбайқызы болса республикаға белгілі педагог, әрі немерелерінің сүйкімді әжесі.

Мұны біз жақсы білеміз. Өйткені Қазыбаевтар отбасы біздің ескі көнекөз көршіміз. Бір үйде тұрамыз. Сондықтан да оларды жақын тұтамыз. Олар оған лайық.

Камал СМАЙЫЛОВ

ЖАЙДАРЫ ЖАН БОЛАТЫН

Бәрімізідің есімізден шықпайтын, өмірімізден кетпейтін бір тамаша кезең – кез бар. Ол – "Лениншіл жас" газетінде сонау 50-ші-60-шы жылдарда бірге істеген шағымыз. Қайсымыздың болмасын сол кезді еске алсақ, жүрегіміз лүпілдеп соғады...

Кәкең өзінің соңғы бір "Ақиқатқа ар серік" деген очерк-мақалалар жинағында сол кездегі "Лениншіл жастың" жігіттері туралы өте жылы да жақсы жазған. Өзі жомарт жанды, ақ пейілді адам еді ғой, өзінің әріптестері-достары жөнінде де солай жылы-жақсы жазған, дәл жазған.

Адамдарды қалтқысыз тани білетін газет редакторы Абай Бейсембаев, үлкен үміт күттірген Телман Жанұзақов, арамыздан ерте кеткен Әбдісаттар Бөлдекбаев пен Баянжан Мәдиев, кейін "Социалистік Қазақстан" газетінің редакторлығына дейін көтерілген Сапар Байжанов, белгілі қаламгер-қайраткерлер, кітап баспа ісінің жетік білгірлері Мұқан Мамажанов пен Хайдолла Тілемісов, журналист кадрларды көптеп даярлап келе жатқан Әбілфайыз Ыдырысов осылардың әрқайсысына өз бағасын берген, олардың нақты істерін, көптеген тың мәселелерін атап-атап шыққан. Әбілфайыздың "Сын семсері", Баянжанның "Ұланы" (ауыл еңбегіне араласқан аяулы қыздар туралы), Бекмырза мен Саттардың "Кемерлонттық істің сырлары", Хайдолланың

"Малға 1500 жасты жіберейік" деген мақала – идеяларын атаған. Солардың ішінде менің "Әңгіме қыз намысы туралы" деген мақаламды келтіріпті. "Осы бір мәселе газетке тағы бір бедел қосты-ау деймін". Жарайсың, Қамал! Сенің "Қыз намысың" шырқау биікке жетті..." депті Көкең (205 бет). Көкең осылай жазған мақаланы мен Қарағанды облысында газет тілшісі болып жүргенде тапқам, жазғам. Оқиға көнбеген-келіспеген қызды бір жігіттің ұрлап үйіне әкеліп, зорлап, басына орамал салғаны жайлы еді. Бірақ, қыз ол қорлыққа (есікті бір аттаған соң ешқайда кете алмас деген ғой) шыдамай, орамалды лақтырып тастап, үйіне кетеді. Сол мақала жер-жерде пікір туғызып, талқылауға салынды. Әңгіме қыздың өз басын қорғауы емес, қоғамдағы өз орнын табуы жөнінде болды, соған ұласты. Комсомолдың Орталық комитеті осыған байланысты арнайы қаулы қабылдады...

Көкең сол кезде бөрімізлін аса бір шабытпен, шаттықпен жұмыс істегенімізді сүйсіне де тебірене жазады. Сол топты ұйыстырып, ұйымдастырып жүрген де сол Көкеңнің өзі еді ғой. Отырыс кештерде ұлттық киімдер киіп, ән салып, би билегенде Көкең ортасында болып, ортада емес, алда жүретін. Сондай жарқын жүзі ондайда балбырап, лапылдап кететін. "Лениншіл жастан" кейін әрқайсысымыздың жолымыз әр тарапқа кетті. Мен сол кезде жаңа ғана құрылған "Білім және еңбек" журналына бас редактор болып тағайындалдым. Сапар "Мәдениет және тұрмыс" журналына бас редактор, ал Көкең "Жетісу" газетіне редактордың бірінші орынбасары болып жоғарылатылды. Көп жыл сол газетте Көкең жақсы да жемісті жұмыс істеп, партия қызметіне ауысты.

Орталық Комитет қабырғасында Көкең, Сапар үшеуіміз тағы да кездестік, біраз уақыт бірге қызмет атқардық. Ол кісі жұмысқа өте тиянақты, жауапты қарайтын, әрдайым соны, тың идеялары нақтылы істермен қатар келіп отыратын.

Содан Көкең баспа істері жөніндегі комитет төрағасының орынбасарлығына жіберілді. Көп жыл кітап шығару ісін өркендетуге, оның материалдық базасын нығайтуға, ұлғайтуға өзінің пікірлес те ниеттес әріптесі Шериаздан Елеукеновпен бірге көп үлес қосты, нақтылы істерді жемісті жүргізді.

Әрине, Көкеңнің ең шабытты да жемісті еңбектеніп, шын мәнінде ұйымдастырушылық қабілетін, терең білімін, журналистік білгірлігін танытқан шағы – ҚазТАГ-тың директоры болып істеген тұсы еді.

Ал Көкең сол ҚазТАГ қабырғасында қыруар жұмыс атқарды. Өзіміз бірге күнде көріп жүргеннен білеміз оның жұмысы аса бір нәтижелі болған. Аз жыл ішінде ол ҚазТАГ үйінің іші-сыртын танымастай етіп жаңартқан, жаңа техникалық жабдықтар алған, маңына талантты журналистерді

топтастырған. Сол кезде республика басшылары ҚазТАГ-пен санасып, оның іс-сөздеріне ерекше мән беріп, назар аударып, жәрдемдесетін. Талай істерді атқарып, сатыөткелдерден өткен сол жылдар Кәкең. Сол кезде Шәкең (Елеукенов), Сапекең (Бижанов), Кәкең бәріміз жиі кездесіп, бас қосып әңгімелесіп, пікір алысып отыратынбыз. Біреуіміздің жаңа кітаптарымыз шықса, соны бәріміз оқып алып, бірлескен түрде талқыға салатынбыз, баға беретінбіз. Кәкеңнің "Ызғар" повесін бәріміздің қатты сүйсіне мақтағанымыз есімде. Дастарқан басында әңгіме ашық айтылады да, баға да дұрыс беріледі ғой. Талай солай болған...

Сол кезде біздің арамызда бір жақсы дәстүр болатын. Бір-бірімізге қара сөзбен айта алмайтын пікірімізді өлеңмен айту, ұқтыру оңайырақ болады. Жер-жерде журналистердің лездемелері өтіп тұратын. Бір лездеме Қаратау-Жамбыл кешенінде өтті. Сонда алдыңғы автомобилде Ш. Елеукенов пен С. Байжанов, екінші машинада біз Кәкең екеуіміз (ол кісі ҚазТАГ директоры, мен Мемлекеттік теледидар және радио комитеті төрағасының орынбасарымын) отырмыз. Бір жерге тоқтай қалсақ, алдыңғы екеуі қасымызға келіп, жолай шығарған өлеңдерін оқи бастайды. Көбінесе Кәкеңе арналады. Сосын аялдай қалсақ, машинадан шықпай жантайып жатып, Кәкең де жауап өлеңдерді жазып тастайды. Ол бір қызық айтыстар еді. Үлкен адамдар шағын шаруаларда да таланттарын танытпай қала алмайды.

Сол ҚазТАГ-тағы беделі-абыройы Кәкеңді ең биік сатыға алып шықты. Журналистер арасынан суырылып шығып, Орталық Комитеттің хатшысы болып сайланды. Қанша араласып жүрсек те сол жұмысқа баратынын алдын ала бір сездірген жоқ. Ол кезде солай болатын.

Орталық Комитеттің пленумы болатын күні мен әдетімше Абай даңғылы бойымен жұмысқа бара жатқам. Коммунистік проспектіден өте бергенде бір машина тоқтай қалды. Қарасам Кәкең екен. "Кел отыр, апарып тастайын", – деді. Комитетке дейін екі квартал. Мен: "Жоқ, рахмет, Кәке!" – дедім. Сөйтсем, сол жолы пленумға, сайлануға бара жатыр екен. Кейін айтып күліскенбіз. Соның алдында демалыс күні бір ардагер қызметкер бір-бірінен: "Хатшы кім болады екен?" деп сұрап жатқанда: "Кеше Қазыбаев Мәскеуге барып келді ғой", – деген. Сол кейін ғана еске түсті.

Хатшылық жұмыс комитетте де қиын ғой. Журналист – тура жүреді, ашық айтады, ал саясатта бұралаң бүкпе көп болады екен. Соны Кәкең айтып отыратын, өте адал, таза жұмыс атқарды.

Бір күні мені шақырып алды да Кәкең: "Камал, сен білесің бе, Орталық Комитеттің хатшысы неге шақырады адамды?" деп сұрады. "Екі жағдайда шақырады. Не орнынан босатады, не жаңа қызмет ұсынады", – дедім. Кәкең: "Сені сол соңғы жағдаймен шақырып отырмын", – деді. Сосын – сол кезде жаңа босаған бір идеологиялық басшы қызметті атады. Мен қарсы болмадым. "Кеше біріншімен келіскем, қазір сонда барамыз!" – деді.

Кейін маған Мемлекеттік теледидар мен радиохабар комитетінің төрағалық қызметін ұсынды. Оған басшылардың бәрі қосылды. Ол аса жауапты қызмет. Біраз істер атқарылды. "Тамашаны" сарай сахнасына шығардық, "Айтысты", "Термені" тауып, "Қазақстан Ұлы Отан соғысында" деген 40 сериялы дидарфильмді қойдық. Кейбіреулері қарсы болғанда, Кәкең қолдап шыққан.

...Өзі отырған үйдің қабырғасына орнатылған ескерткіш тастағы Кәкеңнің езуіне күлкі ұялап, жымиып тұрған бейнесі дәл табылған. Ол сондай жайдары, жайсаң азамат еді ғой!...

Ғаббас ҚАБЫШЕВ

"СОЛАЙ МА?... ЖӨН...ЖӨН..."

"Алматы" мейманханасының астыңғы қабатында Жүсекеңді – Жүсіп Алтайбаевты кездестіре қалдым. Тонының түймелерін ағытып жіберіп, педжагінің оң жақ жаңқалтасына қолын салып, құлдырындап келеді.

– Жүсеке, ассалаумағалейкум! – дедім, қол созымда кідіріп, қиыс өте берген Жүсекең қалт тоқтап, маған жалт қарап:

– Ә, Ғаббас, сенбісің! Уағалейкуммәссалам! Мұнда неғып жүрсің? – деді жымиып.

– Мен бір келіншекпен кездесуге келіп едім, – дедім, Жүсекеңмен қалжыңдаса беретін әдетімнен жаңылмай. Ол "хе-хе" деп екі тынысты жекеменшік күлкісін алға жіберіп, содан кейін:

– "Таздан тарақ қалғаны қашан", жай, әншейін свежий газет ала салайын деп кіріп едім, – деді. Мен:

– Мәскеуден, анау үлкен Литфондтың директоры келген, соны орналастырып жүрмін, – деп жөнімді айттым.

– Ә, Рахымжанға келген екенсің ғой, жақсы болды... Сенің кездескеніңді айтам, бері, былайырақ жүрші, – деп Жүсекең мені өзіміз кездескен орта тұстан шеткерірекке, қабырға іргесіне қарай икемдеді. Жұрттың жолынан аулақтап барып тұрдық.

— Үйіңе телефон шалайын деп ойлап жүр едім, жақсы кездестің, бір әңгіме бар, сен асығып тұрған жоқсың ба? — деді Жүсекең.

— Жарты сағаттай уақытым бар, жете ме? — дедім.

— Бес минут та жетіп жатыр, қалған жиырма бес минутының қызығын өзің көр, — деп жымиды да, әңгімесін бастап кетті.

Жүсекең "Ағыбай батыр" деген кітап жазып, оны баспаға тапсырып, бірақ жыры бітпей, біреу олай деп, біреу бұлай деп, соны шығарта алмай, "шақшадай басы шарадай болған" күйде екенін бұрын бір ашынып айтқан-ды. Соның мән-жайын баяндауға, кітап етіп шығаруына жәрдем жасауға көмегі тиер деген оймен Көкімжан Қазыбаевқа барып жолығыпты. Қазыбаев: "Көрелік, ақылдасалық" деуден аспапты.

— Көкімжан сақ жігіт қой, өзін Орталық Комитетке хатшы болғалы көрмеп едім, жаңа орнымен жақсылап құттықтадым, бірақ жалбақтаған жоқпын, өзің білесің, құдай маған ондай "қасиет" бермеді ғой, ал Көкімжанға сен туралы айттым, сен оны білуші ме едің? — деп Жүсекең маған барлай көз тастады.

— Бір-екі рет кездескенмін, баяғыда, ол "Жетісу" газетінде редактордың орынбасары болып жүргенінде, — дедім.

— Хатшы болғалы көрмеген екенсің ғой, құттықтап шығуың керек еді, әлі жассыңдар, — деді Жүсекең.

— Портфель сұрайтын "сыркат" менде де жоқ қой, Жүсеке, — дедім, оның "әлі жассыңдар" дегеніне орайластырып.

— Өзің білесің, журналда отырған анау құды сонау жылдары осында өзім алып келіп едім, күшік кезінде, құйрығынан сүйреп, сол енді... журналдың берекесін кетіре бастады, айналдырған он шақты адамды үшке бөліп, айтыстырып, тартыстырып, пәле болды... — деді Жүсекең кенет шаршай сөйлеп, тыжырынынқырап.

— Е, Жүсеке, кімнің ішіне кім кіріп шығыпты?!

— Сөйтіп де... ол мал болмайды, журналды жұрдай қылады, соны айттым... Көкімжанға... — деп Жүсекең маған қысық көзін қадай қарап: — Сені айттым, ананы басқа жаққа ауыстырыңдар, орнына Қабышевты апарыңдар дедім! — деді. Мен бетіме біреу су бүркіп жібергендей тіксіне қалдым:

— Оныңыз не, Жүсеке?! Маған оның керегі не?! — дедім.

— Оным — сол. Журналдың саған керегі болмаса да, сен журналға керексің, әдебиет үшін, сатира үшін керексің. Сенен басқаның ыңғайы келмейді, бірі кәрі, бірі партияда жоқ, бірі

ішеді, пәлелер! Жөн – сенікі. Барасың дейді екен, дейтің де шығар, онда сен бар, бас тартпа, ұқтың ба? – деді Жүсекең маған тағы да тік қарап, баласына аманат тапсырып тұрған әкеше қатқыл сөйлеп.

– Сен Көкімжанмен хабарлас, ол "көрелік, хабарлассын" деген, "вертушкаң" бар ғой, кешіктірмей хабарлас, ал сау бол! – деп кетті.

Ол кезде мен "КСРО Жазушылар одағының Әдеби қоры деп аталатын Бүкілодақтық үлкен ұйымның Қазақ бөлімшесінде директор едім. Ал Жүсекеңмен жолыққан күні, 1983 жылдың қаңтарының орта тұсы болар, бізге Мәскеуден сол Әдеби қорымыздың директоры Юрий Николаевич Воронин келіп, оны атақты қаһарман ағамыз Рахымжан Қошқарбаев директор болып істейтін "Алматы" мейманханасына орналастырдым.

Арада бір апталай уақыт өткенде ініріде Жүсекең телефон соғып, менің Қазыбаевпен әлі хабарласпағаныма реніш білдірді. "Бармаймын", – десең сені сүйреп апармайды ғой, хабарласып кіріп шықсаңшы! – деді. –Көкімжанның көмекшісі Амангелді деген жігіт. Мен соның телефон нөмірін айтайын, сен жазып ал!" деп және салмақ салды.

"Сүйреп апармайды ғой" көңіліме қонды да, әлгі Амангелдісіне бір күні телефон соқтым. Ақырын сөйлейтін сібірлеу жігіт сияқтанды ол. "Үгіт және насихат бөлімімен хабарласыңыз, солар арқылы келесіз, біздегі тәртіп солай" деп ақыл айтты.

Сонымен, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің үгіт және насихат бөлімінде болып, оларға "ойланайыннан" өзге ештеңе демей, онай құтылып едім, "ойланайынымның" түбі идеология жөніндегі хатшы Көкімжан Қазыбаевқа терістеу көрінсе керек, бір күні өзінің кабинетінен бір-ақ шықтым.

Партияның Орталық комитетінің үйіне бұрын кіріп көрмеген едім – іші салтанатты, сәнді екен. "Пропуск бюросы" берген қағазда көрсетілген кабинетке бардым. Орта бойлы, көзі бажырайған, өңі қожа нәсілдес қара қошқылдау жігіт маған қадала қарады. Жүзіне күлкі нышаны жоламағалы екі-үш жыл болған сияқты. Маған күдды көңіл айтатын кісіше түнжырыңқы келіп, оң қолын ұсынып: "Сіз кім боласыз?" Документіңіз?" деді құпия бірдеңе айтқандай күбірлеп. Мен КСРО Жазушылар одағының мүшелік билетін алып ұстаттым. Жігіт билетімді ашып, оқып, сонсоң өзіме қайтарды да, үнсіз бұрылып, есіктің оң жақ қапталындағы жалпақ үстеліне барды, онда тұрған жазу мәшінкесіне бір жапырақ қағазды қыстырып, бір-екі сөз жазып алып, сірә, менің аты-жөнім шығар, соны оң қолына шошайтып ұстаған

күйі қызыл қоңыр емен есікке қарай бұрылды; қайраттылау қара шашын сол қолымен бірер сипап, педжагінің өңірін де бірер сипап, галстугін ырғап қойып, ішке еніп кетті. Оның сахнаға шығатын артисше сыланғаны маған қызық көрінді. "Артист" ізінше оралды да, маған ішке кіруге ишара жасап, өзі жалпақ үстеліне беттеді.

Нөн-нөн қос есік еменнен жасалмаған, қалың матадан тігілген тәрізденіп, ешбір дыбыссыз ашылып жабылды. Соған іштей таңдана тұрып, бөлме төріне көз жібердім. Қозы өрісіндей дерлік тұстағы төргі қабырғада Лениннің үлкен портреті ілінген. Оның астыңғы жағындағы үстел басында Көкімжан Қазыбаев отыр. "Келіңіз, төрлетіңіз!" деді ол, қағазынан бас көтермеген қалпында. "Төбесімен көріп отырғаннан сау ма?" деп іштей күлдім де Көкеңе қарай аяңдадым. Жете бере:

– Ассалаумағалейкум! – дедім. Орнынан тұрып, маған қарсы қозғалған Көкең сәл жымиып:

– Ә, Ғаббас, сәлеметсің бе? – деп қолын ұсынды. "Уағалейкумәссаламды" айтпады, саясатшы ғой, бірақ жымиды, "ұмытпаған екен" деп ойладым. Ол менің ойымды оқып қойғандай:

– Ғаббас жолдас, сен оншама өзгермепсің, сол қалпың, мен ұмытқан жоқпын, – деп жылы сөйлеп, аман-есендігімді сұрады.

– Бір қалада тұрсақ та жүз көріспегенімізге үш-төрт жылдай болып қалды-ау, ә? – деді.

– Жазушылар съезінде жолыққанбыз, иә, төрт жыл болды. Жаңа орныңыз құтты болсын, мәртебеңіз өсе берсін! Әдейілеп келуге ыңғайсыздандым, уақытыңызды алмаймын деп ойладым, – дедім.

– Е, қызмет – қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ, оны қайтесің. Міне, жарты жылдай болды ма, бір әңгіме жазуға уақыт таппадым, творчествома обал болды. Сендер рахаттасыңдар ғой, жыл ара бір кітап шығарасыңдар! – деді Көкең, дауысынан шынында бір сызат сезілін, сірә, жазушылығын биликке айырбастағанына өкініші бары рас болса керек. Бірақ мен оған сене қоймадым. Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болғанына риза емес деу көкейге қонар ма?!

– Көке, біраз жазғанымызды өрең шығарамыз, баспаға, анау Баспасөз жөніндегі комитетке, одан сіздердің бөлімдеріңізге жалтақтап жүргеніміз. Ал сіздерге оп-оңай емес пе, жазсаңыздар болды – өзінен өзі кітап болып шығып жатады, – дедім.

Кәкең орындықтың биік арқалығына шалқайа сүйеніп, жайдарылана ақырын ғана күлді де, қара торы дөңгелек жүзіне жарасымды қой көзімен барлай қарап:

— Ғаббас, сен де айтасың-ау! Бір әңгіме жазбағалы қашан! Жазбаған дүние қалай шықсын? Уақытымның бәрі мына жұмыспен өтіп жатыр, тіпті сенбі, кейде жексенбі күндері де осында отырамын, командировка дегенің — өз алдына бір қиямет, — деді.

— Мүмкін, — дедім.

— "Мүмкін"... Жарайды, ал өзіңнің қызметің қалай? Сықақ әңгімелеріңді оқып жүремін, бірақ сен сирек жарияланасың, әлде сенде де уақыт жоқ па? — деді Кәкең.

— Творчество үйін салдырамыз деп әуреге түсіп, мен де уақытқа жарымайтын болдым, — дедім.

— Жарайды, — деп Кәкең салмақтана қалып, түзу отырды да маған салқындау қарап: — Сені "Ара-Шмель" журналына бас редактор етіп тағайындауды үйғардық, ал сен бөлім меңгерушісіне анық жауабыңды бермепсің, оның қалай? — деді.

— Барғым келмесе, басқа не айтуым керек?

— Барамын, бармаймын деген болмайды, партияның сенімін ақтау деген болады.

— Көке-ау, мені қинамаңызшы!

— Себеп?

— Творчество үйін табанымнан тозып жүріп салдырттым, бейнеттің көкесін көрдім, енді соның рахатын да көрейін, тым болмаса екі-үш?!

— Оның рахаты ешқайда қашпайды, өздерің үшін салдыңдар, рахатын да өздерің көресіңдер, ол әңгімені қоялық осымен.

— Сонда...

— Журналдың халі қиын, оңдауымыз керек.

— Сатирик журналға сатирик қана басшы болуға тиіс, ол бір ізбен тарта беретін басқа газет-журналдардай емес.

— Сатирик те жетеді...

— Ғаббас, бірақ біз саған тоқтадық, өйткені сұрыптағандарымыздың бірі партияға мүше емес, бірі орыс тіліне шорқақ, бірі ішіңкіреп жүреді... қысқасы — біз сені үйғардық.

Жүсекеңнің, Жүсіп Алтайбаевтың, анау жолы мейманханада кездескенімізде айтқан мағлұматын енді Кәкеңнің аузынан естідім.

— Көке, сенім білдіргендеріңізге рахмет, алайда мен бара алмаймын, — дедім, "сүйреп апармайтындарын" есте ұстап.

— Неге бара алмайсың? — деді Көкең, шүкшия қалып.

— Қып-қызыл отқа түсіп не сорым?

— Ештеңе етпейді.

— Жоқ, бармаймын!

— Ғаббас, сен қызбаланба, — деді Көкең, ақырын сөйлесе де ақырғанға татырлық зілмен.

— Енді...

— Тоқта, қызбаланба. Біз көкбазарда отырған жоқпыз, саудаласпайық. Қалтанда, иә, қалтамызда партбилет барда біздің қайда баруымызды шешетін орын бар. Алдымыздағы аптаның сейсенбісінде бюро болады, сонда бас редакторлыққа бекітілесің, дұрысталып кел. Сау бол! — деп Көкең қолын ұсына орнынан тұрды. Менің жаным шыр етті.

— Көке!...

— Басқа айтарың болса, кейін әңгімелесеміз, ал бүгінгі сөз осымен бітті! — деп ол үстеліне қарай беттеді. Менің амалым құрыды. "Партия айтты — бітті!". Мен есікке қарай аяңдадым.

— Айтпақшы, Ғаббас, баяғыдағы саудаласқанымыз да жетер, есіңде ме? — деді Көкең ту сыртымнан. Дауысы көңілді шықты. Мен естімеген кісіше кете бардым.

...Көкеңнің "баяғыдағы саудаласқанымыз да жетер, есіңде ме?" дегенінің әлде қызық, әлде шыжық сыры бар. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып жүрген кезім. Бір күні старостамыз газеттің техникалық көркемделуінен лекция болатынын, сонсоң одан сынақ тапсыратынымызды ескертті. Лекция оқуға келген жігіт өзін: "аты-жөнім — Көкімжан Қазыбаев. Алматы облыстық "Жетісу" газетінің редакциясында редактордың орынбасарымын", — деп таныстырды. Сабырлы, салауатты жан екен. Лекциясын үш күн оқып, соңында сынақ алды. Бізбен қоштасып тұрып, маған иегін үмсынта қарап:

— Сіз, Ғаббас жолдас, макеттің мастері екенсіз, қай газеттен келдіңіз? — деді.

— Шығыс Қазақстан облыстық "Коммунизм туы" газетінен, — дедім.

— Ә, Мұқан Әбуғалиевтің кадры екенсіз ғой? — деп қасын кере жымиды.

— Иә, сол кісінің кадрымын, — дедім.

— Жүріңіз, далаға шығалық, әңгімелеселік, — деді.

Екеуіміздің әңгімеміз менің "Жетісу" газеті редакциясына, жауапты хатшысының орынбасарлығына шақырылуыммен аяқталды.

– Әзірше, бірер ай орынбасар боласыз, содан кейін жауапты хатшылыққа тағайындаймыз, бізге бір тиянақты жауапты хатшы керек болып жүр, – деді Көкең.

– Алматыда журналист көп емес пе? – дедім.

– Журналистің кез келгені жауапты хатшы бола ала ма? – деп қарсы сұрақ қойды.

Мен үндемедім. Көкейімнің сонау да сонау түкпірінде "Шіркін, Алматыда тұрсам ғой!" – деген бір арман бұғып жатушы еді, сол пақыр үйығып тұрып, қуаныш биін билей жөнелгендей күй кештім.

– Ертең редакцияға келіңіз, сағат 10 шамасында, жарай ма? – деді Көкең.

– Жарайды, – дедім мен.

Ертеңінде "Жетісу", қайдасың?" – деп тартып келе жатыр едім. Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденовке кез болдым. Шұрқыраса табыстық.

– Қайнына ұрын аттанған күйеудей қайда асығып барасың? – деді Шәмші мәз болып.

– Ойбай, бір қызық бар! – деп қайда, неге кетіп бара жатқанымды баяндап бердім.

– Дұрыс, дұрыс. Алматыға келгенің дұрыс. Астананың аты – астана. Оспанханға сарбаз боласың, кітаптарыңды шығарасың, – деп Шәмші шын қуана құптады.

– Дұрысы дұрыс қой, тек пәтер жағы ғана қинап жүрмесе, – деп Жұмекен сабыр сақтай пікір қосты...

– Пәтер деген мәселеде біздің көмегімізге сенуіңізге болмайды, ол жағына ұяттымыз, қызметкерлеріміздің біразы пәтерсіз жүр, қалалық Кеңес бізге оң көзімен қарамайды, – дегенді "Жетісу" газетінің редакторы Әбдуәли Қарағұлов бірден айтты. Көкең мені өз бөлмесінде көп кідіртпей, сол кісіге алып барып таныстырған-ды. Әбекең биязы адам екен, өзі тым ақырын сөйлейді. "Кілең ақырын сөйлейтіндер жиналғаннан сау ма?" деп іштей күліп қойдым.

Редактордың кабинетіндегі "жылы шырайлы достық әңгімеміз" нақты келісімсіз төмөмдалды. Әбекең:

– Қызметіңізде перспектива бар, Көкең айтқан болар, – деп тоқтады.

– Бізге сіздей кадр керек, келіңіз, өкінбейсіз, – деп Көкең түжырды.

– Ойланып, үй-ішіммен ақылдасайын, хабарласамын, – деп мен кеттім.

Дәлізде Жүмекен тұр екен.
— Иә, қалай? — деді ол, көзі жылтырай жымыңдап.
— "Қалайың" не? Үй-ішіммен ақылдаспай не дей аламын? — дедім.
— Біздің журнал да осы үйде, бірақ менің бөлмем оңаша емес, үш кісі отырамыз, жүр, далаға шығайық, саған бір қызық айтайын, — деп Жүмекен қырылдай күлді. Екеуміз сыртқа шықтық.
— Иә, не айтасың? — дедім.
— "Қазақ әдебиеті" газетінің редакциясында бір орын бос көрінеді, соған бар! — деді Жүмекен.
— Мен келісіп қойдым ғой, — дедім мен.
— Келісіп қойғаның қалай? "Үй-ішіммен ақылдаспай не дей аламын?" дегенің қайда?
— Келетін шығармын деп ойладым да.
— Тәйір-ай, "келісіп қойдым ғой" дегенің сол ма? — деп Жүмекен тағы күлді де: — әдебиет газетіне барғаның дұрыс болады, онда да жауапты хатшының орынбасары керек екен, жаңа анықтап білдім, аптасына бір рет шығатын газет. Мәкетсәкет дегенің — өзіңнің қолың, сы-зы-ы-ып отырасың. Әңгімеңді жазуға да уақытың жетеді, — деді.
— Мені не қылады олар? Мен жазушы емеспін ғой?
— Барып көрсеңші, тоныңды шешіп алмас. Бар, редакторы Нығмет Ғабдуллин деген жазушы, жақсы адам, тура өзіне барып сөйлес.
— Жүмекен, ей, сен қызық екенсің? — дедім шын таңданып.
— Ғаббас, ей, сен де қызық екенсің, жан тыныштығыңды білмейтін! — деп Жүмекен қарымта қайтарды. Үнінен реніш табы аңғарылды.
— Жарайды, барып көрейін, — дедім.
— Сөйт, молодец! — деп Жүмекен жайдарылана қалды...
"Қазақ әдебиетінің" бас редакторы Нығмет Ғабдуллин мәнжайымды тәптіштеп сұрап алды да, басын сәл қисайта жымиып отырып:
— Орынның бары рас, жауапты хатшымызға орынбасар керек. Оның міндетін өзіңіз білесіз, сіз өткен мектеп. Ал ол орынға алсақ, осында да адам жеткілікті, журналист дейсіз бе, жазушы дейсіз бе, бірақ... ашық сөйлесейік, сіз арақ деген пәлемен қалайсыз? — деді.
— Ол пәлемен әуестігім жоқ!
— Рас қой?
— Сенсеңіз де, сенбесеңіз де — шыным осы.
Бас редактор балаша мәз боп күлді. Сонсоң:
— Қызметке алындым деп есептей беріңіз. Пәтер мәселесін де шешерміз, — деп қолын ұсынды. Мен Өскеменге жетісімен үй-ішіммен ақылдасып, хабарын дереу беретінімді айттым...

Сөйтіп, "Қазақ әдебиеті" газетінің редакциясына бір аптада қайтып оралып, қызметке кірісіп те кеттім. Жауапты хатшы ақын Ғаббас Жұмабаев екен. Мен оған орынбасар болып ұзынды-қысқалы екі Ғаббас дізе қостық.

Үш күннен кейін, түс әлетінде, жауапты хатшы Ғабекең:

– Ұзын Ғаббас, жүр, баспаханаға кеттік. Терім цехындағы қыз-келіншектермен танысасың, осы нөмірден бастап газетті шығарудың басы-қасында өзің боласың, мен әбден шаршадым, дем аламын. – деді маған. "Әбден шаршадымын" түсінбедім. Күнде шығатын облыстық газет редакциясының азаннан іңірге дейін толастамас қарбаласынан "Қазақ әдебиетіне" келген мен болсам, кешіккен көктемнен соң жайлауға шыққандай бір мамыржай күй кешіп, тіпті екі қолым алдыма симауға айналған-ды. Облыстық баспахана цехының қолқанды қабатын қорғасын иісін іздей бастағандай да едім. "Қысқа" Ғаббасқа қуана ілестім.

Баспахана "көкбазардың" қасында екен. Көп қабатты үй.

– Бұл – Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің газет-журнал баспаханасы. Республикалық газеттер мен журналдардың бәрі осында басылады, қазір көресің. Әрине, әуелі, өзіміздің газеттен бастайсың, – деді жауапты хатшымыз. Үшінші қабатқа көтеріліп, еңселі кең залға кірдік. Жап-жарық, тап-таза, іс-қоныс сезілмейді.

– Ғабеке, біздің облыстық баспаханаға қарағанда мынау ханның сарайындай екен! – дедім.

– Рас, рас, – деп "қысқа" Ғаббас қырылдап күлді.

Зал газет беттелетін цех екен. Көзіме таныс станоктар тізіліп тұр, әрқайсысының жанында шұқынған метранпаждар – газеттің металл беттерін құрастырушылар. Жауапты хатшы ұзын қатардың орта тұсындағы бір станоктың қасына тоқтады да, қысқа жең сарғыш көйлек киген, қоңыр алжапқыш байлаған сұңғақ бойлы, қыпша бел қызға:

– Зина, хал қалай, айналайын? Набор дайын ба екен? – деді.

– Сәлеметсіз бе, аға? Бүгін жағдай жаман болмас, газет ерте шығатын шығар, – деді қыз бізге асықпай бұрылып. Қасы-көзі қиылған сұлудың өзі екен!

– Зина, айналайын, танысып қой, мына жігіт, – біздің секретариатқа жұмысқа алынды, бүгінгі макетті сызған осы жігіт, аты – Ғаббас, тек фамилиясы – Қабышев, – деді, қырылдай күліп.

– Сізбен аттас екен ғой, – деді қыз сызыла қарап.

– Иә, мұның да аты – Ғаббас. Бұл келісімен мен "қысқа Ғаббас" атандым, көріп тұрсың ғой, бұл сорайған ұп-

ұзын, – деп хатшы маған күле қарады да: – ал мына қарындасымыз – Зина Сапарханова, біздің метранпажымыз, яғни, газет беттеушіміз, – дей беріп, кенет өзіміз келген жаққа қарап: – Ә, Кәке, қалайсың, денсаулышылық па? – деді. Бұрылып қарасам – Кәкең, Көкімжан Қазыбаев тұр! Өнебойым дуылдап кетті. Кәкең Жұмабаевпен, Зинамен сәлемдесіп, сонсоң маған қолын ұсынып:

– Иә, келіп те қалдың ба? Жақсы болды ғой! Мен бүгін кезекші едім, жағдайды білісшығуға кірдім, – деді. Мен не дерімді білмей, сірә, қапияда қолға түсіп қалған қашқынға ұқсаған болармын:

– Кәке, мен... кешіріңіз... "Қазақ әдебиеті" газетіне... әдеби орта ғой деп... сонда орналастым... – деп міңгірледім.

–Әй, таныстырайын деп ем, өздерінде таныс екенсіңдер ғой, Ғаббас – дүйсенбіден бастап біздің қызметкер, менің орынбасарым, – деді Жұмабаев.

– Солай ма?.. Жөн-жөн. – деп Кәкең жайлап бұрылып жүре берді. Мен қысылғанымнан, әй, терлеп кеттім білем. Өй, түйсіздік-ай, Кәкеңе барып, мән-жайымды айтып, кешірім өтініп шықсамшы! Өзім бардай алдап кеткен болдым-ау!..

Мен Орталық Комитеттің бюросында "Ара-Шмель" журналының бас редакторлығына бекітілдім. Журналистік өмір жолым жөніндегі ресми апарды бюро мүшелеріне Кәкең оқып берді. Бюроны басқарып отырған Димекең, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев:

– Қабышев жолдасқа сұрақтарыңыз бар ма? – деп көпшілікке қарады. Сәл-пәл үнсіздіктен кейін әлдекімдер:

– Түсінікті ғой.

– Сұрақ жоқ, – десті.

– Онда бекітеміз бе? – деп Димекең қолын көтерді. Бюро мүшелері болар, оң шақты адам қосыла қол көтерісті.

– Ғаббас Қабышев жолдас, сіз республикалық "Ара-Шмель" сатира журналына бас редактор болып бекітілдіңіз, құттықтаймын! Журналдың абыройын көтеретін болыңыз! – деді Димекең.

– Сенім білдіргендеріңізге рахмет! – дедім.

– Сіз бара беріңіз, боссың – деді Кәкең.

... Кәкең біраз күннен кейін "вертушка" телефоны арқылы өзі хабарласып, құттықтап, журналдың беделін күшейту, тиражын көбейту қажеттілігіне қатысты пікірлерін білдірді. "Штатыңды қарап шық, атағы жұртшылыққа мәлім фельетонистермен толықтыр, журналды оңдауға қажет ұсыныстарың болса, бізге негіздеп жазып бер, қараймыз,

көмектесеміз", деді. "Мен Орталық Комитеттің хатшысымын!" деп бөлденген жоқ, кейін де екі-үш мәрте телефон соқты. Мен Кәкеннің кеңесін ескеріп, журналдың, коллективтің біраз мұң-мұқтажын Орталық Комитетке жазып, жәрдем алдық. Редакция қазірде Гоголь көшесінде тұрған 12 қабат жаңа үйге көшірілді. Бұрын кімнің басылымы екені белгісіз болып келген "Ара-Шмельге" енді "Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің журналы" деген айдар жазылып берілді.

Менің жаңа қызметке кірісеніме екінші апта басталғанда болар, бір күні Жүсекең, Жүсіп Алтайбаев, келіп, құшақтап құттықтап:

– Қызылорда жаққа бір туыстардың шаруасымен барып келдім, әйтпесе сені сол күні-ақ құттықтамаймын ба?! – деді. Құдды кешірім сұрағандай болып.

– Ай, Жүсеке-ай, тыныш жүрмейсіз, ә?! Осы "пәлені" бастаған сіз емей, кім? – дедім, жорта қинап.

– Шынымды айтайын, "Кім лайық?" деп сұраған Көкімжанның өзі, ал мен – кандидатураны ұсынушы ғанамын. Оны қойшы, жалпы Көкімжанның сол орынға апарылғаны өте дұрыс болды. Өзі идеологияның адамы ғой, жазушы ғой, өте дұрыс болды! – деді Жүсекең, айызы қана.

"Дұрыс болдының" ақыры қалай болғанын кім білсін, Кәкеңнің хатшылық ғұмыры ұзаққа созылмады. Жиыны үш жылға жетті ме, жетпеді ме, ол орыннан сырғытылып, "Қазақстан коммунисі" журналының бас редакторлығына тағайындалды.

– Кәке, егер мен бірдеңе білсем, творчествоңыз үшін осы орныңыздың өзі қолайлы болар, – дедім кабинетіне барып, сырттай құттықтау, іштей жұбату айта отырып.

Көкең қалайда біртүрлі ащыла күлді.

Кәкеңнің Орталық Комитеттегі хатшылық қызметінде кінәрат болды дей алмаймын. Ол өткізген мәжілістерге үнемі қатысып жүргенде оның мәдениет, әдебиет, өнер мәселелерін өте жақсы түсінетініне, күрделі жайттардың күрмеуі дұрыс болмай жатқанда қалай реттеу керектігін қапысыз білетініне көзім жетті.

Кәкең әрқашан сабырлы, салмақты, тартымды сөйлейтін. Басқалардың сөзін бөлмей тыңдайтын. Қаншама қиынсыз, қиын әңгіме, пікір алысуда өктемденгенін, дауыс көтергенін көрген емеспін. Сол тұстағы газет-журнал редакторларының бәрі дерлік Кәкеңнің алдында еркін отырып, ашылып сөйлеп, көңілденіп шығатын. Қатардағы редакторлардың қызметтегісі де, зейнеттегісі де: "Идеология жөніндегі хатшы дегенде

марқұм Ілияс Омаровтан кейінгі орнықтысы, білімдары – осы Кәкімжан", – деп отырғанын сан естідім. "Біреудің аяғынан шалмаса басы ауыратын пәлеқорлар Кәкімжанның үстінен "ол хатшылыққа лайық емес" деп Мәскеуге арыз айдапты, әй, қызылкөздер-ай, өздерінің бір пәлесіне жол аршымақшы-ау!"

Деп жиіркенішпен күйініп отырғандарын да естігенім бар.

Әбілфайыз (Алтай) ЫДЫРЫСОВ

КӘКЕҢ МЕН ОРЕКЕҢ

(эссе-сыр)

Мен Кәкең (бұдан әрі Кәкімжан Қазыбаев марқұмды қашанда өзім қастерлеп айтатын осы атымен атап отырамын – Ә.Ы) және Өрынша Қарабалина-Қазыбаева бұдан әрі Орекең жайлы да талай жазған адаммын.

Ол материалдарымда мен алдымен, Кәкеңнің бақилыққа өткеніне 10 жыл толуына орай: Оның маған да, басқа қаламдастарға да ғибрат, өнеге болған ғажап журналист-публицистің суреткерлігін сөз еткенмін. Сондай-ақ, оның қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлігін баяндағанмын.

Бүгін ол жазғандарымды қайыра оқып отырсам өзім қаншама жыл соншалықты қастерлеп, қадірлеп, көзі түгіл, сырттан да атын тура атамай **Кәке** деген адамның күнбе-күнгі күйкі тіршіліктегі болмысын: адамдық, азаматтық әрекетін, қылығын, мінезін назардан тыс қалдырған екенмін. Ал, оларсыз Кәкеңнің шынайы өмірде , шынында, кім болғанын көз алдыға елестету мүмкін емес.

Ендеше мен бүгін Кәкеңнің осы қырларын, оның жан-жары Орекең-Ольга Петровнамен (Кәкең сүйіктісі Орыншаны әу бастан-ақ еркелетіп Ольга Петровна деп атаған – Ә.Ы.) қандай қатынаста болғанын баяндау арқылы көрсетемін.

Ал, мен болсам, Орыншаны әп деп көріп, танысқаннан бері Ореке деп келем. Бұл естелік эсседе де оны солай атай бермекпін.

Сонымен, Кәкеңнің адамдық қасиеттерін алға жаюға арнаған бұл эссемде екі бекзаттың жарлық ара қатынасын, Орекеңнің де бейнесін алғы кезекке шығарамын. Өйтетінім Кәкеңнің де, Орекеңнің де адамдық, азаматтық қырлары, өз бейнелері, алдымен, олардың осы қатынастарынан танылады.

***

... Кеңестік биліктің өткен ғасырдағы елуінші жылдарының басы. Бұл-жаңа заманның заукымен қазақ жастарының да жаппай жоғары білім ала бастаған кезі еді ғой. Сол мүмкіндікті пайдаланып мен де университет төмамдағанмын. Университет бітірісімен сол бір кеңестік заманның пәтерсіздік тауқыметін бастан кешіп, басқа да өз елінде, өз жерінде өгей жандар болған қазақтың жас зиялылары іспетті астанамызды да біржола өздерінің қаласы етіп алған келімсектер үйлерінің бір босағасында "жетімдер" бұрышында күнелтіп жатқанмын. Қаланың жүрегінен шеткерірек Құрылысшылар (қазіргі Сәбит Мұқанов) көшесінің күнгей бетіндегі Бедерников деген бай орыс-қазақтың ауласы атшаптырым, іш жағы сыңсыған алма-бақты, көп бөлмелі, қызыл темір шатырлы ағаш үйінің біздей баспанасыздарға әдейі арнап салған бір бөлігінде өзіммен курстас бітірген, жерлесім, кластасым Дәуренбек Ахметбеков және филология факультетінің тіл-әдебиет бөлімшесін төмамдап, "Жұлдыз" журналына қызметке орналасып, ақындық айдынға бет алған Ізтай (Мәмбетов) деген жігіттермен пәтер жалдап тұрып жатқанмын. Жалдаған пәтеріміздің терезесі көше жаққа қарайтын.

Соның алдындағы асфальт жолмен күнде ертелі-кеш қолтықтасып, жайрандай әңгімелесіп екі жас өтеді. Шамасы жас жұбайлар. Ғажабы: олар бір-бірінен аумайды. Екеуі де керемет! Екеуі де сәмбіл талдай сып-сыйда. Сұңғақ бойлы. Талдырмаш. Екеуі де нұры тасыған, қараторы реңді, шырайлы жүзді. Екеуі де көтеріңкі, дөңестеу қыр мұрынды. Екеуі де тұрығы ұзын, сәл қысыңқылау, жәудір қара көзді. Осы ұқсастықтарына қарап, оларды: не егіз, не ағалы-қарындасты, деп ойлардық.. Егіздей осы жұп айдын көлде жүзген қос көгілдірдей!

Сондықтан да терезеден күнде байқайтыным: маған олар – Қозы мен Баяндай, Төлеген мен Жібектей ғашық қосақтар боп көрінеді. Сәл кейінірек білдім: олар ғашықтар – Орынша-Көкімжан деген жас жұбайлар екен.

Дәл осы арада, мен алға озып айтайын: олар кейін мен білген тұмарлары бойында дәл әлгідей сұлу келбетті, дәл әлгідей, көгілдір көлдегі қос аққудай, дәл әлгідей қашанда қолтықтасып жарасты қалыпта өмір сүрді – Ә.Ы.)

Ал, ол кезде мен олар тереземнің алдынан өткен сайын, олардың өлгі келбеттері мен жарастықтарына соншa тәттілікпен, керек десеңіз, тіпті әлдеқандай қызғанышпен қарайтынмын-ды, әуелде.

Енді бірде олардың солай қос көгілдірдей болып, жарасып, терезе алдынан өтіп бара жатқанын көргенде, қасымдағы жігіттерден:

– Мына бір кетіп бара жатқан екі жасқа қарандаршы, достар!.. Бұлар кімдер болды екен?! – деп, таңданып сұрағаным да бар. Сонда, газет-журнал редакциясына өлендерін бастыруға апарып, ондағылармен кәдімгідей таныс та боп қалған Ізтай досым:

– Олар өзіңнің журналистиканды бітірген, әріптесің Қазыбаев қой, жұбайымен! "Лениншіл жастың" (қазіргі "Жас Алаштың") беттерінде сілтеп жазған көркем очерктері басылып жүрген Көкімжан Қазыбаев! Сол газеттің жауапты хатшысы!– деп, мені қатты ұялтты.

– Ә, ә. Ол журналисті былай білем ғой! Ол да пәтер жалдап тұрады екен-ау! – дедім, бұрын: "Газет басшыларында ғажап пәтер болатын шығар" – деп, ойлайтын мен жастар газетінің басшысының бірінің сондай күйде жүргеніне таңданып:

– Енді қалай деп ең, Әбеке! Қазір "Жетімдер бұрышында" тұрмайтын қазақтың жас зиялысы бар ма! Онда тұру бізге еншіленген жай емес пе? Одан Қазыбаев қайдан құтылсын! Білем, олар бізден жоғарырақта, бір келімсектің үйшігінде тұрады, – деді.

– Солай де...

Мен "сұңқар жарлар" санап жүргендер, сонымен, бір көше бойында өзіміздей пәтер жалдаған көршілер болып шықты.

Бара-бара мен олармен жақынырақ таныстым. Олар Ізтай айтқандай жаңа қосылған жас жұбайлар Көкімжан мен Орынша екен.

Ол кезде " Қазақстан пионері" газетінде қызмет істейтін мен жұмыстан кейін, жақынырақ танысқан "Лениншіл жастың" жауапты хатшысымен үйге бірге қайтатын болдым. Сөйтсем, ол жігітім менен бар болғаны бір жас қана үлкен екен! Соған қарамастан, ол жігітті мен оның соншалықты салауаттылығына, төбе билерше түйдек-түйдек сөз саптағанына үлкен адамдардай сондай орнықтылығына және сондайлық бай мінезділігіне орай "Көке" – деп, үлкенсітіп атайтын болдым. Сөйтіп жүріп, Көкеңнің жетісулық, ақсулық, бақалылық жігіт екенін де, оның Орынша – "Ольга Петровна" атты жары түбі ақтөбелік, бірақ, сол ақсуда өскен ару екенін де, олардың бір-біріне сонша ғашық боп, бірін-бірі төрт жыл тосып, қосақ құрғандарын да білдім.

Әсіресе, маған мынадай күйін тұрған заманда, Көкеннің әкесі "халық жауы" атанған, атылған адамның қызы Орыншаға төрт жыл тосып жүріп, қорықпастан, неге де бас тігіп, үйленгені ғажап әсер етті. Оның коммунистік партияның оң қолы, қызмешы – комсомолдың газетінің жетекшісінің бірі бола тұрып, солай жасауы маған сонша ерлік, сонша батырлық болып көрінді.

Осы таңданысымды бір орайы келгенде Көкеннің өзіне айтқанымда, ол:

– Махаббаттан құдіретті ештеңе жоқ! Ол қай батылдықты да жасатады, қай ерлікке де апарады! "Сенің өзіңде сондай махаббат бар ма?" – дегендей.

Шынында, нақ сол кезде менде де сондай бір махаббат бар еді. Бірақ, оны жоғалтып ап, таба алмай іздеп жүргенмін. Көкеннің өлгі сөзі мені іздеп жүрген махаббатымды – аты - жөнін де білмейтін ғашығымды күндіз-түні қолыма шам алып іздеуге мәжбүрледі. Сүйіктімді талмай күтуге құдіретті күш берді.

Бірнеше сөзімен-ақ, осылай әсер еткен Көкең маған барған сайын сонша жақын жан бола берді.

Сондықтан енді, мен оны бар қырынан тануға, білуге, оның бар қырынан үлгі, өнеге алуға тырыстым.

Оның жаны жарқын, аппақ, мөп-мөлдір екен. Мысқалдай арамдық жоқ, адал.

Бірде ол алған жары – Орыншаның, Ольга Петровнаның әкесі – отыз жетінші жылы халық жауы деп ұсталған, үш әріптілер қолында атылған Ұзақбай Құлыметов атасы жайында егіле әңгімеледі. Ол кезде тістен шығаруға болмайтын қызыл империя заманының ондай-ондай құпиясын олай ашықтан-ашық әңгімелеу кімнің қолынан келеді? Соны жасаған Көкенді жау жүрек, ақ жүрек жан демей, кім дейміз?! Осы мінезінен-ақ Көкеннің ер, батыр тұлғалы адам екені дәлелдеусіз-ақ өзінен-өзі және белгілі болды, маған. Сондықтан, оған қалай табынбассың, қалай тәнті болмассың!

– Көке, жарыңызды: "Ольга Петровна" деп атауыңызға не себеп? Ол кісі орыс мінезді ме? – дедім, мен сол сәт әңгімені басқа жаққа аударғым кеп, шыны керек, сасқанымнан.

– "Орыс мінезді ме?" дегенің қызық, ойланатын жайт екен!?... "Орыс мінезді" дегенді өз басым: турашылдық, қайсарлық, беттілік, қиындыққа мойымаушылық, деп түсінем! Иә, осы тұрғылардан алғанда менің жарым "орыс мінез-

ді!" – деп, Көкең ойланды да, біраз үнсіз қалды. Сосын барып сөзін ол әрі қарай жалғады:

– О, достым, Әбілфайыз, менің Ольга Петровнам не қиындық көрмеген дейсің? Соның бәрін ол қайсарлықпен жеңген. Бұл – турасын айтсам, орыс мінезділік. Орыс мінезділік – қайсарлықпен қоса – батылдық, алған беттен қайтпау, жүректілік, өзіне-өзі сену! Қиындықты жеңе білу, болашаққа сеніммен қарау! Жігерлілік! Бастысы – еңбек ете білу, тағысын тағылар, Ольга Петровнамда осы қасиеттердің бәрі бар. Мен оның осы мінездерін, қасиеттерін сүйдім. Қастерледім! Сол үшін де оны :"Ольга Петровна" деп атаймын! Еркелетем, Әлпештеймін!

– Көке, әлгілерге қоса, жарыңыздың жан сұлулығына да, ғажап көркіне де қызыққан шығарсыз?

– Әрине. Сұлулықты, көріктілікті қай жігіт жек көрген? Мен де соның бірімін ғой. Бірақ, мен қазақи сұлулық біткеннің бәрін жақсы көрем! Ольга Петровна бойында қазақи сұлулықтың бәрі бар. Оның кім екеніне қатысты айтқандарым, алдымен, оның бойындағы сондай қазақи сұлулық қасиеттерге байланысты. Әйтпесе, оған сонша ғашық боп, онымен қосақ құруды сонша жыл күтем бе!?

***

Біз бір жолы осындай әңгімеге беріліп келе жатқанда Құрылысшылар көшесі мен Комсомол көшесі қиылысындағы шағын, қырыққан екпе ағашты, гүлді, жасыл алаңқайдағы ұзын отырғышта Орекең отыр екен. Ол бізді көре сап, жарына қанатын жая, құстай ұшты. Келе менен қысылмастан, Көкенді құшағына алды. Сүйір иегін көтеріп, күйеуіне қаймыжықтай еріндерін тосты, қара торы жүзі алаулап:

– Келісілген уәдені бұзып, көп күттірдің ғой, Көке, – деді ол. Оған назданып, ернінен өбкен күйеуін құшағынан босатып, "Көке" деп атап. Сонсын маған қарап, жарынан: – Бұл жігіт кім? Жаңа қызметкеріңнің бірі ме? – деп сұрады.

– Жоқ. Былай әріптесіміз. Журналист. "Қазпионердің" қызметкері. Көршіміз. Білмейді екенбіз, Әбекең де осы Құрылысшылар көшесінде тұрады екен. Сондықтан, қызметтен әңгімелесіп, бірге қайтып жүрміз.

– Онда жақсы. Жаңа таныс тапқаныма қуаныштымын, Көке! Және өзі көрші болса! Онда Әбекеңмен мен де жақынырақ танысайын.

Именбей ашық сөйлеген, монтандай, ширақ қимылды, көріп жүргенімдей нұр жанаған, қаратор келіншек маған бет бұрғанша мен:"Бұл кісі де күйеуін мен сияқты "Көке" деп атайды екен ғой. Сол сәт келіншек:

– Менің атым – Орынша... – дей бастағанда, мен оған:
– Оны білемін... Және Ольга Петровнасыз да ғой! – деп, оның ойын өзім әрі жалғап.
Ольга Петровна даусы қоңыраудай сыңғырлап, рахаттана күлді. Со сәт:
– Ия, нақ солай, Ольга Петровна... – деді Кәкең тамағын кенеп, маңғазданып.
– Мені неге "Ольга Петровна" атағаныңды да айтқан екенсің ғой?
– Иә, айттым.
– Ол есімім Әбекеңе ерсілеу көрінбесе?!
– О, неге? Ол есіміңізде сыр да, жыр да көп екен! Және, Кәкеңнің Сіздің атыңыз жайлы әңгімесінен ләззат та, ғибрат та алдым, өз басым. Керемет!.. – дедім мен әлгі таныстығымыздан кейін.
Бұған Кәкеңнің жары:
– Есімімнің мәніне қатысты ондай мадақ білдіргеніңізге рахмет, Әбеке! Қарсы болмасаңыз, атыңызды мен де бұдан былай Әбеке деп атайын, хан есімін қаскайтып атап жат-пай-ақ! Құрбымыз ғой,сөкпессіз. "еке" қосып шала айтқаныма.
Онда мен де сіздің есіміңізді бұдан былай : "Ореке!" – дейін, өр мінезіңізге лайық.

***

... Содан бастап Кәкеңнің жан-жарымен де жақын танысып кеттім. Менің Орекең жайлы білетінім де көп, айтарым да көп, сол бір таныстықтан кейінгі жарты ғасырдан (53 жылдан) астамғы уақытта. Бірақ, оның бәрін бұл шағын эсседе толық жеткізуге мүмкіндік жоқ, әрине.
Десек те, бұл естелік эссе Кәкең хақында жазылып отырғандықтан, қазақтың сол бекзат – біртуар ұлы – Кәкеңе лайық қосақ болған, Кәкеңнің өз бойындағы бар асыл қасиеттерінің жарқырай түсуіне өлшеусіз үлес қосып, көмектескен, Кәкенді – Кәкең етіскен, Кәкеңнің бүгінгі өмірдегі "тірі өзі" – "тірі" көзі, оның асыл қосағы – Орекең жайлы бұл арада, азда болса, бірер сөз айта кетуді жөн көрем, алға озып...
Өйткені, өліге мадақтың керегі жоқ, мадақ тіріге керек! Тірінi мадақтау арқылы, өлінің аруағын "тірілтеміз!"
Ендеше, Орекең жайлы алға озып жазғаным да Кәкең жөніндегі эссе естелігім болып ұғынылсын!
Сонымен, біз сол жолы танысқан Ольга Петровна ғұмыр бойына Кәкеңнің нақ сүйгені ғана емес, айтып жеткізгісіз қызмет еткен оның қолқанаты да болды, тірісінде. Ол Кәкеңнің жақсысын – асырды, жаманын жасырды. Жатып

жастығы, тұрып-төсегі болды. Көкеңнің бойында бар асыл қасиеттерін жарқыратысты! Оған оның өзінің аузынан түскендей ақылды ұлдар – Нұртасты, Батырды, жайнаған жауқазындай – Нөргүлді тауып беріп, оларды тәрбиелеу ауыртпалығын әкесіне салмай, өзі арқалады. Көкең ұлық болған кездерде Орекең ұлықтың жары болдым деп, асқан да, тасыған да жоқ. Ол ұлық бәйбішесі кезінде де солай жарқын Ольга Петровна күйінде қалды.

Көкең бақилыққа өтті. Орекеңнің асқар тауы құлады. Бірақ, қайсар Ольга Петровна оған қатты қайысқанмен, сынып, майысқан жоқ. Көкеңнің Ақ ордасын қаңыратпады. Шаңырағын – биік, босағысын – берік ұстады!

Орекеңнің Көкең бақилыққа өткеннен кейінгі ерін қайта "тірілту" үшін жасаған ерлік еңбегі қандай! Ол жанын салып, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, Көкеңнің ушан-теңіз шығармаларын іріктеп жиып, оның бірынғай көркем туындылары – романдары мен повестерінен таңдамалы қалың-қалың үш томдығын бастыртып шығарды. Көкең 1989 жылы дүние салысымен ол жайлы "Көзден кетсе де, көңілден кетпейді" деген естелік кітап шығаруға мұрындық болды. Өзі Көкеңмен екеуінің өмір жолдары, бастан кешкен қиындықтары, пәк махаббаттары хақында кім-кім де тебреніспен оқитын тамаша лирикалық-эстетикалық "Тағдыр" атты көркем повесть жазды.

Ол повестің ғажайып құндылығы хақында осы эссе жолдары авторы "Ольга Петровна оның "Тағдыры" атты жүрек сыры – эссе жазды. Ол эссе де кітап бетінде жарық көрді.

Көкеңнің жанжары – Орекеңнің өзінің мамандық еңбегі жайлы "Ұстаз бақыты" атты кітабы педагогтар қауымы үшін қандай құнды туынды!

Міне, Көкеңнің Ольга Петровнасы, біздің Орекеңіміз қандай адам! Қазақтың біртуары – Көкең жайында естелік жазғанда оның сүйікті Олга Петровнасының осындай еңбектерін жазбай, оны қалай айналып өтпекпін!? Олай етсем, Көкең жайлы түк те айтпаған, жазбаған боламын ғой!

Сондықтан да әдепкі біртуарлар жайлы, естелік жазғанда олардың қосақтарын, ұмытып кетіп естелік жазу дәстүрін әдейі бұзып, осылай "жұбайлы естелік" жазып та отырмын. Бұлай етуге мені Орекең – Ольга Петровнаның ұлы жұбайлығы да мәжбүрледі.

Кәкеңнің адамдық болмысының асыл қырларымен мен онымен 1955-1959 жылдарда республикалық "Лениншіл жас" ("Жас Алаш") газеті редакциясында қызметтес болғанда тікелей де терең таныса түстім. Өл о кезде очеркшілік қаламы әбден ұштарланған, Рейхстагқа тұңғыш ту тіккен батыр қазақ Рахымжан Қошқарбаев жайлы бүкіл кеңестік деректі әдебиетті дүр сілкіндірген "Рейхстагқа ту тіккен қазақ" атты толайым көркем туынды жүгін арқалаған, соңымен, бір жағы: өзі үлкен прозаға қарай – суреткерлік ауылға бет бұрған; бір жағы: "Бұлай дейтін, бұл қай қазақ, кеңестік билік әділеттігіне тас атқан?!" – дегізіп, қызыл басшыларды елең еткізіп, өзіне солардың сұқты көздерін сұқтанта қаратқан Кәкімжан Қазыбаев еді! Ол нақ со кезде, оның жауынгерлік шығармаларын аударып, әрі "қара баласы" болып, "қатыгез" Баукеңнің (Момышұлы) де көзіне түскен-ді.

Сондықтан аталған жылдардағы бас бұзар бүлікшіл жалғыз қазақ газеті – "Ленжастың" мызғымас, тастабан" жау хатшысы" – Кәкеңнің бедел, абыройы редакция ұжымы үшін де, былай да аспанда болатын!

Соған қарамастан, айтулы, азулы газеттің биліктік қазандық тұтқасын-жауапты хатшылығын қолына ұстаған Кәкең ұжымның кез келген қызметкерінің сөзі өтетін, қолы жететін қарапайым адамы, қарапайым "еңбек торысы" еді.

Редакцияда іссапарда да, тіпті жиналыс жайында да газеті үшін бірдеңе түртпей отыра алмайтын Биағанды (Бейімбет Майлинді) кезінде солай "еңбек торысы" атаған ғой.

Өзінің жалпы түрі де, мінезі де, сөйлеу, жазу мәнері де, еңбекқорлығы да тура сол Биағаннан аумайтын Кәкең де со кезде "Ленжастың" "еңбек торысы" аталатын.

Әсіресе, Кәкеңнің сырт көзге қарабайыр да боп көрінетін қарапайымдылығы, әсіресе, адамға жанашырлығы, қамқорлығы (бұл жерде оның қаламақы қойғанда әр қызметкердің күн көріс жағдайын да ескеретіндігін айтып отырғаным жоқ) керемет болатын.

Енді Кәкеңнің қарапайымдық, жанышашығыштық қасиеттерін көрсететін екі мысал келтірейін.

1. Сол жылдары 1-мамырда тұтас ұжым болып "маевка" жасап, тауда тойлау "ленжастықтардың" салты еді. Бұл салтты да әуелде Кәкең бастатқан екен.

1956 жылдығы 1-мамырда мереке күнін солай атау да алдын ала белгіленген-ді.

Ол кезде мен де бөлім меңгерушісі болып, "Ленжас" редакциясына қызметке келгенмін. Сәуір айының ортасында дәстүрлі "маевканы" ұйымдастырып өткізетін Көкеңнің өзі басқарған арнаулы комиссия құрылған. Комиссияның "қара жұмысын" атқаратын Әбсаттар Бөлдекбаев басқаратын "жұмыскерлер тобына" мені де енгізген. Мен "маевка" күнгі даяшылық топшаға қосылғам. Ол топшада: менен басқа, Сейдахмет (Бердіқұлов) пен Телман (Жанұзақов) бар. Тілеген – қазанашы, Саматай от жағар. Ал, бәріміздің үлкеніміз – Хайдолла ағай болса – өнеріне орай – культмассовик. Қызметке жаңа ғана әдебиет бөліміне меңгеруші боп алынған Бүкең (Бүркіт Ысқақов) картамыш ақын ретінде – батагөй. Әбекең (редактор Абай Бейсенбаев) – Абыз. Сапекең (Сапар Байжанов – редактор орынбасары) тойтақсыр. (Баукең бәйбішесі – аға машинистка – Жамал апай) – бәйбіше. Орекең – бас келін. Менің Зарям мен Сейдахмет келіншегі – Күләтай – Жас келіндер".

Бәрін алдын ала осылай айқындаған Көкең сәуірдің аяғына қарай комиссияның отырысын өткізіп, "маевкаға" дайындығына қатысты кімнің не істейтінін тағы бір пысықтады да, маған:

– Әбеке, ана таудағы Тастөбе селосында сенің Бәйден Жамалов дейтін жерлес туысқаның тұратын көрінеді. Оны маған Хайдекең айтты. Ол журналист туысың керемет аспаз да дейді. Соған барып, онымен "маевка" өткізетін орынды айқындап, аспаз болуға келіс. Еңбегін жемейміз, – деген қосымша тапсырма берді. Әбсаттарға союға мал табуды жүктеді.

Биязы ескертіп жүріп-ақ, айтқанын, берген тапсырмасын бұлжытпай орындататынын жақсы біліп, "Ленжастықтар" сәуірдің 28-інде Көкеңнің бар тапсырмасын қалтқысыз орындадық. Танысы көп, осы аранын жігіті Әбсаттар семіз қой тауып, оны сойып, асуға жайғап қойды. Мен Бәйден жерлесіммен "маевка" жасайтын қолайлы жерді айқындап, онымен аспазымыз болуға келістім. Тілеген, Саматайлар да қазан, отын, көуап жасайтын аспапты дайындады да, содан ала салу үшін оларды Бәйден үйіне жетізін қойды. Сонымен, той тойлауға бәрі дайын болды.

1956 жылғы 1-мамырда Аланда болған дәстүрлі демонстрацияға қатысқаннан кейін, келісілген уақытта редакциямыздың тайлы-таяғы қалмастан, улап-шулап, ішіп-жейтінімізді қапшық-қапшық етіп арқалап, артынып-тартынып, Тастөбеге апаратын домалақ автобусқа отырып, тауға тарттық. Тастөбе селосына жеткенсін, Бәйден үйі

қасынан, сонда әкеп қойған заттарды – қазан-ошақ, отын алып, "маевка" орнына жеткізу және аспазшыны ерте келу үшін Тілеген, Саматай және мен көліктен түсіп қалдық.

Міне, қолайсыздық! "Маевка" өткізетін орынға таяқ тастам жердегі туысымның үйінен асай-мүсайларымызды көтеріп ілезде-ақ жеттік. Бірақ, қасымызда аспазшымыз жоқ. Ол міркәм жігіт еді. Ауырып, емханаға түсіп қапты, кеше табанда. Менің: "Енді маған Кәкең ренжитін болды-ау!" деп берекем қашты. Састым. Со күйімді сезген Кәкең:

– Жайшылық, қауіпсіз бе екен, әйтеуір? Аман болсын! Ондай оқыс жағдай болады ғой. Оқа емес, Әбеке. Оған көңіл-күйің түспесін! Бір ретін табармыз, аспазшының! Ол ауырып қалса, онда мен өзім-ақ аспазшы болам бүгін.

– Оныңыз қалай болар екен Кәке?! – дедім мен оған, "Білдей жауапты хатшының жастар алдында олай жасауы ұят қой!" – деп ойлап. – Сіздің олай жасағыныңыз ұят болмаса?!

– Өз адамдарына тамақ істеп беру несі ұят?!

Ал, Кәкең болса әлгіндей деді де "маевка" орнына келе сала, басқа жас келіншектерге қапшық-қапшық етпен әкелінген ішімдік-жемдіктерді жерге жайғызған дастарқандарға қойғызып жүрген жарын қасына шақырып:

– Ольга Петровна, керек боп қалар деп менің аспаздық жабдықтарымды қалдырма деп ем. Солар қайда? Қажет боп қалды. Ұмытпай ала келсең, соларды маған берші! – деді өзі сырт киімдерін шешіне бастап.

Ольга Петровна:

– Не, мұнда "шефповарлық" өнеріңді көрсеткің келді ме? – деп, сыпайы жымиды да, оған ақ халат, алжапқыш, ақ баскепкі әкеп берді.

Кәкең соларды киіп алып, тура "шефповар" боп шыға келді. Сол күйде ол қызметіне кірісіп те кетті.

Мен сол арада оның соншa қарапайымдылығына таң қалдым. Ол сойылып әкелінген қойдың тұтас жарты етін мүшелеп, қазанға салдырды. Астына сексеуілден жалындатып от жақтырып, оны қалай жасауды көмекшілеріне өзі көрсетіп, сіркелі сулы майға шылқылдатып, тұздықтатып алған кесек-кесек еттерді жігіттерге темір шанышқыларға өткізгізіп алып, оларды алаулаған от жалында быжылдатып-шыжылдатып, кісі мұрнын жарған кәуап қуырмасын жасауға кірісті.

Кәкеңнің сол "маевкада" асқан қазақы еті мен грузин кәуабының дәмдері-ай, шіркін! Олардың тәтті дәмі ай, әлі ауызда.

(Мен отбасылық альбомдағы Кәкеңнің сол "шефповарлық" суретін көрген сайын, оның сол бір "маевкадағы" қарапайымдылық мінез қасиетін үнемі еске аламын.)

2. 1956 жылы күз айларының бірінде редакциядағы басты-басты төрт бөлімнің қызметкерлері отыратын дөу бөлмеге өңі жүдеу, қыл шашы жалбыраған, жалпақ беті шықшытты, шүңірек көз, төпелтек бойлы, қартамыш қара жігіт кірді. Ол:

— Мен Бүркіт Ысқақов деген, осы газеттің бұрынғы қызметкері едім, жігіттер. Мөнай себеппен нақақтан ұсталып, сотталып кетіп, содан ақталып шыққан бетім осы. Өз редакцияма жұмысқа орналасам ба деп, жаңа редакторларына кіріп едім. Ол кісі онды қабақ танытпады. Оған ренжімеймін. Қазір жай белгілі ғой. Сосын қазір бар шаруаны партия ұйымы шешеді ғой! Інішектер, парторг қайсың, мұнымды айтайын, — деді, жыламсырап. — Үй-күйсізбін. Әйелім басқа күйеуге тиіп кетіпті. Барар жер, басар тауым жоқ, жігіттер...

— Парторг Қазыбаев Кәкімжан деген жауапты хатшымыз. Әбілфайыз, сенің көршің ғой. Оған бұ кісіні сен ертіп апар. Мен ертең Академияның тіл-әдебиет институтына қызметке ауысам. Бұл ағай Бүркіт Ысқақовты ақын ретінде мен білемін. Менің бөлімімде әдеби қызметкер де жоқ қой. Екі орынның біріне алғызар, Кәкең, — деді редакциямыздың әдеби бөлімінің меңгерушісі Айқын Нұрқатов.

Мен Айқын ағаның айтқанын жасадым. Бүркіт Ысқақовты Кәкеңе ертіп апардым. Ол ақын ағаның көзіне жас ала отырып айтқан әңгімесі мен өтінішін тебірене отырып тыңдады, сөзін бөлместен.

— Бүке, — деді Кәкең әңгіме біткесін, — өлеңдеріңізді оқығам. Ақынсыз. Ақын жерде жатқан жоқ. Оны далаға лақтырткызбаймыз! Сізді қызметке алғызам. Алғызғанда және әдебиет бөліміне меңгеруші етіп алғызамын! Ахаң басқа жаққа ауысады, соның орнына! Барар жеріңіз, жатар орныңыз жоқ болса, мына Әбілфайыздың отауында бола тұрыңыз, пәтер тапқанша. Мен үйіме апарар едім, үйдай екі бөлмеде бірнеше жанбыз. Ал, Әбеке, Бүкең өзіңе өзіңе аманат. Заря Қарқаралының қызы ғой, ағасын қуа қоймас.

Кәкең осылай дегенде Бүкең отырған орнынан тұрып барып оны құшақтап:

— Кәкімжан інім, қызметке алдырарсың, алдырмассың! Бәрінен мына жылы сөзіңе рахмет! Мына қабылдасыңды өле-өлгенше ұмытпаспын, қарағым! — деп, жылап жіберді. — Екі қолға бір күрек. Көше сыпырсам да, бірдеңе ғып күн көрем ғой! Адамгершілігіңізге разы боп, көңілім бұзылып жатыр да, әншейін.

– Өйтпеңіз! Көңіліңіз бұзылмасын, Буке! Бәрі дұрыс, бәрі өз орнына келеді. Сіз маған коммунист болғаныңызды көрсетіп, әлгі айтқаныңыздың бәрін қосып, партбюро атына өтініш жазып беріңіз, қызметке қабылдауды сұрап. Бізде ондай формализм барын білесіз ғой. Әрі маған да тірек етер жай болсын! А, өзі уақыт та боп қалған екен ғой! Қане, Буке жүріңіз, менімен түстік ішіңіз. "Үйіме жатыңыз!" – демегенімнің жеңіл өтемі болсын, мұным.

Сонымен, Көкең, айтқанымдай, Бүркіт Ысқақовты редакцияға әдебиет бөлімі меңгерушілігі қызметіне де қабылдатты, оның: "Маған әдеби қызметкерлік те жетеді!" – дегеніне қарамастан. 1957 жаңа жылдың қарсаңында Букеннің Қатиламен қосылу-үйлену тойын да өзі ұйымдастырды. Той тақсыры өзі болып , оны гүрілдетіп өткізіп, "Ленжас" редакциясына қаланың "СМУ" дейтін жағынан бөлінген "Хрущевтік" бірінші пәтерді де, өзі алмай, сол Букеңе бергізді.

Көкеннің адамдарға жанашырлық сан-сан қамқорлығының бір мысалы, міне осындай!

***

Аз жылдар "Лениншіл жас" редакциясында бірге қызметтес болғанда менің Көкең бойынан көргенім, тәнті болған, ешқашанда ұмытылмас абзал қасиеттері және асқан адамгершілігі және бесаспап өнерлілігі. Енді сол қасиеттерінің бірер мысалын баяндайын.

Көкең "Лениншіл жас" газет редакциясында жауапты хатшылығы тұсында мәдениет және тұрмыс бөлімін елуінші жылдың екінші жартысында Тілеген Хайдаров (қазір марқұм) деген жігіт басқарды. Бөлімде бір өзі. Ол арық, қағылез, шілтиген, қаңғалақтаған, жағында жонып алар еті жоқ, қуақы, қыршаңқы тілді, қарасұр жігіт болатын. Оны кейпіне орай: "Шәлтік" атайтынбыз. Ол әдебиетті көп оқыған, өзінің де әдебиеткс бейімі бар, "Сусима" романын аударған, жазғыш қаламгер-ді. Қай тақырыпқа тапсырма берілсе де ол қиналыссыз ілезде сілтеп жазып, орындап тастайтын. Жалғыз өзі болса да, газетте бөлім тарапынан басылуға тиісті материалдарды машинистка қасына отыра қап, ауызша айтып (диктовка) жасап, орындап тастайтын да: "Ал, мен проблемалық тақырып іздеуге кеттім!" (Ал, олай жасауды жауапты хатшы – Көкеңнің өзі тәжірибеге енгізгенді – Ә.Ы) – деп, редакциядан тайып тұратын. Күллі жас ақын-жазушылар тіпті, кексе Сыраған (Сырбай Мауленов) Жұбаған (Жұбан Молдағалиев) да оның досы болатын.

О заманда ішкілік, ішу деген өзіндік "өнер" әрі бәсеке еді ғой! Біздің Тілекең де қолы босасымен со "өнер бәйгесіне" қосылып кететін болса керек... Күнде ішіп жүру оның дағдысына айналды. Сауықтыру орнына жиі түсіп қалатын болды. Ондайда ол: "Мен сауықтыру орнында отырмын. Біреуің төлейтін айып ақша ала келіп, мені шығарып алыңдар!"– деп, бізге телефон шалады. Ондай айып ақша мөлшері он бес сом.

Біз Тілегеннің жайын Көкеңе кеп айтамыз. Ал, Көкең болса: "Ә, ол тентек сөйтіп қалып па? – деп жымиады да, өзі бастап барып, күнде "КазТАГ" ғимараты қасындағы дүңгіршектен сыра ішетін, сейфіне салып қойған, "ортақ қазынадан" онбес сомды алып береді де: "Шөлтікті" шығарып алып кел!" – деп біріміздi, көбіне онымен жақындау жүретін мені жұмсайды. Сауықтыру орнына барып, айыбын төлеп Тілегенді бет-көзін көкпеңбек қып (ол құлап, жығылғаннан солай болады – Ә.Ы), Көкең алдына қалтақтатып алып келемін.

Ондайда әуелде мен: "Енді жауапты хатшы оның езуін тіліп, оған ұрысатын – шығар-ақ" – деп ойлайтынмын. Бірақ, "Шөлтікке" Көкең олай жасамайды. Әмәнда солай: "Бар, мынаған басыңды жазып, бірер саптаяқ сыра ішіп кел де, материалдарыңды әзірлеуге машинисткаға бар" – дейді. Не арқасынан қағып. Тілегенді:"Бүгін, жатып, дем ал. Сауық"деп қоя береді.

Ғажабы "Шөлтік" Көкеңнің айтқанын жасайды. Көбіне ол басын жазып келгеннен кейін жақсы басатын машинисткаының бірінің қасына отыра қап, түк болмағандай, мәдени, тұрмыс тақырыптарының бір тың проблемасына қатысты көлгөсір ойлы материалды ауызша айтып бастырып, түскі үзіліске дейін-ақ жауапты хатшы алдына кемі 150-200 жолдан екі мақала әкеп тастайды.

Біз: "Әй, бұл "Шөлтік" мұндай проблеманы қайдан табады?" – деп таңқаламыз. Сонда Бүкең (Бүркіт Ысқақов): "Жігіттер, ол тентек, ондай проблема ойды өзі бірге арақ ішетін ақын, жазушы достарының әңгімелерінен алатын болса керек" – дейді.

Кейін білдік, Тілегеннің тап солай жасайтыны рас екен.

Ішіп жүріп те идея, ой, проблема, тақырып тауып, жинайтын Тілеген Шөлтік болса, үш-төрт күн сап-сау жүреді де, сонсын "ескі әніне" қайта басады. Тағы да сол. Оны босатып алу. "Басын жаздыру".

Оны бет-аузын, көзі-басын көгала етіп құтқара беру мені әбден мезі етті.

Бір жолы жауапты хатшымызға:

– Көке, Тілегенге ылғи арқасынан қаға бермей, былай бір қатты айтып, қорқытып ұрыссаңызшы! Мына қалыпта ол нағыз маскүнем боп кетеді ғой. Және оның бұл жайын редактор білсе, бар ұят өзіңізге келеді ғой, – дедім.

– Әбеке, олай етуді білмей жүрген мен жоқ. Бірақ, олай жасау, алдымен, табиғатымда жоқ. Адам баласына өсте қатты сөз айта алмаймын. Бұл – бір. Оның үстіне бұл Төлеген тентек ерекше дарынды, әрі нәзік жанды адам. Өзін соған арнай білсе, бұдан үлкен қаламгер шығатын түрі бар. Мен, сондықтан, оның нәзік жанына найза сап, оның дарынына балта шабам ба деп те сақтық жасап жүрмін. Байқап жүрмісің, ол сол ішіп жүріп те ой, идея жинай білетінін. Оған сол жиған ой, идеясын да ұмытып қалмасын деп "бас жазғызып", жұмыс істетем. Сондықтан, Шөлтікті көзтүрткі етпеуіміз керек. Ол үлкен бір шығарма жазуға кірісіп кетсе, сонымен алданып, ішуін қоюға да тиіс.

Бірақ не керек, Тілегеннің үнемі ішетінін, "сауықтыру" орнына жиі түсетінін Абай Бейсенбаев біліп қойды. Ұжымда кім болмайды, жағымпаз, жалпаштар да жүреді ғой. Сондай жағымпаздардың бірі редакторға Тілегеннің ішкіштігін жеткізе қойыпты. Ал, Әбекең болса, журналист емес, орынтағынан айырылғысы келмейтін өте сақ адам болатын. Ол Хайдаровтың "маскүнемдігі" құлағына жетісімен, оны табанда қызметтен қумақ болды.

Көкең, міне осы тұста да ғажап адамгершілік жасады. Бар беделімен, оның іскерлігін алға тартып: "Лենжасқа" мұндай жазғыш журналист таптыра бермейді" – деп, Тілегенді қызметтен шығартпады. Тілеген: "Көкеңе сол жақсылығы үшін мәңгілік қарыздармын" – деп өтті, өмірден.

Көкеңнің және бір ерек қасиеті өнерлілігі еді. Енді соның мысалы:

Мен қызмет жасаған жылдарда "Лениншіл жас" редакциясында тәп-тәуір "өнерпаздар" ұжымы болды. Оны да ресми жақтан Көкең басқарды. Оның концерттік бағдарламасын алдын ала белгілейтін де Көкеңнің өзі, өнерпаз "артистерінің" рөлдерін айқындайтын да оның өзі. Солардың "бас режиссеры" да оның өзі. Оның басқаруындағы "артистер" мен қызметке келгенде Хайдекең (Хайдолла Тілемісов, ауылшаруашылығы бөлімі меңгерушісі)" – **жыршы**; Баянжан (Мәдиев, үгіт-насихат бөлімі меңгерушісі) – **Тарапунка**, Штепселі, Мыңбаймен (сатирик ақын, өнер бөлімі меңгерушісі) – **әзілкештер**; Сапар Байжанов (редактордың орынбасары) – **бас әнші**. Ольга Петровна бас биші рөлдерін атқарады екен. Мен қызметке кірісімен аздап өн салатынымды

білді де— мені Баянжанға серік рөліне тағайындады. Өзімді көрсете алсам қосалқы әншілікке ауыстырмақ болды.

Мен Кәкеңе келіншегім — Заряның ғажап әнші екенін айттым. Оны да сынап көріп, бірлестік құрамына алмақ болды. Әдепкі бір сенбіде өнерпаздардың кезектен тыс жиынын шақырды да Кәкең біздің өнерімізді сынап көрді. Біз жарымыз екеуіміз "Қыз Жібек" операсынан шағын "көрініс" жасап, Қыз Жібек, Төлеген арияларын орындадық. Заря бұлбұлдай үзілдіре өн толғады. Сондағы Кәкеңнің қалай қуанғанын көрсең: "Арамызға Күләштай жас бұлбұл келді! Енді біз "Қыз Жібек" операсын да толық қоя аламыз." Онда: Жібек — Заря, Төлеген — Алтай (мені келіншегім солай атайтын — Ә.Ы), Мен өзім — Бекежан, Хайдекең — Шеге болады, Сапар енді запастағы солист. Біз осы жаңа жыл кешінде жай концерт емес, "Қыз Жібек" операсын қоямыз!" — деп шаттанды.

Ол, айтқанындай, сол уәдесін орындаттырды. Біз Заря екеуіміз сол Кәкең қойған "ҚызЖібек" операсында ойнап, содан бастап "Жібек-Төлеген" атандық.

Сол Кәкең алып берген "атағымыздан" әлі күнге арылған жоқпыз!

...О, қайран Кәкең! Оның өзінің ерек әншілігін айтсаңызшы! Ол өзінің де, өзгеміздің де өнерімізді сөндірмеу, үштарлай түсу үшін біздерді қазақ опералары: "Ертарғын", "Қыз Жібек", "Абай", "Біржан мен Сара" қойылған сайын соларды тыңдауға бастап баратын.

Алматыға шығармашылық сапарлармен келген әлемдік, Одақтық өнер жұлдыздарының бірде-бірінің концерттерінен қалдырмай тыңдататын. Ол 1957 жылы Бразилияның бүкіл әлемді тәнті еткен әйгілі әншісі Имма Сумактың концертін "өз әншілеріне" қоймастан бірнеше рет тыңдатты. Сөйтсек, бас режиссерымыз Имма Сумактың бір мезетте сансыз үн, сансыз дыбыс, сансыз қырыл-қиқумен жеткізетін, оның айна қатесіз Анд таулары тағы жыртқыштары мен құс біткеннің "дауыстарын" со қалпы құлаққа әкелетін тағылардың үн-"өндерін" өзі бар ынтасымен үйреніп жүр екен.

Бір жолы ұжымымыздың үлкен кешінде Кәкең ортаға шықты:

— Мен Имма Сумак әнін орындап беремін! — деді. Бұған оның қазақ опералырының арияларын Күрекеңнен (Құрманбек Жандарбеков) пен Каукеннен (Кенжебаев) бір кем орындамайтын өнеріне тәнті боп жүрген біз: "Япыр-ай, бұл бір Имма Сумактың орындайтыны ерекше әндер ғой! Оларды қалай орындар, қалай шығарар екен?!" — деп, қауіптеніп, іштен тындық. Сөйткенше болмады, Кәкең

табанда өңін неше құбылтып, тура Имма Сумак рөліне еніп, даусын бірде қырылдатып, бірде ысылдатып, бірде шырылдатып, бірде қиқулатып, бірде сақылдатып, бірде саңқылдатып, бірде ақырып, бірде бақырып, тағылар – арыстандар, жолбарыстар, барыстар, дәу мысықтар, шақал қасқырлар, айдаһарлар, қыран бүркіттер, қыртауыллдар үн-дауысын айна қатесіз жеткізді. Реңі дауыс шығару ыңғайына қарай бірде бозарады, бірде құқылданады, бірде күреңітеді, бірде қарауытады. Сол кейпімен бейнелеп тұрған тағыларды Имма Сумакша көз алдыға әкелді!

Көкең Имма Сумак рөліне еніп, оның әнін, оның өзінен айна-қатесіз аудартпай орындап біткенде, есіміз кетіп: "Уһ!" – деп демді бір-ақ алдық. "Жаса, Көке!" – деп уралап қол соқтық. Ол ұжымы алдында сондай өнер көрсете алғанына өзі де сонша толқыған болуы керек. Тыңдаушылары алдында ол әкки артистерше қайта-қайта иіліп, ерекше тағзым етті, екі иығынан әзер-мәзер демалып тұрып.

Содан бері қанша жыл өтті. Бірақ, Көкеңнің сол кештегі Имма Сумак әнін орындаған ерекше даусы әлі күнге менің құлағымда тұр. Оның сондағы жарқын бейнесі әлі күнге көз алдымда!

Біздің Көкең шіркін өзін әдейі танытпай кеткен, осындай өнер иесі де еді ғой!

Жоғарыда баян етілгендей, сан-сан мысалдарымен тағы да астарын айқара аша жазарлық Көкеңнің биязы мінезділігі, қара қылды қақжарғандай әділдігі, қасқайтып айтар турашылдығы, төгілген шешендігі, төбе билердей төрешілдігі, абзал азаматтығы, асқан адамгершілігі, майталман аудармашылығы жайлы нақ осындай нақты мысалдармен әрі жалғастыра беруге болар еді.

Бірақ Көкеңнің әлгі аталғандай қырлары, қасиеттері хақында бұрын жарық көрген "Көзден кетсе де, көңілде қалған", атты естелік кітапта қазақтың Жұмағали Исмағұлов, Нұрмақан Оразбеков-сынды, тағы солардай қаншама белгілі тұлғалары ілгеріде сөз етіп қойғандықтан, қайран Көкеңнің әлі айтыла қоймаған, жоғарыдағыдай бірер ерекше қасиетін ғана бүгін осылай еске алып, елжіреп жазуға тура келіп отыр. Бұлай жасау әлі сомдалмаған Көкеңнің кесек бейнесін сомдауға септігін тигізер деген ойдамын...

***

Не керек, Көкеңдей тұлға "Ленжас" ұжымы маңдайына ұзаққа сыймады. Оған со кездегі биліктің де еріксізден көзі түсті. Сондықтан да билік өз сөзін сөйлетуге, өзіне қызмет еткізуге 60-жылдарда амалсыздан оны жоғарылатып әкетті.

Шынымды айтайын, содан кейін-ақ, мен жігіт шағымда аз уақыт оған соншалық тәнті болған Көкеңнен айрылып қалдым. Содан кейін-ақ оған жақындай алғаным жоқ. Алыстан қызығушы, алыстан бақылаушы, алыстан мадақшысы болдым. Сол себепті, биікте жүрген Азамат, Ақсақал Көкеңнің өз бойына Алла салған абзал қасиеттерді қалай дамытып жүргенінен нақты хабарым болған жоқ. Оны кезінде көре алмаған, күндеген айналасын былай қойғанда, кейін ол дүниеден өткен шақта ол жайында ауыз ашып ештеңе айта алмаған, бірақ көзі тірісінде Көкеңнің шапағатын мол көрген өңкей бір дарынсыз жандар қоршап алды. Соңғылар Көкеңді өзгелерден аулақтатты. Оны өзгелерге жақындатпады. Өзгелерден қызғанды, оның шапағат, қызығын олардың өздері көрді. Көкең арқылы билікке қолдары жетті. Бірақ олар Көкең ұлылығын қазаққа кезінде де, кейін де таныта алмады. Оның асын ішіп, аяқ босатарлары болды.

Әрине, Көкең алда аталған екі топтағыларға табынышты да, бағынышты да болған жоқ. Керісінше, өлгі көре алмаушылар мен өсек-аяң жасағандар одан аласа болды. Ал, бұ жерде дарынсыздар хақында сөз етудің, қажеті жоқ.

Көкең болса өз биігі ғарышына, өз бойына Алласы дарытқан абзал да асыл қасиеттерін өз еңбегімен, білігімен әрі ұштап, әрі дамытып, әрі шыңдап, күллі Алаш ардақтысына, ел халық тұлғасына айнала берді. Кемеңгер ойлы қоғам, мемлекет басшыларының бірі болды. Қаншама романдар, повестер жазған көркем сөз шеберлерінің көш бастаушыларының қатарына қосылды. Қазағының қамын жеген жаужүрек батыл да батыр күрескерлер сардарына айналды.

Ол Қазақстанның теріскейін Ресейге қосуға ашықтан ашық қарсы шығып, кеңес биліктілерінің – КПСС "көсемі" болмақ болған Горбачевтың да сағын сындырып, ерлік жасады. Ол өзінің қызыл империя саясатына қарсылығын, оның "Ызғар", "Сұрапыл", "Кернеген кек" атты көркем туындыларының мәнінен айқын аңдаймыз.

...Қаншама билік пен атақ-даңқтың аспанына көтерілсе де қайран Көкең болдым деп асқан да, толдым деп тасыған да жоқ! Ол сондай өзіне лайық биліктің шыңына көтеріліп, Қазақстанның Бас идеологы тұтқасын ұстап, кемеңгер Қонаевтың сардарларының бірі болып жүргенде, бірде ойда жоқта "Ленжаста" өзі тәрбиелеген мені көрді. Со бір кездейсоқта маған көзі түсті.

Бұл мен үшін ешқашан естен кетпес естелік. Ендеше, қайран Көкеңнің Ұлы тұлғасын сомдауға дәнекер болсын

деп жазып отырған оны мен оның асыл жары Өрекең жайындағы осы бір сыр эсседе Кәкеңнің өмірінің көрінісі ретінде сол оқиғаны да қысқартып баяндай кетейін.

1983 жылдың көктемі. Бұл – Кәкеңнің Қазақстан Орталық комитетінің үгіт-насихат жұмысы жөніндегі хатшысы болып дәуірлеп тұрған шағы. Бір жолы Қазақтың ұлттық университетінің жаңа қалашығын аралап көруге Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың өзі бастаған делегация келді.

Ол кезде мен сол университеттің журналистика факультетінің профессоры болатынмын.

Кеңестік кезеңдегі тәртіп солай. Жоғары жақтан ұлықтар келсе, олардың көзін алдайтын жылтырақты алдын ала әзірлеп қойып, оларға сол жылтырақты көрсетіп, балаша алдаусыратып дереу алып өтетін кез. Лас, жайсыз, кемшін жайлар беттері бүркеліп ұлықтарға көрсетілмейді. Және көрсетердің бәрін үндемес үйдің жендеттері нақ ұлықтар келер алдында тексереді де, бейсеубет ешкімді ұлықтар көрер төңіректе жүргізбейді. Тіпті болмаса, бейсеубеттерді бір көрінбес бұрышта қамап ұстайды.

Димекең бастаған Орталық Комитет делегациясы келерде, олар ғимаратқа сырттан кіретін баспалдақ тұсындағы, терезесі сол баспалдақ жаққа қараған менің 106 “Безендіру кабинетіме” ішінде “сақалды” өзім бар, біраз педагогтарды “тырп етпей осында отырыңдар!” – деп қамап қойған.

Сол делегация құрамындағы Кәкеңнің қолын ұстауға мен құштар-ақпын! Өйтуге рұқсат жоқ. Амалым құрып, әрі ызам кеп: “Егер, баспалдақпен көтерілгенде терезе жаққа көз тартаса, оның назарына ілігіп қалармын” – деген сайтан үмітпен сыртқы баспалдақтың ең биігіне көтерілер тұстағы үлкен терезе алдында түрегеп тұрдым, үндеместердің: “тұрмаңдар” деген нұсқауын бұзып.

Делегация мінген ақ “мерседестер” ғимаратымыздың ішкі алаңқайындағы көгалға кеп тоқап, Димекең бастаған делегация біздің факультетке енгізетін біз қамалған бөлме тұсындағы баспалдаққа беттеді. Тізілген делегация ішінде үшінші боп өзімнің Кәкеңім келеді. Жайлап жүрген Димекендер баспалдақпен ақырын көтеріле бастады. “Кәкең терезе жаққа бір көз салса!” – деп тілеген менің жүрегім аттай тулады. Абырой болғанда Димекең мен оның қасындағы адам мен тұрған жаққа көз салмай баспалдақпен көтеріліп кетті. Ол да солай төмен қарап келе жатқан Кәкең нақ менің тұсыма келгенде басын көтеріп, терезе жаққа қарап, маған көзі түсті. Сол қолын көтеріп, менімен сәлемдескен ишарат білдірді.

Соны көрген, Марат Көрібайұлы бастаған профессор, доцент әріптестерім:

– Дерсің, біздің Әбекеңмен хатшының өзі қол көтеріп амандасты. Ойнарсың, профессор Ыдырысовпен! – десіп дүрлігісіп кетті. – Бұл керемет қошаметті қазір жу, Әбеке! – десіп, мені көтеріп ап "аспанға" лақтырды.

Менің мерейім Орталық Комитет хатшысы назар аударғанына әбден өсіп қалды. Көріспегелі, араласпағалы қанша жыл! "Кәкең мені ұмытып та кеткен шығар?" деген ойда жүрген мен оның қол көтеріп, сәлемдескеніне қатты толқыдым.

Керемет ертеңіне болды. Лекция оқып тұрған кабинетіме парткомда істейтін бір жігіт келді.

– Сабағыңыз бітісімен, Орталық Комитет хатшысы Қазыбаев жолдастың қабылдауына барыңыз! Сізді ол кісінің көмекшісі күтіп алады! – деді, таңғы сағат 9 кезінде.

Есім кетті. Хатшы болғанда құттықтап үйіне де, кеңсесіне де барған жоқ едім. Алдымен, сол қылығыма ұялдым. Мені күтіп тұрған көмекшісіне еріп, оның кабинетіне тақағанда жүрегім тағы аттай тулады. "Сондайға мән бермейтін ақымақ басым-ай! Ең болмаса хатшылығын құттықтамаған кінәмды оның алдында не деп ақтаймын?!" – деп өзімді сөгіп, Кәкең кабинетіне ендім. Кабинетінің ішкі есігі алдында әдеттегідей жұмсақ жымиып, жұмыс үстелінен тұрып кеп, оның өзі тосып тұр екен.

– Көптен бері көріспей, сағыныстық қой, Әбеке-ау! – деп, ол мені құшағына алды. – Сен құттықтамады деп өкпелемеймін. Менде де кінә бар, өзіңді іздестіріп, қызмет жайыңа назар аудармаған. Кеше өзіңді көргенде сол күнәм есіме түсті. Бүгін соны айтып, өзіңмен былай әңгімелесуге шақырттым. Ректорыңнан да, хатшыдан да жайыңды білдім. Жақсы профессорлар есебінде көрінесің. Құтты болсын! Ұстаздықтан артық мамандық жоқ қой! Сан мың шәкірттің ойында жүресің! Енді өзіңе басқа қамқорлықтың қажеті жоқта шығар?... Билік қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ. Ұстаздық жолды дұрыс қуған екенсің! Осы бетіңнен таймағын, Әбеке! Ольга Петровна өздеріңді "Жібек пен Төлегенді" көрмей кеттік қой!" – деп еске алып отырады. Үйге келсеңдерші, жастық шақты еске түсіріп, өн шырқайық!

Кәкең осылай деп бәрін өзі айтты. Кінәмді бетіме басу орнына, бар кінәні өзіне алды. Билік тұтқасын ұстай жүріп, мені "көтермеге" алмағанына кешірім сұрағандай болды.

Ол әбден даналаныпты! Ол ой мен ақылдың асқар тауындай болыпты. Сөзі қандай! Өзін ұстасы қандай!

Кәкімжан екеуміз 1952 ж

Кәкімжан балалары Нәргүл және Нұртаспен

Кәкімжан және мен

Нұртас, Батыр, Нәргүл Қазыбаевтар

Бірінші қатарда сол жақтағы Қарағұлов Әбдуәли жұбайы Фатимамен қасындағы Батыр Қазыбаев және мен. Түрегеп тұрғанның оң жақтағысы Кәкімжан. Демалыста 1977 ж.

Балықшы ауданының бекіресі (Гурьев облысы) 1977 ж.

Нәргүл тұрмысқа шыққан жылы. Рахымжан, Рахила, Сәкен, Рысты, Нүркен, Нәргүл, Батыр, Кәкең, мен. Кәкімжан құдасының үйінде

К.Қазыбаев Берлинде, Карл Кокошканың отбасында қонақта

Мәскеудегі жұлдызды қалашықта. Сол жақтағы бірінші қатарда Қуаныш Сұлтанов, Кәкімжан Қазыбаев космонавтармен

Халық қалаулыларымен

Қазақстан Орталық Партия комитетінің бюро мүшелерімен. Бірінші қатарда сол жақта Қазыбаев Кәкімжан, Аухадиев Кеңес, Байкен Әшімов, Нұрсұлтан Назарбаев, Мирошхин

К.Қазыбаев И.Кобзонмен бірге

Эстондық делегациямен

**Д.А. Қонаевтың Кәкімжанды
"Құрмет белгісімен" марапаттап жатқан кезі**

Сол кездегі Қазақ КСР Жоғарғы кеңес президиумының төрағасы С.Н. Имашев, ҚК партиясы орталық комитетінің хатшысы К.Қазыбаев, Алматы облысы партия комитетінің бірінші хатшысы К.Аухадиев

Д.А.Қонаевтың кабинетінде

Тағзым

Кәкімжан Қазыбаев

Кәкімжан екеуміз

К.Қазыбаев Балықшы ауданы Гурьев облысының депутаты

1980 жыл. Бауыржан Батырмен кездесу

Қазыбаев Кәкімжан Германияда

Кәкең екеуміз

Ұлымыз Нұртаспен бірге

Кәкең екеуміз және қызымыз бен ұлымыз 1982 ж.

Кәкеңнің немерелері. Оң жақта Шолпан, Салтанат, сол жақта Ерлан күйеу бала, Жұлдыз, артта тұрған Дархан (немере)

Кәкеңнің ауылдастары 1989 жылдың июль айының аяғы еді

Сол жақтағы Қазыбаева Нәргүл, оң жақтағы Нұртастың келіншегі Шолпан

Мен балаларыммен

Сол жақта келінім Зәуре, ұлым Батыр, қызым Нәргүл, күйеу балам Нүркен

Қазыбаевтың әулеті. Зәуре, Жәңгір, Батыр, Нұртас, Салтанат, Шыңғыс. 2007 ж.

Ортада Кәкеңнің ұлы Нұртас келіншегімен. Сол жақта түрегеп тұрған жиені Бекен

Сондай адамды да орнынан қуды-ау, Горбачев шовинист. Соның қуғын-сүргінін жүрегі көтере алмады ма?!... Ол дүниеден тез өтті ғой, дәурен-ай!

Сондай жаны жайсаң, Кәкем-ай!

Со кездесуден кейін көріспедік қой! Қазағына жарық жұлдыздай жарқырап көрінген шағында бақилыққа өтті де кетті, ол артына көзі-өзі Орекенді қалдырып.

Заря екеуімізге кейін ақыл кірді, Кәке! Соның куәсі – Орекенді қазір жас кезіміздегідей қастерлеп, өз құшағымызға алдық!..

***

Осымен Кәкең мен Орекең жайында сыр ашқан естелік эссемді тәмәмдаймын.

Қаярланбай, күлтектемей айтар сырым да шыным: пәниінде Кәкеңмен қандас, жан дос болған емеспін. Олай болуға нәнбіт шыным, батылым жеткен жоқ. Өйткені, оның қашанда мысы басты. Сондықтан, оған жалпаштанбай, жарамсақтанбай былай силайтын іні-замандас болуға тырыстым. Солай болды да. Сөйтіп, мен Кәкеңнің бар асыл қасиетіне, абзал тұлғасына құлай тәнті болған замандасымын. Оған деген осы бір тәнтілік оқып отырған сыр эссені жазуға еріксіз мәжбүр етті мені. Онда баяндалған жайларда артық кемі болса – бақилық Кәкеңнің ұлы аруағынан, қазір қуанышымызға қарай, аса қастерлер, қадірлі досымызға айналған халық анасы, ұлы ұстаз Орекең – Ольга Петровнадан кешірім өтінем!

3.07.07

Жарылқасын НҰСҚАБАЙҰЛЫ

ЖАЛҒАН СӨЙЛЕП, ЖАЛТАҚТАМАЙТЫН ЕДІ

Кеңес үкіметінің "түфі" дегені жерге түспей, қылышынан қан тамып тұрған кез. Жеткіншектер:

Ленин біздің бабамыз,
Ленин біздің данамыз,
"Бәленбай да, түгенбай"
Біз бақытты баламыз, – деп әндетіп, "күн көсемнің" Жүз жылдығын тойлап, бейқам жүрген дәуір. Бейімбет жарықтық "Шұға" повесінің алғашқы сөйлемін: "Ол кезде орыстың иісі де жоқ еді" деп жазғанындай, ол кезде тәуелсіздік дегеннен мүлдем дерек жоқ. КПСС ыдырап, КСРО құриды-ау деген ой ешкімнің қаперіне де кірмейтін мәңгүрт заман.

Партия тұрмақ ол кезде комсомолының да беделі зор. Ұсақ-түйек шаруаға батыл араласып, бұл да шеше беретін.

Соны малданып Қазақстан Комсолы Орталық комитеті, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Асылхан Самратов деген сыйлас азаматқа телефон соқтым. Көкейімдегі бір ойым: отыздан енді ғана астым. Балалар мен жастар басылымдарының біріне ауысып кетсем қайтеді? Осыны Асылханға айтып едім: – Әй, тоқтай тұр, онда. Мен жігіттермен сөйлесіп көрейін, – деп дөмелдендірді. Обалы не, көп күттірмей-ақ қайта телефон шалды.

– Жолдас Нұсқабаев! Сен бір апталай күте тұруың керек болды. "Лениншіл жастың" бастығы жол жүріп кеткен екен. Ол кісіден төменгілері сені жақсы біліп отыр. "Жай қызметкер болып келе қоймас. Ал одан жоғарылауын тек бастық шешеді, дейді. Солай, сен енді артынды қысып сол орнында отыра тұр, – деп сөзінің соңын әдетте екеуіміздің арамызда бола беретін қисық қалжыңға жендірді.

Өзі Омбының қазағы. Мектепті алтын медальмен бітіріп келіп, бізбен қатар оқуға түскенде қазақша "көк инені көзінен түрте алмайтын". Ендігі істеп отырғаны мынау. Қазақшам мықты деп жүргендеріңнің аяғын өлтек-төлтек бастырады. Ақ көңіл, бауырмал, білімдар. Біраз жерге баратын шығар деуші еді жұрт. Бірақ көңілшектігі етегінен көп тартты. Есейіп қалған соң өзге салаға да ойысып кете қоймады.

Сөйтіп, кемінде академик, министр дәрежесіне беймарал көтерілетін есіл азамат ауыл іргесіндегі майда шаруадан ұзай алмай өрістен қайтты.

Өмірдегі өз арнасын таппаған көп адамның тағдыры осылай көңілсіздеу аяқталатынын көріп жүрміз. Бірақ "Шығасыға – иесі басшы" деп халық дәп айтқандай көп жағдайда бар кінә өзіңнен болғанын не өлгенше аңламай кетесің немесе мүлдем кеш ұғасың. Себебі, адам табиғатында басына түскен бар ауыртпалықтың себебін өзінен емес, өзгеден іздейді. Біреуді кінәлауға пейіл. Көп реніш, жала да осыдан туындайды. Шіркін, адам осыны ертерек түйсініп, ертерек пайымдаса көп қателіктің жолын бөгеп, жақсылыққа жол ашар еді...

Міне, мен де жаңа торапқа түсетін сияқтымын. Әр жерге бір телефон соғып отырып, ҚазТАГ деген мекемеге де іліктім. Үлкен бастықтың (Қасым Шәріпов деген белгілі партизан, "Социалистік Қазақстан" газетін басқарған кезде газетті жауып, "Казахстанская правданың" аударма варианты етіп шығаруды ұсынатын осы кісі, байырғы журналистердің бірі.) алдындағы хатшы біз үйренгендей қыз-келіншек емес, жігіт болып шықты. Оның айтуына қарағанда қазақ тілінде атқарылатын бар шаруаны тек бастықтың орынбасары Жұмағали Ысмағұлов деген кісіге жолығып шешу керек екен.

Жүмекең ҚазТАГ-тың Гоголь мен Абылай хан көшелерінің қиылысындағы қазір "Атамұра" Корпорациясы иемденген үйдің екінші қабатындағы шағындау бөлмеде бір өзі отыр екен.

Мені бала күнімнен танитын. Бірақ, көп іш тартып сөйлесе қоймады. Бірер ауыз жөн сұрасқан соң алдында жатқан "Правда" газетінен екі абзац мәтінді көрсетті:

– Мынаны аударып көр. Мен қазір келемін.

Өзі шығып кетті.

Қиын еместей көрінді. Көп кідірмей тәржімалап қойдым. Телевизияда қызмет істеп жүріп, бірсыпыра телеочерк, телефильм сияқты жеңіл-желпі нәрселерді атүсті болса да аударып, аудармаға етім үйренінкіреп қалғандай көретінмін өзімді. ҚазТАГ-қа мені жетелеп келген де сол сенімім еді.

Жүмекең емтихан алатын мұғалім тәрізді өктемдеу сөйледі:

– Қане, әкел анауыңды. Болдың ба?

Қолын созды.

Үндемей жазғанымды ұстаттым да су жаңа "аудармашының туындысына" үңіліп қалған Жұмағали ағамның қас-қабағын бақтым.

Қара сиямен оқиды екен. О жер, бұ жерін сызып, маған бергелі тұрды да бірдемені ұмытып кеткен кісіше менің қолжазбама қайта тесілді. Қаламсабын олай бір, былай бір төндіріп бір түзету жасағысы келгендей шүйлігे түсті. Бірақ бірер минуттан кейін басын көтергені болмаса қыса түскен екі көзін әлі де менің жазғандарымнан ажыратпай, қабағын сәл тыржитқан күйі шешімін айтты:

– Бірдемең бар сияқты. Көрейік.

Қаламын енді тастады.

Сол күннен бастап ҚазТАГ-тың құлақ кесті аудармашыларының санатына қосылып, еш әзірліксіз, қолма-қол аударма жасау (диктовка) ісіне малтыға бастадым.

Алғашқы айларда қатты қиналдым. Кәріпхан Төшенов, Аманғали Сұлтанов, Болат Үмбетәлиев сынды тісқаққан аудармашылар телетайптан ішектей шұбатылып, үздіксіз түсіп жатқан қаулы-қарарлар мен ресми кездесулер жайын баяндайтын материалдарды үкімет пен партия басшыларының аяқ астынан келе қалатын көш құлаш сөздерін күнде естіп жүрген қарапайым әңгімелері тәрізді мүдірмей тәржімалап жатқанын көріп, қызығатынмын.

Ең қайран қалғаным – Аманғали мен Болат машинканы қыздардан бетер жақсы басатын. Әсіресе, Аманғали, тіпті машинканың әріптеріне көз қырын да салмай теретінін қайтерсің!

Қойшы, әйтеуір, мен де көшке ілесіп, мақтау еситетін күнге жеттім-ау, ақыры. Аударма ісінің нағыз өнер екеніне сол жылдар анық көз жеткізген едім.

Күн сайын әр аудармашының аударған материалдарын үстінен біреу оқып отырады. Біздің аударғанымызды кезектесіп оқитын кісінің біреуі – директорымыз, Қасым Шәріпов. Хатшылыққа еркек алғаны сияқты жұмыс стилиндегі кейбір оғаштықтарын жігіттер күлкіге айналдырып, көңіл көтеретін сияқты.

– Сені Шәріпов шақырған жоқ па? – дегені бірде темекі тартып тұрған бір топ қызметкерлерге жақындағаным сол еді, Кәріпхан маған бұрылып.

– Жоқ, шақырған жоқ. Неге шақыратын еді? – деймін анық білгім келіп.

– Онда асықпа, бала. Шақырғанда көрерсің!

Біздің екеуара әңгімеміздің аяқталған тұсында тұрған жігіттер түгел жымындасып қалды.

Олардың бұл қылығы директордың шақырысында бір "гәп" барлығын аңғартқандай еді. Бірақ жігіттер әңгіменің атымын тез аударып, мені "жалғыз" қалдырған соң көзім соларда болғанымен өз ойымның жетегіне ерген едім.

Сонда деймін ішімнен, директор мені шақыра қалғанда не қызық болуы мүмкін?! Көп болса "Дұрыс аудармай отырсың. Аударман дәл емес. Көп сөздісің". Немесе "баяу аударады екенсің" деп жекитін болар. Бірақ, мыналар оған несіне күледі?..

Әрі ойлап, бері ойлап, бұл жұмбақтың шешуін арада тағы бір айдай уақыт өткенше таба алмай, енді ол сұрақтан күдер үзіп, ұмытуға тақаған кезде аудармашылар отыратын бөлмеге аяқ астынан директорымыздың хатшысы жігіт келіп мені Қасекең шақырып жатқанын жеткізді. Сол сол-ақ екен отырғандар ду күлді. Баяғы Кәріпхан тағы да:

– Әй, сендерді қайдам, мен өзім мына Жарылғасын (Оңтүстік облыстардан өзге жақтың азаматтарының бәрі дерлік менің есімімнің бел ортасында тұрған қатаң "қ" дыбысын жұмсартып, ұяң "ғ" мен айтатынына әлдеқашан құлағым үйреніп қалған) бастыққа барып келгенге дейін шылым шегуге шығамын, – деп менімен ілесе орнынан тұрды.

– Е, ендеше біздің тапжылмай отырғанымыз қай қылғанымыз? ҚазТАГ-тың кәсегесін біз көтертпеспіз, әрі жалдап алған құлы емеспіз. Совет үкіметі құлдық атаулының тамырына балта шапқанына алпыс жылдан асқан жоқ па, жігіттер! Тұрайық. Қарекеңе серік болайық! – деп қазақы

қалжыңға бір ығын-ыңғи беріп тұратын Жақсылық Түменбаев орнынан тұрып, ыршқырын көтеріп жатты...

Шәріповтың хатшысы отырған бөлме құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Таң атқалы жаңбыр атпап баспағандай тап-таза, сап-салқын. Мені көре салып, хатшы жігіт аяқтарын ұшынан басып, лып-лып жүгіре желіп келіп маған бастықтың есігін ашты. Бұл "кір" деген ишара екені айтпаса да түсінікті. Хатшы жігіттің қызметі ғана әйелдікі емес, оның жүріс-тұрысы, мінез-құлқы да атқаратын қызметіне қарай қызтекелеу болып қалған екен.

Бар қимылы, әрекеті, іс жүргізу дағдысы сырт көзге түз-түгел ерсілеу көрінетін партизан басшымыз мен есіктен енгеннен бастап өзі нұсқаған орындыққа жайғасқаныма дейін кірпіктерін қақпай, менің тұла бойымды сүзіп қарап, көз жазар емес. Менің де екі көзім бастықта. Тек кіреберісте көмескілеу сәлемдестім:

– Сәлеметсіз бе?

Ол кезде қазіргі "Ассалаумағалейкум" деп жіберетін кең қоныш, жайма шуақ сәлем жоқтың қасы. Әйелдер сыңсыды ыздиып, тісіңіздің арасынан с-с-с деген дыбыстарын ғана *анық естіртіп, "мәдениетті"* амандасатын кезең.

Бастық менің сәлеміме "бә" демеді. Менің күйымшағым жер іскеді-ау деген кезде алдында жатқан бір парақ қағазды ұстаған күйі маған:

– Мына қате неге кетті?! – дегені.

Енді менен қалай құтылар екенсің дегендей аман-саулық жоқ бірден шүйілікті.

Мен ол кісінің қандай қате жөнінде айтып отырғанын білмеген соң қапелімде не деп жауап берудің ретін ойланып, мүдіріп қалдым.

– Мына қате неге кетті деймін мен!

Бастығымның даусы әлгіден де өктем шықты. Енді жауап қатпасам болмайтын сияқтанды:

– Бүгін, әсіресе, жұмыс асығыстау болып жатыр. Асығыстықтан кетіп қалған шығар, – дедім сөзімнің соңын міңгірлеп аяқтап.

– Мен саған мына қате неге кетті деп отырмын?!!

Үдеді. Қалғаны аздай қағаз ұстаған қолын маған бағыттап, сілтеп-сілтеп қойды.

Былшықтанып немесе жылағанда көз жасымен бірімен бірі жабысып қалатын жас баланың кірпіктері сияқты, жабысып, ұшы қайқиыңқырап тұрған селдір кірпіктерін бағанадан бері бір қаққан жоқ. Әлі тесірейіп отыр.

Бұл сұраққа енді жауап іздеудің керексіздігін сезген мен үнсіз отыра бердім.

— Ішіп алып, мас болып аударддың ба дейін десем, сау екенсің! — деді әлден уақытта сұрағын қайталағанды қойып.

— Ер кісіні әйел қылып немесе әйелді еркекке айналдырып жіберу, әйтпесе, дені сау адамның істегені емес! Мә, қара!

Бағанадан бері маған айбат шегіп, қайта-қайта сілтеп отырған бір парақ қағазын маған ұсынды. Жедел орнымнан тұрып, әлгі қағазға көз салсам, Украинада өткен бір спорт жарысында Гончаренко деген біреу бірінші орын алған екен. Осы спортшының әйел не ер кісі екендігі шағын хабардың соңында "он" немесе "она" деген сөз шыққанда ғана анықталады екен. Менің қателігім — әп дегеннен оның жынысын анықтап алмай, әйел не еркек ете салғаным.

Бөлендей қате емес екенін көрген соң көңілім орнына түсіп, батылсиын дедім бе, жоқ әлде менің пікірімше мынандай арзымайтын олқылық үшін соншама жер-жебіріме жетіп, намысыма тигені шымбайыма батты ма аяқ астынан жауап қайтарсам болар ма?!

— Ағасы, бұл бөлендей қате емес сияқты ғой. "Ондай ондай ханның қызында да..." — дей бергенім сол еді, партизан бастығым үстелді алақанымен салып қалды:

— Енді сен төжікелесейін дедің бе? Есіңде болсын, бұдан былай...

Арғы жағын айтпай біраз отырып қалды да:

— Кешірім сұраудың орнына, — деді де сөзінің соңын жұтып қойды. Бұдан әрі сөйлесуде мән жоқтығын ұққан мен:

— Бұдан былай мұндай қате жібермеймін! Кешіріңіз, — деп орнымнан тұрдым.

— Вот так! — деді үстелді бұл жолы бәсеңдеу ұрған директор.

***

Содан көп ұзамай мекемемізге жаңа басшы келгені мәлім болды. Бір бөлмеде қатар отырған төрт-бес кісінің бәрі дерлік танитын сияқты. Бірі қай жерлерде істегенін, екіншісі қызметтес болғанын, үшіншісі бір облыстан екенін айтып, жаңа басшымыз жөніндегі мағлұматтарымызды еселеп жатыр.

Ал мен ол кісінің ептеп жазатынын және анда-мұнда басшы қызметте істегенін, шамалап танитыным болмаса мандыртып ештеңе айта алмайтынымды аңғардым.

Коллективпен танысу үшін ұйымдастырылған мына жиында көріп отырғаным – бұл кісімен тұңғыш жүздесуім дегенім жөн болар. Содан да ма екен, Кәкімжан ағамыздың әр сөзі, әр қимылына зер салып отырмын. Орта бойлы, мығым денелі, баппен сөйлейтін, қазақы мінезді, қоңырқай жүзді, жігіт ағасы болып қалған басшымыз жүзі жылы, жазу ғана емес, сөйлеу мәдениетін де игерген, сабырлы кісі сияқтанды. Үстіндегі қоңыр костюмі мен қоңырқайлау ши жолды ақшыл көйлегі, жаңа таққан жылтырақ қоңыр галстугімен үйлесім тауып, әлгі пікірімді қуаттай түскендей.

Сөйлеген сөтте де баз біреулер тәрізді лағып, алып қашып, қисынсыз әңгіме қумай келте қайырды. Жұмыс істеуге келгенін, өзіне жүктелген міндетті ұжым мүшелерімен бірлесіп шешуге үміт артатынын айтып тоқтады.

Күні түні сөз теріп, сөзден ығыр болған журналист қауымына басшының жиналысты ащы ішектей созбай, тез таратқаны, ұнап қалды.

– Іскер басшы осылай болу тиіс қой, малтасын езбей. Бір сөйлем айтқанша күшеніп болатындарды да көріп жүрміз ғой, – деп қалды әр жағдайға өз көзқарасын білдіруге пейіл Аманғали.

– Баспасөз комитетінде орынбасар болып, істеген кезде де жаман аты шыққан жоқ. Азуы алты қарыс жазушылармен не бір жалмауыз журналистрдің бірі болмаса, бірі бірдеңе десе керек еді. Өзі жайлы "жақсы азамат" дегенді есітеміз. Жұртқа қиянат қылмасаң, жөнсіз тізең батпаса, бекер сөз неге шықсын?! – деп кідірді Көріпхан ағамыз.

Осы пікір көптің көңілінен шықты ма, ешкім қарсы дау айтпады.

***

Келер жылдың көктеміне салым әдеттегіше Лениндік деген жасанды белсенділік күні келді. Сенбі күні жұмысқа арнайы келіп, бір күнді құртпау үшін кіші-гірім мекемелер сенбіліктің жұмысын соның алдындағы жұмыс күні өткізіп жіберуге тырысатын.

Күн әлі жыли қоймаған. "Қар еріп, жылғада су" болғанымен үйлердің, әсіресе, көлеңке бетіндегі сіреу мұз сөгілмей жатыр. ҚазТАГ орналасқан үйдің теріскей бүйіріндегі троллейбус аялдамасынан сау етіп төгілген жүргіншілердің баз бірі абайсызда тайғанап құлап, көк жамбас болып жатқанын күнде көреміз.

Жұмысбастылықтан "мұрындарынан су кетіп, сіңбіруге мұршалары келмей жүретін" ҚазТАГ қызметкерлерінің бір тобын әлгі көлеңке беттегі көк сеңгір мұзды ойып, суағар арықты тазарту үшін алып шықты. Бірақ аса көп құлқымыз

жоқ. Күрек, қайла, сүңгі, сыпырғы секілді құрал-саймандарды бөліп алғанымызбен ерiншек тартып, самарқау қимылдап "дұшпан көзі" қылып тұрғанбыз.

Мекеменің тұс-тұсқа бөлінген қызметкерлерінің "қарқынын" көруге шыққан Көкімжан бастаған басшылар келе жатқанын байқап қалған жұрт жіті қимылдайын деді. Мұны көрген Көкең:

— Жігіттер, қарқындарың жақсы екен. Біршалай жүргіншіні майып болудан сақтап, сауабын алатын болдыңдар, — деді әзіл-шынын араластырып.

Не істесе де үстіне түсіп істейтін Нұрмахан Оразбеков мұз құрсанған арықтың ішіне тізесіне дейін түсіп алған күйі зілдей сүйменнің үшкір ұшын қадап, бар пәрменімен қарш-қарш соғып, содан ұшқындаған мұз жарықшақтары тиіп кетпесін дегендей басшылар сәл шегіңкіреп тұрған. Сүңгіні соққан сайын шашы желп-желп етіп, шып-шып тері шыққан Бас редакторымыз Нұрмаханның мына қимылы ерсілеу көрінген соң мен де тек тұрмай:

— Нұреке, тым ақжүректіктің не керегі бар? Кейде ол нәрсенің де пайдасынан зияны көбірек болатыны да бар-ау ?! — деп қалғаным.

Менің мына сөзімді естіп тұрған Көкең көзінен жас аққанша ал кеп күлсін. Әлден уақытта қалтасынан алған бет орамалымен көзін сүртіп жатып мені нұсқап:

— Әй, мынада бәле бар! Мынау сау емес! — деп күлкісін әлі тежей алмай тұрды. Көзінен де, сөзінен де сол сәт өзіме деген разылық сезімін айқын көріп едім. "Көкең екеуіміздің ойымыз, сірә, бір жерден шықты-ау" деп ойладым ішімнен.

Коммунистік қоғамға қызмет етіп жүрген басшы азаматтың бірі — Көкімжан Қазыбаевтың сол күлкісі оның ішкі жан дүниесінен хабар беріп тұрғанын бәріміз де анық аңғарғандай болып едік.

ҚазТАГ-та ұзақ істедім. Жұмысы ауыр. Анығын айтсам журналистен гөрі соғыс кезінде станоктың басында тұрған адамға көбірек ұқсайсың. Дамыл жоқ. Твардовскийдің "За далью — даль" дегені сияқты. Қауырт жұмыс бірін бірі кимелеп келе береді, келе береді. Дені түзу жұрт күніне сегіз сағат жұмыс істесе, біз таңертеңгі тоғыздан түнгі 12 немесе бірге дейін екінің бірінде отырамыз. Оның басты себебі — Мәскеу мен біздің сағат айырмашылығымызда. Жаңа, мемлекеттік маңызды хабарлар мен шешімдердің дені жоғарыдан, әдетте, түстен кейін келе бастайды. Себебі, КСРО атты жойқын елдің астанасы — Мәскеуде түс болғанда бізде күн еңкейіп қалады. Оның үстіне Орталықтың

қас-қабағын бағып қалыптасқан жергілікті басшылардың сол тұстағы бір жаман әдеті – Мәскеуде болған жаңалықтарды сол күні радио-телевизиядан беріп, ертеңгі республикалық газеттерде Мәскеумен жарыса жариялауға тырысатын. ҚазТАГ-тың қазақ бөлімінде істейтіндер мен газеттердің сол күнге жауапты қызметкерлері тырп етпей, Мәскеудің дегенін істейтін. Соның салдарынан біз ол жылдары күніне кемінде 3-4 сағат, оның үстіне жұмыстан кейін, түнде, демалыс күндері артық жұмыс істеп жүрдік. Мұнымыз үшін, бірақ ақы сұраған емеспіз.

Жұмыс ауыстырғым келгенінің бір себебі осы еді. Бірақ негізгісі басқа-тын.

– О-о! Біздің аудармашы жігіттер жалақыны кейбір министрлерден де артық алады! – деп қолтыққа су бүркетін Кәкең бізді көтермелеп, ал сол "артық ақша" үшін "Аудармашы жігіттердің" бар денсаулығын, талант-дарынын ысырап етіп, өмірін зая кетіріп отырғанын біреу ойлады ма екен сол тұста?! Әй, қайдам?..

"Шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады", – демей ме халық даналығы. Менің де шыдамым таусылып, сынатын күніне жетті. Бірақ мені жұмыстан жіберетін түрлері жоқ. Қолыма бір жапырақ өтінішімді ұстап, Жұмекеңді жағалағаныма екінші апта. Бұл кісі қол қоймаса Кәкең босатпайды.

Жұмекеңнің кабинетінің есігін тоздыратын болдым. Күнде кірем. Кіремін де өтінішіме қол қоюын сұрап, қиылып тұрғаным. Жұмекем маған басын көтеріп те қарамайды. Кетпей қойсам бөлмесінен өзі шығып кетеді. Лажым құрыды. "Қой, Кәкеңе барайын", Кәкімжан қайдасың деп кабинетіне келдім. Жұмекеңнің сөйлеспей қойғанын, ал ауысып барғалы отырған мекемем – "Жалын" баспасының директоры марқұм Қабдыкәрім Ыдырысовтың бұйрық шығарып қойғанына он күн болғанын мұң қылып айттым.

Кәкең байсалды, байпты кісі. Байырғы әдетінше сөзімді бөлмей, мұқият тыңдады. Сосын:

– Ондағы айлығың қанша болмақшы? – деді менің не үшін кетіп бара жатқанымды түсінінкіремей.

– Екі жүз сомның шамасы.

– Сен келінмен ақылдасып па едің? Ол ақшаға бала-шағаңды асырай аласың ба?

– Осы жердің ақшасын қимай онсыз да көп отырып қалдым, Кәке. Ептеп жазатын әдетім бар еді. "Ақша, ақша" дей берсем жазу-сызудан мүлдем қол үзіп қалатын сыңайым бар. Кішкене қолды босатып, ойда жүрген бірдемелерімді түртінектемесем болмайтын сияқты.

— Е-е-е, дұрыс мұның. Ондай ауру бізде де бар. Біздің жігіттердің осыншама жібермей отырғанына қарамастан қазіргі алып жүргеніңнен үш есе кем жалақыға кеткелі жүрген тәуекелің маған ұнайды. Кісіде мінез болмаса одан түк те шықпайды. Ең әуелі қабілет керегі аян. Бірақ сенен бірдеме шығуы үшін өзіңді тежей, қинай білуің керек-ақ. Әсіресе, бұл қасиеттер творчество адамына ауадай қажет. Менің аңғарғаным — сенде мінез бар, жақсы мағынасындағы мінез. Сені осы қасиетің біраз жерге жетелейді ме деп үміттенемін.

Сөйлеп отырып телефонның түймесін басып, құлағын көтерді.

— Жұме-еке, баяғы біздің бала күнімізде бой жеткен қыздар өзінің көңілі жарасқан адамына қосылайын десе, ата-анасы рұқсат бермей қинамаушы ма еді? Өзге лажы құрыған қыз бейшара өзенге немесе құдыққа су алуға барып, иін ағашы мен екі шелегін сол жерге тастай салып, сүйгенімен қол ұстасып қашып кетпеуші ме еді?..

Телефонның арғы жағындағы Жұмекең де атым аталмаса да әңгіменің мен туралы екенін дереу пайымдай қойып, қарсы аргументтерін айта бастады-ау, сірә. Көкең ол кісінің сөзін бөлді.

— Жұмеке, бұл жігіттің өтініш бергеніне он күндей болып қалыпты. Енді бірер күннен соң бұл әлігі бойжеткендер тәрізді құйрықты бір қағады да жүре береді. Заң — Осының жағында.

Біздің Қалтай бірде өзі туған ауданының басшысы , иә Мұхамеджановты айтам, "биыл күріш өте бітік болды. Келіп көріп кетсеңізші" деп қиылып қоймаған соң еліне бармай ма?

Кешке қарай, салқын түскен соң хатшы:

— Қалеке, екі жарау ат алдырып қойып едім. Егінді атпен аралап қайтсақ қайтеді? — дейді ғой.

Содан екеуі аудан басшысы мақтаған егінді көріп, ауылға қарай қайтып келе жатқанда хатшы:

— Қалеке, қараңғы түсіп кетпей ауылға жетіп алайық. Кішкене аттардың басын жіберіңкіреп алсақ қалай қарайсыз? — дейді.

— Бұл ұсынысты Қалтай да қош көріп, екеуі аттарын тебініп қалмай ма? Күні бойы ауыздықтарымен алысып келе жатқан жараулы жануарлар пырылдап қатты шауып, үстіндегі кісілерді жығуға айналады. Қандай жағдайда да қалжыңы қалмайтын Қалтай серігіне:

– Әй, бәлеңше! Аттарыңның арыны қатты. Мына жердің топырағы борпылдақ екен. Түбі жығылармыз. Осы жұмсақ жерге өзіміз-ақ құлай кетсек қайтеді?! – деген екен.

Сол айтпақшы, бұл жігіт бізден түбі кететін түрі бар. Сондықтан өз ықтиярымызбен жіберіп, абырой алайық! – деп телефонның құлағын орнына қойды.

– Ал, қане жолың болсын. Қайда жүрсең де бізді ұмытпассың. Бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы емес пе?

Кәкең орнынан тұрып, қолын усынды.

Дереу Жұмекеңнің кабинетіне кірдім. Басын көтеріп, қарамайтын әдетіне басып, бір қолын созды. Өтінішімді ұстата қойдым. Айбақ-сайбақ әріптермен "Не возражаю" деп жазды да өтінішімді өзіме қарай тастай салып еді, ол қайқаң-қайқаң етіп ұшып барып, еденге түсті.

Еңкейіп, өтінішімді алдым да рахметімді айтып шығып кеттім.

Бұл алғыс сөзім тек Жұмекеңе ғана емес, ҚазТАГ-тың өзімді жанына жақын тартқан барша азаматтарына арналған ризашылығым еді...

Арада тағы да табаны күректей бес жыл өтті. Мен "Мектеп" баспасына бас редактор болып тағайындалған едім. Бұл қызметімнің дәрежесі бойынша Орталық Комитеттің номенклатурасына енетінмін. Яғни, жеке көлігің, үкіметпен, партия органдарымен тікелей сөйлесетін құқың болады. Министрлер Кеңесінің емханасына тіркелесің, Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысында бекітілесің. Ол заманда бұл едәуір дәреже.

Бұл ол орынға Кәкең – Қазыбаевтың хатшы болып келген тұсы.

Оны-пұны құжаттарымыз әзір болған соң Орталық Комитеттің үшінші хатшысы Кәкімжан Қазыбаевтың кабинетіне шақырды. Ұмытпасам Сауытбек Әбдірахманов, Мамадияр Жақыпов тағы бірер кісі шақырылған екен. Бәріміз де "бекуге" келгенімізді жөн сұраспай-ақ біліп отырмыз. Бөлім бастығы Шестаков деген кісі хатшының бөлмесіне әлсін-әлі кіріп-шығып бітіргенсіп жүр. Бізді менсінбейтін сыңай танытты. Бірлі-жарым сұрағымызға немкеттілеу, жүре жауап бергені соны аңғартады.

Біршама күтіп қалдық. Бір кезде іштен шыққан Шестаков менің фамилиямды атап, ішке шақырды.

Бала күнімізде комсомолға, бертініректе партияға мүшелікке өткенде бір-бірлеп осылай шақырушы еді-ау деп ойланып кірдім. Мен кіре бергенде өзімнің осыдан 5-6

жыл бұрын бастығым болған Көкең орнынан тұрып, үстелінен берірек шықты да кенет маған мінездеме бере бастағаны. Бөлмеге енгенше жүрексінбей келген мен енді шын қысылайын дедім.

— Біз Нұсқабаев жолдас екеуіміз ҚазТАГ-та табаны күректей бес жыл бірге істеппіз, — деді Көкең менің анкетама көз салып тұрып. От пен судан бірге өттік десек болар. ҚазТАГ-тың қазанында қайнаған кісіге кез келген жауапты міндетті жүктей беруге болады. Ал Нүсқабаев жолдастың творчестволық мүмкіндігі мен кісілігін мен тәрізді жақсы білетін болсаңыз мүлдем күдіктенбей сенім арта беруге болатындығын ресми түрде айта аламын, — деп алды да орнына отырып, жұрттың пікір айтуын сұрады.

Хатшы мынадай кіріспе сөз айтып тұрған соң кім не десін?! Отырғандар түз-түгел құлшынып, Көкеңнің пікірін қуаттады.

— Ал, жолдас Нұсқабаев (ол кезде тек осылай сөйлесетін) Сіздің Орталық Комитеттің сеніміне лайық еңбек етіп, өзіңізге тапсырылған міндеттерді мүлтіксіз орындайтыныңызға зәредей күмәніміз жоқ. Жолыңыз болсын! деп соңғы ресми тілегін айтты.

Кезінде тіпті өзінмен деңгейлес қызметте жүріп, үлкендеу жұмысқа бара қалса, мүлдем өзгере қалатын, сені жыға танымайтын адамша ернінің ұшымен ғана амандасқансып мардымси қоятын екіжүзділер сияқты ауа райына қарап, құбылып тұратындардың сыртынан емес-тін Көкең.

Бірқалыпты, бір сөзді, күміжімейтін, күлбілтелемей, айтарын анық айтатын, жалған сөйлеп, жалтақтамайтын жан еді мен білетін Көкең — Көкімжан Қазыбаев.

Қазақ журналистикасының даму, қалыптасу тарихында да елеулі із қалдырған, қаламы жүйрік журналист, жазушы Көкімжан Қазыбаев менің көкейімде осындай қасиеттерімен сақталып қалды.

Тұрсынзада ЕСІМЖАНҰЛЫ

ПАРАСАТ

Мен де, менің жарты ғасырға жуық өмірді бірге кешіп келе жатқан жан-жарым Тыныштық та бала кезімізде Алматы облысы Ақсу ауданындағы қазіргі Мамания мектебінде оқығанбыз. Біздің бақытымызға бұл мектепке жоғары оқу орындарын жаңадан ғана бітірген "супер" ұстаздар сау ете қалды да, қай пәннің болса да қызығы мен тартымдылығын

арттырды да жіберді. Ленинградтың "Зенит" командасында ойнаған, Ұлы Отан соғысынан біздің Ақсу ауданына қайтқан Спартак Александрович Виноградов, көрнекті мемлекет қайраткері Ұзақбай Құлымбетовтың қыздары – апалы-сіңлілі Кабира және Орынша апайлар, математика, орыс және қазақ әдебиеттерінен тамсандыра білім берген кейіннен партия, кеңес қызметтерінде көрнекті орындарға көтерілген Айтыш Ахметов, Елетай Садуақасова, Айтжамал Нұғысова, Ленинщіл Зиябекұлы Рүстемов, Ермұханбет Жақсылықов, бұлардан басқа да, дарын таланты ұстаздар – санамыздан өшпестей орын алған тұлғалар. Бас-басына мадақ-марапат жазар тәлім-тәрбие иелері.

Осылардың ішінде Зейнолла Қабдолов ағамыз айтпақшы, "Жалт еттің де жоқ болдың – көрген түстей, сағымдай" деуге келетін тарих пәнінен тамсандыра сабақ берген, киім киісімен де, жүріс тұрысымен де, сыңғырлаған күмістей күлкісімен де, мәнерлі де өнерлі дәрісімен де бәрімізді баурап алған Орынша апамыз болатын. Жасыратыны жоқ, жоғары класс оқушылары жалындап ойнап тұрған жас Аруға алғашқы махаббат оттары тұтана қарайтын...

Өмір, Тарих бізден бұрын да болған, бізден кейін де болады.

Бұрынғыға бұрылсақ, Мамания мектебінің тарихына Мұхамеджан Тынышбаев, Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров бастаған тау тұлғалы тарландардың да, әнші Майрадай, Ақын сарадай саңлақ сандуғаштардың да қатысы бар. Осы мектептің түлектері санатынан көрнекті қоғам қайраткерлері болған Кәкімжан Қазыбаевтың, Дүйсетай Бекежановтың, Жекен Қалиевтың, тағы басқа айтулы азаматтардың есімдерін атаймыз.

Зекеннің "Жалт еттің де жоқ болдысын" бекер жазған жоқпын. Ешкімге көріп беруге қимайтын Орынша апайымызды, күндердің бір күнінде, астанамыз Алматыдан келген, жас та болса, бойы нарық пен парасаттан тұратын, жүріс-тұрысы да, сөз мәнері де байсал мен бапқа толы Кәкімжан Қазыбаев ағамыз алды да кетті. Орынша апамызды да алып кетуге жарайтын күш бар екен-ау деп, Алматыны армандай көретін шәкірттері аңтарылып қала берді.

Ұстаздар Шәкірттерден сынақ алса, Шәкірттер де Ұстаздарға сынай қарамайды деуге болмайды. Бұл жағынан алғанда, Кәкімжан Қазыбаев ағамыз да, Орынша апамыз да менің жеке басымның сынынан тек қана жақсы жақтарымен өткен, өз жүрегімнің Үздік бағасын алған жандар.

Содан да Көкімжан Қазыбаев туралы естелік жазарда оның туған тегі мен руына тереңдеп бармағаныммен, оқыған тарихи мектебін, өсіп қалыптасқан ортасын, жарты ғасырға жуық жары болған, Нөргүлдей, Нұртастай, Батырдай өнегелі ұрпақ өсірген Орынша апамызды айтпай кету ағаттық болар еді.

Ал, Көкімжан ағамыздың өз басына оралсам, қолыма қаламды алуын алғанмен, жосылта жазып кетуге дөтім шыдамай, сан түрлі естеліктер елесінің қоршауында қалып, сол қоршаудан қаламды тастап қана құтылып шығып отырдым. Құтылып шықтым деу – қате. Мынау бимаза заманның қаптаған жақсылы-жаманды оқиғалары ортасында, алуан түрлі әсерлер тасқынында түншыға жаздап жүргенде де, түрлі мерейтойларда тасып-шалқып күлгенде де, теңізде малтып тынайғанда да, жағадағы жартаста отырып мұңайғанда да Көкең жайлы естелік жазу уәдесі ойымды орап тұрды.

Ол кісі туралы жазуға қалам алсам, жақын араласып, бірге, бір редакцияда немесе бір Орталық Комитетте қызмет істегеніміз еске түседі. Арамызда сыпайылық пен салқындық қамалы тұрғандай. Бұл бір жағынан. Ал, екінші жағынан келгенде арамыз алшақ жүргенімен, соншалықты жақын араласқандай болып көрінеді.

Мен ұмытпаған, есімнен шықпаған жағдайлар аз емес екен.

Солардың қайсыбірін жазсам да, асықпай аялдап, көркемдік тәсілдердің сан түрлі елегінен өткізе, ойлы оқырманның жүрегіне жеткізе суреттейтін тұстар “мені жаз, мені жаз” деп анталап, асығып тұрғандай көрінеді.

Қайсысынан бастасам екен...

Шыжыған жазда Ақсу селосының жұртшылығы қолдарына күрек, кетпен ұстап, қара құрым қопарыла қозғалып, Су Электр Станциясына канал қазуға барғанда, бала да болсақ біз де қара жұмыстан қалыспаушы едік. Сонда да каникулдағы Көкімжан Қазыбаев қара жұмыстан қашпайтын қара нарлығын көрсетіп, аудандық бір мекеменің бастығы Ахметжан ағасына ере барып, екпінді еңбектің үлгісін көрсетіп-ақ қайтушы еді ғой. Осыдан бастасам да соғыстан соңғы жылдардың суреттерін сомдауға болатындай...

Бірақ, соғыс кезіндегі тылдың тың тақырыптарын жазушы Көкімжан қаламы да тебірене тербеп еді-ау. Өмірден ойып алғандай өз көзімен көргендерін көркем прозаның тілінде айнытпастай аз туындатқан жоқ.

Әлде, жоғарыда айтқанымдай Орынша апамыздан бастасам ба... Мен мектепті бітіруге жақындағанда, санаулы да сүйікті ұстаздарымыздың бірі болған, сабақ берісімен де, саналы қоғамдық жұмыстарымен де кереметтей көзге түсіп келе

жатқан Орынша апайымызды, Ақсудың ардақты қыздарының біріне айналған апайымызды аққөңіл жерлестерінің аузын аштыра алақанға салып, Алматыға ала жөнелген сол кездегі "Лениншіл жастың" қызметкері Көкімжан Қазыбаев болса, алдарынан "келін келеді" деп, шашу шашып, тосып алған атағы мен айбыны жер жарған Бауыржан ағамыз Момышұлы емес пе еді.

Бұның өзі де, аз дегенде бір баспа табақ көлемді алатын көркем шығармашылық оқиға ғой...

Жо-жо-жоқ... Тура тұрыңыз. Оның бәрі сырттай ғана қызықтау болар. Көзбе-көз кездесуден бастаған жөн бе.

КазГУ-ге де ешкімнің жетегінсіз өз күшімізбен түстік. Газет, журналдарға жазғандарымызды бұрын жүздерін де көрмеген алғашқы танысқан ағаларымыз жариялап жатты. Танымал ақындардың батасын алып, суретпен топтама өлеңдер шығару ол кезде жаңа басталған "мода" болатын. Менің алғашқы өлеңдерімнің топтамасын Зейнолла, Қуандық, Сырбайдың қамқорлығымен "Қазақ әдебиеті", "Коммунизм таңы" газеттері, "Жұлдыз" журналы басып шығарса, "Жырға Сапар" жинағына алғысөз жазған Мұзафар Әлімбаев шығармашылығыма зор сенім арта мақтады. Сол жылдары "Коммунизм таңы" газетінде редактордың бірінші орынбасары болған Көкімжан ағамыз мені Орынша апайымызға қуана мақтап барған көрінеді. "Сіздің мектептегі шәкіртіңіз алысқа шабатын ақын болады! мұны кейіннен Орекең апамыз айтты. Алғашқы өлеңдерімiздің арыстандай ағаларымызды қуантуы да естелікті бастап кетуіме көп-көрім көрініс емес пе?!"

Біздің алдымыздағы ағалардың шығармашылыққа деген әділдігі, қазір ойлап отырсам, төнті болуға тұратындай. Ауылшаруашылық институтында оқитын Ерсадық деген досымнан сәлемдемемен беріп жіберген өлеңдерімді ол кезде менің түрімді де көрмеген Мұзаған, Сыраған мақтап алғысөз жазуы жан тазалығын көрсетпей ме?!

Өзі студент болса, өзі Төлеужан Ысмаилов, Тоқаш Бердияров, Мұқағали Мақатаевтармен бірге ресторанннан ғана тамақтанса – ақша шақ келе ме?! Ерте мақтау мен мадақ, шалқыған шарап бізді де жастықтың әуре-сарсаңына сала бастады. Атағы, даңқы алысқа тарамады демесеңіз "Қойшылар" деген философиялық поэмасы талайларды ойландырған Еркін Ібітановпен сол кездегі жиырма жастар шамасындағы менің айтысымды Ғылым Академиясының үлкен залында алдыңғы қатарда отырып тыңдаған Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбановтардың, одан басқа да Хамит Ерғалиев бастаған дүлдүлдердің қопарыла қуанып

қол соғуы бір жағы қанаттандырса, бір жағы "арақтандырып" та жібергенін жасыруға болмайды. КазГУ-де декан болған Тауман Амандосов пен куратор болған, қазірде қазақ әдебиетінің ақсақалына айналған Шериязддан Елеукеновтің жанашыр ақылы да жүре тыңдалады...

Сол кезде де Кәкімжан ағаның кеңесі дұрыс екеніне көзім жетті. Сол кеңес бойынша оқуды сырттайға ауыстырып, Мұзаған Әлімбаевтың айтуынша "сырттандар" қатарына қосылып, дипломды қазақ әдебиеті туралы академиялық білімі бар мұзбалақ Мұзағандармен бір жылда, бір күнде, бір сағатта алуға тура келді.

Кәкеннің кеңесімен аудандық, ауданаралық газеттерде бөлім меңгерушісі редактордың орынбасары, редактор болып істегенде де ол кісінің сырттай жанашырлығын сезініп жүргенімді жасырмаймын.

Кейбірін мәнді шығармамды екі дана етіп, бірін аудандық, екіншісін облыстық газетке жіберу әдеті болушы еді. Ұмытпасам Ұлы Октябрь Революциясының мерейтойына арнап, КСРО-нын жүріп өткен жолына шолу жасала жазылған ақындық толғауым осылайша екі газетке де шықты. Облыстық газеттен Қосжан Мүсірепов телефон шалып, сол кісінің тапсырысымен деген. Алматыға сырттай оқудан сынақтар тапсыруға келгенде Кәкеңе сәлемдесе кірсем, түсі сұп-суық, бірдеңеге ашуланып отырғандай қарсы алды. Реніші басқаға емес, маған байланысты екен.

– Сенің Сталин деген сөзіңді партия деп өзгерткен менмін. Ал өз газеттеріңде өзгертпей басыпсың. Бұның жарамайды. Бүкіл Партия, Халық болып жеке адамға табынушылықты аяусыз сынап жатқанда сенің толғауыңда "Сталиннің аузымен Отаным сонда Ант ішті" деген жолдардың жүруі – жазаға сұранумен бірдей.

– Бұл оқиға тарихи шындық қой. Ленин өлгенде Сталиннің Ант беруін жоққа шығарамыз ба?

– Болды-болды. Шындық үшін де талайлардың басы кеткенін ұмытпауың керек. Жалпы журналистік қызметте батылдық, батырлықпен бірге сақтық та қатар жүруге тиіс.

Жазушылар мен журналистер шығармашылығы жайында шынайы пікірлерге бай, ақыл-парасаты жағынан табанды да орнықты, байсалды сезінетін, нағыз бапты қимылдың, тыңғылықты іс-әрекеттің адамындай танылатын ағамыздың өз қаламы неге өндірте жазбайды екен, өзге журналистер құлаш-құлаш мақалаларын газеттердің бетін бермей жариялап жатқанда, бұл кісінің алдымызда суреттей болып қана киініп, ақыл айтумен ғана жүретіні несі екен. Міне осындай сұрақтар ізетті інілердің аузынан шықпағанмен, көңілдерінде көптен білінетін.

Мен болсам, ара-тұра бұндай сұрақтарды қойып та жүрдім. Жымиып қана күліп қоятын. Жазушы болу оңай шаруа емес. Алда уақыт бар ғой – көреміз. Сол көремізділің аяғы бір күні "Лениншіл жаста" "Рейхстагқа Ту тіккен қазақ" деген атпен жарқ ете түсті. Халқымыздың арасында ол кезде елеусіз ғана жүрген Батыр Рахымжан Қошқарбаев туралы тұңғыш жазылған, қазақ журналистикасының көгінде найзағайдай жарқ ете түскен бұл шығарманы оқымаған қазақ кемде-кем шығар.

Жалпы, Кәкімжан Қазыбаев туралы естелікті оның аты-жөнін жалғыз Жетісуға ғана емес, бүкіл қазақ халқына, тіпті Одаққа жарқ еткізе тұңғыш танытқан осынау тарихи очерктен бастап кетсе де болар еді. Бұл очерк автордың есімін де қаһарман кейіпкердің есімімен қатарластыра батырлық, қайраткерлік биікке көтерген шығарма еді.

Қазыбаевтың қаламы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халық ерлігін барынша шынайы суреттеген алуан тақырыптағы роман, повестерді беріп үлгерді. Оның бәрі де "Рейхстагқа Ту тіккен қазақ" атты очеркті оқыған қалың оқырманның қалауымен, халықтың сұранысымен туындаған, қарымды да дарынды шығармалар деуге болады.

Кейіннен қалыптасқан жазушының қалың бір кітабына редактор болғанымда Кәкеңнің сырт сынға адалдығын да анық байқадым.

– Ағайыншылыққа салынба. Аямай, түзеп, қолыңнан келсе күзеп оқып көрерсің. Сыпайыгершілікке салып қол қоя салудан аулақ бол. – Мұны айтқанда ол кісінің өңінен маған сенген парасат белгісі көрінді.

Бірлі-жарым сыни пікірлерімді ашық айттым, ол кісі қабылдағанын қалтқысыз түзеді де қабылдамайтынын толымды дәйекпен дәлелдеді.

Жалпы өзім редактор болған жазушылардың ішінде шығармасын өткір сын көзбен оқуымды сұрағандар өте сирек. Тіпті, жоқ десе де болады. Сол сиректің бірі – Кәкімжан Қазыбаев та екіншісі Қабдеш Жұмаділов.

Арамыздан ұзап кеткеніне талай жылдар аралаған ағамызбен көзінің тірісінде, өз үйінде тұңғыш рет дастарқандас болғанымыз да бір үлкен оқиғаға байланысты еді. Бұрында әртүрлі мерейтойларда, оның ішінде Кәкеңнің өзі басқарысып, Тойаға болған думандарда да сөз алып тілектер айтқанымыз әредік-әредікте ұшырасып келгенімен, тап Орынша апайымыздың өзі жайған дастарқаннан құтты шаңырақтарында бірге болып, дәм татысқан ағайын-туыс, жора-жолдастарымен бірге шын жүректің тілектерін айтқан кешіміз де бүгінгідей көз алдымда. Арнайы шақыртумен емес, ақкөңіл қуанышпен барып, құшақтап құттықтау ниетінен

туған жиылыс. Тоқтарбек Кәріпжанов, Ермұханбет Жақсылықов, Сапар Байжанов, Қамал Смайылов, Бекежан Тілегенов, Сайын Мұратбеков, Сағат Әшімбаев, Сырым Түймебаев бірге жұбайым Тыныштық екеуіміз де Қазақстан Компартиясының кезекті Пленумында Кәкімжан Қазыбаевтың Орталық Комитетке хатшы болып сайланғанын арнайы өлең жазбағанмен, ақ жүректен құттықтаған едік.

Көп жылдар әдеби ортадан аулақтап кетіп, хабар-ошарсыз жоғалыстардан кейін өңкей ығай мен сығайдың ортасынан бірақ шыққаныма Орынша апамыз да, Кәкімжан ағамыз да жатырқағандық сездірген жоқ, қайта Орынша апамыз "Тұрсынзада мен Тыныштық – менің шәкірттерім" деп номенклатурадағы замандастарға жылы шыраймен таныстыра түсті.

Жасырақ кезде болмаса, номенклатуралық қызметке қызықпағандардың бірі екенімді жұртшылық біледі. Құдайдың берген қызметі – ақындық, қаламгерлік болғандықтан, өмірлік бүкіл мақсат мүддемді, осыған ғана бағындырған кісімін. Шерияздан ағамыз айтпақшы, менің өз орнымдағы жұмысымды жақсартуым – қаламгерлікті үдету еді. Өлең-романым Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, Ғабит Мүсірепов, Мұхаметжан Қаратаев, Софы Сматаев, Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзалиев, Шөмішбай Сариев, Есенбай Дүйсенбаев, Несіпбек Айтов, Нәбиден Әбуталиев тағы басқа ақын жазушылардың жомарт мадақ-мақалалары жарияланды.

– Кітабыңа Ғабит Мүсіреповтың мақтап жазған алғы-сөзі, – деді Орталық Партия комитетінің хатшысы Кәкімжан Қазыбаев, – сыйлықтың қандай түрінен болса да артық емес пе. Ақындардың пайғамбарындай Абай атаңда қандай сыйлық бар...

– Арсыз болмай – атақ жоқ! Бұл да – Абай атамыздың сөзі емес пе?! – телефонның бір жағынан мен де өз пікірімді қосып қойдым. Жалпы атақ жарыс, даңқ жарыс сияқтылардың бәрі де пендешіліктің басты белгілері екенін өз басым ертеден түсінуші едім.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында да Комсомол сыйлығына Тұманбай Молдағалиевтермен бірге ұсынылғанымда, ауылда жатып хат жазып, тізімнен шығарып тастауларын өтінгем.

Бұл жолы да солай жасадым. Төрт нөмерлі телефонынан Көкеңмен сөйлесуге рұқсат берген Жекен Қалиев оныма таңқалыс білдірді.

– Жалпы менің шығармаларымның ішінде Нобель сыйлығына да лайықтылары бар, – дедім мен Жекеңе ойын-

шыны аралас. – Бірақ, ақынның ақындығы алған сыйлығымен де, атағымен де өлшенбейді. Киелінің бағасын Киелі Болашақ қана бере алады.

– Мені қоя тұрып, Мұқағалидың аруағы риза болсын! Және де қыздың жолы жіңішке – Фаризаны ескеріңіздер, – деген едім сөз арасында. Бұл сөздеріме Орталық Комитеттің хатшысы да қарсы шыққан жоқ. Атақ-даңқты қуаламайтын, шын мәніндегі қазақ зиялыларының бірі Жекен Қалиев те мақұл көрді.

Жарайды, біздікі алыстан сермеген қол шығар. Баяғы Абай айтқандай. Ал, бір табан жақын жүріп, тіпті өз қолында бола тұрып, атақ-даңқ аңсамайтын асыл адамдар тарихта да, өз ортамызда да аз болды ма?!

Кәкімжан Қазыбаев – сондай санаулы азаматтардың бірі еді...

Бұл айтқандарымды Кәкең туралы естеліктердің бір тұсына кіріктіріп, біріктіріп жіберген жөн шығар.

Ол кісі туралы ойлағанда, қапелімде қайғырған тұстарын да ұмыту жарамас.

Жалпы, қандай себеппен, қандай жағдайда іздесе де менің таптыруым оңай бола қоймайтын. Содан да, ағайын туысқанның, жора-жолдастардың қуаныш тойларына да, қайғы-қасіреттеріне де қатысуым о бастан-ақ өте сирексіп келеді. Мұндайға өте ұқыпты Жекен ағамыз Дүйсетай Бекежановтың да, Кәкімжан Қазыбаевтың да, Кәкеңнің өсіп-ержетуіне, жоғары оқу орнын ойдағыдай бітіруіне көп көмек жасаған ағасы Ахметжанның да әр жылдарда әртүрлі жағдайларда қайтыс болуын маған арнайы хабарлап, өз көлігімен ала барғанын айтқаным жөн. Ағайын бірге – туғанда, бірге – өлгенде демекші, парыздарды өтесуге тигізген септі қалай ұмытарсың.

Кәкеңнің қайтыс болғанын естігенде Орынша апамыз бен бала-шағасын жұбатысуға, көңіл айтуға Тыныштық екеуміз барсақ, бізден бұрын жеткен Кеңес Аухадиев, Шәмшә Беркімбаева, Мұхтар Арынов тағы басқа тұлғалы азаматтар отыр екен. Көзі – көлге, көңілі – шерге толған Орынша апамызды, асқар тауы құлағандай болған Нәргүл қарындасымыз бен Нұртас, Батыр бауырларымызды шамамыз келгенше шарболаттай мықты болуға шақырып, ара-арасында өзіміз де өксіп қойып, өлеңмен көңіл айттық. "Өлеңмен жер қойнына кірер денең" деп Абай айтқандай, өтешегін өлшей, болашағын болжай білген кемеңгер Кәкең өз Эфитафиясын да өзі жазып кеткен екен, соңынан Орынша апамыз өз қолымен жазған ол шумақты отырғандардың бәріне өксік араластыра оқып берді.

Қазақстанның тарихында атын мәңгілікке қалдырған қайраткер Батырын шығарып салуға халық аса көп жиналды. Қайраткерліктің шыңына қаламгерлікпен жеткен жазушысын киелі шабыттарды шарурғызған алтын шаңырақ – Жазушылар одағы аңырап жылап шығарып салды.

Орнында бар – оңалар демекші, Кеңсай зиратынан Бауыржан Момышұлы алаңында кешікпей Көкеннің тұр-тұлғасын құйып қойғандай мүсіндеген ескерткіш пайда болды. Оның авторы – архитектураның дарынды маманы, оның үстіне француз тілін жетік меңгерген Нәргүл Көкімжанқызы.

Құлпытастағы жаныңды қозғайтын жалғыз шумақ өлеңнің авторы – Көкімжан Қазыбаев.

Жылы сөздер ұмтылдырар өрге тек.
Жылы сөзде жүрек тербер перне көп.
Жылы сөзбен қопарасың тауды да.
Жылы сөйле, жағымды бол елге тек.

Орынша апайымыздың айтуынша, бұл шумақ аурухандағы Көкең жатқан палатадан, жазу үстелінің үстінен алынған соңғы қолжазба. Бұл сөздерде бүкіл адамгершілікке, адамзатқа өсиет боларлықтай ниет жатыр.

Ал Орынша апамыздың тәрбиелеген шәкірттерінен Республикамызға белгілі тұлғалар көптеп саналады. Кезінде қарапайым Ұстаздыққа ғана сиысып жүрген апамыздың соңғы жылдары жазған кітаптарынан жазушылық дарыны айқын көрінеді. Жарты ғасырдан астам қажымай-талмай ұстаздық еткен, Көкеннің қайраткерлігіне де, жазушылығына да үздіксіз үлес қосқан Орекеннің еңбегі – қандай сый-құрметке де лайық.

Көкімжан Қазыбаевтың халыққа жасаған адал қызметі елеусіз қалған жоқ. Туған ауылына ұрпаққа өнеге боларлық перзенттің аты берілді. Жетпіс жылдық мерейтойында Ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтауын тетелес, қызметтес інісі Шерағаң Мұртаза айқайлата оқып берді. Көкеннің асыл аруағы бір аунап түскен шығар. Сол тойда, ақынға қара сөзден өлең оңай демекші, ұзақ сөйлемей, Көкімжан Қазыбаев туралы ойларымды "Парасат" атты өлеңмен өріп тастағандай болып ем.

Данасы болмасаң да болашақтың,
Дарынның дүлдүлімен дара шаптың.
Кетсең де бәрін беріп Берешектің,
Өттің-ау бірін де алмай Алашақтың.

Даңқ қуып, атақ қуып, далаң қағып,
Болмадық әлдекімдей алашапқын.
Абырой табағынан алдындағы
Жақсыға, жаманға да сан асаттың.

...Шығыста Сен өскенде, Күнбатыста
Оқтары жауып тұрған Парасаттың.
Бауыржан, Рахымжандай батырлармен
Ауырын арқаладың ар-азаптың.

Бауыржан, Рахымжанды, Көкімжанды
Үстіне кім мінгізер ағаш аттың.
Қазақтың жерін қорғау, елін қорғау
Абырой, Намысындай Аға-заттың.

Атынан айқастарда аунап түскен
Сен де бір Батырысың бар қазақтың.
Табаның адалдықтан тайқымайтын,
Сен кімге жаман ойлап, жала жаптың?

Қонаев заманында заңғарланған
Ақиық асқарысың сан Озаттың.
Қамписа халық үшін төгер ең-ау
Бәрін де қалтандағы қаражаттың.

Қасқайып ел төрінде отырғанда
Қамын жеп қайраттандың Дала жақтың.
Ел үшін, Отан үшін жан қиюшы
Ұлысың адал, арлы Саясаттың.

Үлгісі Сендей болсын ұрпақтарға
Азамат, Адам деген тамаша аттың.
Әрқашан Сендей жанға төрі лайық
Қазақтың еліндегі әр ошақтың.
Тұрасың асқар шыңдай көз алдымда
Тұлғасы патшамінез Парасаттың!

15.07.2007ж.

Нұрмахан ОРАЗБЕКОВ

АСҚАР ТАУЫМ СЕКІЛДІ ЕДІ

1974 жылдың Октябрь мейрамы өтісімен, директорымыз Қасым Шәріпов коллегия мәжілісін шақырып, таңертеңгілік сағат онда жиналғанбыз. Менің бұл мекемеге – Қазақ Министрлер Кеңес жанындағы Информация агенттігіне (ҚазТАГ) одақ және шетел хабарлары бас редакциясының бас редакторы, коллегия мүшесі болып келгеніме үш айдай ғана болған. Коллегия мүшесі дегенмен ол органның жүйелі жиналып, жоспарлы мәселе шешкенін байқай қоймағанмын.

Зәуде жинала қалсақ, сөзіміздің дені ағымдағы тірлік болатын. Бұл жолы агенттік үйінен “Главалмаатастройдың” қоныс аударып, біраз бөлмелердің босауына байланысты, соларды бөлу, содан кейін ғимаратты жөндеу мәселесін ақылдаспақшы екенбіз. Әңгімеміздің әліппесі енді аяқтала бергенде көп телефонның бірі шар ете қалды. Телефон трубкасын құлағына тосқан Қасекең арғы жақтан айтылған сөзді тыңдап, үнсіз отыр. Сәлден соң:

– Мақұл, жарайды, – деді де трубканы орнына қойып, бізге бұрылды: – Мені ЦеКА-ға шақырып жатыр. Әңгімемізді кейін жалғастырамыз.

Ойымда ештеңе жоқ, үстін-үстін келіп түсіп жатқан аудармаларды редакциялап, жұмысыма кірісіп кеткенмін. “Ешкім ешқайда шашау шықпасын, сағат 12-де жиналыс болады” деген нұсқау түсті. Артынша, “Ойбай, жаңа директор келетін болыпты”, – деген сыбыс та жетті. Нұсқауды орындап, қызметкерлерге түгел ескертсем де, сыбысқа пәлендей мән бере қойғаным жоқ. Оның себебі, өзімнің директор болмайтыным белгілі, оның үстіне директор кім болғанда да, ол бас редактордың жұмысын істеп бермес деген ой бар. Әйтеуір, Қасекең тұп-тура таңертеңгі сағат 9-да жұмысқа келетін де, тұп-тура кешкі алтыда қайтып бара жататын. Әдетте, түнгі онға, ара-арасында 11-12-лерге дейін жұмыста жүріп қалатын біздің не істеп, не қойып жатқанымызға ол кісі араласа бермейтін, оқта-текте бір аудармашының жұмысын редакциялайтыны ғана болмаса. Бір білетінім, тікелей бастығым Жұмағали Ысмағұловтың да директор болмайтыны. Жуырда реніп тұрып: “Бұл кісінің (Қасекеңнің) мені өз орнына ұсынбақ ойы жоқ екен” деп қапамен айтқан. Бұл әңгіменің тамыры Қасекең алпысқа толғалы бір-екі жыл өтіп кеткендігінде жатқан-ды.

Сағат 12-ге таяп директордың кабинетіне жиналдық. Көп ұзамай-ақ Орталық Комитеттің насихат бөлімінің меңгерушісі Андрей Павлович Плотниковпен бірге Қасым Шәріпов, Көкімжан Қазыбаев, директордың орынбасарлары Александр Иванович Белоцерковский мен Жұмағали Ысмағұлов келіп кірді. А.П.Плотниковтың айтуынша “Құрметті Қасым Шәріпұлы көптен бері арыз беріп жүр екен. Ол кісіні құрметті демалысқа жіберудің сәті енді ғана түсіпті.” Бұл орынға Орталық Комитет Қазыбаевты лайық көріпті”. Бұдан әрі ол кісі Көкеннің өмірбаянын термелеп кетті. Қасекеңе көңілді демалыс, Көкеңе табысты жұмыс тіледі.

Көкеңмен бірге қоян-қолтық жұмыс істеген жеті жылдан астам уақыт осылай оқыс басталған еді. Көкеңмен

таныстығым, білістігім, сыйластығым (дастарқан басында болмаса да) бұдан әлдеқайда бұрын басталған-ды.

Журналистер қауымына ортақ дерлік бір қасиет бар. Ол – ертеңгі күні ізбасарымыз болады-ау деген нанталап жастарға қол ұшын беріп, көмектесе жүру. Өз басым сондай бір табиғи қамқорлықты екі жыл құрылысшы болып істеп, 1957 жылдың күзінде университеттің журналистика бөлімінде оқи бастаған кезден сезіндім. Емтихан тапсырып жүріп-ақ бірді-екілі шимай-шатпығымды "Лениншіл жасқа" сүйрелеп, Бүркіт аға Ысқақовпен танысқанмын. Білмеген жанның кеудесі биік. Менде де соның буы бар. Бірақ оны Бүркіт аға:"Талабың жақсы. Оқуға түскен соң хабар-ошар дегендей, жазғандарыңды әкеліп көрсетіп тұрарсың" деген мағынадағы қарапайым сөздермен қиналмай-ақ басқан. Сонымен "өзімнен басқа мықты жоқ" деген астамшылықтан ілезде арылып, шөкірттік қалыппен бірді-екілі хабар, жарым-жарты өлең, төрт-бес сурет жариялап, бірінші курстың алғашқы семестрін аяқтар кезде, әлгілерімді малданып тағы да Бүркіт ағаға барайын. Діттегенім "Лениншіл жастың" штаттан тыс тілшісі деген куәлік алу, каникулға елге барғанда оны-мұны материал ала келу. Журналистика туралы ол кездегі түсінігім әлі үстірт : менің ойымша, журналист дегеннің алақандай куәлігі болуы керек, кез келген кәсіпорын, мекемеге кіріп, соны көрсетудің, содан соң білгеніңше сұрақ беріп, жауап алуың, содан кейін өз қалауыңша көсілтіп жазуың керек. Журналистика дегеннің өзің көріп жүрген өмір, соның сүйініші, күйініші, сол өмірден алған әсерің, түйген ойың, қорытқан пікірің екені ол кезде санама жете бермеген. Қысқасы, шикімін. Бірақ Бүркіт аға ол жағын төптіштеген де, көлденең тартқан да жоқ. "Көрейін" деді де, бір шағын бөлмеге кіріп кетті, көп ұзамай "куәлік" деген жазуы бар жарты парақ қағазды қолыма ұстата берді. Куәлікке қол қойған редакцияның жауапты хатшысы К.Қазыбаев екен. "Білімділігім" сонша, ол кісіге барып рахмет айту да ойыма келмепті. Каникулдан келген соң, бірді-екі материал, фотосурет апарып беріп жүріп те әлгіндей "білік" көрсетуге өре жетпеді.

Бір күндері: "Көкімжан Қазыбаев "Жетісу" газетіне редактордың орынбасары болыпты" деген әңгіме тарады студенттер арасында. Гәп ол қызметке Көкеңнің тағайындалуында емес, "Лениншіл жастың" жауапты хатшысының астаналық облыстық партиялық газетінің білдей екінші басшысы болып тағайындалуында еді. Ол кезде облыстық газет редакторының бір ғана орынбасары бар. Ендеше, жастар газетінің жауапты хатшылығына партиялық

газет редакторының орынбасары болып кету – мықтылық. Және де көп ұзамай-ақ бұл газеттің макеті де, материал беру әдісі де, көтерген мәселелері де өзгеріп сала берді. "Известия" бастаған өзгеріс біздің партия-кеңес газеттерімізге ең алдымен "Лениншіл жастағы", содан кейін осы жылдардағы "Жетісу" арқылы енгендей еді. Кейін кеңінен мәлім болған Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігін біздің ұрпақ ең әуелі сол "Жетісу" газетінен, Кәкеңнің очеркінен білді. Соғыстан кейінгі жылдары "Берлиннің құлауы" деген кинофильм жүрді. Оның басты қаһарманы Алешаның рөлін артист Андреев орындайды. Сол фильмде Рейхстагтың төбесіне өрмелейтін сәт бар. Осындай көзсіз ерлікке тәуекел еткендер арасында бір қазақ жігіті жүретін. Және ол мақсатына жетуге жақындап қалғанда оқ тиіп, көз жұматын. Яғни фильмнің белді қаһармандарының бірі болатын. Әйтсе де тарих оқулықтарынан, документті немесе көркем әдебиеттен біз Рейхстагқа ту тігушілер арасынан қазақ есімін кездестіре алған жоқпыз. Сондықтан да фильмдегі фактіні көркемдік тәсілге балағанбыз да қойғанбыз. Сөйтсек, оның тарихи негізі де бар екен. Дегенмен, Кәкеңнің журналистік табыстары бөлек әңгіменің тақырыбы болғандықтан, қазіргі әңгіме арнасына оралайын.

1961 жылдың күзінде оқи жүріп істейтін жұмыс іздеуге тура келді. Университетке бірге түсіп, бірер жылдан кейін үйленіп, сырттай оқуға ауысып кеткен, жақыннан бері "Жетісу" газетінің ауыл шаруашылығы бөлімінде әдеби қызметкер болып істеп жүрген Сайын Мұратбеков кездесе кетті. "олай болса, бізде корректорлық бір орын бар секілді. Әзірге істей тұрсаң, кейін көре жатасың ғой. Мақұл десең, сөйлесіп көрейін" деген ол. Қостанай мен Шығыс Қазақстанның облыстық газеттерінде төрт ай-төрт айдан практикада болғанда редакция қызметкерлерімен бірдей хат қорытып, кезекшілік атқарып, корректура жұмысымен әбден таныс едім. Ол жағынан қиналатын түрім жоқ. Тек жазып тұруға да мүмкіндік берілсе болғаны. Сайын шаруаны тез бітірді. Бір-екі күн өтпей жатып, жұмысқа кірісіп те кеттім. Көп ұзамай XXII съезд басталып кетті де, тірлігіміз кешқұрым басталып, ертесіне таңғы сағат 9-10-дарда тіпті одан да кешірек бітетін болып жүрдік. Осы тұста бір байқағаным, Кәкеңнің басқалар жауап беруге тиіс шаруаға, кеңес бергені болмаса, араласпайтыны. Мұның өзі әркімнің өз ісіне жауапкершілік сезімін арттырады екен. Жаңа жыл өтіп, диплом жазуға шындап кірісу қажет болды. Ол үшін кітапханада күніне

кемі үш-төрт сағат отыру керек. Күндіз оқып, түннің біраз уағына дейін жұмыста жүріп, оған уақыт табу қиын екен. Осы тұста "Қазақ әдебиетінде" істеп жүрген Әбіш Кекілбаев: "Бізге келсең қайтеді, фото-тілші жоқ екен", – деген ұсыныс жасады. Іздегенде сұраған, келісе кеттім. Енді корректорлықтан босану керек. Көкең осы тұста шақыртқан.

– Кел, кел, – деп қарсы алды Көкең әдеттегісіндей қаздиып отырған қалпы. – Сыртгай болса да байқап, бойында бірдеңе бар-ау деп жүруші едім. Көп ұзамай әдеби қызметкерлік орын болып қалатын түрі бар. Шыдай тұрған жөн болар еді.

Мен ауысқым келетін себептерімді айттым. Оларым Көкеңе дәлелді көрінген болуы керек, қайтып ол мәселеге соқпады да:

– Ал енді өзіңмен бірге оқитын, ұятқа қалдырмайтын, өзің сенетін жолдастарыңнан кімдер бар? – деді сұраулы пішінмен. Бекболат Әдетовтің, Рашид Рақымбековтің, Арыстан Рүстемовтің есімдерін атадым. Көп ұзамай сол жігіттер, алдымен Бекболат Көкеңнің қол астына жұмысқа барды да.

Университет бітіріп, диплом алған соң, істеп жүрген жұмысыма, басқа да ұсыныстарға қарамастан Жезқазғанға кетуге бекіндім. Ондағы ойым аудандық газеттің де дәмін татып көру, әрі өзім ешқашан көрмеген нағашыларымды іздеу. Нағашыларымды тауып, газетте жыл істеп, демалыс алған соң Алматыға тарттым. Қызметке өкпем болмаса да, бес жыл оқып үйреніп қалған астана магниттей тарта беретіндіктен бе, ойым соған қайтып оралу. Оның үстіне курстастарымның жартысынан көбі сонда қалған. Оларды да сағындым. Не керек, Алматыға жеткен күннің ертеңіне Көкеңе барып сәлем бердім. Әңгімеміздің аяғы менің творчестволық есебім тақылеттес болып кетті. Содан ба, жақсы ағаның ерекше бір мейірімінен бе, Алматыға оралғым келетінін де жасырғаным жоқ.

– Онда былай болсын, – деді Көкең қашанғы сабырлы, тұла бойының жалғасы сықылды табиғи маңғаз қалпымен, – Демалысқа шыққан еліңе, ауылыңа барарсың, аунап-қуанарсың. Жезқазғанға қайтар шамаң белгілі болып отыр ғой, бізде бір орын болып қалатын түрі бар, сол кезде өзім хабарласармын, редакцияның телефондарын тастап кет.

Уағда осылай болды. Елге бардым, аунап-қуандым. Демалыстың басына су құйып, Жезқазғанға оралып, іске кірісісімен, тым шалғай "Шеңбер" совхозына командировкаға кеттім де, үш-төрт күн сонда жүріп қалдым. Сол жылғы

көктемнен бері редакцияның жауапты хатшысы болып істеп жүрген Қайыркен Оспанов:

– Қазыбаев деген кім еді? – деген сұрақпен қарсы алды редакция табалдырығын аттаған бойымда.

– Сол кісі телефон соқты. Не шаруа екенін сұрап едім, айтпады. Келген соң хабарлассын деді.

– Жөн екен.

Дереу телефон құлағына жармастым... Тапсырыстың қашан орындаларын тағатсыз күтемін... Орнында болса игі... Бір кезде телефонды қосты-ау, әйтеуір, тәңір жарылқағырлар.

– Ал, Нұрмахан, – деді Кәкеңнің таныс дауысы, – тез жет. Орын сені күтіп тұр.

– Ойбау-ай, Кәке-ау, мені жібермейді ғой бұл жер. Сол жерден шақыртатындай бір амалын таппасаңыз.

– Ау, баламысың, екеуі екі облыс қой, өзің бірдеңе қылып босанып келмесең, шақырушы ма еді, бұлар.

– Нияз ағаға айтсаңыз қайтеді? Сол кісі бір амалын табар.

– Сөйлесіп көрейін, бірақ олардан қайран шамалы шығар.

“Нияз аға” деп отырғаным, “Жетісудың” бұрынғы жауапты хатшысы, яғни өзім қолында істеген, енді қазір Орталық Комитеттің баспасөз секторының меңгерушісі болып жүрген, бүгінде белгілі аудармашы Нияз Сыздықов.

Ертеңіне Кәкең тағы телефон соқты, мәселе оңай шешілмейтінін айтып, “Өзің сөйлес” деп Нияз ағаның телефонын берді. Сөйлестім де.

Ол кісінің жауабы мынадай: “Сені босат деп жергілікті жерге бұйрық бере алмаймыз ғой. Әйткен күнде ертеңгі бір жиында бір қызылкөз: кадр жетпей жатқанда, берудің орнына тартып алады деп бассалары анық. Өзің тіл табысып босап, Алматыға келіп жатсаң, әрқашан қол ұшын береміз ғой. Ал мына шаруаға қинама”.

Жаңада ғана келген редакторым Әбдуәли Нысанбаев тіпті маңайлатпайды. Түу сонау Жездідегі аудандық комитет хатшысы Нұрсапа (фамилиясын ұмыттым) деген жігітке шет жағалап емеуірін білдірсем, ала көзімен қарайды, “жіберсек”, шала байлап жіберерміз” деп доңайбат жасайды. Қысқасы, ойымыз жүзеге аспады. Сонда да болса, түу сонау бір қиянда жатып, ұш қайнаса сорпасы қосылмайтын айдаладағы маған Кәкеңнің жасап жүрген қамқорлығына, ағалық ілтипатына қатты риза болып, тіпті тым марқайып жүрдім. Осы жайымды, рахметімді телефонмен айттым да.

Келесі жылы наурыздың аяғында мен Жезқазғанмен қош айтысып, туған еліме қызметке ауыстым. Кетуімнің арты біраз

дауға да айналыпты. "Кадрларды жіберіп жатыр" деп біреу редактордың үстінен дереу арыз жаза қойыпты. Аупартком да дайын отыр екен, оған қатаң сөгісті арқалатыпты да жіберіпті. Ал оның мені қаншалықты қиналып босатқаны сол Әбекең мен маған ғана белгілі.

Елге келгеніммен, қызметім де бір саты өсіп келгеніммен, бұл жерден кеткеніме тоғыз жыл болып қалған, оның үстіне көп "шылыққа" үйренбеген басым, сіңісіп кетуім қиын болды. Сөйтіп жүріп жыл өтіп, 1965 жылдың мамырында демалысымды алып, Алматыға тағы тарттым. Астанадан кеткелі де үш жыл болып қалған. Осы екі арада бір-ақ рет, 1963 жылы соққам. Онда Көкеңмен арада болған әңгімені жоғарыда айттым. Осы жолы да Көкеңе кірдім. Тағы да мені сөйлеткен. Тағы да менің есебім сияқты өткен бұл әңгіме де.

– Байқаймын, ауылыңда көндіге алмай жүргендейсің. Ойың болса 1 сентябрьге дейін жет, кешіксең өзіңнен көр, онда "пөленшені" аламын, – деп өзіме таныс бір журналистің атын атады.

Уағда осылай. Амал нешік, мен бұл жолы да сол уағдада тұра алмадым. Алматыға 8 қыркүйекте әрең жеттім. Көкең уәдесінде тұрып, көктемде өзі айтқан жігітті жұмысқа алыпты.

– Ең болмаса осылай кешігіп жатыр едім, қайткенде де жетемін деген хабарыңды бермеймісің? – деп ренжіді. Ұялдым. Ұялғанмен амал қанша, қателік, балалық өзімнен.

Олай жүгірдім, былай бардым. Ақыры, онда да демалыстан оралған Еркінбай Әкімқұловтың табандылығының арқасында ғана, "Лениншіл жасқа", соның өз бөліміне кіші әдеби қызметкер болып орналаса алдым. Соның өзінде редактор Шәкең (Шерхан Мұртазаев):

– Күніне екі жүз жол материал әзірлеу керек, – деп шалқаяды. Мен: – Әрбір қызметкер күніне 400 жол материал дайындамаса, аудандық газет шықпай қалады – деп қиқаямын. – Е, ол аудандық газет қой, – деп ернін шүйіреді ешқашан аудандық газетте істеп көрмеген Шәкең. Қысқасы, менен бұрын комсомол тұрмысы бөлімінде істеген жігіт білдей аға әдеби қызметкер, айлық жалақысы 115 сом екен, мен кіші әдеби қызметкер, жалақым 80 сом болып шыға келдім. Соның да табылғанына шүкіршілік.

Сонымен не керек, қоластында істемеген соң Көкеңмен аралас-құраласымыз, кейінірек әр подъезде болса да, бір үйде тұрғанымызбен, бола қойған жоқ. Рас, аялдамада тұрғанымды көріп қалса, машинасына мінгізіп ала кетуден жаңылмайтын. Ондайда ішім жылып, көңілім өсіп қалады.

Осылай көптен сыйлайтын ағамызбен бірге істеудің сәті енді келіп тұр. Мен бұған, әрине, қуандым.

Істі жолға қоюды Кәкең неден бастап еді деген сауал осы күндері ойға жиі оралады. Біз жалпы салақ халықпыз ғой. Жазып жүрген ағайындардың санатына жатамыз десек те, өзіміздің діттеп жүрген нәрсемізге қажет-ау дегенді ғана түртіп аламыз да, күнделікті күйбеңнің ұңғыл-шұңғылына мән бере қоймаймыз. Ал өмір дегеніңіздің өзі сол "күнделікті күйбең" деп елеп-ескермейтін болмашылардан құралады. Күнде асқақтық, күнде ірілік, күнде алашапқын бола берсе, айтар ауызға өмір біржақты көрінетінін бажайлай бермейміз. Басқаны қайдам, өз басымның көп кемшілігінің бірі, бүгіндері ойлап отырсам, сол.

Сонымен Кәкең неден бастап еді дегенде, ұйымдық жұмыстан бастады-ау деген ой келеді. Ұйымдық жұмыс болғанда, бірден ауыстыру-түйістіруден емес, бұрыннан бар құрылымдардың жұмысын шырықтырудың, белгіленген нәрсенің орындалуын қадағалаудан, ой-пікір айтып, ұсыныс жасаған екенсің, соның іске асуына алдымен өзің үлгі көрсет деген қағиданы берік ұстанудан бастады ғой деп ойлаймын.

Коллегия мәжілістері жүйелі өтетін және жоспарлы мәселелер жан-жақты тиянақталып қаралатын, нақты шешімдер қабылданатын болды. Әрбір бас редакция, басқа да бөлімшелер тоқсан сайын атқаратын жұмыстарының жоспарын мұқият әзірлей бастады. Қызметкерлердің творчестволық белсенділігін арттыруға тиіс жарыс шарттары жасалды. Осындай шартты аудармашылар үшін де әзірлеген жөн деген ұсынысты Кәкең көлденең тартқанда мен бұл ойға күмәнмен қарадым. Бірақ, барды қанағат етіп қана коймай, миға салмақ салсаң, әр нәрсенің қыбын табуға болады екен. Сөйтіп, аударашылар конкурсының бес-алты тармақтан тұратын шарты жасалды. Ол негізінен аудармада жіберілетін кемшіліктерге айып баға қою жолымен анықталды. Ай ішінде ең аз балл алған аудармашы айдың таңдаулы аудармашысы деп танылып, қаламақы қорынан 25 сом сыйлық берілетін болды. Жыл ішінде бірінші орынға бәрінен көп шыққан аудармашы жыл жеңімпазы деп танылып, сыйлық берілетін болып белгіленді. Сөйтіп, бұл шартты коллегия бекітіп, 1975 жылғы 1 апрельден бастап күшіне кірді. Осы жүйе енгізілгеннен кейін бұрын мықты деп жүргендеріміз жайына қалып, ісіне творчестволықпен қарайтын аудармашылар анықтала бастады. Кейбіреулер кетуге мәжбүр болды. Соның бірі – Е. Еген аудармашы. Жоғарыда отырған "көкелерін" жағалап, менің наразылығыма қарамай орналасқан. Оның аудармасын редакциялау үшін қайтадан аударып шығу керек болатын. Ол қайта басылатын. Бірақ аударған есебінде тиісті ақшасын ала беретін. Енді

өрескел қате жіберілген не стилистикалық көп түзетулер енгізілген парақтарға ақша төленбейтін болғанда, әлгі "аудармашымыздың" жүні жығылды. Ол туралы күлкілі бір жай әлі есімде.

Аудармаларды редакциялап кабинетте отыр едім, машинистка болып істейтін екі келіншек кіріп келді. Екеуі де күлкіден жарылардай. "Ай, сендерге не болды, бірдеңе ұрып кетті ме?" деймін, күлкісін тия алмай, сөйлеуге шамасы келмей тұрған келіншектерге. "Ағай, анау аудармашыңыз Пиночетті сөздіктен іздеп жүр". Күлудің орнына ызадан жарылып кетердей болғам. Сабыр сақтап, мән-жайын сұрасам, машинистка жанында түпнұсқаға қарап, аударма жасап отырған. Е. Бір кезде орнынан тұрып кетеді де, сөздіктерді ақтара бастайды. Машинистка әрі отырады, бері отырады, шыдай алмай: "Ағай, не іздеп жүрсіз?" дейді ғой. "Мына бір Пиночет деген сөзді таба алмай қор болдым" дейді әлгі қасқаң. Содан қыздар орындарынан атып-атып тұрып, ішін басқан күйі сыртқа ұмтылыпты. Осыны Қасекеңе айтсам, "тоқпағы" мықты ма, ол кісі ештеңе демейді. Сөйтіп, "іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ" күйде жүріп жатқан жай барды.

Аудармашыларды редакторлар кезекпен қарайды. Мен көбіне соларды үстінен маңызды материалдарға бақылау редакциясын жасайтынмын; әра-тұра, редакторлардың шамасы келмей жатқанда, аударманың алғашқы редакциясын да жасаймын. Бір күні жаңағы Е-нің аудармаларын редакциялауға тура келді. Қолыма жарты парақтай ғана хабар ілікті. "Ағаш отырғызудың бесжылдығы орындалды" деген тақырып тұр. Текстті оқысам, ағаш отырғызу туралы ләм-мим деген сөз жоқ. Мұнысы несі деп түпнұсқаға қараймын. Өз көзіме өзім сенбеймін. "Пятилетки шаги саженьи". Соны әлгі бишара көшет деп түсінген ғой. Хабарда ағаш отырғызу туралы ештеңе жоқ қой деп ойланбағаны да ғой сабазыңның.

Бұдан әрі шыдауға болмайтын болды. Шақырып алып: "Шырағым, жетеді еркелігің, жөніңді тап, әйтпесе "кәсіптік жарамсыздығы" үшін деген тармақпен жұмыстан шығарамын" десем, "көріп алармыз" деп айбат көрсетеді. Салып ұрып Көкеңе бардым. Түтігіп кеткен болуым керек. Көкең: "Не боп қалды, Нұрмахан-ау? Осы сенің дереу күйіп-пісетін мінезің-ай" деп басалқы сөз айтты. Жай-жапсарды айтып шықтым.

— Аударманың жақсы-жаманына жауап беретін өзіңсің. Сондықтан ұсынысыңды бер, коллегия қолдайды. "Көкесі" көк тіреп тұрса да, әңгіме сол, — деді Көкең.

Әңгіме Е-нің қош айтысумен тынды. Бір-екі күннен кейін Кәкең телефон шалып: "Келіп кет, Нұрмахан. Үстіңнен арыз бар" деген. Жеттім дереу. Кәкең сылқ-сылқ күледі. Бір парақ қағазды ұсына берді. Оқып жатырмын: "Мені жұмысқа қабылдағанда бұрынғы директор айына 250-300 сом табасын деп еді. Есеп айырысқанда орташа табысым 200 сомға да жетпеді. Оған кінәлі бас редактор Н.Оразбеков жолдас. Ол маған жөнді жұмыс бермеді, содан табысым кем болды". Күлесің бе, жылайсың ба?

— Көңіліңе алма. Мұндайлар сөйтіп сасытып жүрмесе, тамағы бойына сіңбейді, — деді Кәкең.

Бас редакция қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыруды өзгертуге де Кәкең түрткі болып еді. Бұрын күндіз төрт аудармашы істейтін де, кешке бір ғана аудармашы қалатын. Маңызды материалдардың көпшілігі Мәскеуден кешке қарай түсетін де, күндізгі аудармашылар бір-екі, кей-кейде үш-төрт сағат кешігуге мәжбүр болатын. Бұл әсіресе машинистка болып істейтін қыз-келіншектерге ауыр. Сенбі күні де жалғыз аудармашы мен жалғыз машинистка үлгере алмай, қосымша күш шақырып ию-қию болып жататынбыз. Соғыстан кейінгі бір жылдары машинистка болып істеген бір әйел: "Е, күйеуді қайтем, күйеуім ҚазТАГ қой", — деген екен. Қонып қалмасақ та, соған жете-қабыл жағдай әлі де болатын. Осыдан құтылудың, қызметкерлерге дұрысырақ жағдай жасаудың амалын іздестіруге тура келді. Сондағы тапқанымыз: үш сменамен жұмыс істеу. Үш аудармашы мен үш машинистка таңертеңгі тоғыздан келіп кешкі алтыға, енді бір жұп сағат 12-де келіп, сегізге, тағы бір жұп кешкі бестен түнгі онға дейін істейтін болды. Сенбі күнге екі жұп қойдық. Олардың бір жұбын дүйсенбі, екіншісін сейсенбі күні дем алатын еттік. Кәкең бұл идеямызды қолдады. Сөйтіп, жұмыс жағдайы біршама жеңілдеді.

Ол кезде машинисткалардың айлық жалақысы да тым аз, небәрі 70-80 сом болатын. Жұмыс көлемі үшін сыйлық төлеу тағы жоқ. 20 бет басса да, 30 бет басса да сол белгіленген жалақы. Мейрамдарда бас редакцияға бөлінген барлық сыйлықты соларға бергенмен, жылына екі-үш рет берілетін 20—25 сом айлық қай жыртығына жамау? Осыдан келеді де, машинисткалар тез, көп аударатын аудармашылардан жерінеді, жайбасарлауымен бірге істегісі келеді. Содан барып реніш, алакөздік туады. Осынау қолайсыз жәйттен құтылудың да амалы табылады. Сол ойымды Кәкеңе айтып едім, әманда жұртқа қайтсем жақсылық жасаймын деп жүретін ол кісі:

— Мынау бір табылған ақыл екен, Нұрмахан, тезірек кіріс, — деп қолдай кетті.

Идея мынандай еді: машинисткалардың бәрін бірте-бірте телетайпқа үйрету керек. Бірінші класты телеграфистің айлық жалақысы 100 сом, оның үстіне 40 процентке дейін сыйлық ала алады. Бұған қосымша бұрын телетайпистка (телеграфистка) машинкадан шыққан текcті түгел қайта басса, енді перфолентаға тек редакторлық өзгерістерді, түзетулерді ғана енгізеді. Демек, бір процесс — машинка басу процесі түгелімен қысқарады. Перфолента байланыс торабына автоматты түрде беріледі. Рас, телетайптың шуы көп деген сылтаумен жаңа істен қашқақтаған адамдар да болды. Дегенмен бір-бір айдан босатылып, телетайп үйренуге отырғызылған қыз-келіншектер бұл істі тез меңгеріп кетті. Жалақысы өсті, ынта да артты. Кейін осы әдісті дисплейге көшкенде де қолдандық. Сөйтіп, бұрынғы машинисткалар дисплей операторларына айналды.

Басқа бас редакцияларда да осы тақылеттес өзгерістер болып жатты.

Көкеңнің тағы бір жіті көңіл бөлген мәселесі — материалдық-техникалық база еді. Бұрынғы жайбасар телетайптар орнына жаңа, жылдамдығы бірнеше есе артық Т-100 телетайптары орнатылды, бұрынғы үш-төрт машинаның саны сегіз-тоғызға жетті, күрделі жөндеу жүргізіле бастады, тілшілер үшін "Спутник" магнитофондары алынды, кейінірек облыстардағы тілшілер машина мінді. Осының бәрі еңсемізді көтерді. Бұрын-елеп-ескеріле қоймайтын ҚазТАГ-қа беделін әкелген ең алдымен, творчестволық өрлік еді. Бұрындары тек ресми орындардан түскен ресми материалдарымен, қысқа-қысқа қарабайыр хабарларымен ғана шектеліп келген ҚазТАГ енді жаңалыққа негізделген талдау материалдар беруді жиілетті, хабар сапасына қойылатын талап артты. Жыл сайын барлық тілшілерді, қызметкерлерді қатыстыра отырып, коллегияның кеңейтілген мәжілісін өткізу, оларға ТАСС-тан мамандар шақыру өмірімізге берік енді.

Көкеңнің адамгершілік, жанашыр қамқорлық қасиеттерін бірге істеген жылдары талай көрдім. Соның азын аулағын айта кеткеннің артықтығы болмас. ҚазТАГ-тың жұмысы көбіне алашапқын. Сенбі күндері де түнделетіп қайтар күндер көп болады. Ара-тұра жексенбі күндері де істеуге тура келеді. Партия съездері болса апталап үй көрмейтініміз бар. Сондай кездері Көкең бас-көз болып, өзі де жүретін. "Нұрмахан, қыз-жігіттер түнделетіп қалай жетеді үйіне, сол жағын ескердің бе, кезекші шоферға ескерттің бе?" деп сұрайтын. Жиырма бесінші съезд жүріп жатқан кез. Түнгі екінің шамасы.

"Уһ" деп жұмысты аяқтап, біраз қызметкерлерді кезекші РАФ машинасымен жөнелтіп, екі-үш қызметкермен соның оралуын күтіп қалғанмын. Телефон шылдыр ете қалды. Көкең екен:

– Халдарыңыз қалай? Біттіңдер ме?

Мән-жайды айттым.

– Онда қазір шыға қойыңдар, менің машинаммен қайтамыз, – деді Көкең.

Жанымдағы адамдар алысырақ, бұрылыстау тұратын. Шофер қиқандайтын кейпін көрсетті. Көкең:

– Павел Степанович, жұрт жұмыстан шықты, – деген бір ауыз ғана сөз айтты.

Шофердің аузына құм құйылды. Басқа қызметкерлерді жеткізіп тастап, қайтып келеміз. Мен жолай түспекпін.

– Сенің бір кемшілігің бар, Нұрмахан, – деді жай ғана. – Күні-түні өзің жүресің. Бұйте берсең көпке шыдамайсың ғой. Қызметкерлерің, орынбасарларың бар. Соларды көбірек жегіп, жауапкершілікке жегетін сияқты. Бірер күн болса да демалып алу керек қой, – деді.

Орынды ескертуге не уәж айтарсың? Үндемедім.

1981 жылы октябрьде демалдым да, Октябрь мерекесінің алдында ғана жұмысқа шықтым. Көкең науқастанып қалып, ауруханада жатыр екен. Министрлер Кеңесінің рұхсатымен әскери комиссариат мені екі ай әскери қайта даярлыққа жіберуге белгілеп қойыпты. Көкеңе соны айттым. Бір күннен кейін өзі телефон соқты.

– Орталық Комитеттің әкімшілік бөлімінің меңгерушісімен сөйлестім. Тіпті "Мені ауруханадан тезірек шықсын десеңіз, осы жолы қойғыза тұрыңыз, келесісіне барар", – деген де тілек айттым. Болмайды екен, бәрі келісіліп, шешіліп қойыпты, – деді.

Не керек, қарашаның ортасында Новосибирскіге жүріп кеттім. Желтоқсанның ішінде сағат 12-нің кезінде кезекші жүгіріп келді. Телефон. Алматыдан. Трубканы алсам, Көкең екен.

– Иә, халың қалай, қиналмай жүрсің бе? – дейді. Бұл кез Алматыда түнгі бірге тақап қалған. Бейуақытта неге телефон шалған деп ойлаймын. Амандықты, хал-жайды сұрап, жағдайымды айтып жатырмын.

– Иә, сенікі демалыс екен ғой. Біз мұнда сенің жұмысыңды істеп, былығып жатырмыз. Бұл уақытта неғылған жұмыс дейсің ғой. Көкеңе бесінші жұлдыз тағып жатырмыз, – деді Көкең. Сонда түсіндім. Мұндайда ҚазТАГ-тың жұмысы қан майдан болып кететіні мәлім.

Осы күнгі уақиғаға байланысты бір әңгімені курстан оралған соң жауапты шығарушы болып істейтін Нұржан Мухамедиевадан естідім.

– Түнгі сменадан үйге жеткенім сол еді. Көкең звандады, – деді Нұржан. – Шұғыл материалдар келіп қалды. Нұрмаханның жоқтығы ғой, амалсыз телефон соғып тұрмын. Онымды кешір. Мүмкіндігің болса жұмысқа келсең қайтеді? деді. Келмегенде қайтемін?

Менің ойыма осындай жағдайдағы өзіміздің қылығымыз түсті. Мәскеумен байланыс жабылар сәтте "номерге маңызды хабар болады" деген жазба алатынымыз жиі кездесетін. Ол материал түсе бастағанша сағат түнгі он бір, тіпті он екі болып қалады. Ондайда өзіміздің әдетіміз бойынша *телефонды жұлып алып*: "Ойбай, жет, тез. Баланы да, байды да қоя тұр. Олар ешқайда кетпейді. Ал газетке материал жеткізбесек, жағдайды өзің білесің", – деп қуырып жеудің аз-ақ алдында қаламыз. Нұржанның әңгімесінен "қызметкер жұмсай білуді Көкеңнен үйрену керек қой" деген ой түйдім.

Жалпы, Көкең қарамағындыларға жұмыс істеткізе де білетін, істелген жұмысты бағалай да білетін, біреудің жақсы жұмысын реті келгенде айтып, мерейге бөлейтін. Сондай бір жайтты айта кетейін. Ғабит Мүсіреповтің 80 жылдығы атап өтілетін болды. Ондай жиын-тойға, мен бара алмай қаламын. Оның себебі сондай елеулі уақиғалардан есеп береміз. Сол есептің аудармасын қарауым, ойдағыдай болып шығуын қадағалауым керек.

– Үйреншікті қасаң тілдеріңе салып, сірестіріп қоясыңдар ма деп қобалжып едім, – деді Көкең телефон шалып, – Жоқ, жақсы шығарыпсыңдар. Кімдер аударып еді? Мен Домешев пен Сабазовты атадым. – Рахмет айт оларға, – деді. Артынша қайта телефон шалды.

– Сол екі жігітің бар ма қазір? – деді Көкең. – Бар болса маған ертіп келе қойсаң.

Екі жігіт те орнында екен. Түсімді суытыңқырап:

– Екеуің директорға жүріңдер, шақырып жатыр, – дедім. Екеуінің де зәресі ұшып кеткен болуы керек. Қыпылықтап қалды.

Екінші қабаттағы директордың кабинетіне келдік. Екеуі де қорғаншақтап, мені тасалағандай болып, имене аттады табалдырықты.

– Келіңдер, келіңдер, – деп Көкең жайраңдап қарсы алды. Екі жігіт аң-таң. – Ғабеңнің мүшелтойынан мына есепті жақсы аударыпсыңдар, жігіттер. Соған ризалығымды айтайын деп шақыртып едім.

Осы кезде екі жас жігіттің езулері құлағына қарай жылжи жөнелді. Ыржиып тұр, бір жағынан қысылып тұр.

Көкең аудармаға барынша берілу, ылғи да ізденіп жүру, қасаңдықтан қашу, тіл бояуын мейлінше мол қолдану туралы жылы-жылы сөздер айтып, екеуіне де ағалық батасын бергендей болды. Екі жігіттің де сол күнгі аудармасы сөлкеусіз, мейлінше қазақи шығып отырды. Қанаттандыру деген осындайдан шыққан-ау.

Мен Новосибирскіден қаңтардың 18-інде оралдым да, жұмысқа кірісіп кеттім. Ұзамай коллегияның кезекті кеңейтілген мәжілісіне дайындық басталды. Есебімізді жазып, кем-кетігімізді түгендеп, жақсымызды ой елегінен өткізіп жатырмыз. Наурыздың бір сенбісінде жұмыс қат-қабат болып кетті, тіпті газеттің жексенбілік нөміріне сыймайтын да еді. Кешкі сағат онға жақындап қалды. Көкеңнің үйіне телефон соғып:

– Көке, мына бір материалды дүйсенбіге қалдырсақ та болатын сықылды, – деп ақылдастым. Ол кісі рұхсат берді. Дүйсенбі күні жай-жапсарды баяндайын деп кабинетіне барсам, Көкең жоқ. “Москваға командировкаға кетті”, – дейді. “Ойпырмай-ай, күні кеше сөйлесіп едім ғой. Ештеңе айтпап еді ғой”, – деймін.

Бір-екі күнде оралды. Ешқандай бөтен әңгіме жоқ. Күнделікті жұмыс. Коллегия мәжілісі де жақындап қалды. Есебімізге дайындалып, күнделікті жұмысымызды атқарып жүріп жатырмыз. Облыстардан тілшілер де жиналды. Мәжіліс ашылды. Осы кезде Көкеңнің хатшысы келіп, телефонға шақырып жатқанын айтты. Көкең тез оралды да:

– Жігіттер, мені Қонаев жолдас шақырып жатыр екен. Сіздер мәжілісті жалғастыра беріңіздер. Мен тез барып келе қояйын, – деді.

Екі сағаттай шамасында оралды да, мәжілісті жалғастыра берді.

Арада бір-екі күн өткен. Бір шаруамен Көкеңе кіріп, әңгімелесе бастағанымыз сол, телефон шылдыр ете қалды. Даусынан байқаймын Орталық Комитеттің сектор меңгерушісі Аманкелді Ахметәлімов.

– Бір жігітті жіберсем бола ма, әлде өзім барайын ба? – деді Көкең.

– Өзіңіз келіңіз.

Көкеңнің емеуірінен аңғарғаным, тікелей жауапты адам барса да бітетін шаруа.

– Ойпырым-ай, осы жігітті-ай... – деп тыжырындадым.

– Қайтесің назаланып, – деді Көкең. – Қолында тұрған соң шақырады да.

Ертеңіне 30 март күні Орталық Комитеттің пленумы. Баяндаманы кеше аударып, қарап, редакцияларға беріп қойғанбыз. Бүгін өзгерістерін енгізуіміз, ақпарат хабарын беруіміз керек. Жұмыс саябыр. Телефон шылдыр ете қалды. Пленумда жүрген біздің жігіттердің бірі екен.

– Құттықтаймын! Көкең Орталық Комитеттің хатшысы болып сайлынды – деді көтеріңкі дауыспен.

– Шын ба, шын ба? – дей беріппін.

Естіп жатырмыз, анау анау барып құттықтапты, мынау барып құттықтапты. Не керек, ондайға үйренбеген басым, қозғала қойғаным жоқ. Екі-үш күннен кейін Көкеңнің өзі телефон соқты.

– Халың қалай, жұмыс көп болып жатыр ма?

– Көке, кешіріңіз, құттықтай алмай жатырмыз. Өзіңіз келіп коллективпен қоштасар, сол кезде құттықтармыз деп жайбасарлыққа салынып жүрміз.

– Оқасы жоқ, Нұрмахан, көңіліңді онсыз да білемін ғой, өзім де барып, қоштасып шығамын. Сендердің, ҚазТАГ-тің арқасы ғой, – деді.

Айтқандай-ақ, біраз күндерден кейін келіп, коллективке рахметін айтып, қоштасып кетті.

Арада үш жылдай уақыт өтті. "Ойбай, Көкең босап қалыпты" деген әңгіме шықты. Алдында ғана демалысқа кеткен. "Демалыстан келіпті, онда барады екен, мұнда барады екен", – деген дақпырт. Іле-шала "Қазақстан коммунисіне" бас редактор болып тағайындалыпты" деген хабар тиді. Бардым. Баяғы жайдары қалпы.

– Ол енді пенсияға шыққаннан кейін айтылатын әңгіме ғой, – деді күліп менің сұрағыма. Одан кейінгі әңгіме қазіргі жұмыс жайына көшті.

Кейінен кездесіп жүрдік. КСРО Журналистер одағының алтыншы съезіне бірге бардық. Жұмыс бабымен ақылдасып тұратын шаруалар болып жүрді. "Командно-административная система" дегенді әрқилы аударып жүрдік те, бір баяндама "әміршілдік-әкімшілдік жүйе" деп аудардық. Көкең телефон соқты: "Осы сөзді сан құбылттындар-ау", – деді. Баяндаманы журналға берерде өзгертеді-ау деп ойлағанмын. Өзгертпепті. Ара-тұра түскі тамаққа бірге барып, бірге қайтамыз. Кейде Орынша жеңгейді жұмысынан ала қайтамыз.

1988 жылдың күзінде мен кенеттен Қарағандыға ауыстым. Тіпті Алматыға да соқпай, Сарыағаштан тіке тарттым. Келесі күзде демалыс алып, елге барып кемпір-шалдың басын

қарайтын, аз күнге Алматыға соқтым. Ұмытпасам 11 қазан, сәлем берейін деп Кәкеңе кірдім. Аяулы ағаларымыздың бірі, ұстазымыз Төлеубай Ыдырысов отыр екен кабинетінде. Төкең мен кіргесін шығып кетті.

— Естіп жатырмын, Нұрмахан, газетің абыройлы көрінеді. Қуанып жүрмін оныңа. Өзім Франциядан жаңадан оралған бетім. "Народная дипломатия" деген бар ғой. Митеран, Ширак қабылдады. Көп-көп мағыналы, жақсы кездесулер болды. Енді жазу керек. Жұмысқа бүгін ғана шығып отырмын, — деді Кәкең.

Сағаттан аса әңгімелестік. Енді бір күннен кейін аяулы, ардақты ағамыздың мәңгілікке сапар шегетінін қайдан білейін. Демалыста жүрген сорлы басым, қазасын кеш естідім. Алматыда Кәкең барда асқар тауым бардай сезінуші едім. Сол асқар тауым бір күнде құлап қалды тағы да жетімсіреп қалдым.

Бақытжан МОМЫШҰЛЫ

ЗВЕЗДА БРАТА

КОРАН. *Сура 53. Звезда. "Клянусь звездой, летящий с небосклона, — Ваш верный друг с пути не сбился..."*

Во имя Аллаха, милостивого и милосердного!

Для меня путь моего брата был праведным и прямым. Какимжан-ага не был в моей жизни ни наставником, не проповедником; он был просто братом, который на протяжении почти сорока лет внимательно и пристально следил за путем моей судьбы. Он скупо одобрял мои верные шаги земной жизни, радовался моим самым ничтожным успехам. Он становился больным, видя глупости и слабости мои. А энергию мудрости вливал в мое сердце во время доверительных и теплых бесед. И еще, он отдавал мне много ласки и доброты, которых мне всегда очень не хватало. Когда я падал на дорогах жизни и расшибался в кровь, он поднимал меня и говорил: "Это не страшно, малыш. Есть падения, будут и взлеты. Все чередования в жизни черного и белого, горячего и холодного, сладкого и горького, радостного и печального имеют свой смысл, поэтому не надо роптать на судьбу — Она всегда справедлива".

— У справедливости шаги слишком медленные, а судьба часто дает то, чего у нее не просишь, — возражал я.

Он грустно смотрел на меня:

– У справедливости космический отсчет времени, а у тебя – нетерпение мотылька. Судьбу тоже не упрекай; ведь ты сам слеп и не знаешь, что в этой жизни тебе необходимо, а что принесет вред.

Кому-то может показаться странным, что свое слово о коммунисте я начал с суры Корана. Но для меня в этом нет ничего противоречащего и противоестественного. Мы с братом за долгие годы имели много бесед на разные темы и, конечно, на религиозные тоже. Я хорошо помню как он однажды сказал:

– Общество катастрофически быстро теряет духовность. С каждым днем все больше гаснет свет в глазах людей. Страшно то, что утрачивается вера в социализм, в коммунистические идеалы.

– Когда слова расходится с делами, идеалы умирают, – заметил я.

Какимжан-ага горько вздохнул:

– Деформации уродуют не только быт, но и калечат души людей. Редкие личности умеют понимать, что вина не в социализме и не в идеалах коммунизма. Коммунизм – это не просто изобилие еды и одежды. Коммунизм – это изобилие любви и милосердия. Коммунизм – это восхождение к космическому разуму, который на несколько порядков выше нашего. Наша ошибка была в том, что мы отвергли помощь религий в деле воспитания чловека. А ведь всякая религия является проповедником коммунистической морали, поддерживает человека в тяжелейшие минуты его жизни, оберегает нравственность. Каждая религия по сути своей является коммунистическим учением, призывающим взращивать человека с космическим сознанием. Религия вносила огромную долю труда в развитие звездного сознания людей. Все религии помогают друг другу, прорабатывая каждая свой поток знаний. Коммунистическое же учение, сочетая в себе бытовое, освобождающее благоденствие и бытийную духовность, старается вывести человечество наиболее гармоничным и прямым путем к братству космического Разума. К сожалению, мало кто сейчас осознает эту великую цель. Все пытаются объяснить с позиций вульгарного материализма, – он грустно улыбнулся. – Поэтому ортодоксальные атеисты порой кажутся мне либо недоумками, либо лицемерами.

– Кого же винить за то, что народы остались без веры? Кого судить за то, что мы лишены духовности? Маркса? Ленина? – затомился я.

Какимжан-ага молча поднялся с места, подошел к полке, достал с нее книгу в красном переплете, раскрыл и прочел вслух: – "Лучше быть неправым, защищая Авиценну, чем правым, проклиная его". Это еще в XVI веке сказал Микеланджело.

– Защищать, даже уже зная неправоту? – усмехнулся я.

Он внимательно посмотрел на меня и сказал:

– Убежденный, искренне верящий человек даже ложную веру делает истинной. А фальшиво верующий даже истинную веру превращает в ложную. Кстати, ты заметил, что у великих людей свое братство, свой высокий интернационализм?

...Я, по натуре своей слабый и малодушный человек, однако умел проклинать живых недоброжелателей и ненавидеть враждебных мне мертвых. Я и сам понимал низость и недостойность таких чувств, но ничего не мог с собой поделать. Уважать ушедших и сочувствовать живущим научил меня тоже мой Жан-ага.

В течение многих лет несколько раз в год мы ездили с ним на мусульманское кладбище в урочище Кенсай, и с каждым разом все больше становилось там родных могил. На Кенсайском зирате лежат наш общий отец батыр Бауржан, моя мама, старший брат моего Жан-ага – Ахметжан-ага, мать Орынши-женеше, лучший друг и самый близкий отцу человек папа Курманбек Сагындыков, Рахимжан-ага Кошкарбаев. Мы клали четное число цветов на каждую могилу и Какимжан-ага, покрыв чем-нибудь голову, читал суры корана. Однажды, когда мы возвращались, я не совсем умно и уместно заметил:

– Жан-ага, вы член партии, а читаете коран. Совместимо ли это?

– Дань уважения мертвым и очищение собственной души моей партии вреда принести не может, – рассмеялся он. – Самые высокие руководители партии возлагают венки на могилы павших и склоняют головы перед их светлой памятью. Это акт человечности, а не религиозного фанатизма. Вообще-то, фанатизм омерзителен во всем. Только не следует путать его с идейной убежденностью.

В своей книге "Восхождение к отцу" я уже писал, каким образом появился в нашем доме молодой журналист Какимжан Казыбаев. Мне бы не хотелось повторяться, но для тех, кто книгу эту не читал, считаю необходимым сказать, что в те давние годы, когда я был еще мальчишкой, бесквартирного газетчика привел к нам отец и сказал повелительно и резко, что этот юноша будет жить у нас в

одной комнате со мной. Мама возразить отцу не посмела, да, кажется, и не хотела. Она всей душой приняла своего нового сына, а я всем сердцем признал в нем себе брата. В выборе людей отец был суров и предъявлял к каждому человеку очень высокие требования, а к Какимжану как-то сразу проникся доверием, сказав прилюдно:

– У меня два мальчика. Один смуглый, другой – посветлей. Мне он приказал уважать и всегда почитать старшего брата, считать его не названным, а родным, кажется, этот завет отца я сумел выполнить до конца. До невыносимо больного и печального конца осени 1989 года, когда мой брат ушел от нас по дороге бесконечности. Но для меня он жив, и будет живым всегда.

Помню, на пороге юности я, как и многие, наверное, влюбился в молодую учительницу, которая пришла в наш класс преподавать английский язык. Я маялся, томился, болел, мечтал и совсем забросил учебу. Заметив мое ненормальное состояние, Жан-ага, когда мы остались дома одни, участливо спросил:

– Ты кого-то полюбил, жеребенок мой?

Я вздрогнул, начал что-то врать, отнекиваться. А он с нежным удивлением посмотрел мне в глаза и сказал:

– Не нужно стыдиться любви, надо стыдиться ненависти.

– У меня все скоро пройдет, Жан-ага, – пообещал я.

Он нахмурился и покачал головой:

– Любовь на время – безнравственна. Запомни это, малыш. И тогда я заплакал, потому что не понимал, что со мной происходит, отчего так больно в груди и почему мне не хочется жить. А брат встал, наклонился ко мне, погладил по голове:

– Ты просто становишься взрослым.

Признаться, я до сих пор не понимаю, что такое быть взрослым, хотя мне уже пятьдесят лет. Просто, жить стало трудней, ответственней и душней, а сердце, кажется, все такое же глупое и душа мечтательная, как и прежде. У меня было три настоящих брата:Жан-ага, Саттар и Хайдолла-ага. Двое покинули меня. Остался один. Если бы вы знали, как мне страшно при мысли, что я смогу потерять и его! Вот тогда я, наверное, стану настоящим сиротой. И в ночной тишине я безумно мечтаю о том, что-бы мои братья всегда были со мной...

Вы знаете, что сын приводит невесту в отчий дом. Жан-ага привез Орыншу женеше в дом своего отца Бауржана. У нас сыграли свадьбу. Я был первым, кто назвал жену брата

ласковым и родным именем "женеше", и она расплакалась, потому что совсем еще юной невесте было это звание чужим и пугающим. Я, мальчишка городского двора, почти полный манкурт, испугался, что обидел ее, и не знал, как исправить свою вину. А Жан-ага посмеивался:

– Ты сказал ужасное слово, которое говорится только древним старухам. Стыдно, брат. Придется тебе изучать родной язык, чтобы не попадать больше в такие нелепые положения.

За шуткой скрывалась горькая правда, которую я осознал лишь годы спустя. Лишенный родного языка становится чужим для всех. Он все дальше уходит по дороге страшного небытия от собственного народа. Корни его перерублены. Они не пьют живительные соки родной земли. По стволу не струится своя горячая кровь. Листья увядшие отзываются шорохом лишь на дуновение посторонних ветров. И сердце превращается в лед или в черный камень, не способные дать тепло своему народу, не умеющие болеть за него.

Жан-ага почти насильно водил меня в театры на казахские оперы и драмы, все больше увлекая меня красотой поэзии "Кыз-Жибек", "Ер Таргына", "Жалбыра". Он первым повел меня на концерт великой Дины-апа, где впервые от звуков кюя защемило мое невежественное сердце. Очарование волшебных песен незабвенного Мади тоже открыл для меня Жан-ага. И до сих пор душа становится гордой и горестной, когда я слышу: "Атыңнан айналайын Қарқаралы! Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады". И величественные напевы Абая-ата перелились в меня голосом моего Какимжан-ага, который и дома часто брал в руки домбру, чтобы, как чудесным ключом, открыть мои заросшие сорняками, оглохшие для родных мелодий уши.

Он говорил со мной на родном языке, я отвечал ему на другом. И так длилось очень долго. А потом я постепенно начал говорить на своем наречии, ломая язык. Надо мной смеялись и я замыкался в себе. Но Жан-ага утешал меня, гладя по плечу:

– Ничего, светоч мой, пусть смеются. Ты все делаешь правильно. Лучше пусть люди смеются, чем народ будет проклинать.

И однажды я заговорил почти легко и свободно, чувствуя, как возвращаюсь к своему народу, ощущая, как оживают мои иссохшие корни. Воскресала вековая память, я переставал быть мангуртом. Но я не могу сказать что легким и безмятежным был путь возвращения. Я все еще на пути к родному дому. Но за то, что указал верный путь, я на вечные времена благодарен брату...

Я был студентом КазПИ имени Абая, учился на английском отделении факультета иностранных языков. Учился слабо и вяло, не чувствуя призвания, сам пописывал смешные и неуклюжие стихи, никому их не показывая. Об опытах моих знал один лишь Жан-ага, строго критиковал, сразу обнаруживая подражательство великим поэтам, бессовестное эпигонство, а то и плагиат, который он из деликатности называл "заимствованием", хотя это было в общем-то откровенное воровство. Я злился, но сочинять стихи не бросал. Время шло, и однажды, в годовщину полета человека в космос, написал первые стихи, идущие от сердца. Рифмы были ужасные, безнадежные, но зато чувства было много. Эти стихи я отнес брату, который в то время работал заместителем редактора газеты "Жетысу". Жан-ага посмотрел их, поднял трубку, набрал номер и сказал кому-то:

— Сейчас вам зайдет мой младший брат, возомнивший себя поэтом. Кажется, на этот раз у него получилось что-то путное. Впрочем, мне трудно судить, потому что пишет он на русском. Да, если вам подойдут его стихи, то помогите, пожалуйста.

И я пошел в отдел культуры газеты "Алма-Атинская правда", где получил первое одобрение. Вскоре стихи были напечатаны, и я вовсе охладел к педагогике, решив, что я уже поэт.

Но после этого все написанное мной стали нещадно браковать. Я не унимался, продолжая писать вирши к каждому красному дню календаря. Однажды вечером Жан-ага, отставив в сторону недопитую пиалу с чаем, сказал с обидой:

— Неужели день рыбака трогает твое сердце? Пожалуйста, не пиши дежурные стихи. Никогда не пиши!

С тех пор у меня написалось всего два-три настоящих, как мне кажется, стихотворения. Одно было посвящено девушке, которая до сих пор выпевает в моем сердце какую-то тонкую и жалобную мелодию, как кобыз, усталый от безответного чувства; начиналось оно так: "Алой звезде сердца я подставляю ладони. Пальцев горячих молнии в чайной ночи сверкают. О, я бы пришел в отчаяние, если б в мои ладони теплой, доверчивой птицей не опустилось счастье. Это было бы больно, синяя птица счастья..." Когда я прочел их брату, он задумчиво сказал после некоторого молчания:

— Здесь есть что-то истинное. Но я боюсь, что эти стихи будут причинять тебе боль всю жизнь. А может, это и хорошо.

...Я перешел на прозу, но стихи писать не бросил. Правда настоящих стихов у меня с тех пор почти не было. Может, еще одно, посвященное брату: "Люблю я, женеше, когда ага

смеется. Когда смеется он, от боли сердце рвется. Приходит красота, уходят все печали. И бродят васильки по краю вашей шали". А шутливых стихов было немало, примерно, таких: "Я буду есть казы, не забывая, о младшем сыне деда Казыбая".

Да, в то время драгоценной россыпью звезд высветились многие прекрасные поэты, и я понял, что мне никогда не угнаться за ними. Но я уже был тяжко болен творчеством и поэтому ушел в прозу. Каким я стал прозаиком, не мне судить. Но и в прозу я явился через перевод. Разных казахских писателей я переводил на руский язык, даже число моих авторов трудно перечислить. Начал я с повестей Шерхана-ага Муртазаева, затем переводил Жайсанбека, Оралхана, Булата Бодаубаева, Калдарбека, Бека Тогысбаева, Мади Айымбетова, и ряд других. Не с каждым из моих авторов я находил сразу сердечный контакт. Но когда мне дал свои произведения Жан-ага, я сразу ощутил поток родственной доброты, хлынувшей на меня со страниц рукописи. С тех пор я перевел все его произведения в жанре художественной прозы: "Изморозь", "Тайна", "Наказ"... Но до своей кончины брат успел написать еще один роман и большую повесть. Мой долг перевести на русский язык и это его наследие...

Как писатель он стал бы еще более заметным и значительным, если бы не отдавал все свое время партийной и государственной работе. Он был инструктором ЦК, заместитетелем председателя Госкомиздата, директором КазТАГ, секретарем ЦК Компартии Казахстана, и на каждом посту не работал, а трудился, не щадя себя, хотя знал, что у него очень больное сердце. Он сжигал себя, но ровный и добрый свет его был скромным, как он сам. Звезда моего брата была теплой и светлой. Он не умел обжигать, причиняя боль, не способен был превращать в пепел людские судьбы.

В своих романах "Когда ты рядом" и "Восхождение к отцу" я хотел вывести его под настоящим именем, но он запретил мне это делать. И тогда я схитрил, назвав его тем именем, которым привык называть с детства — Жан-ага. И он вынужден был смириться...

Когда он работал директором Казахского Телеграфного Агентства, брат пришел к нам домой на лагман. Взгляд у него был измученный, лицо землистое. Есть он ничего не мог и лишь лениво перебирал вилкой длинные пряди лапши.

— Жан-ага, вы, кажется, заболели, — сказал я.

— Вот здесь сгусток боли не отпускает, — признался он, показывая ладонью на область диафрагмы.

— Может, съели что-нибудь не свежее, — предположила Зейнеп, огорченная тем, что любимый кайынага ест без удовольствия приготовленное ею блюдо.

— Нет, врачи утверждают, что это все от нервов, — поморщился Жан-ага.

Я оживился:

— Ага, говорят, в Японии для руководителей фирм создали специальные манекены, которых они держат в комнатах отдыха. Если визитер очень уж омерзителен и надоедлив, хозяин кабинета извиняется перед ним, выходит в ту комнату и начинает лупить манекен руками и ногами. Он высвобождает всю злую энергию, представляя, что бьет посетителя. Он выплескивает все раздражение, успокаивается, поправляет галстук и возвращается в кабинет, где продолжает вежливо вести дальнейший разговор с неприятным гостем.

Хотите, я буду вашим манекеном?

Он поднял на меня усталые глаза, губы его задрожали, когда он сказал:

— Если я когда-нибудь тебя ударю, я тут же на месте умру.

Зейнеп выбежала на кухню. Я отвернулся, чтобы брат не заметил моих слез. А Ержан, тогда еще школьник, медленно встал, подошел к нему и положил голову ему на плечо, как доверчивый жеребенок, и взгляд его был таким грустным, что невыносимо было смотреть. Жан-ага вдохнул в себя запах его волос, погладил, поцеловал в макушку и ушел...

Секретари ЦК, оказывается, теряют право на прежний круг общения. У них существует какой-то там протокол. В интересах дела им не рекомендуется тесно поддерживать прежние связи. Когда на пленуме Жан-ага был избран секретарем ЦК Компартии республики, он тоже попал в такое же полежение. Городской номер телефона моментально заменили на другой, которого не было в справочнике, поставили еще "вертушку", и брат стал как будто далеким и даже чуточку чужим. Он долго не давал о себе знать. Я тоже не искал его. Я скучал по нему, но положение его понимал. И вот однажды он позвонил домой и сказал:

— Баха, я соскучился по тебе. Приезжай ко мне на дачу.

— Каким транспортом добираться? — спросил я.

— Ты выходи из дома через десять минут. Я пришлю шестерку, — пояснил он.

Я удивился:

— А на кой черт мне сдался ваш помощник?

Он замолчал, не понимая, очевидно, причем здесь помощник, а потом уточнил:

— Я вышлю к твоему дому машину под номером "0006". А почему ты о помощнике заговорил?

Я объяснил:

– "Шестерками" обычно в определенных кругах посыльных называют.

– Не смей так о людях говорить, даже в неопределенных кругах! И вообще, много не болтай, а собирайся!

– Паспорт брать с собой? – спросил я.

– Зачем? – снова удивился он. – Ничего не надо брать!

– Откуда я знаю! – рассердился я. – Меня же не охраняют.

"Шестерка" развернулась возле самого подъезда, водитель распахнул дверцу, я сел и поехал, с изумлением наблюдая, как вся встречная милиция отдает мне честь. Я понимал, что честь отдается не мне, а машине, но все равно было приятно. Таких почестей я в жизни не удостаивался. Лучше, конечно, реже подвергать свое самолюбие подобным испытаниям, а незаслуженных почестей лучше совсем не иметь. Иначе тщеславие разъест душу ржавчиной. На даче ага оказался один. Он спросил, буду ли я пить шубат. "Сурап бергенше, ұрып бер", – ответил я ему. Он рассмеялся и пошел в другую комнату доставать напиток из холодильника. На столе лежали какие-то бумаги с отпечатанным текстом и рядом валялась изящная черная ручка. Не сдержав любопытства, я подошел ближе, увидел, что это текст выступления, и начал читать. Мне сразу бросилась в глаза фраза, где были слова "ковыльная степь". Я взял ручку и переделал "ковыльную" в "полынную". И тут же за спиной раздался голос:

– Ты уже секретарей ЦК правишь?

Я оглянулся и пожал плечами:

– Какое мне дело до секретарей? Просто, вы, как истинный казах, завтра вместо "ковыльная степь" на весь зал произнесете "кобыльная степь".

Он рассмеялся, покачал головой и сказал:

– Саған дауа жоқ. Садись, пей шубат. Скоро женешен приедет, будем обедать.

... В другой раз Жан-ага позвонил и сказал:

– Баха, надо бы посидеть вечерок вместе за ужином. Я хочу пригласить еще и Рахимжана. Как у тебя отношения с ним?

– Нормально, – ответил я.

– Отвечай по-человечески, – вспылил брат.

Я тоже взорвался:

– Какие могут быть отношения? Нормальные. Я люблю его. В конце концов, я же ему не рейхстаг, чтобы на моей макушке флаг водружать!

Жан-ага поперхнулся в трубку, издав какой-то странный, хрипящий звук, а потом проговорил:

— Ладно, в таком случае, как ты выражаешься, все нормально.

... Я шучу через силу. Мне горько, что сейчас этих родных людей. Рахимжан-ага Кошкарбаев, герой штурма рейхстага, поднявший первым знамя над ним, был непревзойденным рассказчиком, любил шутки, смех. И на шутки даже таких дураков, как я, не обижался. Я вспоминаю веселое через болт, потому что так мне кажется, что они живы и все еще рядом со мной, что вот сейчас раздастся звонок и войдет Жан-ага в своем сером костюме с депутатским значком на лацкане, а потом затрезвонит телефон и я услышу голос Рахимжан-ага, рассказывающего новую веселую историю, которую другому человеку пересказать уже невозможно...

Я начинаю понимать, что узы, связывающие людей, это не нити, а какие-то крепчайшие волокна, сотканные из космических лучей. Когда они рвутся, то лопаются сосуды сердца, и душу заливает горячая кровь, в чем-то опустошающая и чем-то омывающая все твое существо. А потом приходят фантомные боли, какие бывают у больных, которым отрезали руку или ногу. А им кажется, что все время болит нога, хотя ее уже нет совсем...

Такие боли стали ко мне впервые приходить после смерти отца. А после ухода брата они начали возвращаться с двойной силой.

Задолго до смерти отец собственноручно нарисовал собственную могилу, где изобразил холмик и четыре деревца по сторонам. Мы с Зейнеп не понимали, что он там изображает, но он ткнул пальцем в бумагу и сказал своим спокойным густым голосом:

— Вот здесь буду лежать я. Не кладите мне камни на грудь после смерти; их достаточно наваливали на мое сердце при жизни. Если уж вам будет так уж не по себе, коли вы оставите меня без памятника, то положите простую мраморную плиту, а на ней пусть художники вырежут мою подпись. И не надо никаких дат, ни рождения, ни смерти.

— Да никто не позволит оставлять тебя без надгробия, — сказал я недовольно. — Выдумываешь все раньше времени.

— Дурак! Ты ничего не понимаешь! — крикнул отец. — Когда кончится пища моя на этом свете, мой казан перевернется. Я никогда не занимал чужого места, и я хочу побыстрей освободить его для других усопших, не отгораживаясь от них оградкой и памятником. Разве в памятнике дело?! Гордо смотрит в мир изваяние из камня или металла, а внизу все гниет, поедаемое червями. Я хочу побыстрей слиться с землей родной.

... Когда отец умер, я показал этот рисунок Какимжану-ага и рассказал ему о словах нашего отца. Брат задумался, а потом покачал головой:

– Нет, так нельзя. Свята просьба его, но он при жизни не принадлежал себе, и после смерти будет принадлежать народу. Я думаю, что он простит нас, если мы все же поставим памятник народному батыру, чтобы людям было к кому приходить.

– Мое дело передать слова отца, брат, – вздохнул я.

– Народ нас не поймет, – отвернулся он от меня.

Димаш Ахмедович Кунаев поручил ему заняться памятником отцу, наказав сделать его таким, чтобы люди сразу узнавали место успокоения Бауржана Момыш-улы. Жан-ага отвергал разные проекты, пока наконец не подписал тот, который пришелся ему по душе. И, как выяснилось позже, понравился и народу. Памятник восстал в горах, как утес. Склон этой горы на кладбище Кенсай открыл первым наш отец. За ним пришли к нему братья его: Курманбек-папа, Рахимжан-ага... Но я не думал, что так скоро позовет отец к себе и своего старшего сына, Какимжана Казыбаева. И вот лежат они вместе, и пусть Всевышний даст им всем Иман.

А до этого, когда мы с братом ездили к родным могилам и он читал коран, я расслышал однажды тихо сказанные слова:

– Отец, прости за то, что придавили тебя камнем и бронзой. Но ведь ты терпел и не такие тяжести. Вынеси ради народа и эту боль.

И я понял, как мучило Жан-ага сознание того, что он не в силах был исполнить последней воли нашего отца...

А в то же время тяжелые камни накапливались в его собственном сердце, но он не хотел и не умел перекладывать собственные тяжести на других людей. Мне он тоже не рассказывал о падавших на него обидах и несправедливостях, оберегая меня, как он привык оберегать всех. После каждой своей поездки по Казахстану я приходил к брату и давал своеобразный отчет об увиденном, подмеченном и прочувствованном. Он внимательно слушал меня, делая про себя какие-то выводы.

Мне необыкновенно понравилась Кызыл-Орда, несмотря на крайне бедственное положение этой многострадальной области. Люди там красивые, мужественные, приветливые, сумевшие сохранить все лучшее из обычаев и традиций народа, хотя беда в тех местах смотрит из каждого угла бездонными

черными глазами. Талантливых людей вдоль священной поймы Сырдарьи великое множество. В каждом районе созданы школы для талантливых детей, готовящих певцов, жырау, термеши. К тому же, люди там гостеприимны, доверчивы и простодушны... Я скучаю по ним.

Выслушав мой рассказ, Жан-ага вздохнул:

— Когда-то вся наша степь была добродушной и сильной. Она была доброй и щедрой. А сейчас она истощена, отравлена, унижена. Два прекрасных глаза ее, Арал и Балхаш, высохли от горя. Но беду эту принесли люди своими руками. Неужели Кызыл-Орда останется заповедником народной души? Как больно!

— Мы ехали в Кармакчи, Жан-ага, и обочины дороги на всем пути были белыми. В стороне горел тугай. На дереве джиды сидел одинокий белый фазан. Я спросил, почему обочины белые, не известняк ли здесь. Мне ответили, что это соль Арала.

Жан-ага застонал едва слышно и прошептал:

— Несчастная моя земля! И ты еще жива? Прости неразумных... Сейчас я могу сделать для народа больше многих, но как мало на самом деле я в силах исполнить. Если бы ты знал, как связаны мои руки, как скованы уста! Все решается не здесь. Нам приходится действовать с оглядкой, лукавить, убеждать тех, кто не знает местных условий, да и не желает считаться с ними. И все для того, чтобы ослабить железную хватку на горле народа. Земля народа — это цельный организм. Сейчас этот организм болен, но и его собираются разрезать на части, ампутировать целые области, чтобы пришить к чужеродному телу. Ты был слишком молод, когда Хрущев и Юсупов отдали наши южные районы Узбекистану. Это была очень болезненная операция для обоих народов. Прошлые трагические ошибки, кажется, ничему нас не научили. И сейчас единое тело, уже в конец измученное, пытаются разорвать на части. Будет ли тогда жив народ с наполовину отрезанным языком и отрубленными конечностями?!

В глазах брата плескалась такая боль, что я отшатнулся. Я понимал, что он говорит о каких-то страшных вещах, но все же не раскрывая детали, и только спустя несколько лет многое из его слов стало ясно. Но в ту пору сказанное им явилось для меня откровением, и душа как будто перевернулась.

— Огромные гири висят на руках и ногах. Несмотря на это, мы обязаны бороться с проклятым засильем. Всюду беззаконие, коррупция, произвол. Министерства и ведомства ведут себя на земле народа, как удельные князья. Из-за них

дышит ядом фосфатов Джамбул, ядом бокситов Аркалык, отравлены Чимкент, Уст-Каменогорск и многие другие наши города. Алма-Ата насквозь пропитана отравой. У кормящих матерей яд вместо молока. Женщинам почти в категорической форме предписано не рожать детей. Будет ли жив народ без детей, без своего будущего?!

Я впервые в жизни видел брата в таком состоянии. Обычно он был очень сдержан, казался даже невозмутимым, но сейчас хранить в себе страшную боль оказалось не по силам и ему. А он продолжал, обращаясь словно не ко мне, а к себе, к своей душе:

– Сейчас ко мне стекается огромной поток информации, почти каждая из которых представляет проблему, требующую немедленного решения. Как остановить грабеж? Как открыть закрытые в приказном порядке школы на родных языках? Как прекратить обнищание крестьянства? Каким образом перекрыть путь потоку миграции? Как найти работу молодежи? Мы пытаемся объяснить, что необдуманные действия неизбежно приведут к крови, к разгулу охлократии, но нас останавливают окриками, обвиняя в паникерстве и в неверии в силу государства. Люди перестают слышать друг друга.

– Почему же народ не знает ничего о происходящем? – спросил я.

– Народ видит то, что у него перед глазами. Все недостатки и пороки поэтому кажутся ему частными. А путь к правде закрыт. Верно, писатели видят и понимают, может, немного больше других, но и на них есть узда. Я сам вынужден держать ее в своих руках, чтобы не было еще больших бед. Они поднимают свои голоса, но слышат их только такие же писатели. Да и какой толк сейчас, если услышат их массы. Высказавшись, писатели как будто забывают о поднятой проблеме и начинают писать не только книги, но и доносы друг на друга. Жалоб очень много, и с каждой надо работать. Творческие союзы в данный момент являются как бы крошечными моделями общества, где царят рвачество, диктат, забвение основных задач, равнодушие к человеку. Люди выпрашивают себе ордена и лауреатства, дерутся за депутатские значки. Если создатели нравственного здоровья общества таковы, то каково будет само общество? Но можно понять и людей, теряющих уверенность в завтрашнем дне. Все они вызывают сочувствие, даже сломавшиеся, – горько закончил Жан-ага.

– А сломавшихся много? – поинтересовался я.

– Больше, чем ты думаешь, – ответил он. – Но есть и павшие, как в бою. Ты знаешь их. Это наш отец и Мукагали. Это Булатов, водружавший знамя над рейхстагом вместе Рахимжаном. Он ушел из жизни, написав Рахимжану письмо: "Рахимжан! В этой жизни нет справедливости". Но справедливость придет, я слышу ее шаги. Ты не теряй веры в нее.

– Справедливость абстрактна, – заметил я. – В кого должен конкретно верить?

– Единственной силой, способной консолидировать общество, является партия. Она тоже сейчас загрязнена случайными людьми, попутчиками, проходимцами, но основа ее чиста, и она обязана выздороветь, избавившись от всего чужого, выправив все деформации. И тогда она поведет человека к высотам космического разума, примирившись с религиями, которые всегда готовы прийти на помощь в деле добра. Когда восстанут из пепла разрушенные храмы, общество начнет прозревать и выздоравливать. Людям необходимы не столько клубы и дворцы, сколько храмы, где можно остаться наедине с совестью, – сказал брат и поднялся. – Прости меня, я очень устал.

... Да, он очень уставал, и это было заметно. Ведь усталость накапливается батманами, а выходит мискалями. Но телесная усталось проходит гораздо быстрее, чем опустошающая усталость души. От нее все сильнее болит сердце.

Усталости в нем становилось все больше, но он хотел работать как всегда, на пределе сил. Он собирался написать большую книгу воспоминаний о нашем отце и о Рахимжан-ага, но не успел. Он сумел только начать эту книгу, отрывок из которой вошел в сборник воспоминаний о Бауржане Момыш-улы. Я думаю, что в его архиве сохранилось немало материалов об этих и других людях, которые непременно использует в своих будущих работах Орынша-женеше. А мой долг – перевести на русский язык те труды, которые успел завершить мой старший брат.

Но он успел съездить на родину отца, взяв с собой женеше, Ержана и своего младшего сына Батыра. Он показал им все памятные места, побывал с ними в совхозе имени Бауржана Момыш-улы, посмотрел памятник, воздвигнутый там вдоль Великого Шелкового Пути, зашел в райком партии, поговорил насчет музея отца, заехал в обком, где обговорил в общих чертах мероприятия, связанные с предостоящим восьмидесятилетием батыра. Вернулся он не очень довольный инертностью руководителей района. Сейчас там, кстати, новое

руководство, для которого, надеюсь, память о народном герое ближе к душе. Впрочем, время покажет...

Вернувшись в Алма-Ату, Жан-ага позвонил мне и спросил о моих планах на ближайшее время. Я ответил, что нам предстоит поездка в Уральскую область, а затем в Кызыл-Орду. А еще было приглашение из Байганинского района Актюбинской области, где мы были в 1984 году и нашли там много родных людей. Он попросил отложить на время все поездки, сказав, что собирается взять нас с собой к себе на родину в Саркандский район Талды-Курганской области. Он добавил еще, что выедем мы довольно большой группой, потому что он хочет захватить с собой в поездку ряд своих родственников и земляков, живущих и работающих в Алма-Ате. А затем рассказал предысторию.

Оказывается, накануне у него был разговор с каким-то Талды-Курганским функционером, который заметил, что Саркандский район никаких особо выдающихся личностей не выдал за все время своего существования. Какимжан-ага рассмеялся и сказал, что даже один лишь совхоз "Бакалинский" этого района дал народу двух докторов наук и шесть кандидатов, которые трудятся с огромной пользой для науки и общества, являясь профессорами и доцентами ряда вузов столицы и республики.

Район хотел торжественно отметить его шестидесятилетие, но Жан-ага запретил все пышные торжества, сказав, что мы едем работать, что это будет встреча земляков. Один из приглашенных, ректор Актюбинского пединститута, приехать не смог, но все равно, мы выехали в довольно солидном составе: Жан-ага, женеше, Батыр, Хусаин Рысалдинов, Амангельды Бекбаев, Болат Болсанбеков, Зейнеп и я, да еще доцент за рулем — Адильбек, и профессор Сакен Дорженов. Да и жены у всех тоже кандидаты наук. Амангельды и дочь взял с собой, очень милую, умную, добрую и ласковую девочку Анель. Было удивительно, как мы все сдружились и сблизились за эти пять-шесть дней.

Поездка действительно была полезной и результативной. Ученые отчитались перед земляками, и было видно, что люди радовались тому, какими большими делами занимаются их сыновья. Нам всем приходилось выступать всюду, рассказывать о творчестве и родстве. Нас люди приняли родней родных. Я встретил там живых героев произведений своего брата, а они в нем узнали одного из героев моих книг. Одна пожилая женщина, в доме которой мы ночевали,

Шукен-апа, тетя Амангельды, обладала удивительным даром рассказчицы. Великое народное слово в устах ее звучало в разговоре с Какимжаном-ага, я помню, она ему сказала: "Шырағым, төбесіз жер болмайды, төресіз ел болмайды". И вся ее речь была пересыпана яхонтами и изумрудами народного красноречия, и я в тысячный раз пожалел о том, что не пишу на родном своем языке, что потери мои велики и невосполнимы.

Огромное впечатление произвел на меня там еще один человек. Имя ему – Болат Макетов. Он работает председателем колхоза в том районе и пользуется высоким уважением всего многонационального района. Из-за прямого и неукротимого нрава, честного взгляда на жизнь, любви к людям, с которыми он работает, из-за того, что он по-отцовски защищает своих питомцев, его, кажется, не особенно жалует районное начальство. Но он делает свое дело ради людей, да с таким задором и умением, с такой заботой, что народ его любит и ценит. Смеясь, Болат рассказывал, что он никогда не ругает чабанов и строителей, полеводов и садоводов, а просто пишет каждому стихи, отмечая его достоинства и надеясь, что он не даст себя обогнать соседу, а будет трудиться лучше, чем соседний бригадир или завфермой. В чудесных горах он создал озеро, где развел рыбу, а по берегам множатся кролики. И все это для людей. Озеро местные жители так и называют "Макет-коль". А рассказчик он такой веселый и своеобразный что глядя на него, я невольно вспоминал нашего Рахимжан-ага.

Жан-ага заметил мой интерес к этому человеку и сказал, что со временем напишет о нем большой рассказ, а если получится, то и повесть. А мне хотелось написать обо всех людях, которых я встретил там. Заместителем Макетова работает Серик, которого Жан-ага как будто оставил мне в наследство младшим братом. Мне кажется порой, что брат хотел, чтобы его место, когда он уйдет, занял другой, молодой человек, о потере которого мне скорбеть не придется, зато будет кому поплакать обо мне.

... На похороны моего брата приехали аксакалы из Сарканда и Аксу. Они плача читали молитвы, вспоминали моего брата, а когда уезжали, то сказали мне:

– Бахытжан, не отдаляйся от нас. Помни что не зря Какимжан привозил тебя в наш аул. Наш аул – это твой аул. Мы все тебе родичи, и ты для нас не чужой, а сын наш и брат. Не забывай нас! И слова стариков были для меня высшей наградой и утешением в дни большого потрясения.

И я вспомнил слова моего Жан-ага, который когда-то сказал мне:

— Не уходи в черные глубины своего сознания, малыш. А ищи в народе лучи светлые, которыми ты будешь счастлив. Да, ты человек счастливый, потому что народ видит в тебе таберик, оставшийся от своего батыра. Тебе никогда не превзойти славы нашего отца, но она тебе и не нужна. Ты слаб, а слава может обжечь твои крылья. Судьба мудро распорядилась, отдав тебе тепло твоего народа. Во всем Казахстане нет для тебя чужого уголка, чужого аула, постороннего дома, чужого человека. Вся великая степь — твой аул. Каждый казах — твой брат. Но помни, что это не твоя заслуга, потому что сам ты для народа ничего путного не сделал. Это завещание отца нашего. Ты никогда не будешь выше народа, поэтому не забывай слова нашего отца о том, что перед народом ты всегда должен держать голову низко склоненной.

Я помню слова отца и моего старшего брата. У них был прямой и праведный путь, "клянусь звездой, летящей с небосклона". У меня не всегда все получается, но это, наверное, тоже закон жизни. Но главного нравственного закона уважения к ушедшим и сочувствия к живущим, почитания старших и любви к младшим я стараюсь не нарушать. Ибо это великий аманат, оставленный мне самыми близкими для меня людьми, которые сейчас лежат рядом на высокой горе кенсайского зирата, и, как чудится мне, озирают мою дальнейшую жизнь. И мне очень хочется телом лечь рядом с ними, когда рано ли поздно придет мой час, а душой отправиться в беспредельный и чистый путь, где, возможно, я встречу их снова. Я горестно счастлив. Судьба подарила мне прекрасные встречи!

Он оставил мне в наследство не только часть своей духовности и мудрости, хотя мудрость я унаследовать в достаточной мере не сумел, но и близких людей. Его семья давно стала моей семьей, его теплый дом вот уже много лет является моим домом. Дети моего Жан-ага безоговорочно считаются моими племянниками. У Наргуль, старшей дочери моего ага, и Нуркена растут прекрасные дети. У Нуртаса, моего второго племянника, хорошего врача и ученого, тоже уже двое детей.

Даже когда умер Жан-ага, я не боялся, что дом его остынет для меня, и моя Орынша-женеше доказала это.

Вчера Наргуль показала мне макет памятника своему папе. Она архитектор, и сделала его сама. Это пока еще белый

ансамбль на картонной подставке, сотворенный из пенопласта, но я увидел, как поднимается из камня памятник моему брату, высокий. Я выучил несколько сур корана, чтобы читать их там, куда упали текучие звезды моих близких. Государству это не принесет вреда.

Амангелді ҚАЙЫРБАЕВ

МЫНАУ ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

Кімнен кейін қалмаған!!!
Мынау жалған дүние.

Шалкиіз жырау

Иә, жалған дүние!... Сен, жарықтық, кімді көрмедің, нені білмедің?! Сонау 1929 жылғы мамырдың бас кезінде жер жәннаты Жетісудың Бақалы ауылының киелі топырағына кіндік қаны тамып, іңгәләп өмірге келген сәби – жұдырықтай ғана қазақтың қара баласы, өсе келе қантөгіс соғыс жылдарында колхозда есепші болған бозбала, есейе келе елағасы жасына толған шағында жатпай-талмай оқып-үйренуінің, талпынуының арқасында туған халқына өзін талантты қаламгер, қажымас қайраткерлік дәрежеде таныткан Кәкімжан Қазыбаевты да көре-білдің, әрине.

Мен де білуші едім ол кісіні, бірге қызмет атқарған кезіміз де болды. Кәкімжан аға 1982-1985 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бюро мүшесі және хатшысы міндетін атқарғанда мен көмекшісі болып істедім. Мен бұл қызметте Кәкеңнен бұрын да, кейін де болдым. Бір күні Кәкең менен: "Амангелді, сен осы Махаңның баласысың ба, інісісің бе?" – деп сұрады. Махаң дегені – ол кезде Павлодар облысында бірінші басшылардың бірі болып жүрген кеңес Одағының Батыры Махмет Қайырбаев деген ардақты ағамыз еді. "Жоқ, ол кісіні естігенім болмаса, осы күнге дейін көрмеген адамым. Менің әкем Махандай Совет Одағының батыры болса мен көмекші болып жүрер ме едім осы күнге дейін – басқа бір жоғары дәрежелі қызметте шіреніп отырмас па едім. Әкем соғыста қайтыс болған, өзіңіз сияқты жетім өскендердің бірімін ғой",– дедім. Көзімнің астымен қарап қоям: бастығым сәл-пәл ыңғайсызданып тұр. Бір күрсініп алды да: "Сен ренжіме айтқаныма. Әлгі көп "білгіштердің" бірі айтып еді. Соған сеніп қалған түрім ғой. Ендеше екі жетім қосылып, қолтықтасып жүретін болдық қой", – деп өзілге айналдырды сөздің соңын.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы қызметіне сәйкес Көкімжан Қазыбаевтың міндетіне көп салалардың күрделі мәселерін шешу жүктелетін. Олар – насихат және үгіт жұмыстары; саналуан түрлі мәдениет проблемалары; ғылымды дамыту және білім беру мәселелері; денсаулық сақтау мен әлеуметтік сақтау салалары; шет елдік қарым-қатынастарды жетілдіру және тағы басқа міндеттер... Солардың бәріне дерлік бірыңғай жоғары жауапкершілікпен қарап, күрделі мәселелерді жан-жақты шешуге тырысқанымен, бір салаға басым көңіл аударып, көп шұғылданушы еді. Ол – мәдениет, әдебиет, кітап шығару, өнер, газет-журналдар шығару, теледидар мен радиохабар тарату саласы еді. Бұл мәселелерге аса ұқыптылықпен қарап, қолынан келгенін аямай, жан-тәнін салып көмектесуші еді. Қолына жаңа ғана жарық көрген қызық кітап түссе, газет-журналдың кезекті сандарында терең ойлы және мазмұнды мақалалар кездесе қалса, көгілдір экраннан немесе радиодан жақсы хабар естісе, өнер саласында елеулі оқиғалар болып жатса қуанышы қойнына сыймаушы еді. Кейде тіпті сол кітаптар, газет-журналдардан үзінділер оқып отырып: "Е, міне – жазып әуреленген соң осылай жазу керек. Қандай тамаша жазған, ә!" – деп рахаттанатын.

Қазір қалай екенін қайдан білейін, ал сол кезде басшылардың жұмыстан қолы тимейтін. Кәкең де күні-түні қызмет бабымен жүріп, жайбарақат әңгімелесуге мұршасы келмейтін. Тек іссапарға шыққанда ұшақ не пойыз ішінде ғана асықпай сөйлесе алатынбыз. Сондай сырлы-сұдың бір сәті әлі есімде. Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығын тойламақ болып, Қазақстан делегациясы әуелі Мәскеуге барып, сол қаладан Ресейдің облыс-облыстарына бөлініп, топ-тобымызбен аттандық. Көкең басқарған топ Ульянов облысына пойызбен жолға шықтық. Бастығым екеуіміз бір купеде болдық. Әр адамның ағынан жарылып, шер тарқататын сәті болады ғой. Мәскеу мен Ульянов қалаларының арасындағы теміржол үстіндегі сол бір түнде Көкімжан ағамның маған айтпаған сыры қалмаған сияқты. Шіркін деймін, сонда магнитофоным болып жазып алсам ғой. Түні бойы Көкең әңгіме айтумен, мен болсам тыңдаумен болдық. Сарғайып таң ата бастағанда ғана көзіміз ілінді әйтеуір.

Көкімжан ағай жұмысты көп істеп, қалжыраушы еді. Әсіресе, шығармашылық интеллигенцияның өкілдерін қабылдаған күндерден соң жұмыс аяғында тіпті орнынан тұруды ауырсынып ұзақ отырып қалатын. Қабылдауды екеуіміз бірге өткізетінбіз, арасында ол кісі келген адамдармен

өзі жалғыз әңгімелесетін. Шыдамы таусылғанда реңжіп: "Осыларды адам түсініп болмайды. Бәрінің де сұрайтындары – құрметті атақ, үй, қызмет, бала-шағасын, ағайын-туыстарын "өсіру", не болмаса біреуді сыртынан жамандау... Мен осында атақ, үй, қызмет бөліп беру үшін отырған диспетчер емеспін ғой. Өзіңе қандай жәрдем, көмек керек деген сөз біреуінің де аузынан шықпайды-ау, немесе идеология саласының сапасын арттыру, әдебиетті, мәдениетті, өнерді дамыту туралы ой-пікірлерін айтуға да бармайды. Не болып барады өзі мына заман?!" – деп қиналатын еді. "Аға, қайтесіз, пенде ғой бәрі де, соған бола несіне таусыласыз. Бұйырғандары атақтарын да, үйін де қызметтерін де ала жатар, бұйырмағандары ала көзімен қарап, ауыздарын томпитып жүре берер", – деп жұбатқандай боламын өзімше. Кейде менің айтқаныммен келіседі, кейде келіспей қалады, әйтеуір бетімді қайтармайтын.

Көкең марқұм қазақша керемет жазып-сөйлейтін еді де, орысша болса сүйкімді акцентпен сөйлеп, жазғанда қателер жіберіп алатын. Керісінше, менің орысшам басымырақ. Сондықтан баяндамалар мен басқа құжаттарды орысша жазып болған соң маған беріп: "Міне, Амангелді, мен өз жұмысымды бітірдім, енді сен орысша өнеріңе салып көрші, болған соң тағы бір қарап шығайын, содан кейін машинкаға береміз" – деп жымиып күліп қоятын.

Қаламгер Көкімжан Қазыбаевтың шығармашылық ауқымы кең еді ғой. Жас кезінде журналистік жолын "Лениншіл жас" және "Жетісу" газеттерінде бастап, кейін ҚазТАГ пен "Қазақстан коммунисі" журналын басқарып жүрген жылдары жалғастырып, жазушылық өнерін Баспасөз комитеті басшыларының бірі болып қызмет атқарғанда шыңдай түсіп, талай-талай шығармашылық табыстарға жеткені белгілі. Оған сан-алуан тақырыпта жазған очерктері, жоғары сапалы аудармалары, "Аманат", "Ызғар" романдары және басқа шығармалары айқын дәлел бола алады. Олар аса шебер қаламгер жазған, ғажап суреттемелерге бай, кейіпкерлерінің мінезі мен іс-қимылы толық сипатталған дүниелер. Оқып отырғанда көз алдыңнан өмірдегідей психологиялық, драмалық қасиетке толы бейнелер өтіп жатады. Бұл туындыларының әділ бағасын әдебиет сыншылары беріп жүр, әлі де бере жатар. Менің айтайын дегенім: осы күнде Көкімжан ағай арамызда жүрсе, мына заманымыздың "қызығын" өз көзімен көрсе – тағы да осыншама көркем шығармалар жазған болар ма еді; публицистика жолымен жүрген болар ме еді; жазар ма еді, әлде... Кім білсін...

Жайдары жүзді, көрген-білгені көл-көсір, жиып-терген тәжірибесі мол, айғай-шуды, өсек-аянды жақтырмайтын Көкеңнің қолынан көп іс келуші еді. Талай жұмысты бітіріп жүрсе де "қырдым-жойдым" деп басқалардай қиқуламайтын; тындырған шаруасы телегей-теңіз болса да "мынаны мен жасадым" деп өзгелердей жандауысқа салмайтын. Сол мінезімен, сыпайылығымен көзге көп түсе қоймайтын басшылардың бірі еді ол кісі. "Көке-ау, мына бір күрделі мәселенің шешімін тауып, іске асырдыңыз ғой, енді Димекеңе (Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа) кіріп айтып шықпайсыз ба?" – десем: "Қайтем соны! Димекең айтпасам да біледі ғой" – деп қоя салатын. Біреулер жаманын жасырып, жақсысын асырып, жоғын бардай бадырайтып әуре болып, асып-сасып жүргенде, Көкең марқұм өзіне сеніп, өзгелерге де сеніп, сабырлылық жасап жүре беретін. Сол сыпайылығын, сенімшілдігін пайдаланған адамдар, көп жақсылық көргендер аз болған жоқ.

Көкімжан ағай адамгершілігі мол жан еді. Қолынан келгенін ешкімнен аямайтын. Біреуге іс жүзінде көмектесіп, екінші біреуді сөзбен жұбатып, үшінші адамның сұрап келгені өз қолынан келмесе – кімге барып, қалай сұрау керек екенін жан-жақты түсіндіріп әуреленетін. Көмектесе алмаса көп қиналатын. Ол кісі "Қазақстан коммунисі" журналына бас редактор болып тағайындалғаннан соң мен кейінірек Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары болып бекідім. Сөйтіп өзімше Көкімжан ағама бастықсымақ болып, сол журналдың редакциялық алқасына мүше болдым. Маған келген сайын, мен ол кісінің қызмет орнына барған сайын Көкең әңгімесін: "Басқаларға шамамнан келгенше көмектесіп, күні-түні жанымда жүрген сені бір дұрыс қызметке орналастыруды қарастырмаппын-ау, шіркін. Әне-міне деп жүргенде уақыт өткізіп алыппын, айып етпессің әйтеуір. Нашар көмекші болсаң мен хатшы бола сала сені басқа бір жұмысқа сырғыта салатын едім ғой", – деп ыңғайсызданатын. "Аға, қайтесіз оны, аман болайық, аман жүрсек қызмет қайда кетер дейсіз. Бұйырғанын көре жатармыз" – деуші едім мен де. Сөйтіп жүргенімізде ойламаған жерден Көкімжан ағай дүние салып, қайтып келмес ұзақ сапарға аттанды...

Иә дүние! Жарық дүние, жалған дүние... Сен кімді білмедің, нені көрмедің, кімнен кейін қалмадың?! Сен білесің ғой: Көкеңнің артында қалған қара шаңырағы құдайға шүкір, берік. Сол шаңырақтың түтінін түтеттіп, шырағын сөндірмей отырған Орынша жеңгеміз, өз қолдары өз аузына жетіп, ел-

қатарлы өмір сүріп жүрген Көкеңнің қос қанатындай ұлдары Нұртасы мен Батыры, көзінің тірісінде аты аузынан түспейтін Нәргүлі, туған баласындай көрген күйеу баласы Нұркен, балдай тәтті немерелері бар. Соларға жаманның көзі тимегей! О Дүние, соларға жақсылығыңды, шапағатыңды аямағайсың...

Қастек БАЯНБАЙ

ЖОЛЫМА ЖАРЫҚ ТҮСІРГЕН

Аға алдындағы борышын өтей алмаған адамға жаза да жоқ шығар, бірақ оның көңілінде маза да болмайтын көрінеді. Кейде самайыңа ақ кіргенше бес бересісі, алты аласысы жоқ Көкеңе арқа сүйерге қалайша ұялмадың деп, кейде саған ерекше ықыласы түсіп, туған нағашыңдай бауырына тартып жүргенде, сен оның алдында құрдай жорғалап інілік ілтипат білдіруге де жарамадың ғой деп, кейде өзің ешкімге қол ұшын бермесең де, басқалардың бәрі жалғыз сенің қамыңды ойлауға міндетті ме еді деп, былайда еңсені езген бес батпан кінәңді одан әрі ауырлатып, өзіңді ертелі-кеш сөге береді екенсің. Дегенмен, аракідік бұғып жатқан өзімшілдігің жайлап бас көтеріп, қарызыңнан да, қарыздар екенімді ешқашан ұмытқан емеспін, адамшылықтың бір шарты осы емес пе деп, өзіңді ақтауға тырыштанып байқайсың. Ең соңында, әттең, ағамыз дүниеден ертерек өтті ғой, болмаса... деп өкінетінің және бар.

Осылайша ойланған сайын, соңғы он жылға жуық уақыт бұлдырата бастаған Көкең бейнесі менің көз алдымда қайтадан жанданып, өз басыма тигізген сатусыз жақсылықтары бұрынғыдан да гөрі еңселеніп, жадымда ертеректе жазылып қалған елеусіз деген іс-әрекеттерінің өзі жаңа мағына алғандай, жарқырай түседі...

Бозбала шағым болатын. Қазақ және орыс тілінде шығатын Алакөл аудандық газетінің аудармашысы деген болмашы қызметке жуырда ғана қолым жеткен. Редакциямыз үлкен көше бойындағы жатаған үйге орналасқан екен. Редакторымыз Қоңырбаева Майнұр апайдың өз уақытына лайық қарапайым жиһазы бар шағын кабинеті дәліздің батыс жақ түкпірінде. Бір үстел мен бірнеше орындық қоя салған соған жалғас жұпыны бөлмеде мен отырам. Қызметкерлер бастыққа кіріп-шыққанда менің үстімнен өтеді. Есігін жауып алса да, кабинеттегі әңгіме, телефонның шылдыры маған айқын естіледі. Кейде құлағым әлде қандай құпияны да амалсыз шалып қалады. Азғана айлығым, алдымда үстелім, қолымда қаламым болған соң, жұмыс орнымның жайсыздығына онша қысыла бермеймін.

Бір күні әдеттегіден ұзағырақ шылдырлаған телефон тұтқасын көтеріп, апай әлде біреумен сыпайы ғана сәлемдесіп болған соң, кабинетінің есігін ашып:

– Қастек, телефонға келші, – деп мені ішке шақырды.

Бұл астанадан маған арнайы телефон шалып тұрған "Жетісу" газеті редакторының орынбасары, сол кездегі көрнекті журналистердің бірі Кәкімжан Қазыбаев болып шықты. Өзін баспасөз жүзінде ғана білетін қаз дауысты мына адамның мүлде танымайтын, мекенжайымнан хабарсыз, не өлең, не әңгіме жазып жарытпай, екі кеменің құйрығына қатар жармасып жүрген мені аяқ астынан құзыр қып, тауып алғанына қуанғаным ба, қысылғаным ба, сәлем беруді ұмытып кетіппін.

Кәкең сөзін шұғыл бастап, қысқа қайырды:

– Қарағым, сенің "Алдауға түскен қыз" деген очеркіңді алып едік. Оқып байқасақ, көркемдігі жағынан очерктен бөрі биіктеу сияқты. Соның жанрын "Әңгіме" деп өзгертіп, біздің газеттің конкурсына жіберіп көрсек, қалай қарайсың?

Күтпеген ұсыныстан көңілім тасып кетті. Очерк деп жазғаның әңгіме болып шықса, оны облыстық газет жай жариялап қана қоймай, бәйгеге қосқалы отырса, қайтіп қуанбассың! Жуырда ғана белгілі жазушы Тақауй Ақтановтың осы конкурсқа арнаған "Көкқұтан" атты ұзақ әңгімесі газеттің екі нөміріне жарияланған болатын. Онда мен өзім де осыған қатысармын деп мүлде ойлаған емеспін. Мына шартқа қуана тұрып келісе тұрып енді әншейінде үзбей оқитын газеттің әр жаңа нөмірін қобалжи қолға алып, асығыс ақтарып шығатын мазасыз күндердің келе жатқанын байқадым.

Будан қырық жылдай бұрын Кәкеңмен осылай телефон арқылы танысқаным күні кешегідей есімде десем, бұған кейбіреулердің күмәндануы мүмкін. Қайтейін, мен оларға ешқашан ескірмейтін "уақыт жүйрік" деген қарапайым шындықты тағы бір қайталаймын да қоямын.

Бірақ менің ұзақ сарғаюыма тура келген жоқ, әлде күні бұрын баспаханаға терімге жіберіп қойып, Кәкең сонан кейін ғана менімен хабарласты ма екен, әйтеуір айналасы бір аптаның ішінде әңгімем жарқ ете түскені. Етектей газет бетінің жартысын алып жатыр, шекесінде "Конкурсқа түскен әңгімелерден" деген айдары бар. Редакторымыздан бастап, кеңсе қызметкерлері түгел, кезектесіп әңгімені күні бойы оқыды. Соған қарап хат танитын қазақтың бәрі, басқа шаруаларын былай жинап қойып,тек сол газеттің бетіне қадалып қалғандай әсер аласың. Қызмет дәрежелері менен жоғары әріптестерім абыройым асып, желкем күдірейіп кетті.

Жазушы болған-ақ шығармын деген күпіршілік ойдан да аулақ емес сияқтымын.

Бұған дейінгі қуанышым конкурс қорытындысы шыққан соң, анық мақтанышқа айналды. Қазылар алқасы бірінші жүлдеге лайық шығарма түспеді деп тауып, екінші орынды ілгері аталған әңгімесі үшін Тақаңа, үшіншісін маған үйғарыпты. Осы жарысқа қатысқанымның өзіне көңілім өсіп жүрген қанағатшыл басым белгілі қаламгердің өкшесін баса, жүлдегер болып шыға келгеніме сенер-сенбесімді білмегендей, газеттегі аты-жөніме қайта-қайта қарай беремін.

Жолыма жарығын түсіріп, бойыма қанат бітіріп, аяқ алысымды алыстан байқап отырған қайырымды адамға қалай да жолығуым керек еді. Алматыға жеткен бойда, іліп ала жөнелген жел қайықтай жеңіл лау шаһар ортасындағы кәрі ағаштардың саясында тұрған екі қабатты ескі үйдің алдына түсіріп кетті. Аттап басқан сайын сықыр-сықыр еткен ағаш баспалдақпен көтеріліп, Көкең кабинетінің есігіне жеттім. Жүрегім алып ұшып, тынысым жиілеп кетті. Азырақ кідіріп, алабұртқан көңілімді басқан соң, жайлап ішке кірсем, үлкен үстел басында шолақ жеңді ақ жейде киген, селдір қара шашын сол жағына қарай жылмита тарап жатқызған, кішірек көзді, кесектеу дөңгелек жүзді, денесі толыса бастаған қара торы адам отыр екен. Орындығының арқалығына костюмін асып қойыпты. Қабырғада облыс картасы қыстырулы тұр. Алдында әртүрлі газет-журналдар, машинкаға басылған қолжазбалар, әртүрлі түсті қарындаштар жатыр. Жұмысы қауырт сияқты.

Мен аты-жөнімді атап, сәлем бере келгенімді айтып едім, Көкең ежелгі ескі таныстын көргендей, елп ете қойған жоқ. Тек жүзін сәл жылытып, менің хал-жайымды, қайда жұмыс істеп жүргенімді сұрап білді. Бұдан былай да газет жұмысына араласып тұруымды тапсырды. Мұнысы, қарағым, көріскеніме қуаныштымын, жортқанда жолың болсын дегеннің белгісі екенін байқадым. Кеше ғана менің конкурсқа қатысуыма, жүлде алуыма өзінің түк қатысы жоқ сияқты немесе ондай ештеңе болмағандай. Амалсыздан қоштасып, әлгінде қатты қуанышпен кірген кабинеттен іштей жасып, жабырқап шыққанымды жасырмаймын.

Салқындау сол кездесудің ішкі сырын кейінірек ашқандай болдым. Жұртқа қайырын тигізуге бар да, сонысын пұлдауға жоқ Көкең алдына алғаш келіп отырған, өзі басы-қасында жүріп өткізген конкурста азырақ бүйрегі бұрған, қаламының ебі бар бейтаныс баланы бұл әңгімеге араластырмас үшін бір жолға жаратылысына жат перде бүркеніп, қолдан керенау адамның кейпін жасаған екен ғой.

***

Арада бірнеше жыл өткенде, аудандық газеттің жілігін шағып, майын сорып жүргенде, күн ұзақ қолмен жаза бергеннен жалығып, машинкаға ауызша айтуды шығарған шағымда, өлең-очерктерім әртүрлі баспасөз беттерінде жиірек жариялана бастаған кезде, журналистік шеберлігім шыңдалғанын байқады ма екен, қалааралық телефон арқылы жеткен Кәкеңнің қаз дауысы мені екінші рет тағы қуантты.

– Қастек, сен аудандық газетте бұдан әрі отыра берсең, шектеле бастайсың. Енді саған тың өріс керек. Әзірше сол шалғайдағы үш ауданды қамтитын меншікті тілші қызметіне өзіңді лайық көріп отырмыз. Кейінгісін тағы көре жатармыз. Обкомнан телеграмма алған соң, бізге келіп қайтарсың. Келістік пе? – деп сөзін түйді Кәкең.

Алматыға облыстық партия комитеті шақырғанмен, қызметке қабылдайтын "Жетісу" газеті болғандықтан, ешқайда бұрылмастан тура редакцияға келдім. Бұған дейін бірнеше рет кездескен, әртүрлі тапсырмалар беріп сынап, көрген Кәкең, мені көңілді қабылдады. Газет редакторы Әбекеңе ертіп кірді. Білікті журналистеріміздің бірі, қазақ баспасөзіне көп еңбегі сіңген Қарағұловты бірінші рет көруім. Бойы биік келген, шашы бурыл тартқан, сылбыр сөйлейтін, ақсары жүзді, күтімі жақсы, ақсүйектеу адам екен. Киім киісінен, жүріс-тұрысынан сәнқойлығы байқалады. Жұмыс үстелінен бері шығып, бізбен жымия амандасуынан кең тараған кеңсе мәдениетіне тәуелді екені, ал бірақ өзіне таяу тұрған бос орындыққа қайтадан отыра кетуінен бойындағы табиғи бір еркіндігі білінгендей еді. Кәкең екеуіміз оның қарсысына жайғастық. Әбекең сол жымиған күйде менің тұрмыс жайымды сұрастырды. Әңгіменің бір иінінде Қарағанды облыстық газетінде редактор кезінде Ғали Ормановтың келгенін, Жамбылдың мамыр мерекесіне арнаған өлеңін әкелгені туралы бір естелік айтты. Күні бұрын бәрі келісіліп қойғандықтан шығар, менің болашақ қызметім жөнінде сөз болған жоқ. Кәкең оқта-текте ғана сөзге араласып, білегіндегі сағатына қарағыштай береді. Әлде неге асығып, алаңдаулы екені анық. Ақырында Әбекең аудандық газеттегі жұмысыңды тапсырып, жаңа қызметіңе кірісе бер, обком құлағдар деп, менің қолымды қысты.

Кәкеңнің кеңесі бойынша, сол сапарда мен астанада бірнеше күн аялдап, үлкен ұйымның ішкі жұмыстарына үңіліп, газеттің жарық көрген нөмірлерін талқылайтын, алдағы нөмірдің жобасын ақылдасатын дәстүрлі мәжілістеріне қатынасып, өзім сырттай білетін журналистермен танысып,

көкжиегім біршама кеңейіп қалды. Меншікті тілшінің міндеттері мен құқығы туралы да мағлұмат алдым. Аға журналистердің түсіндіруінше, мен хат бөлімінің басшылығымен, газет бағдарына үйлес құрылған өз жоспарыммен жұмыс істеуім керек көрінеді, тікелей тапсырма бере алатын басшылардан басқа қызметкерлер оны өз беттерімен ойға-қырға жұмсай бере алмайды екен.

Редакцияда өткізген сол күндерде Көкеннің есігі ертеңнен қара кешке дейін дамылсыз ашылып-жабылып, тек ел аяғы басылғанда барып байыз табатынын байқадым. Мұнда үлкенді-кішілі үкімет кеңселеріндегідей аппақ жаға, алабажақ галстук, жұмсақ жүріс, жалған жымиыс жоқ, редактор екеуіне ортақ қабылдау бөлмесінің сәнін сақтап отырған хатшы келіншектің "кіре бер", "күте тұр" деген ишараларын көзге ілместен, бәрі баса-көктеп ілгері ұмтылды. Біреуі жаңа ғана қағазға түсірілген жедел хабарын кешіктірмей тапсыруға, енді біреуі қол қойылған мақаласын қайта бір көріп шығуға асығады. Керек десең, кейде бірнешеуі кимелей кіріп, әрқайсысы өз шаруасын бұрынырақ тындыруға жанығады. Кең мінезді кабинет иесі бір терінің әр пұшпағына жармасып, қайтсек тезірек уқалап бітіреміз деп, күйіп-жанып жүргендердің бетін қақпайды екен. Өйткені, өз басы бәлғын шағынан бастап, "Лениншіл жастың" талай тезінен өтіп, жауапты хатшылыққа жеткенше, одан кейін осы жұмысқа келгенше журналистік кәсіптің ыстығы мен суығына бірдей түсіп, ащысы мен тұщысын бірдей татқан ғой. Осы істің сан қилы құпиялары мен машық-тәсілдері көңілінде сайрап тұрған соң, кейде бір тақырыпқа арналы тұтас бет немесе нөмір жасауға, бір маңызды кеңестің есебін шұғыл шығаруға тура келген жағдайда, мәтінді өңдеу, макет сызу сияқты "қара жұмыстардың" кез келгеніне білегін сыбана араласып кетеді екен. Көкеннің осындай қауырт жұмыс үстінде жарқ-жұрқ етіп құлпырып, басқаларды еліктіріп әкететін қасиетіне қатты қызықтым.

Жан беріп, жан алысқан жауапты шабуылға өзі бастап шыққан қолбасшыдай Көкең әркімнің қабілет-қауқарына қарай тапсырма беріп, аракідік соларының орындалуын қадағалап, пысықтап қоятын. Мұндайда көбінесе жүктің ауырын қатты қайырымға шыдайтын қаламы жүрдектердің, екі айтқызбайтын елгезектердің арқасына артатын да лып етін қол ұшын беруге жарамайтын сылбырларды орынсыз қинай бермейтін. Сен енді қонақ емессің деп, қызыл қырмандай қауырт іске мені де қосып жіберетін. Мен жөппелдеме қойын дәптерлерімді ақтарып, мына жұрт асар

жасағандай жабыла құрап жатқан нөмірге бір уық қадағандай үлес қосуға тырысып бағам.

Жан-жақтан жылтырап ағып келіп, көлге айналатын ұсақ жылғалар сияқты, әрқайсысымыздың қолымыздан шыққан екі-үш парақ ілгері қарай жылжып, жол жөнекей сүзгілерден өтіп, секретариат үстелінің үстіне үйілген бір төбе ала қағаз шеберлікпен үйлесіп,ісмер әйел тіккен құрақ көрпедей құлпырып, әлі баспахана бояуының иісі кетпеген жаңа газет болып алдыңа жайылғанда, кешегі өзің жазғанды қызыға қайта оқитының қандай ғажап еді десейші!

Облыстық газеттің меншікті тілшісі деген тілдей қызыл куәлікті қалтама салып, елге көтеріңкі көңілмен оралсам да, бір бүйірімде бұғып жатқан бұлдырлау күдік те бар. Мен осы сапарда біраз барымнан айырылсам, сонша жоғымды тапқан сияқтымын. Айрылғаным – белгілі жұмыс бөлмем, алдымдағы жеке үстелім және бауыр басып кеткен ұйымым. Тапқаным – жаттанды бола бастаған, күнделікті шыға беретін қызықсыз жұмыстан құтылғаным, ұланғайыр кең аудиторияға шыққаным. Ал уақытымның көптігі сондай, аяқ астынан өрісі малға толып, енді осынша байлықтың қызығын қайтіп көрсем екен деп басы қатқан кедейге ұқсадым білем. Бірақ көп ұзамай-ақ бұлдыр күдігім біржола сейіліп кетті.

Тілшілік еткен бір жарым жылдың ішінде үш ауданның мыңдаған шақырым жолын жүріп өттім, тау қойнауында, құм арасында жатқан ондаған ауылдарын араладым, қаншама қыстаулары мен жайлауларына бардым, қаншама адамдарымен дәмдес болдым десем де тумысымнан жайбасар басым сол өңірдің түпкір-түпкірімен түгел танысып үлгермеппін. Қазір ойлап отырсам, тағдырдың өзі сыйлай салған бостандықты не өзімнің шығармашылық жұмысыма тиімді пайдаланбаппын, не өзімнің газетіме есте қалардай сүйікті, салмақты ештеңе жаза алмаппын. Сөйтсе де бұл жөнінде маған ешкім ешқашан құлаққағыс та жасаған емес. Ара-тұра арнаулы шақырумен редакцияға барғанымда, басшылар да, басқалар да ашық қабақпен қарсы алып, бөлендей сыр бермей, қайтарып жібереді. Соған қарағанда, осы жұрт менің жұмысыма риза немесе Көкең баулып жүрген бала ғой деп, маған кешіріммен қарайды.

Тағы бірде Көкеңнің құлаққа таныс қаз дауысы қалааралық телефон арқылы маған үшінші рет қуанышты хабар жеткізді. Бұл жолы мені аппаратқа қызметке шақырып отыр екен. Қалаға тіркеу, пәтер әперу жұмыстарына обком көмектеспек көрінеді.

Ол кезде қызмет бабымен астанаға ауысуды кім арман етпеген. Әсіресе жастардың ұшарға қанаты жоқ. Олардың дені шаһардың жайлы тұрмысы мен сауық-сайранына қызықса, енді біразы болашақта өнер-білім ордаларынан өз орындарын табуға тырмысатын. Сондай үміт менің де көкірегіме жылу беріп жататын, бірақ оған осыншалық оңай әрі күткендегімнен ерте жетермін деп ойласам ше!

Ермұхамет ***ЖАҚСЫЛЫҚОВ***

ЕСІМДЕГІЛЕР

Қашанда қасыңда жүрген адамның парасат биіктігін аңғара бермейсің. Оның үстіне ондай адам оқшауланбайды. Биіктігін білдірмейді. Бойындағы жылылығын, басқадан артық ұлылығын ел бойына білдірмей егеді. Оның ақыл-кеңесі, әңгімесінен кейін қалай қанаттанып қалғаныңды өзің де сезбей қалатын едің.

Көкімжан Қазыбаев осындай адам еді.

Біз 10-класты бітіріп, Қазақтың мемлекеттік университетіне 1947-нің қиын жылдарына келіп түстік. Ол кездің жастары бәрі бірдей зерделі болмағанымен, оқуға құштарлық күшті еді. Оларды Ұлы Отан соғысы ерте есейтіп, ерте оятты. Ал мектептегі білімде біркелкілік болмады. Шала егілген егіндей, бірінің оқуға жағдайы болып, бірі оқи алмай да қалды.

Ал Көкімжан жоғары оқуға жан-жақты біліммен келді. Адам бойына дарындылық пен қабылдауға қабілеттілік жасынан бітетін болса керек. Ол математиканы өте жақсы білетін, сол мамандықты меңгеруді аңсады. Алдымен математика факультетіне, одан журналистика бөлімшесіне түсті. Бұл оның орта білімді тиянақты алғанын, сол кездің өзінде ғылымның бар саласынан хабардар болғанын аңғартады.

Ол университетте өте тиянақты білім алды. Бос уақыттарында кейбір студенттердей қызық қуалауға салынбады.

Көкең (біз жасынан солай атайтынбыз) жасынан қызба, қызу әңгімеге жоқ еді. Біз одан ақыл алушы едік. Сол жас кездің өзінде ол үлкен, естияр адам сияқты еді. Аспай, саспай ойлап шешетін. Қашанда қасыңнан табылатын, ағынан жарылатын. Ол жолдасқа, басқаға еңбегін бұлдамайтын. Университеттің үшінші курсында оқып жүріп, “Лениншіл жас” газетіне жұмысқа орналасты. Сол кездерде газетте жұмыс істемек тұрмақ, онда мақала жазу, газеттен өз аты-жөніңді көру, қол жетпес арман болатын.

Кәкең маған бір күні, ұмытпасам, 1951 жылдың наурыз айындағы халықаралық әйелдер мерекесінің қарсаңында болса керек:

– Сен Дина Нұрпейісова апаймен әңгімелесуге барасың, – деді байсалды ғана. Мен не дерімді білмей сасып қалдым. Бармаймын, жаза алмаймын дей алмадым. Намыс қысып барады. Ондай атағы әлемге мәлім адаммен қалай сөйлеспекпін? Не жазбақпын, не демекпін? Ойым астаң-кестең. Жан дүниемді қызу толқын билеп ала жөнелді.

Менің қас-қағым сәтте осындай күй кешкенімді сезген мені тыныштандырғысы келді ме, баппен, ересек адамдарша баяу үн қатты:

– Сен саспа, – деді ол. – Мен бәрін ойластырып қойдым. Ол кісінің келіні бізде машинистка болып істейді. Сол кісі бірер сағат бұрын барып апайға түсіндіреді. Сен сағат күндізгі он екілерде барасың. Бәрі де ойдағыдай болады – деді ол сәл жымиып. Біраз есімді жиғандай болдым.

Келісілген мерзімде Калинин көшесі мен Красин көшесінің бұрышындағы үйге жүрексіне келдім.

– "Лениншіл жас" газетінен келдің бе? – деді есік ашқан келіні.

– Иә, – дедім мен баяу ғана, әлі де жүрек толқынын баса алмай.

Дина апай баласымен әңгімелесіп отыр екен. Менің қайдан, қандай жұмыспен келгенімді айтқан соң үлкен кең төсектен қозғала қолын ұсына берді. Менің бір қолымды ұсына бастағанымды байқаған келіні маған: – Екі қолыңды бер, ол кісі ренжіп қалады? – деді. Мен екі қолымды ұсындым. Маған төсек қасынан орындық ұсынды.

Дина сол кездерде біраз жасты алқымдағанына қарамастан, ширақ көрінеді.

Сұңғақ бойлы, ат жақты, ер бітімді, бір кездегі қызыл шырайлы ажары тая бастағанымен, солмаған, жанарындағы нұры таймаған, сөзі ширақ, адуынды адам екен.

Әңгімені неден бастарымды білмеген мен сасқанымнан:

– Халыңыз қалай апа? – дедім.

– Халдың несін сұрайсың? Миға су кірген кезде,– деп мені қағып тастады.

Әңгіме арнасын таба алмай, ертең газетке дұрыс сұхбат жаза алмай, қалай есеп берерімді білмей қысылып отырмын. Жазуға алдын-ала дайындап барған қағаз-қарындашым қаңтарулы қалды.

Бір кезде керегеде, өзінің тұсында ілулі тұрған жарауды арғымақтай үкілі қызыл домбыраға көзім түсті. Келерден бұрын Дина апайдың шығарған күйлерінің тарихын оқып

келгенмін. Өзін қанша тік ұстағанмен көрілік меңдей, қолы дірілдей бастаған асыл ананың қазір де домбыра тартатынына іштей сенбей отырмын. Бойдағы батылдығымды жинап:

– Апай, бір-екі күй тартып беріңізші? – деп өтіндім.

Керегедегі кербез домбыраны өзі алып, күйге келтіріп тарта жөнелді. Мен қатты қадағалап отыр едім. Көз алдымда қолы дірілдеп отырған қария ғайып болды. Саусақтары салаланып, ажарына қан жүгіріп, тіпті аруақтанып, ұшатын құстай қомданып, ажарланып, арқаланып кетті. Домбыра пернесінің үстінде саусақтары ұзарып, киіктің ерке лағындай әр пернені дөп басып, еркін секіре жөнелді.

Күй бірінен соң бірі тартылды...

Менің де қиялым әлемді шарлап кетті. Маған да қанат біткендей шабыт құсы самғап кетті. Көз алдымнан ана басынан өткен ауыр күндер суреттері өтіп жатты. Дауылпаз күй домбыра сағағында шығар жол іздеп долданып тұрып алғандай. Бір кезде күй сарыны жанына нұр себетін, жадыратар жайға ауысты. Әлемді түнектен шығарған жаңа жол табылғандай. Бұл Дина апайдың жаңа күйі екен. Мұнан соң "Лениншіл жасқа" жазылар мақала да жүректе жазылып сала берді.

Міне, Көкең осылай маған алғаш қалам алғызған, алғаш мақала жазғызған, балғын бойға шабыттың не екенін сезгізген еді. Өйткені, адам өз күшін сезгенде, өзіне-өзі сенгенде ғана ойдағы мақсаты, бойдағы күші арнасын табады емес пе?

Тағы бір айтатын жай – адамға тән асыл қасиеттер бар адам бойынан табыла бермейтіні ақиқат. Ал Көкеңнің бойынан бар қасиет табылатын еді.

Ең негізгісі – сол жақсы қасиеттерін, алған білімін басқалар бойына ексем, солардан көрсем деп тұратын. Әсіресе, қаладағы өнер-білім дамуын көрген ол ауылда да сондай болуға ерекше күш салды. "Лениншіл жас" газетінде істеп жүргенде өзі оқып бітірген Талдықорған облысы Ақсу ауданындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте кейбір пәндерден білім беру дәрежесінің төмендігі жайлы газетке "Күміс медальге ұсынылып, күзгі сынға қалды" деген фельетон жариялады. Бұл аудан басшыларына елеулі ой салды. Аудан мектептерінде кеңінен талқыланып, шаралар көрілді. Сол мақаланың басты кейіпкері Мұхаметшин Сейдаш қазір белгілі журналистердің бірі, "Егемен Қазақстан" газетінің Талдықорған облысындағы меншікті тілшісі болды.

Ол ауданнан, ауылдан қолын үзбеді. Ондағы жаңалықтарды іздеді. Талантты жастардың астанада оқуына көп күш жұмсады. Ол туған жердің ғана емес, туған елдің

азаматы болды. Оның ақыл-кеңесімен ірі ғалымдар, көптеген ғылым азаматтары өсіп шықты.

Кәкең қала деңгейіндегі кейбір шала интеллигенттің өкілі болып қалмады. Қала жүрегінің соғысын дала тынысымен қатар тыңдап, қатар сезіп отырды. Сонан ба екен бойына мол білім дарыта білді. Ауылға жиі келіп тұрды.

Мен ол кезде Ақсу ауданындағы мектепте қызмет істеп жүрдім. Бірде ол үлкен тойға келді. Той қонағы боп, астанадан келдім деп шіреніп қалмады. Тойды өз қолына алды. Оны қалай өткізудің жоспарын жасады. Барды шашу емес, елдің көңілін ашуға назар аударды. Тойдың тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлді. Ол елге жаңаша ой салатын, одан өзі де ләззат табатын, азық алатын еді. Барын салатын еді. Сондықтан той елдің есінде қалды. Содан соңғы өткізілетін тойларды халық осылай өткізуге ұмтылды. Ауыл тұрғындары қашанда жаңаға құмар, оны тез қабылдағыш келеді ғой. Оның тағы бір ерекшелігі – елге рухани азық, жақсы идея іздегіштігі, ой салуға құштарлығы, сонымен бірге ел бойынан жылт еткен жаңалық сөз естуге, соны халыққа көрсетуге дайын тұратындығы еді.

1967 жылдың бас кезі. Мен ол кезде Кеген аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет істеп жүрген кезім. Ұлы Октябрь революциясының жарты ғасырлық мерекесі келе жатыр. Қалай өткізу керек? Ауданда үш ұрпақтың кездесуін өткізу туралы ой туды. Бұл жайды Кәкеңмен ақылдасқанымда ол бұл идеяның бастапқы дәрежесін мүлде өзгертіп, тереңдетіп, тәрбиелік құнын арттырып жіберді. Ауданда жай кездесу, жауыр болған баяндама болмады. Әңгіме Октябрь елге, жерге не берді? Ел, Октябрь тудырған түлектер Октябрге, елге не берді деген тақырыпта өрбіді. Мұны Алматы облыстық партия комитеті, оның сол кездегі хатшысы Әнуарбек Кәкімжанов жолдас құптап, елеулі көмек көрсетті. Кездесулер жай думан, сауық сайран емес, өте іскерлік жағдайда өтті. Кегеннің түлектері үш топқа бөлініп, бір жеті бойы әрбір елді мекенде тұрғындармен кездесулер, әңгімелер өткізді. Оның бірін академик Ақай Нүсіпбеков бастады. Октябрь әкелген жемістер мен жеңістер, өздері атқарған істер жайлы есеп берді. Елге, жерге, ауданға көмектесу жөнінде міндеттемелер қабылдады. Аудан орталығында қорытынды кездесу болды. Аудандық газеттің нөмірі арналды. Бұл аудан еңбекшілеріне елеулі әсер қалдырды. Осы кезге шейін бұл кездесулер көне көз адамдар аузында. Бұл жайлы облыстық газеттерде, "Қазақстан коммунисі" журналында арнайы мақала басылды.

Мұнан соң осы бастама облыстарда, аудандарда үш ұрпақ кездесуі деген атпен республикаға тарап кетті. Алуан түрде осындай кездесулер жалғасын тауып жатты.

Енді ойласам осылар, ел жүрегін жылытар, елді ілгері бастайтын Көкең жаққан махаббат оты сияқты көрінеді. Қазіргі заманда осындай жайлар, халыққа жанын жадырататын ойлар өткеннің өнегесін, келешектің кемерін корсетер тойлар жетпейтін сияқты.

Көкең қашанда саспайтын, таспайтын, арнасынан аспайтын, соны пікірлер, биіктерге бастайтын. Бір кездескенде ол маған:

— Аудандарында үш ұрпақтың кездесуі өте жақсы өтті. Оны жігіттерден естідім. Осымен жұмыс бітті деп ойлайсың ба? — деді маған сынай қарап. Жауабын күтпестен ары қарай сөйлеп кетті:

— Идеологиялық жұмыс науқандылықты көтермейді, ол шөп шабу, астық ору жұмысы емес, ол адамдармен жұмыс, оның нәтижесі бір жасалған шарамен өлшенбейді. Ол әр адамның еңбегінен, арынан, жан тазалығынан, келешегінен көрінсе керек. Сондықтан адамдармен жұмыста толас, тоқтау болмайды.

Тағы да бір жаңа ой жалт етерін біліп, мен тыңдай бердім:

— Байқайсың ба? — деді ол ойын жалғап, — Жастар біздің келешегіміз дейміз, бұл сөзді жаттап алған әркім айтады. Сол үшін не істеп жүрміз? Бұрынғы біздің оқыған кезіміздей емес, қазір баршылық. Жастар жақсы киінеді. Әкесі сол оқысын деп артынан ақшаны жіберіп тұрады. Ал, олардың бәрі болмаса да, көбі еңбекпен, төккен термен табылған ақшаны бос қыдыруға, ресторанға шашып жүр. Балаға көп берген ақша да егінге қажеттен тыс көп берген су сияқты. Көп су егінді шірітсе, көп ақша баланы ірітеді. Халқымыздың ана сүтімен келген инабаттылығы, салт дәстүрін де олар ілгері дамытып отырған жоқ. Бұған тек институт басшыларының шамасы келмейді. Ата-аналар, жергілікті ұйымдар болып бірігіп күресіп, бірігіп шешкен жөн. Тамырсыз, топырақсыз ағашта жапырақ жая алмайды. Жастардың тамыры елде, жерде. Бұл жөнінде райком, оның хатшысы не істеп отыр?

Жауабын өзі берді:

— Меніңше ауданнан Алматыда оқитын жастардың тізімін алу, олардың оқитын оқу орнын, оқу үлгерімін, қайта тұратынын, оқудан соң немен шұғылданатынын анықтау керек.

Қаладағы институт басшыларымен байланысып қоймай, олардың ата-аналарымен, ауданның институтпен байланысын

нығайтпаса болмайды. Оларға рухани, басқа да көмекті кезінде берген дұрыс. Кейін кеш болады. Оның үстіне осы студенттердің ертең қай жерде жұмыс істейтінін анықтау қажет. Алматыда бұлармен жұмыс істейтін, жиі кездесіп тұратын орын, тіпті қажет болса арнайы ұйым құрса да артық болмас еді. Біздің ертеңіміз осылардың қолында емес пе? Сондықтан, оған біз бей-жай қарай алмаймыз, – деп, маған қарады.

Мен құптап басымды изедім. Шынында да, адам өмір арқауынан, әке баладан қол үзіп қалмауы керек. Өйткені, балаға көбінесе материалдық көмекпен бірге, рухани көмек, кезіндегі ақыл-кеңес көбірек керек қой. "Баланы жастан..." демей ме дана халқымыз.

Маған Көкеңнің осы бір кеңесі үлкен ой салады. Мен оны іске асыруға кірісіп, аудандық партия комитетінің бюро мүшелерімен ақылдасқанымда, олар қуана құптады. Амал не, басқа жұмысқа ауысуыма байланысты өзім оны аяғына шейін жеткізе алмадым.

Ол өте қайырымды, қамқор еді.

Бірге оқығандармен жиі кездесіп, мәслихат құруды, кең кеңесіп, сұхбаттасуды ұнататын. Оларды соғыстан соң қиын кезде оқыған "боқаластарым" дейтін әзілдеп.

Өзінің емес, өзгенің биіктеуін қызғанбайтын, қызыға қуанатын. Өзім деп езеуремейтін. Өз парасаты жасырынып қалатын. Қамқор дегеннен шығады. Өзі орта мектепті бітірген Ақсу ауданының бұрынғы бірінші секретары, қазір одақтық дәрежедегі пенсионер Тоқтарбек Кәріпжанов бір әңгімесінде маған былай деді:

– Сол Ақсу ауданында туып, мектебін оқып бітіріп, астанада жауапты қызмет атқаратындардың бәрін де білетін едім. Ал, Көкең бәрінен өзгеше еді. Бір әңгімелескенімізде ол өнер адамдары дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров, белгілі ақын Қуат Терлікбаев жөнінде көп соны пікірлер айтты. Олардың еңбектері ауданда әлі кең таратылған жоқ.

– Әлі есімде бірде ол қазақ тілі жайлы шешіліп, көсіліп сөйлеп кетті. Ана тілінің мүшкіл халін, бүгінгі жайын тебірене отырып айтты. Оны әсіресе, аудандарда жастарды өз тілін жете білуге тәрбиелеу туралы мән беру қажеттігіне тоқталды. Сүтке жарымаған жетім қозы дұрыс болып өспейтіндей, ана тілін жақсы білмеген адам да жақсы болып өспейді дегені әлі есімде.

Сондай-ақ халықтың жақсы әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлерін бүгінгі жастарға сіңіру бұл жөнінде мектептерде арнайы пәндер, курстар ұйымдастыру қажеттігі жайлы, осы жөнінде аудандарда не істеу керектігін кең отырып кеңесін

едік. Ол жиі хабарласып тұратын. Пікір алысатынбыз. Ойға бай еді. Кеңесін аямайтын. Әңгімелескен соң марқайып қалатын едік.

– Сол Ақсу ауданының азаматы, бұрынғы мектеп директоры марқұм Иманғалиев Нұрсейіт қатты ауырып, отбасы Көкенмен тілдесіп көмек сұраса керек,– деді Тоқаң әңгімесін әрі жалғастырып. Ел азаматы десе керек. Әйтпесе, олардың таныстық-ағайындық қатынасы мүлде жоқтың қасы. Соған жасаған қамқорлығын, Алматыға алдырып қаратып, көмектескенін отбасы маған осы күнге шейін алғыстарын жаудырып айтып отырады. Мұндай мысалдарды тізе беруге болар еді.

Иә, оның жаны жылылыққа, қамқорлыққа толы екенін кезінде бағалай да алмадық қой? Өмір қашанда өкінішке толы ғой. Қашан да өз жылылығы жоқ адам, басқаны жылыта алмақ емес.

Оның бойы көптеген туа қасиетке толы еді. Соның бірі – жасынан тиянақтылық, ұқыптылық. Бәрін де сезім жетегімен кетпей, ақыл деңгейімен өлшейтін. Ойындағысын он толғатып, зерттеп пісірмей, оттан түсірмейтін.

Көкең алдына мақсат қоя білетін. Сол мақсатты орындамай тынбайтын тыныимсыз жан болатын. Жұмыс десе жанын салатын. Сол жұмысты бітірсе ғана рахат табатын.

Бірде ол:

– Сен өзің де білесің, мына соғыстың зардабы бәрімізге қатты батты емес пе? Менің көз алдымнан зарлаған қария, еңіреген ана, жетім бала кетпейді. Қазір Отан соғысының сол қиыншылығы ұмытылып барады. Соның ауырлығын өзім көрдім ғой. Қарыздар сияқтымын. Маған жазғызбай қоятын емес. Мен соны ұрпақ білсін, біз көргенді солар көрмесін деп жазайын деп жүрмін, – деген еді.

Сонан біраз жыл өткен соң, "Ызғар" романы туды. Ондағы Құлжәмила кемпір мен Нөшекеңдердің бейнелері нағыз ел зарын арқалаған, халықтың қайыспас қара нарлары, абыройы-арлары, қиыннан, қиыннан қиыга шығарар қырандары емес пе? Майдангерлердің қанаттары ғой. Романды оқығанда тылдың соғыстан несі кем деп ойласың, тебіренбей оқи алмайсың. Білгірлікпен жазылып, оқырманға шеберлікпен жеткізген шежіре нағыз.

Ол отырыстың гүлі еді. Қандай отырысты болмасын жақсы арнаға салатын. Қысыр-қыңыр сөздерді ақылмен алатын. Асып саспайтын, ұлағатқа бастайтын. Адамның жаңа ойлауына, парасат жайлауына, дұрыс сөйлеуіне жол ашып беріп отыратын. Ол сөзді дөп басып айтатын. Ол бір отырыста көп сөйлеп ақылсымақ айтқан адамға басқа адамға айту арқылы:

"Сөйлей берген шешен емес, сөйлей білген шешен", – деп әдемі аңғартқаны бар. Ол әр сөзге мән беріп, сөз төркінін түсініп айту қажеттігін аңғартып отырушы еді. "Біз осы "қайта құру" деп жүрміз, меніңше "қайта құрылу" деу дұрыс сияқты деген еді. Ол арналы, бейнелі салиқалы, мазмұнды, мағыналы сөз айтуды ұнататын. Ол сөйлегенде жылтыраған ұйқас қумай, салмақты ой, біртіндеп адамды тереңге, көкжиекті кемерге, жаңа парасат жайлауына бастайтын еді. Шынында да, адам парасатын өлшеу қиын ғой. Оны кезінде сезіне де алмайсың. Оның қадірінің өзі де алыстаған сайын биіктеп, асқақтай түсетін Алатау сияқты болғанында ма екен?

Көкең де қазір сондай сағынған сайын алыстап, биіктеп барады.

Сәкен ИМАНАСОВ

КӘКІМЖАН АҒА ҚАЗЫБАЕВ ХАҚЫНДАҒЫ БІРЕР СӨЗ

1960 жыл еді, алғашқы айларының бірі болатын. Бірер ай ғана бұрын "Лениншіл жас" газетіне әдеби қызметкер болып орналасқанмын, сол кезгі редактор Әбдісаттар Бөлдекбаевтың өзі ауылда жүрген жерімнен арнайы жеделхат жіберін, шақырып алған.

Ол кезде түнгі кезекшілердің ертеңгі шыққалы жатқан газеттің бірер данасын редактордың үйіне апарып, көрсетіп қайтатын дағдысы болушы еді. Бір күні мен де кезекші бола қалдым да редакторға газет апару міндеті маған жүктелді. Секретариат жігіттері жазып берген адрес бойынша редактордың үйін тез тауып алып, пәтерінің есігін жүрексіне қақтым-ау деймін. Есікті маған орта бойлыдан сәл жоғары, дембелшелеу келген қызылшырайлы жігіт ашты. Қою еді деуге келіңкіремейтін жылтыр қара шашын тігісін жатқыза тарайды екен, бірден соны байқадым. Менің қандай шаруамен жүрген кісі екенімді айтқызбай-ақ сезді білем, қолымдағы газетті алып, кері бұрыла бергенде арқа жағынан екі көзі күлімдеп Саттар ағамның да сұлбасы көрінген. Күніне неше дүркін кезігіп жүретін өз қызметкерімін ғой, ол кісі де маған ілтипат білдіре: "Кел, кел, Сәкен, бері, төрге шық!" – деп жатыр. Мен алып келген газеттерге қол соза беріп, жаңағы маған есік ашқан жігітке:

– Саған айта беретін Сәкен осы, – деді де, енді маған қарап: – Бұл Кәкімжан Қазыбаев деген ағаң, танысып қой, сені сұрап жүруші еді, жақсы болды-ау өзі! – дегенді қосып қойды.

Мен елең ете түстім. Өзін алғаш рет көріп тұрғаныммен, Кәкімжан Қазыбаевтың аты-жөніне мен көптен бері-ақ қанық едім. Республикалық баспасөз беттерінен оның уытты да үтқыр, ойлы да оңды, біз сияқты жаңа талап жастардың нағыз бармақ жалап оқуына лайық материалдарын көріп тұратынмын. Оның үстіне өзім сол "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетіне қызметке келгелі редакциядағы үлкен-кіші әріптестерім аузынан ұдайы ғана: "Көкімжан өйтуші еді, Көкімжан бүйтуші еді. Көкімжан олай дейтін, Көкімжан былай дейтін, Кәкімжан айтушы еді, Көкімжан болса былай етер еді!" – деген сияқты сөздердің қаншасын естіп, соның да біразы құлағымның түбінде үзілмей тұрып алған. Мен келерден біраз ғана бұрын басқа жұмысқа ауысып кеткен Кәкімжан есімді адамның иісі де, ізі де әлі сайрап, айнала сезіліп тұратыны байқалатын. Әлгіндей қимас ықылас, жарым ырыс жақсы сөздерді естіген сайын да сол адамның өзін бір көруге аңсарым ауа берген. Міне, енді ол да мені білетін болып шықты. "Сен жайында сұрай беретін", – деп редактордың өзі айтып тұр.

Редакторым аударып-төңкеріп, газет беттерін ақтарып кетті де, мен болсам Кәкеңнің әр сөзін аңдып, аузына қарай беріппін. Соны сезді ме, кім білсін, Көкең де маған жылы ұшырай қарап, сөзге тартып, оны-мұны сұраған болып жатты. Үйде басқа да кісілер бар ма еді, ол жағы есімде қалмапты, біреуі өз редакторым, біреуі айналасына, әсіресе біз сияқты жастарға үлгі бола бастаған танымал журналист, сол екеуінің де мені қомсынбай, тең тұта сөйлескендігінің өзіне қымсынып, терлеп-тепшіп, әйтеуір бірдеңелер айтсам керек, Көкеңнің не деп, не қойғаны есімде қалмапты.

Бүгінде есептеп көрсем, Көкеңдер ол кезде отыздың о жақ, бұ жағындағы жігіттер-екен-ау! Жиырманың үстіне енді шыққан біз үшін тым ересек, байсалды аға болып көрінетін еді.

Көкең онда Алматы облыстық "Коммунизм таңы" (қазіргі "Жетісу") газеті редакторының орынбасары болып істеп жүрсе керек.

Бір жылға жетер-жетпес мезгілде мен әлдене себеппен қоржынымды арқалай қайқайып, елге қайттым да, Үялы деп аталатын балықшылар ауылында мұғалім болып жүрдім. Бір күні сондағы балықшылар ұжымшарының төрағасы Төкен Рысбеков дейтін азамат мені іздеп тауып: "Саған Алматыдан Көкімжан Қазыбаев телефон соғып жатыр, маған қайткенде де хабарластыршы деп тапсырып еді, жүрші, кеңсеге барып сөйлесейік", – деп кабинетіне ертіп кірді де, әне-міне дегенше Көкеңмен де байланыстырған.

Аман-саулықтан соң Кәкімжан ағам:

– Сәкен, бізде, партотделде бір бос орын болып тұр. Келем десең – дәл қазір бұйрық бергізе берем. Қалай қарайсың? – деп сұрады.

Алматыдан ауылға оралғаныма да небәрі бір айдың жүзі болғанын, шошаңдап, әрі-бері шапқылай беруім қалай болар екен? Биылша жылы орнымнан қозғалмай, осында қала тұрайын да тағысын тағы көре жатармыз дегенді айттым.

Кәкең:

– О жағын, енді өзің біл. Мен, әйтеуір, сен "Лениншіл жасқа" өкпелеп кетті ме деп, өзімізде орын болып жатқан соң, шақырып тұрғаным ғой, – деді.

Мен ағама көптен көп рахметімді жаудырып, өз пікірімде қала бердім. Алматыдан алыстап кеткен мені ұмытпай, есіне алып, іздестіріп жүрген адамға ішім жылып, елжірей разы болғанымның несін жасырайын.

... Араға бірер жыл салып барып, ақыры сол "Жетісу" газетіне меншікті тілші болып орналастым да Кәкеңнің тікелей қарамағына көштім. Газет редакторы Әбдуәли Қарақұлов болғанымен, редакцияның ішкі жұмыстарының бәрі дерлік Кәкеңнің қолынан өтетіні байқалатын.

Мен Алакөл, Андреев, Сарқан аудандары бойынша меншікті тілші едім. Меншікті тілшіде маза деген болмайтын. Редакцияда істейтін жігіттердің әрқайсысы-ақ сені өзіне ғана меншіктеп алып, шетінен өктем сөйлеп, бастық болғысы келеді. Үйіп-төгіп тапсырмалар беріп жатады. Біріне үлгерін, біріне үлгермей қаласың. Айтқанды тез орындай қоймадың деп дігерлеп, кейде тіпті қоқан -лоқы жасап та "бол-болдың" астына ала діңкеңді құртатындары және бар. Соларға шыдамай, біреулермен жүз шайысып та қалып, бірден Кәкеңнің өзіне шағымдандым.

– Жігіттердің ондайы бар, – деді Кәкең сабырмен, – бірақ сен олар айтты екен деп алашапқын болып жүгіре берме. Тасемен ағаңмен (хат және тілшілер бөлімінің меңгерушісі) келісіп ал да, айлық, тоқсандық жоспар жасап, сол бойынша жұмыс істе. Ісің де сонда өнімді болады, жігіттердің айқайынан да құтыласың.

Түп-тура солай істедім. Енді бірін тыңдап, бірін тыңдамай өз бетіммен жұмыс жүргізе бастаған соң ба, кім білсін, әйтеуір бұрынғыдай дігерлеп, дікеңдей бермей, редакциядағы өзім сияқты жас жігіттер де мені жайыма қалдырып еді.

Мәрия екеуіміз үй болып, отау көтергелі жатқанда да соны өлдекімдер арқылы естіп-білген Кәкең біздің үйге телефон соғып еді: "Оу, Сәкен, құтты болсын бәрі. Тойыңа бізді шақырмаушы ма едің?" – деген. "Сіздер келесіздер

ме?" – деп сұраппын ғой мен бейбақ. "Е, шақырсаң – неге бармаймыз, барамыз", – деп күлді о кісі.

Тағы да бірер күннен соң Кәкеңнің өзі телефон шалып:

– Сенің тойыңа ішіп-жеуден де, сөз сөйлеу жағынан да алдарына жан салмайтын екі азаматты жіберіп отырмыз, бәріміз қатыспады деп өкпелеме, – дегені де бар еді.

Сөйтіп, біздің үйлену тойымызға газет редакторының Кәкеңнен кейінгі орынбасары Сарбас Ақтаев пен өлгінде айтқан Тасемен Жүсіпов редакция атынан сый-сияпаттарымен келіп, қатысып қайтқан болатын. Аты-жөні көпшілікке әлі *мәлім* бола қоймаған жас азаматтың ел ішіндегі мерейін ойлап, бәріне бас-көз болып жүрген тағы да сол Көкімжан аға.

Осы бір тұста Талдықорған өз алдына қайтадан дербес шаңырақ көтеріп, Алматы облысынан бөлініп шықты да мен қайда баруды білмей Кәкеңе тағы телефон соғып едім.

– Сәкен, – деген Көкең, – егер бізге, аппаратқа келем десең, орның әзір, осы қазір-ақ приказ (бұйрық) берігізем. Бірақ баспана жағы қалай болар екен? Өзің жаңа үйленген жігітсің, ерлі-зайыптылар арасындағы сызат кейде сол баспана жетіспеуінен туындап жататын еді. Қабырғанмен *кеңес, ойлан,* Талдықорғанға *редактор* болып Баянжан Мәдиев барғалы жатыр. Сені жақсы біледі, мен де айтып қоярмын. Онда барсаң пәтер мәселесі де тезірек шешіліп қалуы мүмкін. Қысқасы, өзің ойланып, озің шеш.

Мен де алды-артымды ойлана келе, Талдықорғанға табан тірегенім дұрыс болатын шығар-ау деп үйғардым.

Соның артынша Көкімжан аға партияның Орталық Комитетіне жауапты қызметке ауысты да, сондағы Сапар Байжанов екеуі Талдықорғанға соғып, жаңа ұйымдасып жатқан облыстық газет қызметкерлерімен кездесу өткізгендері де есте қалыпты.

Өз басыма үйіп-төгіп жақсылық жасай қойып еді десем, сірә, жалған айтқандық болып шығар еді, бірақ ұдайы ғана мені де, мен сияқты Қастек Баянбаев, Сайын Мұратбеков, Тұрсынзада Есімжановты, өзінен екі-үш жас қана кіші Құдаш Мұқашев, Әділбек Абайділдановты көзінен таса қылмай, біріміздің біріміздің сұрастырып, іздестіріп, қамқор қолын созғысы келіп жүретіні аңғарылып тұрушы еді. Қайсысына қаншалық шарапаты тиді, о жағын енді... сол аттары аталған азаматтардың өзі іштері білетін шығар. Кесіп-пішіп ештеңе дей алмаймын.

Жасыратыны жоқ, кісінің бітім-болмысын, қадір-қасиетін көбіне-көп өз басымызға жасаған жақсылығымен ғана өлшегіміз келіп тұратын пенделігіміз де бар ғой, сол Кәкең

кейін Орталық Комитет хатшылығына көтерілген кезде де бірден көмек қолын соза қоймады деп, сырттай реніш білдіре, бұртиып жүретіндеріміз болған.

Сонау бір жылы Қара теңіздің Кавказ жағындағы Пицундада демалып жатып, сонда кезіккен Хайдолла Тілемісов ағамнан:

– Көкеңмен арадан қыл өтпес дос едіңіз, қазір қалайсыздар? – деп сұрап қалғаным бар.

Хайдекең марқұм, не керек, адал да аяулы жақсының бірі еді. Менің сұрағымның арғы астарын айтқызбай аңғарып, күле түсіп отырды да:

– Қазір сирегірек ұшырасамыз. Көкімжан, өзің білесің, тез өрлеп, биіктеп кетті де жан-жағына қарайлай беруге мұршасы болмай барады-ау деймін, – деп бір қойған.

– Жолыға қалсаңыз, ол кісіге айтып қойыңызшы, – дедім мен Хайдекеңе, – соңында біз сияқты сенімді інілері барын да ұмытып кетпей, бұрынғыдай қарайлай жүрсін деп.

– Жарайды, жолықсам – айтайын, – деген Хайдекең.

Алматыда тағы бір кезіккенде Хайдекең:

– Сәлеміңді жеткіздім Көкімжанға, – ол да елеңдеп, "Әй, ол тентек ішу жағын қайтты екен? Жағдайы қалай өзінің?" – деп сұрап жаттыр дегені бар.

– Иә, сосын, – деймін ғой мен елеңдеп.

– Сәкен арақ ішпек түгілі, темекінің өзін де тастағалы жүр деп айттым, – деді Хайдекең.

– Дұрыс айтқан екенсіз.

Көкімжан ағамның ішу жағын сұрауында да мән бар еді. Бірер жыл бұрын Кеңес жазушыларының Қазақстандағы онкүндігі өткен болатын. Біздің де Жазушылар одағында қызмет істейтін кезіміз, сол онкүндік аяқталарда Үкімет атынан берілген қорытынды банкетке шақырылған едік. Қалихан Ысқақ, Рамазан Тоқтаров және басқа бірер замандастарым бар, ұзын-ұзын үстелдердің бірінің шет жағын ала жайғасып едік. Менің қарама-қарсымда сол кезгі партия қызметінде жүрген Телман Сауранбеков, одан төрге қарай Көкең мен Шериаздан Елеукенов отырған. Көкеңнің ҚазТАГ-та директор кезі. Банкетті күллі кеңес жазушыларының басшысы Георгий Марков пен Қазақстан коммунистік Партиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Имашевтар басқарған. Қолды-аққа тұрмай зыр жүгірген даяшылар көбіміз көре де қоймаған тағам түрінің жеті атасын тасып, әркімнің қалауымен алдымыздағы рөмкелерге арақ пен шараптың да түр-түрін толтырумен әлек. Төмендегі төрт-бесеуіміздің кім сөйлеп, кім қойып жатқанында жұмысымыз да болмады-ау деймін,

өзімізге сөз тимейтінін білдік те, бір-бірімізге ымдасып, жымдасып, алдымыздағы үлкен-кіші ыдыстарды босатумен әуре болғанбыз. Әсіресе рөмкелер жағының түбін қаға төңкере бердік пе, немене, соның бәрін көз қиығымен бағып-қағып отыр екен, әлгі қылдырықтай рөмкенің тағы бірін шалқая түсіп аузыма апара берген маған қарап, Көкең қабағын түйе:

– Не көрінді-ей, саған! – деп қыңқ ете түскені. Даусы зілді шықты. Қақалып-шашалып мен қалдым.

Жақтырмағаны бесенеден белгілі еді, ішімді тарта қойдым. Бірақ болары болып, бояуы сіңіп дегендей, той да аяқталып қалған еді, амал қанша.

Сірә, Көкең мен жайлы сұрағанда Хайдекеңе соны меңзеген болуы керек.

Бірде қызмет істеп жүрген "Жазушы" баспасының іші аяқ-асты дүрлігісіп, абыр-сабыр болды да қалды. Орталық Комитеттің хатшысы бастап, Баспаком төрағасы қостап дегендей, бір топ басшылар "Баспа үйін" аралап көруге келе жатыр екен. Кабинет, үстелдерді тәртіпке келтіріп, тазалап, әрі-бері сапырылыспай, тыныш қана орындарыңнан тапжылмай отырыңдар деген тапсырма алып жатырмыз.

Басқаларын қайдам, біздің баспа орналасқан бесінші қабатта мүлгіген тыныштық деген болмайтын. Келімді-кетімді авторлар да көп, шетінен басқан жері сықырлаған әйгілі жазушылар, баспа жұмысының реті де солай, ұзыннан ұзақ созылып жатқан дәліз бойы ұдайы ғана қайшыласқан адамнан босамаушы еді. Соның бәрін біле тұра осынша әбігерге түсірген белсенділерге қарата: "Осынша көзбояушылықтың қажеті қанша?" – деп мен әлек. "Сен-ақ бүйректен сирақ шығармай жүрмейді екенсің, өзің білші", – деп белсенділер ренжиді.

Бір кезде әлгі дәліздің баспа директоры отыратын басынан бастап қаздай тізіле қатар түзеп келе жатқан басшылардың қарасы да көрінді-ау. Тізбек алдында Көкімжан Қазыбаев, одан бір иық кем Шериаздан Елеукенов болып, солардың соңында ілескен кілең ғана шенділер мен шекпенділерден тұратын қалың нөкер.

Манағы белсенділердің: "Ойбай, бірде-бірің дәлізге шығушы болмаңдар!" деген тыйымына қарамай, мен өз кабинетімнің есігінің алдында соларға қарап тұр едім, дәл қасымнан өте бере әлгі қалың нөпірдің алдында жіті адымдап келе жатқан Көкімжан ағам мені көріп, жалт бұрылды да:

– Сөкен, амансың ба? Хал-күй қалай? – деп қол беріп амандасты. Оның істегенін мені танитын, танымайтын басқалары да айнытпай қайталады.

Мен де: " Бұрылар ма екен, болмаса бас изеп өте шығар ма екен?" — деп әдейі тұр едім. Соны сезгендей, Көкеннің әдейі мойын бұрып, қолымды алғанына ішім жылап-ақ қалды. "Ұлық болсаң — кішік бол" — деген де осы шығар-ау, сірә, деп те ойладым.

... Көкенмен соңғы рет 1989 жылдың қоңыр күзінде Мәскеуде, сондағы өзіміздің тұрақты өкілдіктің қонақ үйінде кезігіп қалып едім. Мен баспалдақпен төменге түсіп бара жатқанмын, Көкімжан ағам жоғары өрлеп келеді екен, қарама-қарсы ұшыраса кеттік. Жік-жапар бола амандасқан сол жерде бірер ауыз тіл айқастырып та қалдық. Көкең Париждеп келе жатыр екен. Көңілі орнықты көрінген.

— Қасымда Мағауин Мұхтар бар, ол қазір Әдебиетшілердің Орталық үйіне кетті де, мен демалайын деп бөлмеме бара жатыр едім, — деді Көкең. — Бұл бір айта жүрерліктей әйдік сапар болды. Парижде бізді Франция президенті Миттеранның өзі қабылдады. Үлкен әсермен оралып келеміз.

"Бөлмеге жүр, әңгімелесейік" — дер ме екен дәмеленіп-ақ тұр едім, олай дей қоймады. Сол сыпайы қалпында жылы қоштасып, әрқайсымыз өз жөнімізге кете бергеміз.

Сол қонақ үйдің асханасында тағы да бірер рет кездейсоқ ұшырасып қалып, ол кісіні кезекке тұрғызбай тамақ тасып беріп жүрдім. Көкеміз көп ашыла қойған жоқ. Әңгімеміз де отбасылық оны-мұныдан ұзамай, үзіліп қала беріп еді.

Бұл — Көкеннің ОК хатшылығынан кетіп, "Қазақстан коммунисі" журналында бас редактор болып жүрген кезі болатын...

Жарты айға жетті ме, жетпеді ме, әйтеуір, мен Алматыға орала бергенде қарсы алдымнан Көкеннің қайтыс болғаны жайлы қаралы хабар да суман етіп шыға келіп еді.

Күллі қала қимай қоштасып, жылап-еңіреп жүріп, соңғы сапарына шығарып салғанбыз. Соңындағы адал жар, азамат болған балалары мен том-том кітаптары да аңырап қала беріп еді...

Бекен НҰРАХМЕТОВ

ТҰМА СУЫ ӘРДАЙЫМ ТҰНЫҚ БОЛАДЫ

Желтоқсан айы. Жабырқау күзбен ілесе жұпыны тірлік кешіп жатқан кезіміз еді. Әке ұзақ науқастанып, шешемнің тірнектеп тапқанын талғажау етіп жүрген шаңырақта қайбір молшылық болсын. Мектептен сөмкемді сүйретіп келе жатсам, есік алдында бір жеңіл көлік, оның жанында үш ер

адам сөйлесіп тұр екен. Өз-өзімнен көңілім жылып сала берді. Жақын келе, олардың біреуі Көкімжан аға екенін бірден таныдым. Сөмкемді тастай сала жүгіріп келіп, құшақтай алдым. Ол мені маңдайымнан сүйіп, бауырына қысты. Көптен бері шын пейілді мейірім шарпуына шөліркеп жүргендіктен бе, көзіме ыстық жастың қалай мөлдіреп келіп қалғанын аңғармай қалыппын.

Бала болсам да, Көкімжан ағаны "полиграфия және баспа істері жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары болып тағайындалды" деп естіген едім. Шешем байғұс анда-санда газет-журналдарда жарияланған шығармаларын оқығанда, бір марқайып қалатын. Мен болсам бауыр етім елжіреп, бәрін іштей сағынатынмын. Алматыға кеткім келіп, "институтта оқитын ағам мен әкемнің жанында жүрсем" деген бала қиялмен арман әлеміне сүңгитінмін. Енді, міне, сағыныш қа толы аға құшағынан босаған сәтте, бетіне қарадым. Жан жүрегімен жымиған сабырлы бейнесі өзіне жарасып, жанарынан жылылық мейірімі төгіліп, алаулаған жүзі нұр шашып тұрды. Иә, кәдімгі нұр. Мен осындай адамға тән болатын ерекше нұрды, адамдық мейірімді көп жылдан бері талай жандардың келбетінен көре алмай келемін.

Көкімжан аға маған нағашы, шешемнің туған бауыры болып келеді. Нағашым келген күнгі қуанышымда шек болған жоқ. Балаң көңілмен бәрін ұмытып, есік алдында өзімнен үлкен айырды сүйретіп, малдың шөбін жайғап жүргенмін. Бір байқасам, Көкімжан аға маған тесіле қарап тұр екен.

– Бері келші, айналайын, – деді басын изеп. Дереу жүгіріп келдім. Бағанағыдай емес, қабағы түсіңкі сияқты. Әрине, соңғы жылдары жалғыз әпкесін мынадай жұпыны тіршілік пен ауыртпалықтың шыр айналдырғанына және бұғанам қатпаған менің тәлтіреңдеп, айыр көтеріп жүргеніме жаны жабырқап тұрғанын аңғару қиын емес еді. Бала болсам да сәби жүрегіммен бәріп сезіп тұрдым.

– Сабағың қалай? –Жұмсақ алақанымен маңдайымнан сипады. Осы кезде далаға шешем марқұм да шыққан еді.

– Бәрі"бес", аға, – деп арқалана тақ ете түстім.

– Жақсы оқығаны құрсын мұның, атышулы бұзық,– деді сөзге араласқан шешем марқұм бауырына назын айтып. Ойламаған жерден сасып қалдым. Не дерімді білмей, басымды төмен сала бергенім сол еді.

– Пәлі, жақсы оқитын бала бұзық бола ма екен? – деді Көкімжан аға мені тығырықтан шығарғандай. – Бұзықтығы емес, әжеттігі шығар, бәлкім. Қиянқы болма, маманды ренжітпе, айналайын,- деп бауырына қысты.

Кәкімжан аға сол күні түнеуге қалмай, кеш батпастан Алматыға асығыс жүріп кетті. Машина орнынан қозғалған сәтте бойымды көңілсіздік билеп, артынан қимай ұзақ қарап тұрдым. Біздің отбасындағы жаңа ғана жадыраған бір сәттік қуанышты сол машина өзімен бірге іргемізден суырып алып кетіп бара жатқандай көрінді.

Арада көп уақыт өткен жоқ. Бірде шешем Кәкімжан ағаның мені Алматыдағы № 2 эксперименттi мектеп-интернатта оқытпақ ойы бар екенін айтты. Сол күнгі қуанышымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Әншейінде зулап өтетін демалыс бітпей, бүкіл жазғы каникул бойы қиял қанатында қалықтап жүрдім.

Алғашқы тоқсанда эксперименттi мектепте оқу өте қиынға соқты. Ауыл мектебінде белсенділер мен үздіктер қатарынан көрініп, көш басында, көптің назарында жүріп үйреніп қалған басым өзімді арттағылардың қатарынан көргім келмеді. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған талантты оқушылардың қатарына ілесе алмай қаламын ба деп қорықтым. Осындай қыжылыс үстінде жүріп, кешкілік Кәкімжан ағаның үйіне бардым.

Аға, ауылды сағындым, ауылда оқығым келеді, – дедім ішімдегі қыжылымды ақтарып салып.

Саған не болды, қарағым-ау? – деп таңырқаған сұраулы жанарына тіке қарай алмадым. Сонда да ойымды жасырмай айттым. Сол кезде сәл ренжігендей сыңай танытты да, сөзін қайта жалғады:

Сен жаман оқуға тиіс емессің. Алдыңдағы ағаң мен әпкеңе қарасаңшы. Екеуі де Алматының екі мектебінің ғана емес, екі институтының да маңдай алды студенттері болды. Тұқымыңда жаман оқыған адам жоқ қой. Әкең жаудан қайтпаған. Сен қайдан шыққан баласың? Алғашқы қиыншылықта сағың сынғаны дұрыс емес, шырағым. Талпыну керек. Бұл мектепке оқуға талайлардың қолы жетпей жүрсе, сенің кері тартатының қалай?

Әңгіме арасында астанадағы үлкен қызметте жүрген айтулы кісілердің тар жол, тайғақ кешу өмірлерінен біраз мысал келтірді. Солардың бәрі қиындыққа мойымай, өздері шыққан биікке жақсы оқудың, өмір ағысына қарсы жүзе білудің арқасында ғана көтерілгенін тілге тиек етті. Асыл ағаның осы әңгімесі маған өмірлік сабақ болды. Бұл жылдары ҚазТАГ-тың директоры қызметінде болатын.

"Болмасаң да ұқсап бақ" дегендей, мектеп қабырғасында жүргенде "Қазақстан пионері" газетіне өлең, мақала жазып

жүрдім. Жазған дүниемді сиясы кеппей жатып, бірінші Кәкімжан ағаға апарып оқытатынмын. Коммунистік партияның аласүргін заманында күндіз-түні қарбалас қызметте қаншалықты шаршаңқырап жүрсе де, еш сөзге келместен, бала жүректен төй-төйлап шыққан тырнақалды дүниемді үстінен қарап, өз пікірін айтуға уақыт табатын. Ағаның аузынан "жақсы жазыпсың" деген жылы сөз естісем, бір марқайып қалатынмын. Алайда, бірде-бір рет "мынауың жарамайдың деп желкенімді қайырмады, тауымды шаққан емес. Керісінше, ой қосып, үстінен түзеп, қалай жазу керектігі жөнінде жол көрсететін, шабыттандырып қоятын. Сөйтіп жүргенде , мектепті бітіретін уақыттың келгенін де байқамай қалдым. ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсуге бел байладым. Аға жолын қуғым келді. Менің бұл шешімімді естігенде: "Біздің тұқымнан да менің жолымды қуатын бір адам шықты ғой", – деп қуанды. Кейіннен осы факультетті өзінің кенже ұлы Батыр да үздік бітіріп шыққанын қайран аға көре алмады.

Оқуға түсуге дайындалдым. Жүрек лүпіл қағады. Кәкімжан аға "Қазақстан пионері" газетінің сол кездегі бас редакторы Бейбіт Қойшыбаевқа менің газет бетінде жарық көрген материалдарым бойынша оқуға түсу үшін кепілдеме беруі жөнінде телефон шалды. Кепілдемені алған күннің ертесінде қызмет көлігімен құжаттарды тапсыруым үшін ҚазМУ-дың оқу корпусына дейін өзі әкеліп тастады. Мәшинеден түсер кезде:"Ал, қарағым, алдыңда үлкен өмір жолы басталды, іске сәт!" – деді. Осы сөздерді естігенде, өне бойым шым ете түскендей болды. Шынымен-ақ балалық дәуренмен қоштасып, жаңа өмірге бет алғанымды сонда ғана аңғардым. Алдымда есігін айқара ашып ҚазМУ тұрды.

1982 жылдың сәуір айында арқа тұтар ағамыз Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы, бюро мүшесі болып сайланды. Мен университеттің екінші курсында оқитынмын. Осындай кезде алыстап кеткен ағайын да, қарасын көрсетпей кеткен есепшіл жолдас та, жағымпаз бен жарамсақ та жанынан айналшақтап шықпай қоятыны өмір заңдылығы емес пе?! Кәкімжан ағаның талай адамға шапағаты тигенін сол кезде көрдім. Ол ешқашан жасаған жақсылығын сатпайтын, біреулер сияқты бұлдамайтын, шамасы келгенше алдына келген адамның бетін қайтармауға тырысатын. Алайда, қиянат атаулыға жаны қас еді. Бірде қылмыс жасап, қамауда отырған баласын құтқаруымызды өтініп келген танысымыз қолқа салып қоймаған соң, көңілін

жыққымыз келмей, уәжін ағаға айтқанымызда, оның “Мен қылмыс жасаған адамның ісіне араласпаймын”, — деген ескерту сөзі бәрімізге үлкен сабақ болды.

1985 жылдың қаңтар айы болатын. Бесінші курста оқып жүргенде Төрехан Данияров есімді курстасым әрі жақын жолдасым екеуміз Алматы облыстық “Жетісу” газетіне қызметке тұрдық. Ол кезде Алматыда қызметке қалу дегеніңіздің өзі үлкен дәреже еді. Өкінішке орай, ойламаған жерде университет бітірушілерді жолдамамен қызметке бөлу кезінде Төрехан Данияровты Алматыда қалдырмай, басқа облысқа жіберді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің жолдамасымен жас маман ретінде орталықта қалған мен бес жыл бірге оқыған жан досымнан және қолынан талай дәм татқан мамасынан қатты ұялдым. Арада екі-үш күн өткенде Көкімжан ағаның үйіне бардым. Әңгіме арасында Төрехан жөнінде әділетсіздік болғанын, отбасының жағдайын айтып, көмектесуін өтіндім. Сөз арасында байқамай, “Өзіміздің Ақсудың жігіті” — деппін. Көкімжан аға болса: “Мыналардың қаршадай болып, жершілін қара”, — деп күлді. Осылайша, Төрехан “Жетісу” газетінде қалдырылды. Кейін екеуміз “Ленинщіл жас” (“Жас Алаш”) газетінде де бөлім меңгерушісі болып бірге қызмет еттік. Ол өзін талантты журналист, әрі іскер басшы ретінде таныта білді. Қазақстан Жастар одағы мен Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты болды. “Жас Алаш” газетінің Бас редакторы, Қазақстан телерадио-корпорациясының вице-президенті, қазақ радиосының бас директоры қызметіне дейін көтерілді. Сонымен қатар менің тырнақалды “Қорқаулар түнде жортады” атты кітабым шыққан кезде “Жас Алаш” газетінің атынан Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаттығына ұсынды. Осы уақытқа дейін екеуміздің достығымыздың арасынан қыл өтіп көрген жоқ.

“Жетісу” газетіне қызметке орналасып, қаламым енді ұшталып келе жатқан кезде бірде ағаның үйіне бардым. Есікті ашқан ұстазым әрі жеңгем Орынша тәтем аман-саулықтан кейін: “Жарайсың, жазған дүниелеріңді ағаң оқып, қуанып жүр”, — деді. Мен болсам төбем көкке екі елі жетпей қалды. Сонда қайта құру науқаны белең алған қарбалас шақта Көкімжан ағаның менің шығармашылық қадамымды қадағалауға уақыт тауып жүргеніне таң қалдым. Содан кейін қолыма қалам алған сайын “Ағам оқыса ұят болып қалмасын” деген ниетпен қара мақаланың өзін тиянақты жазуға тырыстым.

Көзі тірісінде Көкімжан ағадан өмір атты тылсым дүниенің кілтін дұрыс таба білуде көп нәрсе үйрендім. Жасыратыны жоқ, алғашқы жылдары ауылдан келген адуын мінезім басылмай, интернатта талай мәрте тентектік жасап, аға мен Орынша жеңгемнің алдында екі бетім қызарып тұрған кездерім де көп болды. Алайда, Көкімжан аға қанша ашуланса да, еш уақытта қол жұмсап, қатты дауыс көтере ұрсып көрген емес. Ренішін қабағымен білдіріп, сабырлы мінезіне тән салиқалы сөздерімен сабама түсіріп қоятын. Осылайша артық кеткен тұстарымда айыпымды тарта-тарта, алдымдағы аяқ басар соқпағымды да айқындап берді. Сондықтан да, мен бойымда жұрт айтатындай жақсы бір қасиет болса, "нағашымнан жұқты" деп, ал биікке көтерілсем, "нағашымның тәрбиесінің арқасында" деп есептеймін.

Кеденге жаңадан қызметке ауысқан шағым болатын. Бірде сол кездегі Баспасөз министрі Қуаныш Сұлтановтың мені іздеттіргені жөнінде хабар естідім. Билік басында да, саясатта да өзінің ерекше орны бар, ел сыйлайтын азаматтың назарына түсуімді өзім жақсылыққа жорыдым, әрине. Көп ұзамай Қуаныш Сұлтанұлына жолықтым. Ат шаптырымдай үлкен *кабинеттің ішіне кіргенімде* өте келбетті, жылы жүзді Қуаныш Сұлтанұлы орнынан тұрып келіп:"Қал жақсы ма, айналайын?" деп амандасып, өзіне қарама-қарсы орындыққа отырғызғанда көз алдыма Көкімжан ағаның бейнесі елестеп кетті. Көкімжан аға да әңгіменің, амандықтың басын "айналайын" дегеннен бастап, кіммен болса да орнынан тұрып амандасатын. Сөз арасында менің таң қалғаным, Көкімжан аға қайтыс боларының алдында ғана Қуаныш Сұлтанұлына "Қаламы енді ұшталып келе жатқан Бекен деген жиенім бар. Соған көз қырыңды сала жүрші" деп аманаттап кетіпті. Сондықтан да Қуаныш Сұлтанұлы менің шығармашылық қадамымды бақылап жүргенін және өзі басқаратын министрлікке жақсы бір қызметке шақыртпақшы ойы бар екенін айтты. Жасыратын несі бар, кейбір азаматтар адам бақи дүниелік болған соң "өзі жоқтың көзі жоқ" дегендей, ағалық аманатқа, жолдастық парызға мән бермейді. Осы кездесуде Қуаныш Сұлтанұлының азаматтық тұғырының алдында басымды иіп, өмір жолында өзім үшін үлкен бір сабақ алып шықтым. Министрлікке қызметке ауыспасам да, кейіннен кеденде жүріп те талай ағалық қамқорлығын көрдім.

Менің кедендегі алғашқы қадамым да Көкімжан ағаның көпке шашқан шапағатының арқасында деп білемін. Себебі, кеден комитетінің алғашқы төрағасы, генерал лейтенант

Нұрлан Тілемісовтың әкесі, белгілі баспагер Хайдолла Тілемісов аға Кәкімжан ағаның жан жолдасы болды, екеуі бірге туған бауырлардай араласты. Сол арқылы мен де Нұрлан Хайдоллаұлын жақсы таныдым, біздер де ағалы-інілердей сыйластық. Сөз арасында Нұрлан Хайдоллаұлы қызмет барысында Кәкімжан ағадан талай ағалық қамқорлық көргенін айтты да. Сондықтан болар, кеден саласында қатардағы инспектордан кеден бастығына дейін көтерілуіме Нұрлан Хайдоллаұлының көрсеткен ықпалы аз болған жоқ.

Ағаның үйіне қазақ зиялыларының бетке ұстар қаймақтары көп келетін. Халқымыздың қаһарман ұлдары Бауыржан Момышұлы мен Рақымжан Қошқарбаев, белгілі журналист, аудармашы, әрі баспагер Хайдолла Тілемісов, профессор Мұхтар Арын марқұмдармен және академик Жүрімбек Сыдықов, мемлекет және қоғам қайраткері Шөмшө Беркімбаева, жазушы әрі аудармашы Бақытжан Момышұлы, тағы да басқа елге танымал адамдармен туған ағалы-інілердей, ағалы-қарындастардай сыйласты. Өмірінің соңғы жылдары халық жазушысы, Мәжіліс депутаты Шерхан Мұртаза, атақты ақын Мұхтар Шаханов, ұзақ жылдар Оқу министрі, ҚазМу-дың ректоры болған, профессор Көпжасар Нәрібаев ағалармен Құдай қосқан көрші болды. Осындай белгілі азаматтармен, мемлекет және қоғам қайраткерлерімен ағаның үйінде дастархандас болған күндерімді есте ұмыта алмаймын. Кәкімжан аға мені үлкен қонақтардың ортасына солармен тең дәрежеде отырғызып қоятын. Және "менің жолымды қуған жалғыз жиенім" деп таныстыратын. Дастархан басында парасаты мол, ақылдың дариясындай елестейтін ағалардың әңгімелерін тыңдай отырып, рухани дүниеге толы кеңістікте қалықтап жүргендей әсерде болатын едім. Бұл асыл ағаның бізді "орта көрсін, зердесіне түйсін, өресі өссін" деген ұлағаты екенін кейін түсіндім.

Отау құрып, қызметте тәй-тәй басқан баладай өрістеп келе жатқан шағымда, жан ағам кенеттен дүние салды. Бұл қайғы бүкіл әулет үшін асқар тауымыздың құлағанымен бірдей болды. Қайтыс болардың алдында ғана, курорттан келген бетте маған енді ғана жазып бітірген белгілі "Сұрапыл" романының 600 беттік қолжазбасын көрсеткен еді. Тағдыр осы романының жарыққа шыққанын көруді де жазбапты. Иә, орны толмас өкініш. "Жасаймын" деген талай игі жоспарлары мен "жазамын" деген талай рухани дүниелері ішінде кетті. Әсіресе, біреуімен талай жыл қызметтес, екіншісіне туған баласындай болған Дінмұхаммед

Қонаев пен Бауыржан Момышұлы жайлы ақиқаты айқындалған шынайы туынды беремін деген өрелі ойы да жүзеге аспады. Әттең, келте ғұмыр! Әттең, көп оқырман жариялылық қанатын жайған шақта Б.Момышұлы мен Д.Қонаев жайлы Көкімжан аға өзі ғана білетін көп шындықтан бейхабар қалды. Әттең, кезінде өзі көзін ашқан талай бұлақтың арнасын тауып, теңізге құйғанын, өзі баптаған талай тай-құлындардың тұлпар болып, бәйгеге қосылғанын қайран ағаның көрмей кеткені өкінішті.

"Адамды сынағың келсе, қолына билік бер" дейді қазақ. Кеше ғана ағаның қолына су құюға жарамай, алдында зыр жүгірген талай адамның шағын билікке қолы жеткенде кісі танымастай өзгергенін көрің, жағамызды ұстағанбыз. Алайда, Көкімжан аға мемлекеттік дәрежедегі қай қызметтің тұтқасын ұстаса да, мейірімді, қайырымды және қарапайым қалпынан танған жоқ. Құдай берген осы қасиеттері тұла бойында тұнып тұратын. Сонымен қатар жоғары қызметте жүрген кей адамдардың сыртынан небір қаңқу сөздердің ере жүретіні де жасырын емес. Ал, Көкімжан ағаның сыртынан азаматтық келбетіне дақ түсіретін өсек-аяңның ермегені ақиқат. Ұлық болса да, кішік болды. Осылайша, Көкімжан аға жарық дүниеге сәби күйінде қалай таза келсе, бұл өмірден де тұма суындай тұнық күйінде өтті.

Бірде өзім қызмет істеген "Жетісу" газетіне соқтым. Газеттің сол кездегі бөлім меңгерушісі Күлшат Баянбаева апайдың кабинетіне кірсем, ақ жаулықты, жасы алпыстан асқан бір апай отыр екен. Әлгі кісі маған тесіле қарап қалды. Қызмет барысында өзім ерекше құрмет тұтқан Күлшат апай орнынан тұрып, бетімнен сүйді де, ақ жаулықты апайға бұрылып:

Жәке, мына балаға дұрыстап қараңызшы, таныдыңыз ба? – деді. Ол кісі менен көзін алмаған күйде:

Қарағым-ау, мына бала Көкімжан ғой, – деп көзіне жас алды. Денемді ерекше бір сезім шарпуы дір еткізді.

Мені нағашыма ұқсатқан апай зейнеткерлік демалысқа шыққан журналист Жәмилә Молдабаева болып шықты. Кезінде "Жетісу" газетінде Көкімжан ағамен қызметтес болып, талай қамқорлығын көрген екен. Көкімжан ағаны есіне алған әңгімесін айта отырып, көз жасын тыя алмады. Мен бұл өмірде әке-шешесі, бірге туған қандас бауыры қайтыс болғанда топырақ салмаған, көзіне жас алмаған тас жүректерді де көрген едім. Ал ешбір туыстығы жоқ Жәмилә апайдың көзіне жас алуы асыл ағаның азаматтық бейнесін айтпай-ақ асқақтатып тұр емес пе?! Иә, Көкімжан аға қай қызметте жүрсе де, жұмыстың беташарын

қарамағындағы қызметкерлерге қамқорлық жасаудан бастайтын. "Басшы адам қарамағындағы қызметкерден жұмыс талап етуі үшін біріншіі оған жағдай жасай білуі керек" дейтін. Осы орайда, елімізге белгілі журналист, бүгінде "Егемен Қазақстан" газетінің бас редакторы Жанболат Ауыпбайдың "Лениншіл жаста" он жылдан артық қызмет істеп, ала алмаған пәтерді Көкімжан ағаның қарамағына келіп, үш-ақ айдың ішінде алдым" дегені бар. Әрине, бұл бір ғана мысал. Абзал ағаның ұстаздық, ағалық қамқорлығын көрген азаматтардың билік басында абыроймен қызмет істеп жүргендері аз емес.

1995 жылы "Қорқаулар түнде жортады" атты тырнақалды кітабым жарық көрді. Кітаптың беташарына:"Осы кітабымды өзімнің журналистика әлеміне келуіме және азамат ретінде қалыптасуыма үлкен ықпалы болған марқұм нағашым, белгілі жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Көкімжан Қазыбайұлына арнадым" деп жаздым. Бұл ниетімді аға аруағының алдындағы рухани ескерткішім, інілік парызым деп ойладым. Сонымен қатар, жуырда ағамыздың екі томдық шығармалар жинағының және Орынша жеңгемнің "Ұстаз бақыты" атты педагогикалық – танымдық кітабының жарыққа шыққанын естіп, қуанышымды бөлісуге аға үйіне бардым. Біздің аға орнындағы рухани басшымыз болып жүрген Орынша жеңешем өте көңілді, сергек күйде екен. Баспа бетін көргеніне көп бола қоймаған екі томдықты (қазір үшінші томдығы да шықты) көрсетіп: "Бір ауыз өтінішімді жерге тастамаған азаматтарға рахмет. Мынә хатты оқышы", – деп қолыма бір парақ қағазды ұстатты. Онда былай деп жазылыпты: "Құрметті Орынша апай! Көкеңнің еңбегі елеуге тұрарлық... Өтінішіңіз орынды. Келесі жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша екі томдығының жарық көруіне қолұшын береміз. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед. 2002 жылдың 16 қазаны".

– Есінде болсын, ел басқара білетін өрелі азаматтар осындай болады, – деп сөзін жалғады Орынша жеңгем. – Көкең қайтыс болғаннан кейін "Сұрапыл" романын жарыққа шығару мәселесі қалай болады екен деп қобалжып едім. Содан 1995 жылы сол кездегі баспасөз министрі Алтынбек Сәрсенбаевқа бардым. Жас та болса бик тізгінін ерте ұстаған ол кезек күттірмей, өте жылы қабылдады. Келген шаруамды тыңдап болған соң:"Аға біздің ұстазымыз ғой. Қай баспадан шығарып берейін, айтыңыз?", – деді. Мен Көкеңнің жан жолдасы марқұм Хайдолла Тілемісов

басқаратын баспадан шыққаны жөн шығар деген ойымды айттым. Алтынбек айналайын менің көзімше Хайдекеңе телефон шалып, кітап шығару үшін тиісті қаражатты "Қайнар" баспасына аударатынын айтты. "Сұрапыл" романы сол кезде Абайдың туғанына 150 жыл толуына байланысты үлкен қарбалас дайындықтардың жүріп жатқанына қарамастан, бір-ақ айдың ішінде оқырмандардың қолына тиді. Міне, Көкең де кезінде қолынан келетін шаруаны көп созбай, осылай шешетін. Билік басында, саясат төңірегінде осындай азаматтардың жүргеніне қуанам, – деп ризашылық сезімін жасыра алмады.

1999 жылы Көкімжан ағамыздың 70 жылдық мерейтойы республика көлемінде, туған жерінде кеңінен аталып өтті. Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы филармонияның концерт залында өткен сондай еске алу жиынының бірінде Мәжіліс депутаты, халық жазушысы Ш.Мұртазаға сөз берілді. Жиналған жұртшылық Шерағаңды көсіле бір сөйлейтін шығар деп ойлады. Сахнаға шыққан Шерағаң мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың мерейтойға байланысты ағамыздың отбасына жіберген құттықтау жеделхатты оқыды. Онда:"Белгілі жазушы-журналист және қоғам қайраткері болған Көкімжан Қазыбаевтың туғанына 70 жыл толуына арнап өткізіп жатқан салтанатты жиындарыңыз құтты болсын. Мен Көкімжан Қазыбаевты қызмет барысында жақсы біліп едім. Ол шын мәнінде білімді, парасатты, халқының игілігі үшін бүкіл қабілет-қарымы мен қаламгерлік қайратын аянбай жұмсаған дарын иесі, жаны жайсаң азамат еді. Қалың жұртшылық оны сондықтан да құрмет тұтып, жадында сақтап келеді. Ниеттеріңіз қабыл болсын. Жатқан жері жарық болып, қалдырған мұрасы халқының кәдесіне жарай берсін", – деп жазылған екен. Жеделхатты оқып біткен Шерағаң: "Енді Көкеңе бұдан артық қандай баға беруге болады?" – деп сөзін қысқа қайырғанда, залда отырған жұртшылық ду қол шапалақтап, орындарынан тұрып кетті.

Көкімжан аға жаны жайсаң азамат, әрі іскер басшы ғана емес, жанұяның өнеге тұтар нағыз тірегі болатын. Себебі, бұл өмірде елге танымал деген кейбір азаматтардың өзі отбасының шаңырағын шайқалтпай ұстауда, бала тәрбиелеуде кемшілік жіберіп, осалдық танытып алатын тұстары аз кездеспейді, әрине. Бұл да сәттілігі мен сәтсіздігі қатар жүретін тағдырдың жазуы шығар, кім біледі?! Ал, Көкімжан аға болса, қызметте де, отбасының тірегі ретінде де және бала тәрбиесінде де кемшілік жіберген, осалдық танытқан адам емес. Шаңырағында әрдайым ыдыс-аяқ

сылдырламай, шаттық нұры сезіліп, мейірім шуағы төгіліп тұратын. Сүйген жарын алақанында аялай алған, балаларының бойына білімділік пен біліктілікті, адамгершілік пен азаматтық қасиеттерді дарыта білген адамның бірі Көкімжан аға деп білемін. Және де "жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық" деп бекер айтылмаған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің іс басқармасына қарасты медицина орталығының орталық клиникалық ауруханасында доцент, хирургия бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейтін үлкен ұлы Нұртас бірде маған: "Әкеме өмір бойы қарыздармын. Біздің ауруханаға емделуге келетін ел танитын көптеген адамдар фамилиямды естіген соң:

"Қарағым, сен осы Көкеңнің баласы емессің бе? Шіркін-ай, әкең қандай азамат еді?!" – дегенде күні бойы жұмыста әкемнің аруағы қолдағандай көңілім көтеріліп, марқайып жүремін", – деген еді. Иә, әке үшін де, бала үшін де бұдан артық қандай мәртебе керек?..

Иә, бұл өмірде санасында саңылауы бар әр адамның ата-ана, ағайын-туыс, жора-жолдас, сондай-ақ ұстаз алдындағы өзінің моральдық және адамгершілік тұрғыдағы қарызы мен парызы болады. Бұл қағиданы әркім әрқалай түсінеді. Көкімжан аға көзі тірісінде қиналған шағымызда қолтығымыздан демеп, бұралаң-бұлтарысы көп заманда адастырмай, өмірдегі өз соқпағымызды табуда өзінің ағалық парызын кіршіксіз өтеп кетті. Ал, біз аға алдындағы қарызымыз бен парызымызды өтей алдық па? Осындай сұраулы сөйлемге жауап іздегенде, санамдағы ой сан-саққа жүгіреді. "Болмасаң да ұқсап бақ" дегендей, ағамыздың басқан ізіне татып, шаңына ілесе алсақ, тұғырлы тұлғалардың қолына су құюға жарасақ және бойымызда нағашым абыроймен арқалай білген Азамат деген асқақ қасиет бүршік жарса, онда аға аруағы алдындағы үлкен парызымыздың өтелгені ме, кім біледі? Ал қарызымыз болса – мәңгілік. Өтей алам ба, жоқ па, оны уақыт көрсетер.

Көпжасар НӘРІБАЕВ

ҚАМҚОРШЫ АҒА, КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕР

Көкімжан ағамен мен 1959 жылы таныстым. КазМУ-да оқитын досым Қабдолла Мәлібеков үйленетін болды. Сол жылы біз Қаптаймен (біз оны солай атайтынбыз) университетінің Калинин көшесіндегі жатақханасында бір

бөлмеде тұрдық. Қалыңдығы Зина деген өте бір тәрбиелі, инабатты, әдемі әрі сүйкімді, кішкене бойлы қыз еді. Ол қыз Көкімжан Қазыбаевтың немере қарындасы болып шықты. Ата-аналары алыс ауылда болғандықтан той алдында рұқсатты Көкімжан ағадан алу керек болды. Сонымен Қаптайға еріп күйеу жолдас болып, Көкеңнің үйіне мен бардым. Мұны "құдалық" деп айтуға да болмас, өйткені мұндай жағдайда болатын жөн-жоралғыдан хабарымыз жоқ, қолымызда кішкене ғана гүл шоғымыз бар екі студент ағаның табалдырығын қысыла-қымтыла әрең аттадық.

Бұл кезде Көкімжан аға "Жетісу" газеті редакторының орынбасары. Оның алдында "Лениншіл жас" газетінде біраз жыл өнімді қызмет атқарғанын білетінбіз. Бізді өте жылы шыраймен қарсы алды. Жағдайымызды түсінген болу керек, әңгіме барысын өз қолына алды, жан-жақты сұрастырып, өзімізбен толық танысты. Сөлден соң біз де өзімізді еркін сезініп, ойдағымыздың бәрін айтып салдық. Тойға рұқсатын берді, содан кейін отырып бізге біраз ақыл айтты.

"Алдымен университетті абыроймен бітіру керек, мүмкін болса ары қарай оқуды жалғастырған жөн. Елімізге ғалымдар керек, солардың жоқтығынан көптеген ғылым салалары дамымай жатыр. Ғылым Академиясын құрғанымызға 10 жылдан асты, ұлттық кадрлар жетіспейді, қашанғы сырттан келгендерге жалынышты боламыз. Елдің, ғылымның, білімнің болашағын жастар, сендер ойлауларың керек. Содан кейінгі айтар ақылым, – деді ағамыз – қайда және кім болып істесеңдер де қызметке үлкен жауапкершілікпен қарау керек, әр істі абыроймен атқаруға тырысыңдар". Тағы осы сияқты көңілге қонарлық көптеген ақылдарын айтты.

Сонда үй-жайын байқағанымызда өте жұпыны көрінді, бөлменің бұрышында кітап толы этажерка тұр, ортасында кішігірім үстел, іргесінде ескілеу диван. Басқа дүние-мүлік көре алмадық. Мұны айтып отырғаным кейін де Көкеңнің үйінде болып жүрдік, бірақ ешуақытта басы артық мүлік көрген емеспін. Бір заттардың жетпей тұруы мүмкін, бірақ басқалар сияқты артық дүние жинамаған. Ол әрине, дүние-жиһазға қызықпаған Орынша жеңгеміздің де парасаттылығы болар.

Маған университет бітірісімен Мәскеуге аспирантураға оқуға баруға мүмкіндік туды. Көкең айтқандай сол кезде Қазақстанда ғылымның көптеген салалары бойынша ғылыми мектептер жоқ болатын. Сондықтан қажет мамандарды даярлау үшін жүздеген, мыңдаған жастар жыл сайын Мәскеу, Ленинград, Новосибирск, Томск, Киев, Минск қалаларындағы

көрнекті университтер мен белгілі ғылыми орталықтарына оқуға жіберілетін. Сол жерлерден университет бітіріп, кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғап, елге оралатын қазақ жастары. Кейде өткеннің бәрін жамандап, Кеңес Одағына топырақ шашып жататынымыз бар. Бұл дұрыс емес, әр мәселені талдап барып айту керек. Елімізде ғылым мен білімнің өсіп өркендеуі, осыншама биікке көтерілуі Кеңес Одағының арқасында болғаны жасырын емес. Осы күнгі белгілі ғалымдарымыздың көбісі сол орталықтардан білім алып, ғылыми атаққа ие болғандар. Бүгінге дейін қажетімізге жарап жатқан сол Одақтың берген білімі. Көптеген ғылыми салалар мен мектептер сол Одақтың көмегімен қалыптасты. Дәл қазір шет елдерде білім алып жатқан қазақ жастарының 90%-нан астамы Ресей жоғарғы оқу орындарында оқып жатыр. Мұны да ұмытпағанымыз дұрыс.

Мәскеуден оралған соң әдейі іздеп бармасам да көрген жерде Көкеңе сәлем беріп, қал-жайымды айтып жүрдім. Өзі де менің жағдайымды бақылап жүретін болса керек, 1976 жылы министрдің орынбасары болып тағайындалғанымда арнайы өзіне шақырып құттықтап, өте көп ақыл айтты. Өз басынан өткен оқиғаларын еске ала отырып, бірінші басшымен қарым-қатынас қалай болу керек, Орталық Комитет, Министрлер Кеңесі қызметкерлерімен араласу тәртіптерін, қызмет этикасы жөнінде біраз ақыл берді. Басшылық қызметке жаңадан араласып жүрген маған мұның үлкен пайдасы тиді десем артық болмас. Содан соң докторлық жұмысымның тағдырын сұрады. Мен оны бітіруге жақын екенімді, бірақ мына жаңа жұмысқа байланысты қалып қояма деген қауіптің бар екенін жасырмадым.

– Жоқ, оны бітіруге міндеттісің, сол үшін бар күшіңді сал, күніне 2-3 сағат кеш ұйықтасаң ештеңе етпейді, бірақ мына жұмысыңды бітіріп қорғап ал, – деді Көкімжан аға. – Бұл біріншіден қызметіңе қажет, сен жоғары білім беру министрінің орынбасарысың. Өзің ғалым болмасаң ғалымдарды қалай басқарасың. Оның үстіне министрің Т.Қатаев жолдас бұл мәселеге өте түсінікпен қарайтын басшы, мүмкін өзі де көмектесетін болар. Көпжасар, осыған келісейік деп, Көкімжан аға кабинетінен шығарып салды. Менің тағдырыма осыншама көңіл бөлгеніне, айтқан ақылдарына риза болып мен кеттім.

Көкеңнің айтқаны келіп, тура 1,5 жылдан кейін Тұрғанбек Катаевич ағамыз мені Мәскеуге 3 айлық оқуға жіберді. Соны пайдаланып докторлық жұмысымды түгел аяқтап, көп ұзатпай

Мәскеуге қайта барып, қорғап қайттым. Осы хабарды Көкімжан ағама айтқанда тура өзі қорғағандай қуанды. Бұл енді кеңдік пен кемеңгерліктің, шын мәнінде адамгершіліктің, ағалық қамқорлықтың белгісі ғой.

Көкімжан Қазыбаев қатып қалған чиновник емес еді, оның қызметінде оймен, ақылмен істелетін істер көп болатын. Оны өзі де "Парасат" журналында жарияланған естеліктерінде айтып кетіпті. Ал мен өзім куә болған, өз басымнан өткен оқиғаны айтайын.

1983 жылы май айының 30-да Көкімжан аға телефонмен мені өзіне шақырды. Ол кезде ағамыз Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология бойынша хатшысы болатын. Орнынан тұрып жылы қарсы алды.

– Неге шақырғанымды білесің бе? – деді Көкең.

– Жоқ, Көкімжан Қазыбаевич білмеймін, мүмкін Орталық комитетінің бізге беретін бір тапсырмасы бар болар, – дедім.

– Дұрыс айтасың, бұл бір жағынан тапсырма, ал екінші жағынан ұсыныс. Тұрғанбек ағаң пенсияға шығатын болды. Сол кісінің орнына өзіңді ұсынып отырмыз, бұған қалай қарайсың? – деп маған қабағының астымен қарады.

– Тұрекең мұны біле ме? – деппін мен сасыңқырап тұрып.

– Жоқ өзірше білмейді, оны өзіміз айтамыз, сен бұған алаңдама, – деді Көкең.

Сол мезетте үлкен ақ телефон шырылдап қоя берді. Ар жақтан "Нәрібаев келді ме, келсе маған кіріңдер" – деген Димекеңнің даусы естілді. Ал бұдан кейін Көкімжан аға мен Димекеңнің алдында өзімді қалай ұстауым керек, қалай сөйлесуім керек және қандай жағдайда да жақсы пікір қалыптастыру жөнінде өз ақылын айтып жатты.

Димекеңнің алдына толқып, қиналып кіргенім рас. Бірақ әңгіме басталысымен-ақ ол кісінің соншалық қарапайым екеніне, нұрлы жүзімен өзіне баурап алатынына көзім жетіп, өзіме өзім келдім. Біраз әңгімелесіп болғаннан кейін Димекең Көкімжан ағаға қарап былай деді: – Бұл жігітті бүгін Мәскеуге жібер, Министр В.П.Елютинмен және Орталық комитетінің тиісті басшыларымен өзің сөйлес. Бірақ мұны бізден басқа ешкім білмейтін болсын. Мұндай жұмысты аяғын жерге тигізбей бітіру керек.

Димекеңнен шығып Көкімжан Қазыбаевичтің кабинетіне келдік. Көкең үлкен ақ телефонымен сол кездегі Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімовпен хабарласып: "Байкен Ашимович, қазір сізге Нәрібаев барады, жаңа Димекеңде болдық, бүгін Мәскеуге жібереміз, батаңызды беріңіз , – деді.

Мен таңданып Көкімжан ағаға қарадым. Жаңа ғана Димекең ешкім білмесін деп тапсырып еді. Бұл қалай болды дегендей жүзімдегі сұрақ белгісін Көкең түсініп, маған былай деді: "Көпжасар, министр деген өкіметтің мүшесі, Байкен Ашимович сол өкіметтің төрағасы, ол кісіні аттап өтуге болмайды, онда ертең қалай жұмыс істейсің? Қазір сол кісіге барып сәлем бер, батасын сұра.

Сонда отырып, Көкеңнің сұңғылалығына, керемет пайымдылығына таң қалдым. Осы оқиға есімнен шықпайды, қайта-қайта ойыма орала береді. Сондағы менің ойым, шіркін-ай, Димекеңнің артын жауып, ауыртпалығын өз мойнына алып жүр емеспе. Сонда үлкен ағаның төңірегіндегі жағымпаздар жолда қалар еді ғой. Көкеңнің кабинетінде біраз ойланып отырып қалсам керек, – ал Көпжасар, жолың болсын, – деді аға. Мен "Мәскеудің алдында Тұрғанбек Катаевичқа жолықсам қайтеді?" деп сұрадым. "Бұл хабарды ол кісіге біз жеткізуіміз керек. Сен бұған алаңдама. Мәскеудегі кездесулердің қорытындысын маған хабарлап тұр" деп тапсырды.

Мен жол жүріп кеттім, алғаш Одақ Министрі В.П. Елютинмен жолықтым. Ол кісі жоғары білім жүйесін 20 жылға жуық басқарған, ерен еңбегімен бүкіл әлемге танылған көрнекті қайраткер, ғұлама ғалым, абыройлы басшы еді. Сол министрдің кезінде кеңестік білім жүйесін жер жүзі түгел мойындаған болатын. Мені жақсы қабылдап, тағайындауға келісімін берді. Оны Көкеңе хабарлап, бір қуантып қойдым. Сосын КОКП Орталық комитетінің бөлім басшыларында болып, олардың да келісімін алып Алматыға қайттым.

Маусымның екісінде Орталық комитетінің бюросында бекіте салысымен Көкімжан Қазыбаевич мені өзі министрлікке алып барып таныстырды. Өкімет тарапынан төраға орынбасары, біздің кураторымыз Ш.Жәнібеков ағамыз келіп тұр екен. Ол кісінің жанында Тұрғанбек Катаевич пен Базаркүл жеңгеміз бар. Ең алдымен сол кісілермен амандасып, Көкімжан аға маған бұрылып, "Көпжасар, сен Түрекеңмен хабарласа алмай кеттім деп алаңдап ең, міне Тұрғанбек ағаң құттықтауға өзі келіп тұр" деп жағдайды жақсартып жібермесі барма. Ойпырмай, мына Көкімжан аға қандай көреген, қандай кемеңгер деген ой келді тағы маған.

Ертеңіне Көкең мені шақырып алып, мына жаңа қызмет жөнінде өз ой-пікірлерін айтты. Бұрын да ақылын есітіп жүрген ағам ғой, енді тікелей осы кісінің басшылығымен қызмет істейтін болдым. Бір жағынан жақсы, ал бірақ жауапкершілік жоқ емес, "әй, Көпжасар, мынауың қалай?" десе не бетімді айтам. Сондықтан ағаға сөз келтірмей жұмыс

істейін деген ойдамын. Біраз ойланып отырды да Кәкең маған былай деді: "Осы бір-екі күн ішінде Димекеңе кіріп, рахмет айтып шық. Әрине сен бұған міндетті емессің, бірақ адамгершілік деген болады. Ол кісі саған осы қызметті сеніп тапсырып отыр. Сен де жоғары деңгейден көрінуің керек. Тағы да айтатын ақылы бар шығар. Жалпы сен Димекеңе мүмкіндігінше жиі кіріп тұр".

Кәкеңнің ақылымен екі күннен кейін Димекеңе рахмет айтуға бардым. Бұл ол кісінің мені бірінші рет жеке қабылдауы. Шынында Димекең ағынан жарылып, маған көп ақыл айтты. Мен басқаратын саланың ерекшелігін, маңызын, сондықтан менің жауапкершілігімді басыңқырап айтты. Барлық күрделі мәселелер жөнінде кіріп, ақылдасып тұруымды тапсырды. Мен де ол кісінің тапсырмасын бұлжытпай орындап, жылына кем дегенде 4-5 рет жеке қабылдауында болып жүрдім. Кейбір өте маңызды мәселе туғанда алдымен Кәкімжан ағамен ақылдасып алатынмын.

Бұл айтылған әңгімелер тікелей өз көзіммен көрген, басымнан кешірген оқиғалар ғой. Ал жалпы Кәкімжан Қазыбаев ағамыз өте биік парасатты, терең ойлы, кең көсілетін көрнекті қайраткер еді. Хатшы ретінде атқарған алуан түрлі қызметі әлі көз алдымызда. Айналысатын салалары да сан алуан ғой. Оның ішінде білімге де өте көп көңіл бөлетін. Жоғары білімді мұғалімдер даярлау мәселесін қайта-қайта көтеріп жүріп, осы жүйеге көптеген жақсы жаңалықтар енгізді. Оқыту процессін компьютерге негіздеу, мектеп пен институттардың компьютерлік базасын нығайту да осы Кәкеңнің кезінде дұрыстап қолға алынды. біздің жүйеде болатын маңызды жиналыстардан қалмайтын және міндетті түрде сөз сөйлеп, талқыланып жатқан мәселеге өз бағасын беріп, ой пікірін айтып кететін. Қандай мәселе көтермейік оған өзінің қолынан келген көмегін көрсететін. Идеологияның басқа салаларына да көп еңбегін сіңірді. Өкінішке орай ол кісінің хатшылық қызметі қысқа болды. Өсекшілердің, жандайшаптар мен жағымпаздардың "жымысқы" әрекеттердің құрбаны болды. Өйткені Кәкең өте таза, адал адам еді. Әділеттікті сүйетін, ағын – ақ, қарасын – қара деп отыратын, көз бояушылыққа, жалған дипломатияға бармайтын. Мұны өзі де "Жүрек сыры" деген толғауында тебірене жазыпты ғой. Кәкеңнің көп сырын содан ұқтық, өйткені мұндай сезімдерін ауызекі ешкімге айта бермейтін. Сырға өте мықты азамат еді.

Кейін біз құдай қосқан көрші болдық, бір қабатта, арамызда пәтер жоқ, есікпе-есік тұрдық. Жиі-жиі жолығып, етене араласып, сырласып, ақылдасып жүрдік. Бірақ Кәкең

еш уақытта хатшылықтан қалай кеткені жөнінде тіс жарған емес. Менің жобалап берген сұрақтарымды да жауапсыз қалдыратын, ешбір өкініш сезімін де білдірмейтін. Төзімді, өте салмақты, сабырлы адам еді ғой. Ал енді 2004 жылы журналда жарияланған "Жүрек сырындағы" жан айқайын оқығанда осыншама ауыр сезім, үшқыр ойлар ішіне қалайша сиып жүрегіне таң қаласын. Басқа біреу болса әлдеқашан күйіп-жаныып кетер еді. Ондайларды көріп те жүрміз. Дегенмен осының бәрі сезімтал жүрегіне сызат беріп, өмірден ерте кетуіне себеп болды ма деймін өзімше.

Көкімжан Қазыбаевтың қайраткерлік қызметін Қазақстанда ғана емес, Мәскеуде де өте жоғары бағалайтын. 1983 жылы желтоқсан айында Мәскеуде Мұқан Төлебаевтың 70 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс өтті. Одақтық министрлігіміз коллегияға шақырып, Мәскеуде болғандықтан сол салтанатты мәжіліске бардым, Орта Азиялық әріптестерімді де ертіп апардым. Көкімжан Қазыбаев М.Төлебаевтің творчествосы жөнінде баяндама жасады. Баяндама өте тартымды, қызғылықты болып шықты. Мәжіліс соңынан бас қосқанымызда әріптестерім баяндамашы музыкант па, өте керемет баяндама жасады ғой. Жоқ, ол кісінің негізгі мамандығы журналист, мына іске өте жауапты қарағаны ғой дедім мен. Сонда қасымызда тұрған КОКП ОК бөлім басшыларының бірі былай деп қалды: "Көкімжан Қазыбаевич өте білікті және іскер хатшыларымыздың бірі. Бұл тек менің ғана ойым емес, біздің Комитеттегі көпшіліктің пікірі".

Міне өте сыншыл келетін мәскеуліктердің өзінен жоғары баға алған ағамыз өз елінде халқына берерін түгел бере алмай кетті. Өкінішті-ақ. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін Көкең біраз түрткіге алынды. Ол кісі тұсында тағайындалған біраз басшылар, әсіресе ректорлар қудалана бастады. Жазықсыздан жазықсыз Алматы театр және көркемсурет институтының ректоры, профессор С.Дәрженов орнынан алынды. Бар айыбы туған жері Талдықорған облысы екен. Одан барып көрнекті ғалым, қайраткер, қазақ тілі мен мәдениетінің үлкен жанашыры, Ақтөбе педагогика институтының ректоры, профессор М. Арыновқа тиісті, т.с.с. Мұның бәрі Көкеңе оңай тиген жоқ. "Менің оларға ешқандай қатынасым жоқ, өздері өсіп шыққан азаматтар ғой, обал емес пе, оларға мына істегендері" деп жүрді ағамыз. Көкімжан ағамыздың көп адамға ақылшы, қамқоршы болғаны рас. Бірақ ол кісі ешкімді қолынан сүйреп, тәртіпті белінен басып, басшы тағайындаған емес. Мұндайға ең әуелі өзі қарсы болатын,

Өмірінің соңына шейін осы тәртіп пен тазалықтың құлы болып өтті.

Көкімжан Қазыбаевтың журналистік және жазушылық қызметі өзінше бөлек айтылатын әңгіме. Жетпісінші жылдары жарық көрген "Ызғар", "Аманат" романдарын іздеп жүріп оқитынбыз, тек авторы таныс адам болғаннан емес. Ал 1989 жылы шыққан "Ақиқатқа ар серік" деген публицистикалық мақалалар жинағы ол кісінің өмірге, заманға, уақытқа деген көз қарасы, философиялық ой-пікірлерін ғана емес, өзінің келбетін, бет-бейнесін, таза ар-ожданын суреттейтін шығарма. Ал көкең өмірден өткеннен кейін, өзінің жолын қуып журналист болған баласы Батырдың құрастыруымен 1995 жылы шыққан "Сұрапыл" романы жазушылық творчествосының биік шыңы деуге болады. Оқи бастасаң бітіргенше асығасың. "Бұл шығарманы Көкең үлкен қызметте жүріп, уақыт жоқ болған соң, түнделетіп жазып бітірді," – дейді Орынша жеңгеміз.

Ал осы шығармашылық салада Көкеңнің істеген бір үлкен ерлігі бар. Ол кезінде ерлігі ескерілмей ұмыт қалған Қошқарбаев Рахымжандай азаматты көпшілікке таныстыруы. Мұны Бауыржан Момышұлы ағамыздың тапсыруымен жаздым дейді. Рахымжан Баукеңе келіп сәлем беріп, өзін таныстырып, бар әңгімесін айтып берсе керек. тура сол күні Баукең Көкімжан ағамызды шақырып алып осы тапсырманы береді. Ол туралы Көкең өзі былай деп жазған: "... Баукеңмен болған осы кездесуді мен өз өмірімнің календарына қызылмен белгілеп қойған едім. Рахымжандай ер азаматты көруіме, ол туралы очерк, мақала, кітап жазуыма, тіпті кейіннен бірге туған адамдай болып кетуіме себеп болған соң бұл күнді қалай ұмытарсың" ("Аманат," "Жазушы" баспасы, Алматы 1979 ж., 337 бет).

Мен мұны айтып отырған себебім Көкең мен Рахымжан ағаларымыздың осы айтылған ара қатынастарына куә болған адаммын. Ағамыз өз үйінде Рахымжанға арналған дастарханға бізді қоса шақырып, ол кісімен таныстырып, талай-талай әңгімесін айтып берген. Рахаң да әңгімешіл кісі екен, басынан өткен қилы жағдайларды айтып толғандырып, күлкілі жайларды айтып, көңілдендіріп отыратын. Кейін де бұл кісілердің үй ішімен, бала-шағаларымен араласып, туыстардай болғанын көрдік.

Көкеңнің Рахымжан Қошқарбаев туралы алғашқы мақаласы "Лениншіл жас" газетінің 1958 жылғы 21 ақпандағы санында "Рейхстагқа ту тіккен қазақ" деген атпен шықты. Содан кейін басқа газет журналдарда да біраз мақалалары

басылды. Очерк, әңгіме, кітап жазылды. Сөйтіп, Рахымжан Қошқарбаевтай батырымыздың атын шығарып, халқына таныстырған бірден бір азамат біздің Кәкімжан ағамыз болатын. Бұл мәселенің маңызына соңғы кезде жаңа мән бергендейміз. Өйткені көпке дейін М.Кантария мен М.Егоровтан басқалардың аты айтылмай келсе, енді Рейхстагқа ту тіккендердің бәрінің аты анықтала бастады, солардың ішінде бірінші болып, тіпті жаңағы екеуінен де бұрын Рейхстагқа ту тіккен біздің Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов болып шықты. Мұны қазір Мәскеудегі әскери мұражайдың қызметкерлері де, соғыс тарихын зерттеген тарихшы мамандар да ресми түрде мойындап отыр. Бұл қазіргі әңгіме, ал Кәкімжан аға болса бұл әңгімені осыдан жарты ғасыр бұрын көтерген болатын. Міне көрегендік пен кемеңгерлік осындай болар.

Наргуль КАЗЫБАЕВА-ГАЛИАКПАРОВА
Отрывок из неопубликованного романа
"Потерянное поколение", посвященное
памяти отца Казыбаева К.К.

Ее тело, затянутое в белые одежды, летело ввысь. Стремительно и безмолвно оно продиралось сквозь какую-то черную пелену густого клубящегося дыма. Почти невесомые лохмотья его то отступали, то мягко окутывали, а к горлу в это время подступал тяжелый ком цепеняющей тоски и страха. Анализируя обычно тут же все свои сны этот полет она старалась себе объяснить как счастливое предзнаменование, потому что благоговейное и трепетное отношение к белому цвету, внушенное ей еще с раннего детства отцом, вселяло всегда в нее некую уверенность, успокоенность, давало надежду на самое лучшее. Но почему-то в этот раз сон с белыми одеждами раздирал ей душу...

Алтынай резко проснулась и села на кровать. На часах было полседьмого утра и можно было бы поспать еще минут пятнадцать... Алик спокойно сопел на своей половине, натянув практически все одеяло с головой на себя. Дети неслышно спали в своей комнате. В квартире стояла привычная утренняя тишина... Машинально Алтынай спустила ноги на пол, нащупала свои тапки и, надев их, бесшумно пошла на кухню. Словно зомби она включила газ и поставила чайник. В темноте ее маленькой кухни, еще в полудреме, она стала мучительно вспоминать вчерашний день и искать причину усталости, уложившей ее в кровать накануне в восемь вечера. Это было необычно для нее, для неутомимой матери двух маленьких детей и жены требовательного мужа — всегда

любой день после работы и семейного ужина для нее заканчивался далеко за полночь за постирушками и приведением в порядок вороха детских и Аликовских вещей...

Окончательно проснувшись под свист чайника, она стала мысленно воссоздавать кадр за кадром бездарно проведенный вчерашний день, который был посвящен организации работы студентов 2-курса на овощехранилище. Досада на эту дурацкую, ненужную практику привлечения студенческой силы для очередного перебора картошки в ней еще была так остра, что хотелось выругаться... в ушах до сих пор был слышен этот невообразимый шум от утомительно демагогических возмущений студентов. И, несмотря на изрядное их сопротивление, пришлось им долго объяснять псевдо-политическую подоплеку ударного труда на куче гниющего картофеля и брать собственным примером на абордаж их "несознательные" души и совесть. Все это, конечно же, не преминуло к вечеру отразиться на физическом состоянии Алтынай и свалило ее с ног непривычно рано. Такая периодическая необходимость выполнения несвойственных функций на работе выбивала ее всякий раз из обычной колеи и отбивала всю охоту заниматься любимым делом. Однако с этим надо было мириться, брать себя в руки и идти как всегда в институт навстречу новым подобным сюрпризам и неожиданностям. Занятия начинались в 8.30. Предстояло провести четыре пары...

Субботний сплошняк по архитектурному проектированию был довольно тяжким – сказывалась усталость всей недели, предстоящий свободный вечер и воскресный день расслабляли. Да, еще неприятно терзали воспоминания об этом овощехранилище!... Отметив студентов и безучастно выдав им задание, Алтынай только в студии нечаянно обратила внимание на свой черный наряд. Это так не вязалось с ее белыми одеждами во сне, но как-то странно перекликалось с черной пеленой... Стало не по себе! Что-то было вчера еще, из необычного...? И она вспомнила, что утром звонил ее отец из больницы. Говорил, что все у него хорошо. Она ему обещала прийти с детьми в воскресенье. Но его вопросы почему-то показались ей странными, хотя он спрашивал о совершенно простых вещах, как об ее с Аликом зарплате, работе, говорил, что дети у них растут очень умными и что он гордится своими внуками... Она давно с ним так не разговаривала... Он был всегда занят, а ей не хотелось ему докучать своими проблемами. Ведь все это было так мизерно! А тут он позвонил сам и его ласковый голос, заданные житейские вопросы вызвали в ней прилив огромной нежности и благодарности к человеку, который был ее отцом, и которого она любила больше всех на свете.

– Алтынай Жандияровна, вас к телефону! Срочно на кафедру! – неожиданное требование запыхавшейся секретарши, появившейся не понятным образом в ее студии, как-то жестоко оторвало ее от приятных мыслей об отце. Алтынай недоуменно подняла голову от журнала, кивнула ей в знак согласия, попросила студентов посидеть тихо в ее отсутствие и бросилась бегом вслед за секретаршей по коридору.

"Что могло случиться? – думала она. Может быть что-то нужно детям или Алику? Но, они же знают, что у меня сейчас занятия! Могли бы позвонить на перемене!!!" Она добежала до кафедры, подняла трубку и спросила:

– Алло, кто это?

– Это я... Мурат. Быстро приезжай домой!... Папа умер!.. – сказал голос, совсем непохожий на голос ее брата: он был как из подземелья – хриплый, строгий, чужой...

– Нет! Не может этого быть! Ты врешь! Может быть ему только плохо...? – жестко крикнула Алтынай, вдруг в ужасе, осознав, наконец, свои предчувствия и пророческий смысл своего сна... Бросив трубку ей показалось, что она падает... Руки не слушаются, дрожат. Надсадный крик ее захлебнулся где-то в груди и перешел вдруг на усталый шепот, обращенный к испуганной секретарше:

– Наташа..., я поехала домой. Мне сообщили, что мой папа умер... Разберитесь пожалуйста с моими студентами.

Она ехала домой к родителям на какой-то машине и не помнила, как ее поймала, как назвала адрес... В дороге пожилой водитель посматривал на Алтынай с явным сожалением, что связался с мрачной клиенткой, которая все время молчала и была очень напряжена. Разве можно было быть сегодня такой?! На улице стояла великолепная пора! Остатки поздней осени золотили деревья, усыпали пестрым лиственным ковром асфальт, арыки и газоны. Солнце светило приятным теплом, как бы отдавая последнюю свою ласку людям, высыпавшим на улицы и неспешно разбредающимся по всевозможным субботним делам. Отчетливо видневшиеся вдали горы в своей ледяной торжественности были неотразимы!... В оцепенении, вдруг, Алтынай почувствовала что, по ее лицу бегут слезы. Она не могла их унять, ей не хотелось, чтобы этот незнакомый человек увидел ее состояние. Да и все вокруг так не соответствовало той боли, которая появилась и саднила в ее душе от звонка брата. Ее злило то, как сказал он об этой страшной вести. Она недоумевала и отказывалась ему верить! Ей казалось, что это жестокий розыгрыш, которого она не ожидала от него!

"А может быть, все же это ошибка? Папа не мог так уйти..." – отчаянно вдруг подумала она. Но где-то внутри

реальность смерти ее отца все откровеннее накатывалась и накатывалась, заполняла все ее существо, рассеивая окончательно слабо теплившиеся в ней сомнения!

– Папа, мой папочка, почему ты ушел? Почему ты меня оставил? – стала шептать она обиженно, как маленькая девочка, сквозь не унимающиеся слезы...

На подъезде к родительскому дому, был уже слышен громкий плачь, который какой-то жуткой песней стоял в воздухе и проникал в самую душу, погружая всех и вся в неотвратимую скорбь. Алтынай никогда не могла себе представить, что это ее мать могла так петь и плакать. Ее низкий, грудной до неузнаваемости голос в какой-то языческой мелодии и степным звучанием звал стихами отца, плачем сетовал на его неожиданный и ранний уход... Перемежаясь с рыданиями эта скорбная песня завораживала своей трагической красотой так, что кровь стыла в венах... Уже почти у дверей вдруг она услышала свой отчаянный и горький крик, который как порвавшаяся струна оборвал песню. Рыдая, почти без чувств, Алтынай упала в объятия матери...

Ей хотелось забыться... Унестись далеко в свое детство, где отец был рядом, где было огромное счастье и ощущение необъятной любви, где можно было зарыться в его родной запах, где его сильные и красивые руки могли поднять ее высоко-высоко, чтобы она стала выше всех..., а мягкий голос его мог позвать: "Атай, балам-балашка!". Она вдруг вспомнила, как он от души смеялся и умиленно любовался, когда ее круглая щекастая мордашка с черными, как уголь глазами, вертелась перед зеркалом старого трюмо и люто ненавидела свои щеки. Она помнила, как его изумляли и восхищали бесхитростные выходки ее, еще маленькой Алтынай, и он с удовольствием потакал ей во всем, не раз помогая разыгрывать шутки и представления, от которых все они вместе хохотали, иногда нарочито пугались, но было всегда весело и несказанно хорошо! И как она гордилась своим отцом, когда он солидно на зависть всем дворовым ребятам, неспешной походкой возвращался вечером с работы домой, и Алтынай, завидев его, бросалась радостно навстречу... Сквозь слезы от этих воспоминаний она стала улыбаться...

"У меня был такой отец!" – хотелось ей крикнуть всем, но нелепость этой улыбки и слово "был" возвратило ее обратно в скорбный почерневший от горя дом и молнией пронзило ее понимание, что это все, что ей осталось от него!

Дома уже все были в сборе. Соседи суетились и устраивали какие-то хозяйственные дела. Мать Алтынай, моложавая и красивая женщина, с заплаканным и вдруг постаревшим

лицом, нежно обнимала и успокаивала ошарашенных внуков. Трое взрослых детей ее, среди которых Алтынай была старшая, сидели рядом и молчали. Скупые слезы братьев, иногда появлявшиеся на их лицах в ответ на скорбные вздохи и рыдания сестры и матери, выдавали глубокую боль их сердец. Люди шли к ним нескончаемым потоком, чтобы выразить слова соболезнования, утешить, помочь, как это принято у казахов...

2004г. Алматы

Орынша ҚАРАБАЛИНА – ҚАЗЫБАЕВА

ШАҢЫРАҒЫМ ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ЕДІ ...

1952 жылы Кәкең екеуміз институтты бірге бітірдік. Ол "Лениншіл жас" газетінде әдеби қызметкер болып Алматыда қалды. Мен Ақсу ауданындағы орта мектепке (Қазіргі Алматы облысы) мұғалімдік қызметке кететін болдым. Мені шығарып салып тұрғанда "Қанша жыл күтемін?" деп сұрады. Мен қақалып қалдым. Халық жауының қызы болғандықтан, жігітті жанымдай жақсы көрсем де, оның келешектегі өміріне кесірімді тигізбейтінімді айтып жай жолдас болсақ дейтінмін. Ол "күрек ұстасақ та, бір шаңырақтың астында болайық" деген сөзін қайталайтын. Студенттік шақта қол ұстасып бірге жүрдік, әңгімеміз, көз-қарасымыз, арманымыз, ойымыз ортақ болды. Кәкең ол кезде үшінші курстан бастап қызмет істеді, сондықтан жетісіне бір рет, кейде екі жетіде бір рет кездесіп, өзілдесіп, сағынып көрісіп жүретінбіз. Енді қай уақытта кездесетінімізді бір Алла біледі. Ол кезде Ақсу ауданы Алматыдан 350 шақырым болатын, бізге алыс сияқты еді. Пойызбен барсаң Молалыдан түсесің, одан әрі 150 шақырым. Жеңіл машина деген жоқ. Жүк машинасы сирек жүреді, жол азабын көріп, бірде өгіз арба, бірде жаяу, бірде жүк машинасы кездесіп, мініп келе жатқанында, ол сынып, айдалада түнеп қалатын кездер де болған. Міне, қоштасар сәт те келді, пойыз жылжи бастады. Кәкең қол бұлғап, "Қанша жыл күт дейсің?" дегенде үні дірілдеп шыққандай көрінді. Менің де жүрегім шаншып, көзіме жас толып кетті, білдірмеген болып, терезеден "4 жыл" деп саусағымды көрсеттім. Көкең пойызбен ілесе жүріп "Когда душа поет" деген өлеңді айтты. "Айтқаның болсын төрт жыл. Уәде. Уәде". Пойыз жылдамдыққа басты. Кәкең көрінбеді. Орындыққа отырдым. Жүрегімнің бір тамыры үзіліп кеткендей. Бірге жүргенде саусақтарымды алақанына қысып, мені аялап жүретін. Кәкеңнің шын сүйгенін енді түсіндім. "Тірегім болатын жігітті неге итердім, неге өзімнен алыстаттым" деп өзімді-өзім кінәладым. Бір

сәт уақыттан кейін өзімді-өзім ақтап: "Дұрыс шешім қабылдадым. Жігіттің болашағына балта шаппауым керек. Шын сүйсе төрт жыл көп емес". Кәкеңнің сөзін қайталап: "Ол үйленіп кетсе ғана мен тұрмыс құрам" деп бекіндім.

Кәкең іс сапармен ауданға келіп тұрды, бірде кездесіп бірде кездесе алмай жүрдік. Кездесуге мен бара алмаймын. Ақсудың тұрғындарының, оқушыларымның арасында өсек болмасын деймін. Кездесе алмай кетсе де Кәкең уәдесіне беріктігін байқатады. ""Халық жауының қызы, інім ол қызға үйленбейді" депті ағасы" деген сөздер желдей ызыңдайды. "Жұрт не демейді, көңіл аударма" – деп, хат жазады.

Аузыма төрт жыл күт, деген сөзді Алла Тағала айтқызған екен. 1956 жылы әкем мамыр айында ақталып он тоғыз жыл бойы халық жауының қызы деген маңдайға басылған қара дақтан арылдым. 1956 жылы маусым айының 27-де Кәкең Ақсуға келді. Біздің үйдегі той өткен соң Кәкең туған, ата-анасы өмір сүрген, ағасы тұратын Ағарту, қазір Кәкімжан ауылына (Бақалы совхозы Саркант ауданы) келдік. Ағайындар құрт, ірімшік шашып қарсы алды.

– Орнында бар оңалар, он алты жасында ата-анасы қайтыс болып кетті, адам, азамат болды деген осы, – деп ел жұрт тілектерін білдіріп, бірі көз жасын төгіп қарсы алды. Бұл жерде де той мәзірі өтті, той өтісімен әке-шешесінің көзін көргендер қонаққа шақырды. Қай үйге барсақ та, Кәкең мені төрге шығарады, өзі менен кейін отырады. Төрге шығуға ұялсам да, Кәкеңнің көңілін қимаймын. Ауыл ақсақалы Нашен: – Қарағым, Кәкімжанның сені төрге отырғызғанына қуанып жүрмін. Сен біздің ауылға келген қонақсың. Ылайым ылғи төрге отыратын бол, – деп, батасын берді. (Нашен ақсақал "Ызғар" романының басты кейіпкері). Ағартудан Алматыға келдік. Бауыржан Момышұлының үйінің табалдырығын аттағанда Баукеңнің ата-бабаларының әруағына сиындым. Осы үйде Кәкең төрт жылдан бері Жамал апай мен Баукеңнің қара баласы болып тұрып жатқан еді. Баукеңнің, "Лениншіл жас" газетінің, Рахымжан Қошқарбаевтың келіні атандым. Алла Тағала менің тағдырымды ғажап ертегідей жаратқан. Бес жасыма дейін бетіме күн, жел тигізбей өсірген жан екенмін.

Әкеміз КазЦИК-тің (Қазақстан Орталық Атқару комитетінің) төрағасы. 1937 жылы Құлымбетов Ұзақбай 19 комиссармен бірге атылды. Одан кейінгі өмірімдегі қиындықты адамға бермесін. Кәкеңнің арқасында зиялы қауыммен бірге төрде отырдым. Қайталанбайтын сирек тұлғалармен Д.Қонаевпен, Б. Әшімовпен, олардың бәйбішелерімен дәмдес болдым. Кәкең болса Республика басшыларының бірі болды.

Таза жанды, бар қасиетті бойына жиған азаматпен отыз үш жыл бір шаңырақта тату-тәтті ғұмыр кештім. Әр күнім

жылға бергісіз, шаңырағым шаттыққа толы, қызығы мол жылдар еді. Бұл күнде сол жылдар келмеске кетті, түстей болып өте шықты. Ол өмірден озғалы да он сегіз жыл. Балалары алғашқы жылдары сырттан кіргенде "Әке" деп айтып қалып, тілдерін тістеп, іштегі дертін сыртқа шығара алмай жүрді, өйткені ол кісі туралы сөз болса, көз жасымыз көл болатын. Адам бәріне көнеді. Көнбеске шараң да жоқ. Іштегі дерттің беті қабыршақтанды. Қазір Көкеңнің өлгенін мойындап, дастархан басында, жүрген жерімізде ол туралы әңгіме айтқанда құс болып аспанда қалықтап, дария болып тасып, айналаңда отырғандарды ұмытып, Көкең тірідей алшаңдап кетеміз. Әсіресе, мен. Жасым бұл күнде жетпіс бeске келсе де, күн сайын, сағат сайын есіме алам, сағынам, сағындырады. Айналам бос, есіме түссе құлазып қалам. Марқұм қай елде болмасын телефон шалып, амандығымызды сұрайтын. Сөзінің соңында "Балаларыңа айт, қалтамдағы азғантай ақшам сөйлесуге кетті, менен сыйлық күтпеңдер" дейтін. Ал қандай қызметте жүрмесін бір-екі минуттік телефон соғатын, бар айтатыны "Денсаулығың, көңіл-күйің дұрыс па, балаларың тамақтанды ма, сабағын оқысын" дейтін. Көкең телефон соқпаса, мен звондайтынмын. Ол кезде қуанып "Енді алаңсызбын" деп телефон тұтқасын қоятын. Күн сайын телефон соғып тұру біздің үйдің әдетіне айналған. Әлі есімде Орталық Комитеттің хатшысы болып Көкең кабинетке отырған күн. Сағат 5-кезінде телефон соғып, үйдің амандығын сұрады: – Уақыт болмай кеш телефон соққандығым үшін кешір, бәйбіше. Өзің неге хабарласпадың? – деді. Мен:

– Хатшыға телефон соғуға жүрексіндім әрі уақытыңызды алмайын,–дедім. Телефон тұтқасында Көкеңнің өзіне тән жарасымды да сүйкімді күлкісі естілді.

– Ау, бәйбіше, мен сізге хатшы емеспін. Маған сенің үніңді естудің өзі бір ғанибет. Сенің балаларыңның амандығы менің денсаулығым. Күш-қуатым. Тылы берік болған азамат алаңсыз қызмет атқарады. Мұны ұмытпаңыз,– деді.

Әттеген-ай, балаларының азамат болғанын, немерелерінің дипломды болып, ақылы шаңырақ көтергенін, менің, өзінің шөберелі болғанын көре алмады. "Қол ұстаса жүріп, ақсақалдық құрметке жете алмадың" – деп өкінемін де, өзімді сабырға келтірін, Көкеңдей азаматқа жар болып, серік болғаныма мақтанып ойға беріліп "Кеше кім едім?" Халық жауының қызы, одан қашық жүріңдер деген сөзді талай естігем.

***

Тұрмыс ауыр, жел айдаған қаңбақтай отбасымыз үнемі көшіп жүретін. Қарақалпақтың Мойнағының ыстығына қақталып, тізеден құмға көміліп, табаным күйіп, масасына

таланып, Ақсудың май топырағына оранып, қарынның аштығына шыдап, қыста аяққа қалып байлап, дірдектеп жүрген қара қыз едім ... Әкенің аялы алақанын аңсаған, ағаның маңдайдан сүйген ернін сағынған, үйіміздің есігін ашатын ер азаматқа зар болған жылдардың бәрін-бәрін ұмыттырған Кәкең еді. Менің аналарыма, барлық туыстарыма, өзіне қараған әулетке, Кәкең деп іздеп келгендердің бәріне пана болды, шарапаты тиді, арқа сүйер асқар тауы еді. Киген киімі бойына жараса кететін кең иықты сұлу да орта бойлы өзінің бүкіл кербез қалыпымен көз алдымда. Үйдегі жүрісінің өзі маңғаз, әрбір ісі тиянақты, мінезге бай, бет-әлпетінен, көзінен нұры шашылып, сөйлеген сөзі жұп-жұмсақ, әзіл-қалжыңымен, тапқырлығымен жолдастарын, достарын, бір көрген танысын да табындыратын.

***

Ол отбасының тірегі, сәні, ақылшысы, қамқоршысы, асыл жар еді. Қысқасы, ғажап азамат. Тұла бойы тұнған ізеттілік, адал, ер мінезді еркек еді. Сол қылығымен өзіне өзгенің құштарлығын арттыратын. Оның қызықты әңгімесі, өзгенің әңгімесін тыңдауы, әрқайсымызға шығарған бір-бір ауыз өлеңі, елірін желпінбейтіні, әдемі қалпында келіп-кетуі құрбыларымды таңқалдыратын. Халық жауының қызы екендігімді біле тұра, өзінің жететін биігін, мансабын менің жолымда құрбан етіп, маған көңілін білдіруі, өз сөзімен айтқанда қып-қызыл қыздардың ортасында жүріп, төрт жыл күтуі, уәдеге беріктігі, "Қолыма күрек ұстасам да, өзіңмен бір шаңырақ астында өмір сүрсем", "Сіз тұрмысқа шығып кеткенше үйленбеймін" деуі қазір ойлап қарасам, өз махаббатына адалдығы, сол жолда жасаған ерлігі екен деймін. Мені сұлу сөзімен емес, жанымен сүйді және өмірінің соңғы күніне дейін сол махаббатына құрметпен қарады, қамқоршым болды. Қайтыс болатын күні, кешкі сағат 10-да менімен, немерелерімен ауруханадан телефон арқылы сөйлесті, бәрімізді жылы сөзімен желпіндірген. Бізбен сөйлескеннен кейін тұла бойы тұңғышы Нәргүлімен, өз сөзімен айтқанда Нәтайымен сөйлесіп, олардың алатын айлық ақысын сұрап, жағдайларының жақсы болғанына қуанып, соңғы сөзінде "Берегите маму" деген. Ажал аузында жатып менің жәйімді ойлаған қамқоршым, асаулығымды, қателігімді ақылымен, әзілімен түзеген аяулым, бақытым еді.

***

Біз де "жетім бұрышта" тұрдық. Екеуміз үйленген соң, төрт жыл кісі есігінде, Алматының бірінші линиясы мен Татарка көшесінің арасында көшіп жүрдік. Шағын екі бөлмеміз болды, біз үшін кең сарайдай, іші біздің махаббатымызға толы болатын. Жаз айларында елден келген

кеткендер көбейіп, түнде Көкең екеуміз үйдің иесінің қорасында, иттің жанында бір адамдық жайма төсекті иеленетінбіз. Біз емес, біздің достар, жолдастар да солай өмір сүрді. Айлық ақшамыздың аздығына қарамай қонақшыл, театршыл болдық. Жеті сайын театр, фильмдерден қалмайтынбыз, көргенімізді, естігенімізді айтып, өнерді насихаттаушы ғана емес, орындаушысы да болдық.

Жолдастардың арасындағы отырыстарда жүзі жайдары, тілге жүйрік, жарқылдап сөйлеп, дастарханды билеп әкететін, кісінің жақсылығын көбірек айтып, қолтығынан демеп, жебеп отыратын да Көкең болатын. Қыз-жігіттерге өлең айтқызатын, әнді өзі бастайтын. Төлеген болып ойнап кететін, Заря, ("Таңшолпан" кітабының кейіпкері) Қалимаш Қыз Жібек, Әукен, Әбілфайыз Ыдырысов ("Таңшолпанның" авторы) Бекежан болатын. Хайдолла Тілемісовтың домбырамен айтқан халық әндері, ән орындаған кездегі бет-әлпетінің қимылы отырғандарды бірде күлдіріп, бірде мұңға бөлесе, Сапар Байжановтың биі, орындаған әні кішігірім қойылым еді. Ал, Бибіханның ("Мақпалды"), Сайида ("Бөбегім" мен "Орамалды"), Анарлар кез-келген әндерді нақышына келтіріп әндеткенде, отырғандарды баурап әкететін. Өз өнерімізге өзіміз мәз болып отырғанда түннің бір уағы болып трамвайлар тоқтап қалса да, жұбымыз жазылмай бәріміз әндете, жаяулата жүріп үйді-үйімізге тарайтынбыз. Ертеңіне жаңа бір леппен қызметімізге құлшына кірісетінбіз.

Марқұм Көкең, өмірінің соңғы күніне дейін сауық кештері мен мәдени шаралардың ұйымдастырушысы ұйтқысы, жетекшісі болып бел ортасында жүрді.

Ол кезде жігіттеріміз "Лениншіл жас" газетінде істейді, газеттің күн сайынғы санын жібермей таласа оқимыз. Құнды пікірлерге қуанамыз, Күләш (Сапардың келіншегі) екеуміз "Лениншіл жастың" келініміз деп мақтанамыз. Қазіргі "Жас алаштың" оқырмандарына беделді болуы сол кезден бастау алған. Абай аға, Хайдолла, Сапар, Саттар, Көкімжан, Бекмырза, Баянжан, Әбілфайыз қызмет істеген, ыстығына күйіп, суығына шыдаған. Күн-түн демей беріле қызмет жасағандарының нәтижесінде "Лениншіл жас" газеті ең беделді газет болды. Оның бетінде Бауыржан Момышұлының жазбалары, ол кісі туралы, Рахымжан Қошқарбаевты халқына қайта табыстыру, Шыңғыс Айтматов туралы мақалалар оқырманды баурап алды. Қазақ киімдерін киін шығу дәстүрлері осы газеттегі жаңашыл да ұлтжанды, ойшыл жігіттердің ісі еді. Бұл туралы әңгіме бөлек. Менің замандастарым "жетім бұрышта" жүрсе де мінгеніміз трамвай еді, біз соған риза болдық. "Ер азаматтар аман болсын" деген тілек тіледік. Отбасын ойрандау, ажырасу дегенді естімейтін едік, түсімізге де кірмейтін. Кейбір ер азаматтар отбасының

миы, тірегі екендігін ұмытқан. Ал әйелдер азаматының тоқырауға ұшырап жүрген кезінде дем берудің орнына оны тұқыртып, орға итеріп, балаларының алдында сөгіп, беделін төгіп жеккөрінішті етіп тәрбиелейді, өзіне-өзінің әлі келмей жүрген әлсіз еркек басқа жолға түседі. Ойланайық, әйел жолдастар, ер азаматты құрметтейік, оларсыз бізге тіршілік те бақыт та жоқ. Балаларымызды әкесінен ажыратпайық. Мен Кәкең о дүниелік болғанда "Кәкеңді тірілтсе, барлық жиған-тергенімді, үйімді де беріп, баяғы Тастақтағы жыртық-тесік үйге қайтып барар едім" деп жылағам. Әрине, бұл қиял еді. Ең бақытты күндерді есіңе ал десе алғашқы үй болған, қол ұстасып, қайғысыз күліп-ойнап жүрген жылдарды рахаттана, мақтана есіме алар едім.

***

Біз Кәкеңді кешке қарай асыға күтетінбіз, ол кеңседен шықтым деп телефон соққанда, үйге құрметті қонақ келетіндей, басы мен болып жинаулы тұрған үйімді бір сүзіп шығатынмын, балалары да ойындарын ысырып қойып, портфельдерін ақтарып тазалап, оқулықтарын, дәптерлерін, тәртіпке келтіретін. Есіктің қоңырауы соғылғанда бәріміз есік алдында тұратынбыз, біреуіміз папкасын алып, екіншіміз бас киімін алып, үшіншіміз шәркейін беріп, мәз боп жататынбыз. Бәрімізідің маңдайымыздан мейірі қанғанша иіскейді. Содан кейін: "Слушай, келіншегім, осы әдеттеріңді қойсаңдаршы, мені тым еркелетіп бара жатырсыңдар" – дейтін. Кәкең киімін ауыстырған соң жайғасып, домбырасын тартып, ән айтқызып, өзі де қосылатын, жаңа әндердің сөздері пиджагінің қалтасынан табылатын, "Жазып алыңдар" деп, жазғызып болып "Енді билеңдер" дейтін. Биге ас үйде жүрген мені де еркіме қоймай ертіп келіп билетіп, өзі рақаттана домбыра тартып отыратын. Кей күндері балаларына ертек айтып, ертегі таусылып қалса, өзі ойдан құрастыратын. Ертектің кейіпкері болып балаларымен өзі де ойнайтын. Кейіпкерлерге киім тігіп, бетке жағылатын бояуларды сатып алуды балаларына тапсыратын. Балаларын ойнатып болған соң, "Келіншегім, тамақ берсең жақсылап тамақтанамыз, содан кейін балашкалардың сабақтарын қарап шығамын. Ал озің ертеңгі сабағыңа дайындалатын шығарсың. Мұғалім – жақсы мамандық, бірақ өмір бойы оқушы болып кеттің-ау. Орталық газеттерде шыққан сізге керекті материалдарды қиып, керек жерінің астын сызып, папкаңызға салып қойғанмын, көрген шығарсыз? Балаларыңды ойнатам деп шаршап қалдым" – дегендегі үні, көзқарасындағы мейірімділігі мені қуанышқа бөлеп, қанаттанып кететінмін. Қыдырғанда: "Мені көрдіңдер ме? Кәкеңдей азамат жанымда" – деп жан-жағыма қарап, аяғымды мақтана, алшаң басып жүретін едім-ау. "Қызметтен

шарынан келдің" дей бастасам, "Балаларымды менен бөлектеме. Бөлектей берсең, кейде баласы болып кетеді. Отбасында балаға деген жылылық болмаса, ол мейірімсіз болып өседі, жолдас мұғалім, білесіз, білсеңіз де, білген соң айтамыз" алақанымен жотамды еркелете сипап, бойындағы бар жылуын төгетін.

Кәкең абзал әке ғана емес, аяулы ата да болды. Балапандарының маңдайынан шертпей, бұла ғып өсірді. Әлі есімде хатшы болып жүрген кезінде қызметтен қалжырап қайтқанына қарамастан, немерелерінің көңілін қимай, бірінен соң бірін арқасына мінгізіп ап, еденге тізерлей ат болып жүретін. Өкініштісі сол қарлығаштарын есейтіп, өмірге өз қолымен ұшыра алмай арманда кетті аталары.

Енді 34 жыл досы болған, біріне-бірі сен деп айтпаған, ащы сөзге келмеген, белгілі қаламгер марқұм Хайдолла Тілемісов естелігінде былай жазған еді:

– Мен білген Кәкеңнің алданышы – қызметі, қуаты мен қуанышы – отбасы болатын. Соңынан ерген үш қарғасын, төрт немересін шексіз сүйген азамат болатын. Ешкім де балаларын жек көрмейтін шығар, бірақ балаларына тап Кәкендей тәрбие бере алған әкелер аз болар. Ал мен осы семьямен араласқалы бұл үйден ши шығыпты дегенді естіген де, білген де емеспін.

Бір кісі жар сүйе білсе, жан-жарын қадірлеп, қастерлей білсе, ол Кәкімжандай-ақ болар. Жастайынан қуғын-сүргінді, қайғы-қасіретті көп көрген Орыншаның бақытына жаралған жан еді. Әттең, не керек арманы мол, өкініші көп опасыз дүние Орыншаны сол бақытынан, сол қуанышынан ерте айырғаны батады жанға, – депті асыл азамат.

Кәкең әділ еді, жазықсыз жазалағандарға көмегін беретін. Депутат болғанда талай сорлағандарды әділетсіздіктен құтқарды. Соның бірі – Кенжеғаным. Бастығы өсек сөзге еріп, қызметінен шығарып жіберген. Тірексіз келіншек кішкене қызы, зейнеткер анасымен ақшасыз, үйсіз далада қалған. Бір ауыз сөзімен келіншекті жұмысына қайта орналастырды. Кәкеңнің мүрдесімен қоштасу Жазушылар одағының үйінде болды. 1998 жыл қазанның 24-де. Қаралы мұңлы саз, өртенген жүректі одан сайын өртей түседі. Кеше жүрген арысым бүгін жоқ. Көз жасым көл, есім бірде бар, бірде жоқ. Базарым тарқады, балаларым әкесіз қалды дегенде жүрегім жарылып кете жаздады. "Жүрегі құрысын жарылсын, жер астына Кәкеніммен бірге түсем" деп ерегісем. Аяғым уйыды, тіземді қозғалта алмаймын. Сөйтсем тіземде басы, екі аяғымды тастай қылып құшақтап алған бейтаныс келіншек, жылаудан екі көзі күп болып ісіп кеткен. Кейін сол келіншек үйіме келді. Ұзақ жылдар бойы менімен жылады. Бұл Кәкең жұмысына қайта орналастырған Кенжеғаным еді. Қызмет істеген мекемеме іздеп келген Сағира (аты өзгертілді)

былай деп ағынан жарылды. (Кейін естелік жазудан бас тартты, үлкен адамның жарымын дейді. Сірә, күйеуі қайтесің деген болуы керек.) "Желтоқсан оқиғасы кезінде шеруге шыққандығым үшін жазалап КазГУ-дің журфагінің соңғы курсынан қуды. Ауылдағы әке-шешем де қарсы алмады. Барар жер, басар тау жоқ. Дипломдық жұмысымды жазып бітірдім, бірақ қорғауға рұқсат етпеді. Сол жылы мемлекеттік емтиханның төрағасы Көкімжан Қазыбаев екендігін білдім. Ағаның кеңсесіне келдім. Болған жағдайды көзімнен қанды жасымды ағыза отырып баяндадым, енді мені қорғатыңыз" деген тілек айттым. Аға сөзімді бөлмей тыңдады, біраз үндемей отырып барып, "Қалқам, уайымдама, жақсылап дайындал, қорғайтын күнінді хабарлаймыз", дегенде орнымнан ұшып кете жаздадым. Диплом жұмысымды қорғауға шыққанымда біраз оқытушыларымның көздері бадырайып кетті, ағаның жайдары жүзі, отырысы маған қуат берді. Сұрақтарды жаңбырдай жаудырған кезде, "Жігіттер, жететін шығар" – дегенде, бәрі үнсіз қалды. "Дипломды алдым, содан бері біраз жылдар өтті, өзіме-өзім келдім, аға жоқ болса да, сізге рахметімді айтуға келдім" деген.

Енді кезінде жазықсыз жұмысынан қуылған журналист Таңатқан Рысаевтың естелігіне құлақ түрелік: – "Көкеңнің кабинетінен төбем көкке жеткендей болып, арқаланып шықтым. Орынсыз қысымға кезігіп, қынжылып жүрген басым әділдіктің алтын діңгегін көзбен көріп, қолмен ұстағандай болған соң қалай арқаланбаймын. Кейбіреулердің ұғымында мен соңына қоңырау байланған, "сотталғаны" жүрген адаммын ғой. Көкеңнің мұндай сыбыстан да хабардар екені сөзсіз. Талай батыл басшыларды біюші едім, бірақ шаруанды тап бұлайша қолма-қол шешіп берген адамды бірінші көргенім. (Ол қазақ радиосының бас редакторлығынан жазықсыз қуылып, ісі сотқа берілген. Көкең "Социалистік Қазақстанға" Ұзақ Бағаевқа айтып, бөлім меңгерушісіне орналастырған.) Көкең ақтығыма өзі ғана сенбей, жазықсыз қиянаттан әжептеуір жүнім жығылып қалған менің бойымдағы сенімді де қайта оятты. Мен әділдіктің барын, арамызда оның сара жолынан таймай, тізгінді тас түйін ұстап отырған асыл азаматтардың барын ұқтым. (Ол кезде Көкең Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің нұсқаушысы) Әңгіме шеті ҚКОК-ті үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісіне жетсе де, ағаларым алған беттерінен қайтпай, өздеріне өздері сенімді адамның қайсар табандылығын танытты. Және сол табандылығы мен турашылдығынан кемістік көрген Көкең жоқ. Ол бүгінгі атқарып отырған қызметінен айрылып қалам деп қорыққан

жоқ, бар күшін креслосын қорғауға емес, жұмысқа жұмсады, халқына адал қызмет етуге бағыттады. Адамгершіліктің ақ туын көтерген қалпы ҚКОҚ-нің хатшылығына дейін жоғарылады."

Иә, Көкең ерлік жасаған жігіт. Ерлікті атын шығару үшін жасамайтын, оның болмысы солай қалыптасқан еді, мен Көкеңнің талай ерліктеріне куә болдым. Тірі куәгерімін, қайсібірін айтып тауысарсың. Өз басымды да жаладан аман алып қалған. Ұмытылған яяРақымжан Қошқарбаевты халқына қайта қауыштырды. "Комсомольская правда" газеті Рейхстагқа алғаш ту тіккендердің ішіне Раханды қоспады. Айқай-шусыз Көкең оларды мойындатты. Орталықтан шығарылған Ұлы Отан соғысының бесінші томына Рахымжан Қошқарбаевты қостырды. Екінші мысал, "Орталық жеделдету бағытының сәтсіздікке ұшырауының негізгі кінәлілері жекелеген басшы коммунистер" деп Д.Қонаевқа тиісу үшін, оның арқа сүйейтін азаматы Асанбай Асқаровқа тиісті. Өл туралы "Правда" газетінде мақала ұйымдастырды. Сол кездегі заң бойынша мақаланы орысшадан қазақшаға аударып, "Социалистік Қазақстанға" бастыру керек еді. Осы тұста Көкең "Правдадағы" мақаланы ескерген де жоқ. Кейін А.Асқаровты бюрода орнынан босатар кезде, орталықтың шешіміне қарсылық білдіріп сөйлеген Көкең болды. Мен осы жайды естіген соң "Көке, орныңыздан қуыласыз" дегенімде, "Қазақтың А.Асқаровтай ұлы үшін сотталсам да өкінбеймін" деген. Марқұм Асанбай аға мені көрген сайын маңдайымнан сүйіп, "Қарындасым" деп жылы қабылдайтын, мен мұны Көкеңнің рухын құрметтеу деп түсінетінмін. Бұл – Көкеңнің екінші ерлігі еді.

Көкең ең жоғарғы биліктегілердің арасындағы Димекеңнің беделінің арқасында, сазгер Мұқан Төлебаевтың 70 жасқа толған тойын саяси бюросының мүшесі Г. Алиев бастаған барлық биліктегілерді қатыстыра отырып, Мәскеуде өткізді. Ал, 1985 жылы Шоқан Уәлихановтың 140 жылдық тойын ЮНЕСКО көлемінде өткізуге ат салысты. Көп дайындықтар болды, Омбыдан арнаулы өкілдер келді. Той Республика сарайында өз дәрежесінде өтті. Олай дейтінім, Димекең салтанатты кеш аяқталысымен Көкеңнің қолын алып құттықтады. Мақтау сөз айтты. Менің де саусақтарым аяулы ағалардың, апалардың Зухра Шәріпқызы, Бақыт Әсетқызының жылы алақандарына бөленді. Сол күнгі көрініс әлі көз алдымда. Төбеміз көкке аз-ақ жетпей қалды. Сол түні Көкең алаңсыз бір ұйықтап еді. Ертеңіне Көкең жұмыстан кеш келді. Өңі сынықтау, "Шаршадым" деді. Кейін естідім, ғажап өткізілген той Мәскеу үшін ұлтшылдықтың сарыны болған, солай жеткізілген. Тойдан кейін аз күн өтісімен Көкеңнің көмекшісі:

– Жеңгей, ағаның киімдерін дайындаңыз, кешке Мәскеуге ұшамыз, – деп телефон шалды. Кәкең келіп киімін ауыстырды. Керек-жарақтарын дипломатына салды.

– Кәке, не асығыстық, Ақтөбеге партконференция өткізуге жүрем деп едіңіз, – деп қалдым. Кәкең есіктен шығуға ыңғайлана берген еді. – Сізге айтсам ба, айтпасам ба деп тұрмын. – Есікті қайта жапты. Түр-әлпетінде ештеңе сезілмеді. – Осы жолы құдай қаласа, Москваға хатшылық портфельді беріп келем, болмаса, Ақмола немістердің автономиясы деп жоғарғылардың сөзін сөйлеп, ұлтымызға опасыздық жасап келуім керек. Осы екеуінің қайсысын қолдайсың, бәйбішем? – деп жылы қабақ танытқаныммен жүрегінің түпкірінде үлкен мұз жатқандай көрінді. Мен ойланбастан:

– Ақмоланы беріп халықтың қарғысын алғанша, хатшылық портфеліңді бер. "Өзің осы қызмет менің қолым емес, жазықсыз біреуді жұмыстан алып, екінші біреуді әкеліп, ол жұмыс жайсарын енді түсіне бастағанда оны да қағып тастайсың. Сөйтіп, менің табиғатымда жоқ нәрсеге шарасыздан барам", деуші едің ғой. Аллаға шүкір, қолыңда қаламыңыз бар, жазуға сұранып жатқан іштегі байлығыңызды жазасыз, – дедім.

Кәкеңнің жүзінде қуаныш ойнады, үнінде де жігер бар.

– Бәрекелді, бәрекелді өзімде солай ойлағанмын. Жарайсың, кел сол үшін маңдайыңнан сүйейін, – деп сөзінің аяғын қалжыңға айналдырып.

– Сіздің рұқсатыңызды алдым, – деп шығып кетті. Келесі күні таңертең ұшып келді. – Мен ұйықтап алайын, Димекеннің өзі шақыртса оятыңдар, ал ондай звоноқ болмаса оятпаңдар. Өзің қызметіне бара бер, алаңдама, – деді.

Марқұм Кәкеңмен мен отыз үш жыл ғұмыр кештім. Мен қызметтен себепсіз бір күн де қалған жоқпын. Кейде ол іс сапарға жиналып жатады, немесе басқа да кездейсоқ жағдайлар болады. Сондай кездерде мен бастығыма хабарлайын десем: "Бәйбіше, өз беделіңді сақта. Кейбіреулер құсап, жалт етіп көрініп, жылт етіп жоғалып абыройсыздыққа ұшырама. Сіз ұстазсыз, екі сөйлеп жүруіңе құқың жоқ", – дейтін. Бүгінде сондай пікірде болды. Мен мектепке кеттім. Келсем, Кәкең кетіп қалыпты. Сағат күндізгі бесте телефон шалып: "Бәйбіше, дачаның кілтін, менің спортивный киімімді ал, өзің де киін, қазір келем", – деді. Дачаға жеттік. Машина айдаушысына: "Үй ішіндегі мүлікті тапсыр, біздің қарызымыз болса есептес", – дегенде, ол аң-таң, екеумізге жалтақтап қарай берді. "Анатолий, айтқанды орында, ал хозяйкамыз екеуміз таза ауада жүре тұрамыз". Жолға шықтық. "Сағат 2-де бюро болды. Идеология жұмысының саласы көп. Қазыбаев К. жұмыста кемшілік жіберді. Бұрынғы өз қызметіне қайта барады, деген шешімге келді" – деді Кәкең.

Осы жерде Кәкең хатшылық қызметті істей алмады деушілерге белгілі жазушы Кәкеңмен бірге қызмет атқарған Софы Сматаевтың естелігін оқысын деймін.

Қоғам, мемлекет қайраткері Кәкімжан Қазыбаев ең алдымен журналист еді. Өз мамандығын жанындай сүйді. Өз білімін жетілдірді, алған білімін басқалар бойына ексем, солардан көрсем деп тұратын. Талай жасөспірімдерді журналистік жолға баулыды. Өзі апарып институтқа түсірді. Қолына қалам ұстатты, жазуға тақырып тауып берді. Осы жолдың авторына, маған әуелгі кезде екі сөздің басын қосып жазу қиямет еді. Жазуға баулыды. Журналист Ермұхамет Жақсылықов та: "Кәкең маған алғаш қалам алғызған, алғаш мақала жазғызған, балғын бойға шабыттың не екенін сезгізген еді", – деп жазды.

Мұрат Бөлдекбаев бір сөзінде: "Мен әкемнен екі жасымда қалдым. Мені журналистика факультетіне түсірді, оны бітірткен соң КазТАГқа қызметке алғызды, үйретті".

Бақытжан Момышұлы: "Мен мектепке оқып жүргенде Жан ағам маған арнап үйде газет шығаратын. Сөйтіп жүріп газет макетін, мақала жазуды үйрендім".

Кәкең университетте оқып жүріп, "Лениншіл жас" газетінде қызмет істеді. Осы газетте сегіз жыл жұмыс атқарды. Жауапты хатшы болды. Редакция жігіттері арасындағы әңгімелерінде. "Лениншіл жас" қызметкері барлық жағынан алда болуы керек. "Күрессе – жықсын, жарысса – озсын, әнші – күйші болсын, қыздың таңдаулысын ұстасын, тіпті арақ ішсе де, мас болмасын" деген әңгімелері бұл күнде аңызға айналды. Кәкең "Ақиқатқа ар серік" кітабында "Журналист өмір тамыршысы дей келе, журналистте барлаушыға тән тапқырлық, ғылымға тән – тереңдік, білгірлік, күреске тән – табандылық, істі ақырына дейін апара білетін алғырлық, батылдық болуға тиіс", – деп жазды.

Осы сөйлемдегі сөздердің бәрі жай айтылған емес еді бәрі-бәрі Кәкеңнің өз бойында болатын еді. Сабырлы, салмақты тындырған шаруасы телегей-теңіз болса да мен жасадым демейтін. Оның әрбір жазылған мақаласы, очеркі жаңалыққа толы, проблемалық мәселелерді көтеріп қана қоймай оның шешілу жолын да қарастыратын және орындататын. Құрғақ сөз болмас үшін мысал келтірейін. Фашизмнің ұясы болған Рейхстагқа алғаш жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев 1946 жылдан кейін ұмытылды, құрметтеудің орнына оны "Халық жауының баласы" деп түртпектеген. Соғыстан кейін Мойынты-Шу жолында қара жұмыс істеген. Кейін Алматыға көшіп келген. "Менің көңіл-күйімді лаулатып, халқымның сүйікті ұлы, батыры дегізген, ұмытылған ерлігімді халқыма таныткан Баукең мен Кәкентайым" (Бауыржан Момышұлы, Кәкімжан Қазыбаев) деп, Рахаңның көзіне жас алған кездері

есіме оралады. Рахаң туралы Кәкең 150-ге тарта дерек жинады. "Кернеген кек" деген повесін жазды. Талай рет жеңістің 20, 25, 30, 35, 40 жылдығына қарай орталыққа Рахаң мен Булатовқа батыр атағын сұрап, деректі құжаттармен дәлелдеп, өтініштер жазылды. Соңғы хат Л.И.Брежневке жазылды. Ол: "Тарихты қайта қарап қайтеміз" деген. Сонымен Рахаң тірісінде атақ ала алмады. Кінә, Рахаң ерлігі туралы анықтамалардың шалалығы емес, орталықтың әкімшіл-әміршіл өкіметінің "аға ұлтын" жоғары қойып, басқа ұлттың ерлігін аяқасты етуінен деп ұғылды. Өзі өмірден өткенге дейін жыл сайын екі рет (бірі 23 ақпан екіншісі 9 мамыр жеңіс күні) Рахаң туралы жаңа деректер тауып мақалалар жазатын. Рахаң 1965 ж. 2 майда ГДР-ға баратын болды. Рахаңның қызметі моншa бастығы. Кәкең қала басшыларына барып жүріп, Рахаңның қызметін көтерді. Екі күннің ішінде Р.Қошқарбаев қалалық коммуналдық және көркейту басқармасы бастығының орынбасары болып шыға келді. Кейін "Алматы" қонақ үйіне директор болып, өмірінің соңына дейін істеді. Кәкең істі бастап аяғына дейін жеткізетін. Кәкеңнің басылым беттерінде жарияланған мақаласы, очерктері, аудармасы, шыққан повестері, романдары, радиода, теледидарда сөйлеген сөздері, шетел сапарында жазып келген әңгімелері, үйіміздің шаңырағын қуанышқа толтыратын, өз басым оның шығармаларын қайта-қайта оқып, санам өсіп, өмір тіршілігін, жаңалығын дәл суреттеп көрсетіп жазғанына таң қалатын едім. Әлі есімде "Ызғар" атты шығармасына көптеген пікір жазылды. Кәкең ыңғайсызданып газет редакторларына телефон шалып: "Біраз пікірлер жазылды ғой енді точкі қойсаңдар" - деп қолқа салды. Кәкең өзін насихаттатпады. Көзі тірісінде таңдамалы шығармасын шығаруды ойлаған да жоқ. Ал "Ызғар" романы бойынша фильм түсірмекші болып, сценарийін жазған Юлий Николаевич Кәкең ризашылығын бермеген соң Д.А.Қонаевтан рұқсат алған. Кәкең "Романның авторы менмін" деп, фильм түсіруге рұқсатын бермеді. Кәкеңнің жазғыштығын, ұжымды ұйымдастыру қабілетін С.Байжановтың естелігін оқысаңыз, түсінесіз.

***

"Кәкең қай қызметте жүрмесін, ұжымның әрбір мүшесінің әкесіндей қамқоршысы болды, білмегенін ақылмен білдіріп тәрбиелеу мақсатын қоятындығын айтқым келіп отыр", - деп жазды жазушы Күлиман Жүнісова. Қолынан іс келетін, бірақ ішімдікке үйірлеу, біразға дейін бас құрай алмаған азаматты адам қатарына қосуды ойлаған Кәкең оны үйлендіруге мұрындық болып, тойын жасады. Кейіннен сол марқұм: "Әй, Кәкең адам-ау, адам! Әкемнен көрмеген

жақсылықты көрдім", – деп отырғанын сан естігем. Бірде мен бөлмеге келіп, мақаланы дер кезінде жазбағаным үшін ""Көкең маған ұрысты" деп едім, отырғандар: "Не деп? Не деп?" – деп қоймағаны. Сонда мен: "Қойыңдаршы, Көкеңнің ұрысқаны да приятно емес пе!" – дешпін. Көкең газеттің ("Жетісу" газеті) үлкенді-кішілі қызметкерлерімен бірге таңды атырып, күнді батырып баспаханада жүретін еді. Бір күні Көкеңнің жүрегі сызат беріп, "Жедел жәрдем" шақырғанымыз бар. Кейін Көкеңнің "Лениншіл жасқа" - шашымды, "Жетісуға" – жүрегімді бердім" дегені де есімізде. Ерте түскен осы сызат ол кісіні уақытынан ерте алып кетті ме деп ойлап та қоярсың.

***

Көкең журналист қана емес, іскер басшы және жазушы еді. Оның өмір бойғы қызметінің бәрі маған жанып жатқан өрт сияқты көрінетін. Бір ұшқын абайсызда бір жерге түссе өртейді. Сол сияқты теріс түскен бір әріп, жазылған бір сөйлем, ауыздан шыққан бір сөз үшін орнынан лақтырып жатқан жылдар еді. Сондай лаулап жанып жатқан оттың ішінде жүрсе де, өзінің шығармашылығына да уақыт тапты. Артында очерктері, повестері, романдары қалды. Ең соңғы "Сұрапыл" атты романы туралы Сарбаз Ақтаев естелігін оқыңыз.

Көкеңнің өмірі кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деген мақсатпен біраз мәлімет берген сияқтымын. Өйткені ол айналасына нұр шашқан арлы азамат еді.

Көкең атында Сарқант, Ақсу, Талдықорған, Алматыда көше бар. Төменгі сыныпта оқыған Бақалыдағы орта мектеп, Қойлықтағы мәдениет сарайы, кіндік қаны тамған ауылы Көкімжан Қазыбаев атында.

***

Көкеңнің ұрпағы жалғасуда. Бір қыз, екі ұлынан алты немере, екі шөбересі бар.

Мазмұны

Б.Баймаханов. Ақиықтар түлеген алтын ұя 3

Ә.Қарағұлов. Ойдан кетпес он жыл 10

С.Байжанов. Ерден ердің несі артық? 20

Ж.Бектепов. Өмірдің өзіндей қарапайым жан 35

Ж.Ысмағұлов. Іскерлік табиғатына тән еді 45

Шерхан Мұртаза. Бауыржан, Рахымжан, Көкімжан 50

С. Сматаев. Көзден кетіп, көңілде қалған........................53

С.Ақтаев. Қос батырдың бауыры 59

Т.Молдағалиев. Сенім 72

Ә.Қалмырзаев. Көршім туралы бірер сөз 75

К.Смайылов. Жайдары жан болатын 80

Ғ.Қабышев. "Солай ма?... жөн...жөн..." 83

Ә. (Алтай) Ыдырысов. Көкең мен Өрекең жайлы 94

Жарылқасын Нұсқабайұлы. Жалған сөйлеп, жалтақтамайтын еді 113

Т.Есімжанұлы. Парасат 124

Н.Оразбеков. Асқар тауым секілді еді 133

Бақытжан Момышұлы. Звезда брата 148

А.Қайырбаев. Мынау жалған дүние 165

Қастек Баянбай. Жолыма жарық түсірген 169

Е.Жақсылықов. Есімдегілер 175

С.Иманасов. Көкімжан аға Қазыбаев хақындағы бірер сөз 182

Б.Нұрахметов. Тұма суы әрдайым тұнық болады 188

К.Нәрібаев. Қамқоршы болған көрнекті қайраткер аға 198

Наргуль Казыбаева-Галиакпарова........................206

Орынша Қарабалина – Қазыбаева. Шаңырағым шаттыққа толы еді 210

Жарылқасын Нұсқабайұлы –
Баспаның директоры

АЗАМАТ ЕДІ ЕҢСЕЛІ

Кәкімжан Қазыбаев туралы естеліктер

Қарабалина – Қазыбаева Орынша

ISBN 9965-09-496-9

9 789965 094965

Кітапты шығарушылар:
Рахметәлі Асылбек, Әлия Кемелбекова – редакторлары
Гүлнұр Дәуітбекқызы – компьютерде қалыптаған
Тіленшиева Әйгерім – компьютерде терген

Басуға 5.10.07. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Times/Kazakh".
Шартты баспа табағы 15,0+(1 б.т. суреттер).
Есептік баспа табағы 13,5+1 б.т. суреттер.
Таралымы 2000. Тапсырыс №995

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Білім" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
Тел: 277-89-84, 243-48-11. E-mail: bilim05@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Атамұра корпорациясы" ЖШС-нің Полиграфкомбинатында
басылды. 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.